

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ  
ІШКІ ІСТЕР МИНИСТРЛІГІ  
БӘРІМБЕК БЕЙСЕНОВ АТЫНДАҒЫ  
ҚАРАҒАНДЫ АКАДЕМИЯСЫ

*С.Қ. Алтайбаев*

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ  
ҚЫЛМЫСТЫҚ ҚҰҚЫҒЫ БОЙЫНША  
ҚАЖЕТТІ ҚОРҒАНУ ИНСТИТУТЫНЫҢ  
МӘСЕЛЕЛЕРІ

*Монография*

ҚАРАҒАНДЫ  
2021

**ӘОЖ 343.2/.7 (035.3)**

**ҚБЖ 67.408**

**А 46**

*Қазақстан Республикасы ИМ Б. Бейсенов атындағы  
Қарағанды академиясы Ғылыми кеңесінің шешімі бойынша басылды*

**Рецензенттер:** Орталық Қазақстан академиясының ғылыми жұмыс және стратегиялық даму жөніндегі проректоры, заң ғылымдарының докторы, профессор **З.С. Тоқыбаев**; Е.А. Бөкетов атындағы Қарағанды университетінің қылмыстық құқық, процесс және криминалистика кафедрасының профессоры, заң ғылымдарының кандидаты, доцент **А.Ж. Маишабаев**.

**С.Қ. Алтайбаев**

**А 46 Қазақстан Республикасының қылмыстық құқығы бойынша қажетті қорғану институтының мәселелері:** Монография. — Қарағанды: Қазақстан Республикасы ИМ Б. Бейсенов атындағы Қарағанды академиясы, 2021. — 150 б.

Монографияда қажетті қорғану институтына байланысты барлық проблемаларды кешенді қамту мүмкін еместігін ескере келе, нақты қылмыстық құқық ғылымында орын алатын сан алуан пікірталас ой-пікірлерді зерделей отырып, заманауи ақиқаттылыққа сәйкес қажетті қорғану бабын жетілдіру мақсатында тиісті толықтырулар мен өзгертулер қарастырылады.

Монография заңдық білім беретін оқу орындарының студенттері мен білім алушыларына, магистранттар мен оқытушыларға және тәжірибелік қызметкерлерге арналған.

Монография қылмыстық құқық және криминология кафедрасының бастамасымен дайындалды.

**ӘОЖ 343.2/.7 (035.3)**

**ҚБЖ 67.408**

**ISBN 978-601-7589-76-9**

© Қазақстан Республикасы ИМ  
Б. Бейсенов атындағы  
© Қарағанды академиясы, 2021;  
© С.Қ. Алтайбаев

## КІРІСПЕ

---

Адам құқының даму эволюциясы мемлекет пен құқықтың пайда болуымен бірге дамып, сапалы құндылықтар деңгейіне көтеріліп келеді. Уақыт адам құқықтарының асқақтауына, тиімді қорғалуына өзінің ықпалын тигізуде. Олай дейтін себебіміз адамзат тарихы, оның прогрессивтік саяси-құқықтық идеялары адам құқықтарын қай заманда болмасын қастерлеу қажеттілігін үлкен әрі маңызы бар проблема етіп ұсынады. Оның басты айғағы адам жаратылыстың ең саналы, ең нәзік, ең күшті ажырамас бөлігі ол оның құқығы. Сондықтан адам құқықтарын тиісті қорғау не болмаса, керісінше, заң шеңберінде оны шектеу, тіпті аяққа таптау сол қоғамдағы адамзат өркениетінің қандай бағытта дамитынын айқындаса керек. Атап өтетін бір нәрсе — ол адам құқығы табиғи құқықтан туындайды және ол барлық адам баласына туа біткен қасиет ретінде танылады. Ол — өмір сүру, бостандық, өз құқығын қорғау, бақытты болуға ұмтылу құқықтары. Бұл қасиеттер бүкіл адамзаттың ажырамайтын құқықтары деп танылады.

Қазақстан Республикасының Конституциясында: «Қазақстан Республикасы өзін демократиялық, зайырлы, құқықтық және әлеуметтік мемлекет ретінде орнықтырады, оның ең қымбат қазынасы — адам және адамның өмірі, құқықтары мен бостандықтары» — деп адам баласына тумасынан тиесілі құндылықтарды жарияланған<sup>1</sup>.

Соған байланысты, адам құқықтары мен бостандықтарын асқақтату, оларды ең жоғары құндылық деп мойындау демократияны дамытудың үлгісі болып табылады. Азаматтардың жеке құқықтары мен бостандықтары туралы Конституциямыздың 13-бабында да айқын көрсетілген: онда «Әркімнің құқық субъектісі ретінде танылуына құқығы бар және өзінің құқықтары мен бостандықтарын, қажетті қорғанысты қоса алғанда, заңға қайшы келмейтін барлық тәсілдермен қорғауға хақылы».

Сайып келгенде, қажетті қорғану институтының проблемасы қазақстандық және әлемдік қылмыстық-құқықтық ғылымы мен қылмыстық заңнаманы заман талабына сай жетілдіруге және әртүрлі санатта жасалған қылмыс жанжалдарын заңдылық арқылы шешуде адам құқықтарын тиімді қорғаудың жолдарын іздеумен тікелей байланысты.

Елімізде бүгінгі күні жүзеге асырылып жатқан барлық іс-шараларға қарамастан қылмыс санының өсуі, оның ішінде күш қолдану және

---

<sup>1</sup> Қазақстан Республикасының Конституциясы. — Алматы: Жеті Жарғы, 1996. — 174 б. // Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 1996 жылғы № 4 217-құжат (Қазақстан Республикасы Парламентінің басылымы).

пайдақорлық-күш қолдану арқылы жасалатын қылмыстардың анағұрлым едәуір артуы тек құқыққорғау органдарының ғана емес, жалпы мемлекетіміздің тарапынан туындайтын алаңдатарлық жағдай болып табылады. Осының салдарынан бұрын сирек кездесетін қылмыстардың жаңа түрлері пайда болуда, мысалы: құн алу мақсатында адам ұрлау, адамды кепілге алу, адамды саудаға салу, заңсыз көші-кон, рейдерлік және т. б. Өкінішке орай, ондай қылмыстық әрекеттерге қарсы азаматтар қажетті қорғану құқықтарын тиісті дәрежеде қолдана алмауда.

Аталған жағдайларға байланысты қажетті қорғану институтының жете дамуы азаматтардың өмірін, денсаулығын, абыройын, тұрғын үйіне, басқа да меншігіне заңсыз қол сұғудан қорғап, қылмыстардың өршімеуіне, оларға Ата Заңда белгіленген ретте төтеп беруге өз септігін тигізері анық.

Тәжірибеде тергеу және сот органдарында қажетті қорғану туралы заң ережелері мен түсіндірмесін дұрыс қолданбаған мән-жәйлар, деректер, өкінішке орай жиі кездеседі. Егер азаматтар өздеріне жасалған шабуылды тойтару барысында қажетті қорғану шегінен аспай қорғана біліп, оның әрекетін кейін құқықтық сала қате бағалап жатса, келешекте азаматтардың қылмыскерлер шабуылынан қорғану ынтасы мүлдем төмендеп, енжарлық танытуға әкеп соғуы әбден мүмкін. Бұл өз кезегінде қылмыс жасаушыларға оңтайлы сәт тудырып, оларды қылмыстық жауаптылыққа тартудан босатып жатады. Сондықтан қажетті қорғану институтын реттейтін заң нормалары әлі де болса толық жетілдіруді және айқын тұжырымдауды қажет етеді.

Бұл ретте құқыққолдану және құқыққорғау тәжірибесінде қажетті қорғанудың құқықтық шараларының мәселелері бойынша заңи түсініктерді дұрыс қалыптастырудың маңызы зор. Өйткені кейде тәжірибедегі қызметкерлер қажетті қорғану институтын реттейтін қолданыстағы заң нормаларының орнына қолданыстан шығып қалған баптар мен қағидаларға сүйенеді.

Біздің жүргізген зерттеулеріміз көрсеткендей, алғашында қажетті қорғану деректері бойынша жиі қылмыстық іс қозғалады, бірақ кейіннен тіпті ол іс тоқтатылса да, қорғанған адам күдікті ретінде өзінің кінәсіз екендігін дәлелдеуге мәжбүр. Себебі ол қылмыстық істерде күдікті ретінде қарастырылатындығы қисынға жатпайтын нәрсе. Ал керісінше шабуыл жасаған адам жәбірленуші санатында қалып қояды. Осындай келеңсіз жәйттарға байланысты көбінесе қоғамға қауіпті қол сұғушылық өзіне тиесілі қылмыстық-құқықтық бағасын ала алмай келеді. Қорғанушы адам өзінің өміріне қол сұғушыдан қорғана отырып, оның денсаулығы мен өміріне ауыр зардап әкелсе, қорғанушының әрекеті қажетті қорғану шегінен шықты деп бағаланды. Көбінесе осындай адамдарды негізсіз соттағандары, кейіннен жоғарғы сот сатысы қорғанушының әрекетін қажетті қорғану жағдайында

болды деген шешімдері сот-тергеу тәжірибесінің олқылық тұстарын ашып көрсетеді. Осының бәрі азаматтардың белсенді қорғануына және билік өкілдерінің қажетті қорғану құқығының көмегімен қылмыстың алдын алуына теріс әсерлерін тигізеді. Сондықтан қажетті қорғану институты қазіргі уақытта терең зерттеуді және заң шығару саласы мен құқыққолдану тәжірибесіне тиісті ұсыныстар жасауды талап етеді.

Осы тұжырымдар негізінде қажетті қорғану институтына байланысты барлық проблемаларды кешенді қамту мүмкін еместігін ескере келе, нақты қылмыстық құқық ғылымында орын алатын сан алуан пікірталас ой-пікірлерді зерделей отырып, заманауи ақиқаттылыққа сәйкес қажетті қорғану бабын жетілдіру мақсатында тиісті толықтырулар мен өзгертулер ұсынады.

Іс-әрекеттің қылмыстылығын жоятын мән-жәй ретінде Қазақстанның қылмыстық-құқық ғылымында қажетті қорғануға талай рет назар аударылды, бірақ қазіргі уақытта азаматтардың конституциялық қажетті қорғану құқылары осы институттың реттелмеуіне байланысты толықтай жүзеге аспауда.

Көптеген Отандық ғалымдар қажетті қорғанудың проблемаларына арнап ғылыми еңбектер жазды.

Дегенмен де қылмыстық құқық ғылымында қажетті қорғану сұрақтары жөнінде әлі де болса біржақты бағыт табылмай пікір таластырылып келеді әрі ол мәселелер өзінің оңтайлы шешімін тапқан жоқ.

# 1 БӨЛІМ.

## ІС-ӘРЕКЕТТІҢ ҚЫЛМЫСТЫЛЫҒЫН ЖОЯТЫН МӘН-ЖАЙ РЕТІНДЕ ҚАЖЕТТІ ҚОРҒАНЫСТЫҢ ӘЛЕУМЕТТІК-ҚҰҚЫҚТЫҚ СИПАТТАМАСЫ

---

### **1.1 Қазақстанның қылмыстық заңнамасында қажетті қорғаныс институтының дамуы**

Әрекеттің қылмыстылығын жоятын барлық мән-жайлардың ішіндегі қажетті қорғану институты — ежелгі дәуірден келе жатыр, ол қоғам мен мемлекеттің барлық даму кезеңдерінің заңнамаларында кездеседі. Қылмыс адам баласы жаратылған кезден бері бірге жасасып келе жатқан кісі бойындағы ең келеңсіз қоғамдық құбылыс. Мемлекет бар жерде қоғамдық тәртіп орнатуды сол мемлекеттің барлық азаматтары өзінің құқықтық міндеті деп есептеуі тиіс. Қоғам алдындағы өзінің жауаптылығын жете сезінген әр азамат қылмысты ауыздықтауға, жеке адамның құқығын қорғауға, мемлекеттің негізгі тірегі-қоғамдық қатынастарды реттеуге және бетімен кеткен келеңсіз істерді жөнге салу үшін қылмысты әшкерелеп, заңның мүлтіксіз орындалуына өз үлесін қосуы керек<sup>2</sup>.

Адам — мемлекеттің ең негізгі байлығы. Барлық тіршілік иелері сияқты адамға да тірі қалу, өзін-өзі қорғау сана-сезімімен біте берілген. Адамда бұл сана-сезім дүниеге келісімен қалыптасады да ол оны өмірінің соңына дейін қалдырмайды. Кез келген адам өзін қорғауда бір жағынан сақтану түйсігі арқылы, екінші жағынан-заң бойынша өз құқығының қорғалатындығын біле тұрып ұмтылады. Адам төнген қауіптен өзін сақтауда қашып кетуге немесе әртүрлі жолдармен оны болдырмауға тырысады.

Профессор А.Н. Ағыбаев: «Қажетті қорғану адамның ең қасиетті, табиғи құқықтары, өмірін, денсаулығын, бостандығын, меншігін тағы басқа да игіліктерін қорғаудың тәсілі болып табылады. Қажетті қорғану қылмыстылықты тыюды, зорлықпен істелетін қылмыстарға және меншікке, басқа да қылмыстарға қарсы күресудің пәрменді құралы болып табылады» деп әділ пайымдайды<sup>3</sup>.

Өзін-өзі қорғаудың тарихына үңілсек осы түсініктің заңды ұғымы өмірге, денсаулыққа, меншікке қарсы қылмыстардың пайда болу ұғымымен бір

---

<sup>2</sup> Қанапия Омарханов. Қазақ елінің дәстүрлі құқығы. «Елорда» баспасы. — Астана, 2003. — 145-б.

<sup>3</sup> А.Н. Ағыбаев. Қылмыстық құқық. Жалпы бөлім. — Алматы: Жеті жарғы, 1999. — 115-б.

мезетте пайда болған.

Қазақстан заңнамасындағы қажетті қорғаныс институтының дамуын зерттеу барысында біз оны келесідей негізгі кезеңдерге бөлдік:

- Қазақ хандығы тұсындағы заңнамаларда;
- Ресей империясына бодан болу кезіндегі заңнамаларда;
- Кеңестік кезеңдегі заңнамаларда;
- тәуелсіздік Қазақстанның заңнамаларында.

XVIII және XIX ғасырдың бірінші жартысында Қазақ әдет-ғұрып құқығында қажетті қорғаныс жеке дара дербес институт ретінде белгілі болған жоқ. Ол жәбірленушінің немесе басқа мүдделі адамның жеке кек қайтару құқығына сіңіп кете барды. Қазақ әдет-ғұрып құқығындағы қажетті қорғаныс ұғымына қатысты В. Сергеевичтің мына сөздері сайып келеді: «Ерте заманда кек алу, кек қайтару үрдістерінің уақытында ерекше құқықтық институт ретінде қажетті қорғанысқа жол жоқ болатын, себебі кек, анағұрлым кең ұғым ретінде, өзінде қажетті қорғанысты да қамтыды»<sup>4</sup>.

Көңіл аударатын бір нәрсе — ол қазақ әдет-ғұрып құқығында жәбірленушілердің бірқатар өзінше билік етуіне мүмкіншілік беруі, яғни, қылмыскердің тағдырын өз ықтияры бойынша шешу, жеке кек алу, барымта және басқа түрлері қажетті қорғанудың кейбір нысандарының жазаланбайтындығын көрсететіндігінде.

1824 жылғы Қазақ әдет-ғұрып құқығында «егер де кімде кім өзін қорғау барысында басқа біреуді өлтірсе және оның тарапынан куәгерлер болса, онда ол құнның жартысын, ал, егер куәгерлер болмаса, онда құнның толық мөлшерін төлейді» деген ережелер болған<sup>5</sup>.

Мұндай ережелерді қажетті қорғанудың ережелері деп қарастыру дұрыс болмас, өйткені олар жәбірленушінің өз басының кегін алу қағидаларына сай келді. Оны Қазақ әдет-ғұрып құқығында жәбірленуші кінәліні тек қол сұғу сәтінде ғана емес, сондай-ақ, шабуыл аяқталып, ол үшін төнген қауіптің беті тәмамдалған уақытта да қудалауына құқық берілгендігі дәлелдейді.

Жәбірленушінің немесе оның туыстарының жеке бас қанды кегін жүзеге асыруы құқығы, кінәліге қатысты өз беттерінше билік етулері әлсіздерге қарағанда анағұрлым күштілердің қауқарында болды. Қазақтың феодалрулық ақсүйектері бұл құқықты тек өз мүдделері үшін ғана пайдаланды.

Қазақ әдет-ғұрып құқығы сондай-ақ аса қажеттілікке қатысты жағдайларды да көздеген, мысалы, қарақшы-ұрылдарды қуғындау үшін мал иесі қарсы болып өз еркімен беруге бас тартса да жылқыларды күштеп алу; белгілі бір жағдайларда өз туыстарынан олардың малдарын өз бетімен алу

<sup>4</sup> Культелев Т.М. Уголовное обычное право казахов. — Алматы, 2004.

<sup>5</sup> Сборник казахского адата, 1824. — 85-б.

және т. с. с. әрекеттер қылмыс деп саналмаған және қандай да бір жауаптылыққа соқтырмаған<sup>6</sup>.

Қорқыту, қылмысқа дайындалу, әдетте, қылмыстық жауаптылыққа әкеп ұрындырмаған<sup>7</sup>.

Қылмыс жасауға талпыну жазаға тартылатын әрекет ретінде саналғанымен ондай жағдайларда жаза көлемі қылмыс жасаған жағдайға қарағанда анағұрлым жеңілірек болған.

Бірақ та мұндай қағида өмірде үнемі жүзеге асып отырды деп айту қиын. П. Маковецкий қазақ әдет-ғұрпында «қылмыскер тек жасаған қылмысы үшін ғана қудаланған. Оның еркіне байланысты емес жағдайларда қылмыс жасалмай қалып, тек оның оқталғандығы үшін еш жазалауға болмайтын болған»<sup>8</sup>.

Г. Загряжский мұндай көзқараспен келіспей, «қылмысқа оқталғаны үшін кінәлі адам қылмыс жасағаны үшін тағайындалатын жазаның тең жартысына кесілетін болған. Ал өз еркімен жасалынбаған оқталу үшін кінә тағылмаған»<sup>9</sup> деп тұжырымдайды.

Осы орайда, қазақ әдет-ғұрып құқығы бойынша қылмысқа оқталу, егер де ауыр қылмысқа, мысалы, адам өлтіруге, оқталғандық үшін ғана қылмыстық жауаптылыққа тартылатын болғандығын атап өткен жөн.

Қазақ әдет-ғұрып құқығы бойынша қылмысқа қатысушылар тікелей қылмыс жасаған адамдармен бірдей жауаптылыққа тартылған. Ол жөнінде: «Ұры серігімен — жортуыл жолдасымен» деген халық мақалы деп баяндайды.

Кейінірек қылмысқа қатысушылардың жауапкершілігі олардың кінәсінің дәрежесіне қарай біршама жекелендіріле бастады. Сөйтіп, жауаптылықты жекелендіру, яғни, әр адамға жеке-жеке жауаптылық тағайындау, орыс қылмыстық заңының ықпалымен XIX ғасырдың екінші жартысында аяқталып бітті.

XIX ғасырдың екінші жартысында Г. Загряжскийдің еңбегімен басылып шыққан Қазақ әдет-ғұрып құқығы Жинағында: «Егер қылмыс жасауға бірнеше адам қатысса, онда оларға тағылатын айып олардың қатысу және

---

<sup>6</sup> Балюзек Л. Народные обычаи, имевшие, а отчасти и ныне имеющие в Малой киргизской орде силу закона // Записки Оренбургского отд. Ирго. 1871. Вып. II. — 212-б.

<sup>7</sup> Гродеков Н. Киргизы, кара-киргизы Сыр-Дарьинской области области. Т. I. — Ташкент, 1889. — 152-б.

<sup>8</sup> Маковецкий П. Материалы для изучения юрид. обычаев киргизов. Материальное право. — Омск, 1886. Вып. 1. — 279-б.

<sup>9</sup> Загряжский Г. Юридический обычай киргиз. Материалы для статистики Туркестанского края. Вып. IV, 1876. — 166-б.

кінәлілік дәрежесіне қарай бөлінеді»<sup>9</sup> деп жазылған.

Қонақбай бидің және басқа да би-болыстардың айғақтарына сілтеме жасай отырып Н. Гродеков те Қазақ әдет-ғұрып құқығына сәйкес, қылмысқа қатысқандардың жауаптылығы олардың қатысу және кінәлілік дәрежесіне қарай айқындалады<sup>7, 144-145</sup> деп атап өтті.

Патриархалды-феодалдық қатынастар дәуірінде сұлтан, би-болыс және ауыл старшиналары өздері жиі әртүрлі қылмыстарды ұйымдастырушылар, азғырушылар және айдап салушылар болып отырған. Олардың кейбіреулері ашықтан-ашық ұрлық және тағы басқа қылмыстар үшін арнайы адамдар ұстап, оларды керекті зат, құрал-саймандармен қамтамасыз етіп келген.

Қазақ әдет-ғұрып құқығының барлық жазбаларында қылмыстық әрекеттерді жасырушылар мен оларға айдап салушы, көмектесушілер қылмысты тікелей жасаған тұлғалармен бірдей қылмыстық жауаптылыққа тартылады делінген. Дегенмен де билердің сот төрелігін жүзеге асыру тәжірибесінде қылмысты жасырушылар мен әсіресе қылмыс жасауға көмектесушілерді жауаптылыққа тарту өте сирек кездесетін құбылыс еді.

Патриархалды-феодалдық қатынастардың басымдығы патриархалдырулық қарым-қатынастардың едәуір салттарын сақтай отырып, әрбір қылмыскердің өз ауылында өзіне көмектесушілерді оңай таба алатындығымен де сипатталды. Сондықтан да олардың әрқайсысының кінәсін анықтау және олардың барлығын қылмыстық жауаптылыққа тарту мүмкін болмады.

Көмектесушілер ретінде өте аз адамдар ғана және сирек кездесетін жағдайларда ғана жауапқа тартылды, мысалы, адам өлтіруге арналған қаруын қылмысты орындаушыға бергені үшін. Оған қоса, қылмысқа қатысушылардың барлығы бірдей табылмай, барлық жауаптылық қолға түскен бір адамға ғана артылатын болған. Ондай адамға басқа қатысушылармен есеп айырысуға құқық берілген<sup>10</sup>.

Жасалған қылмыс туралы тіл қатпау, әдетте, қылмыс деп есептелмеді<sup>7, 148</sup>.

Осы зерделенген материалдарды сараптай келе келесі қорытындылар жасауға негіз бар:

1. Қазақ әдет-ғұрып құқығында қылмыс деп тек бай-болыстардың орнатқан құқықтық тәртібін бұзатын және олардың экономикалық және саяси мүдделеріне материалдық және моральдық зиян келтіретін әрекеттер танылды. Қылмыс ретінде қанаушы үстемтаптың көзқарасына сәйкес қоғамға қауіпті әрекет танылды.

---

<sup>10</sup> Я. Гурлянд. Степное законодательство с древнейших времен по XVII столетие. Известия Общества археологии, истории и этнографии при Казахском императорском университете. — Казань, 1904. Т. XX. Вып. 4-5. — 157 б.

2. Қазақ феодалдық қоғамының экономикалық тұрпатының ерекшелік белгілері үстемтаптың қылмысты анықтаудағы ұстанымдарына тікелей ықпал етті. Қазақ әдет-ғұрып құқығында қылмыстық әрекеттердің таптық мазмұны жеке тұлғаның немесе «бүкіл рудың» мүддесін бұзып жатқандығын бүркемелеумен сипатталады. Қазақ әдет-ғұрып құқығында қылмыс ұғымы азаматтық құқықбұзушылықтан айтарлықтай ерекшеленбеді.

3. Қылмыс ұғымының қалыптасуына діннің де тигізген ықпалын атап өтуге болмайды. Қазақтардың мұсылман дінімен шағылысқан басқа діндерге қатысы бар діни негіздегі қылмыстары өз көріністерін қылмыстық әрекеттерге деген көзқарастарынан да тапты әрі байқалды.

4. Біз қарастырып отырған дәуірдегі қазақ қылмыстық құқығы кінәнің екі нысанын көздеген: қасақаналық (қастық) және абайсызда (абайсыздық немесе қателік). Бірақ қазақ құқығы кінә нысандарын басқа анағұрлым дамыған құқық жүйелеріне қарағанда өзге белгілері бойынша ажыратпады. Кездейсоқ жасалған әрекеттер қылмыс деп қарастырылмады.

5. Қазақ әдет-ғұрып құқығында кінәлінің нақты қанша жас шамасынан бастап қылмыстық жауаптылыққа тартылатыны жөнінде ереже болған жоқ. Әдетте ондай жас – 15 жастан бастап айқындалған еді. Жан күйзелісімен ауыратын адамдар жауаптылықтан босатылды.

6. XIX ғасырда, әсіресе, оның екінші жартысында Қазақ әдет-ғұрып құқығында әлеуметтік-экономикалық қатынастар саласында болған өзгерістер нәтижесінде қылмыстық және қылмыстық емес әрекеттерге қатысты көзқарастар едәуір өзгерістерге ұшырады. Бұл өзгерістер айтарлықтай прогрессивті мәнге ие болды.

7. Қазақтардың патриархалды-феодалдық қоғамдастығы жағдайында қылмыстылықтың нақты себептерін зерттеу барысында оларды тудырушы негізгі үш категорияны атап өтуге болады: 1) жер дауы, 2) мал дауы және 3) жесір дауы. Ондай даулардың түп-тамырлары үстемтаптың мүдделері үшін қолданыста болған сол кезедгі экономикалық құрылымға ұштасады.

8. Қазақ әдет-ғұрып құқығында қажетті қорғану дербес институт ретінде белгілі болмады. Оның орнына жәбірленушінің немесе өзге мүдделі адамның кек қайтару құқығы қолданыста болды. Қазақ әдет-ғұрып құқығы аса қажеттілікке жататын жағдайларды қарастырған.

9. Қорқыту, қылмысқа дайындалу, әдетте, қылмыстық жауаптылыққа әкеп соқпады. Қылмысқа оқталу үшін жаза тағайындалды, бірақ онда жасалған қылмысқа қарағанда анағұрлым жеңіл жаза қолданылды.

10. Қазақ әдет-ғұрып құқығында қылмысқа қатысушылар қылмыс жасаған адамдармен бірдей жауапкершілікке тартылды. Оған қарамастан қазақ сұлтан, бай-болыс, ауыл старшиналары, басқармалар қылмыстарды ұйымдастырушы, айдап салушы, көмектесуші және жасырып қалушылар болған-

дығы ескерілместен барлық уақытта жазасыз қалып отырды.

Осы орайда, төніп тұрған қауіптен қорғану өмір сүру немесе тірі қалу үшін күресудің бір нысаны ретінде құқық және мемлекеттің дамуының барлық сатыларында орын алды. Соған байланысты, қажетті қорғану институтының әлеуметтік және құқықтық мазмұны, табиғаты адамның етене, туа біткен құқығы санатында қарастырылып, қорғанудың заңдылығының іргетасы ретінде танылды<sup>11</sup>.

Зерделеніп отырған осы қажетті қорғану институтының даму тарихы оның мемлекеттің, қоғамның әлеуметтік-саяси құрылымының өзгеріп жетіліп отыруымен қатар ұшталғандығын көрнекі дәлелдейді.

Қазақ құқығы өз бастауын XIII ғ. өмір сүрген, қазақтың көне «үйсін» руынан шыққан, Шыңғыс ханның (1155–1227 жж.) «Орда биі» атанған, Майқы биден алатындығы шүбә келтірмейтін шындық. Сондықтан Қазақ құқығында: «Түгел сөздің түбі бір, түп атасы – Майқы би» деген даналы сөз қалған. Қазақ құқығының жүйеленген қайнар көзі болып «Қасым ханның қасқа жолы» (Қасым хан билігі — 1511–1532 жж.), «Есім ханның ескі жолы» (Есім хан билігі — 1598–1662 жж.) және Тәуке ханның «Жеті жарғы» атты ережелер жинағы есептеледі<sup>12</sup>.

Майқы би шығарған жарғының қысқаша мазмұны төмендегідей (Монғолдың құпия шежіресі «Алтын топшыдан алынған»):

1. Адам құны туралы. Ол былайша ережеленіп түзілген.

«Соғыста өлгендерге (әр екі жаққа да) құн төленбейді. Майданда өлген ерлерге 100 бесті төлеу күшінен қалдырылады. Құн төлеу жеңілдетіледі. ...Кім қаншалық зақым алса, қарсы жақ соншалық төлем немесе айып төлейді», — деп адам құнына, оның азаматтық тұлғасына жете мән беріліп, бұрыннан келе жатқан қатал да тұрпайы заңдылықтарды реформалау нышаны әбден аңғарылады<sup>13</sup>.

Қазақ құқығы, құндылықтары — бостандық, әділдікке негізделген қасиеттері «Далалық демократия» шеңберінде дамыды. Қазақ құқығында өлім жазасы, түрмелер (зындандар) бас бостандығынан айыру, денеге зақым келтіру, қылмыстық қудалау болған жоқ. Барлық даулар азаматтық – құқықтық сипатқа ие болды және олар үшін мүліктік жауапкершілік қолданылды<sup>12, 8</sup>.

<sup>11</sup> Таганцев Н.С. Курс уголовного права. Лекции. Часть общая. — М., 1994. — 2 т. С. 94.

<sup>12</sup> Зиманов С.З. Қазақтың ата заңдары. — Алматы: Жеті жарғы, 1 т. — 2004. — 34-б.

<sup>13</sup> Омарханов Қ. Қазақтың ата заңдары. — Алматы: Жеті жарғы. — 1 т. — 2004. — 207-б.

Әсіресе Қазақстанның тәуелсіз мемлекет дәрежесін алғаннан кейін құнды, күрделі еңбектер, зерттеулер жарияланды. Еліміздің саяси және құқықтық тарихына арналған бірталай кандидаттық және докторлық диссертациялар қорғалды. Олардың ішінде докторлық зерттеулер: З.Ж. Кенжалиевтің «Көшпелі қазақ қоғамындағы дәстүрлі құқықтық мәдениет» (1996 ж.), Н. Өсеровтің «Қазақ құқығы және мұсылман құқығының нормалары» (1998 ж.), М.А. Құл — Мұхаммедтің «Алаш» партиясы қайраткерлерінің саяси-құқықтық көзқарастары» (1999 ж.), С. Өзбекұлының «XVII ғасырдан XX ғасырдың басына дейінгі Қазақстандағы қоғамдық — саяси және құқықтық ой-пікірлер» (1999 ж.).

Ал кандидаттық диссертациялардың ішінен: К.А. Абишевтің «Русская передовая интеллигенция Западной Сибири в истории политической и правовой мысли Казахстана» (1990 ж.), Н.А. Ахметованың «Институт «кун» в обычном праве казахов», Ш.А. Андабековтың «Билердің төтенше съездері» (1995 ж.), Г.З. Ыдырысовтың «М. Сералиннің саяси және құқықтық көзқарастары» (1985 ж.)

«Тәуке дәуірінде» жеке тұлға құқығының кепілі, айналып келгенде, рулық ұжым болғанына көз жеткіземіз. Ал, рулық ұжым қажет болған жағдайда оның мүддесін қорғауды өз міндетіне алатын<sup>14</sup>.

Қазақ әдет-ғұрып құқығы мынадай үш қайнар көзден тұрады:

- 1) әдет-ғұрып («әдет» немесе «заң»);
- 2) билер соты тәжірибесі («бидің билігі»);
- 3) билер құрылтайының ережесі («ереже»).

Дәстүрлі қазақ қоғамындағы адамдардың құқықтары мен бостандықтарын қорғаудың маманданған институты ретінде билер сотының демократиялық жолмен жүргені турасында деректер мол. Қазақ даласының әр аумағында билер өздерінің заңды өкілеттіктерін құқық шеңберінде пайдалана отырып, шешім қабылдау кезінде әртүрлі жағдайларды есепке алып, ең жоғары және ең төмен құн мөлшері арасынан келтірілген зиянды дәл өлшеп, құн мөлшерін өз бетінше белгілеп отырған.

Қазақ әдет-ғұрып құқығының білгірі танымал ғалым Т.М. Күлтелеев Тәуке ханның заңдар жинағындағы сәйкес ережелерді талдай-таразылай келе «шамасы, Тәуке хан үшін маңыздысы құнның ең үлкен немесе ең кіші мөлшерін белгілеу болса керек, ал сот құн төлеушінің қай тапқа жататынын саралап, жазалау шараларын есепке алып, әртүрлі жағдайларды ескере отырып қана, құнның нақтылы бір бөлшегін белгілеген». Ғалым «қатардағы азамат үшін 1000 қой, сұлтан мен қожа үшін 7000 қой деген құн мөлшерінің тәжірибеде үнемі сақтала бермегенін» айтады. (Культелеев Т.М.

<sup>14</sup> Қалиев Ә. Қазақтың ата заңдары. — Алматы: Жеті жарғы, 2004. — 2 т. — 32 б.

Уголовное обычное право казахов. — Алма-Ата, 1955. — С. 184)<sup>15</sup>.

Бұдан қазақ даласының әр аумағында билер өздерінің заңды өкілеттіктерін құқық шеңберінде пайдалана отырып, шешім қабылдау кезінде әртүрлі жағдайларды есепке алып, ең жоғары және ең төмен құн мөлшері арасынан келтірілген зиянды дәл өлшеп, құн мөлшерін өз бетінше белгілегенін көреміз. Қалай болғанда да, сот шешімінің мәні құрбан болған адам үшін оның жақындары мен туыстарына материалдық өтемақы беруі емес, шешім мәні-құқық тәртібін орнату, яғни тәртіп бұзушылыққа дейінгі құқықтық тәртіптің үйлесімділігін сақтап қалу болса керек.

Қазақ хандығында «Қасым ханның қасқа жолы», «Есім ханның ескі жолы», Тәуке ханның «Жеті жарғысы» деп аталатын заңдар болды. Қазақ хандығы заңдарының түптөркіні қазақ халқында ұрпақтан-ұрпаққа жалғасып келген әдет-ғұрыптық ережелерден шықты. Бұл әдет-ғұрыптық ережелер ежелден ел салтына сіңген. Халық бұқарасына түсінікті заң болды.

Қазақ хандығының іргесін қалаушы хандардың бірі Қасым хан (билік құрған жылдары 1511–1523 жж.) қазақ халқының ежелгі әдет-ғұрыптық ереже-тәртібіне мәнді өзгерістер енгізіп, дамытып билер кеңесінде ақылдаса отырып, «жарғы» заңын жасады. «Жарғы» сөзі орта ғасырларда қыпшақ, шағатай ұлыстарында қолданған ярғұ заңынан алынған (қазақша әділдік деген ұғымды береді)<sup>16</sup>.

Халық бұқарасы Қасымның шарифатты алмай, ежелден қалыптасқан билер заңы-жарғыны жаңадан көтергенін қатты ұнатып, оны «Қасым ханның қасқа жолы» деп атап кетті. Бұл заңға кірген ережелер мыналар:

1. Мүлік заңы (мал мүлік, жер дауын шешу ережелер).
2. Қылмыс заңы (кісі өлтіру, ел шабу, мал талау, ұрлық қылмыстарына жаза).
3. Әскери заң.
4. Елшілік жоралары.
5. Жұртшылық заңы.

«Қасым ханның қасқа жолы» «бір ғасырдай атқарылған соң, тиісті толықтырулар мен өзгерістер енгізіліп, Есім ханның (1598–1645 жж.) тұсында «Есім ханның ескі жолы» деп аталған.

Ел аузында сақталған деректерге қарағанда, Есім хан тұсында «қасқа жолға» қосылған жаңалық «хан болсын, ханға лайық болсын; абыз болсын, абыз сыйлау парыз болсын, би болсын, би түсетін үй болсын» деген

<sup>15</sup> Қ. Әлімжанов. Қазақтың ата заңдары. — Алматы: Жеті жарғы, 2004. — 2 т. — 146-б.

<sup>16</sup> Мынжан Н. Қазақтың ата заңдары. — Алматы: Жеті жарғы, 2004. — 2 т. — 399-б.

ережелер екен.

«Қасқа жол» мен «ескі жол» заңдары XVII ғасырдың аяқ кезі мен XVIII ғасырдың басында қайта толықтырылып, елеулі өзгерістер енгізіліп дамытылады. Тәуке хан (1680–1718 жж.) тұсында «Күл төбенің басында күнде кеңес» өткізіліп, «Қасқа жолдың» бұрынғы бес тарауына тағы да екі тарау қосылып, «жеті жарғы» («жеті заң») деп аталды. Бұл жаңадан қосылған екі тарау: жер дауы мен құн дауы туралы заң еді<sup>16</sup>.

Қасым ханның билік жарғысы бойынша «Қанға-қан», екіншісі керуен талау «Керуен соғу» осы екі қылмысқа өлім жазасы тағайындалған. Бұл екеуі де аса ауыр әрі ақталмас күнә саналған. Қасым ханға дейін керуен жолындағы саудагерлерді тонағаны үшін «айып» төлеп қана құтылып келген жолбасарлар, енді, ханның мына қаһарлы жарғысынан кейін тауаны қайтып, жүректері шайылып қалады<sup>17</sup>.

Әрине, ел басқарудың басты міндеті және салаларының бірі — меншік қатынастарын реттету, оларға қамқор бола білу, осы жүйедегі мемлекетке тиімді жеке мүдделердің арашасы әрі панасы болу. Қазақ қоғамындағы меншік қатынастарды жерді (қонысты) пайдалануға, мал-мүлікті иемденуге негізделгендіктен, бұл тараптағы жол-жораларға мемлекеттік мән беріп, арнайы қамқорға алу-жоғарғы өкімет билігінің парызы болатын. Есім мен Қасымның жинақтарында бұл мәселелер де өз шешімін ойдағыдай таба білді<sup>18</sup>.

«Есім ханның ескі жолы» Ералы Саққұлақұлы қолжазбасынан ұрлық үстінде өлтірілген ұрыға құн төленбейді (Үкім 32.148-бет)<sup>19</sup>.

Тәуке хан (1680–1718 жж.) үш жүздің билері Төле, Қазыбек, Әйтекелердің және елдің басқа да білгір адамдарының қатысуымен Оңтүстік Қазақстандағы Күлтөбе деген жерде кеңес өткізіп, жаңа заң етіп қабылдаған. Бұл халық арасында «Жеті жарғы» деп аталып кетті<sup>20</sup>.

Сонымен, кешегі көшпелі қазақ халқының ел билеу заңы «Жеті жарғы» — «Қанға қан алу», «Жанға жан алу» бабымен басталады. Егер жәбірленуші жақ келісім берсе, билер сотының шешімімен қылмыскер әрбір өлтірген ер адам үшін 1000 қой, әрбір әйел үшін 500 қой құн төлеп, өмірін сақтап қалады екен. Ал егер де біреудің денесін майып қылса, не денесінің

<sup>17</sup> М. Ибраев. Қазақтың ата заңдары. — Алматы: Жеті жарғы, 2005. — 4 т. — 120 б.

<sup>18</sup> З.Ж. Кенжалиев. Қазақтың ата заңдары — Алматы: Жеті жарғы, 2005. — 4 т. — 124 б.

<sup>19</sup> Е. Саққұлақұлы. Қазақтың ата заңдары. — Алматы: Жеті жарғы, 2005. — 4 т. — 148 б.

<sup>20</sup> Б. Айсынов. Қазақтың ата заңдары. — Алматы: Жеті жарғы, 2005. — 4 т. — 178 б.

белгілі бір жерін шауып алса, соған сәйкес құн төлеген.

Мысалы, бас бармақ – 100 қой, шынашақ – 20 қойға тең. Сұлтан (төре) мен қожаны өлтірген адам өлген адамның туыстарына жеті адамның құнын төлейтін болған.

«Жеті Жарғының» жуық түрдегі жүйесіндегі қылмыс пен жаза (V бөлімі):

14-бап. Қанға қан алу, яғни біреудің кісісі өлтірілсе, оған ердің құны төленеді (ер адамға – 1000 қой, әйелге – 500 қой)

15-бап. Ұрлық, қарақшылық және зорлық-зомбылық жасаған адам өлім жазасына кесіледі. Жазаны ердің құнын төлеу арқылы жеңілдетуге болады.

16-бап. Денеге зақым келтірілсе, соған сәйкес құн төленеді (бас бармақ-100 қой, шынашақ – 20 қой)<sup>21</sup>.

Ерте заманнан бастап, адамзат қоғамының саяси-құқық дамуының әр түрлі кезеңінде адам құқығын әділетті басқару және әділ сот қағидалары мен принциптерін қалыптастыру, оны іске асыру адам, қоғам үшін өмірі үшін ең маңызды көкейтесті мәселелердің бірі екендігі баршаға аян.

Мәселен, жалпыға бірдей адам құқығы Декларациясында (Адам құқықтарының жалпыға бірдей декларациясы БҰҰ Бас ассамблеясының 1948 жылғы 10 желтоқсандағы 217 А(XXI) қабылданды және жария етілді):

1-бап: «Барлық адамдар тумасынан азат және қадір-қасиеті мен құқықтары тең болып дүниеге келеді. Адамдарға ақыл-парасат, ар-ождан берілген, сондықтан олар бір-бірімен туыстық, бауырмалдық қарым-қатынаста жасаулары тиіс»<sup>22</sup>.

Осы құжаттың 3-бабында: әр адам өмір сүруге, бостандықта болуға және оның жеке басына қол сұғылмауына құқылы деп тұжырымдалған.

Көшпелі қазақ мемлекетінің саяси, құқықтану жүйесін және әділ сот ісін, адам құқығын қорғау мен нығайту мәселелеріне ерекше үлес қосқан қайраткерлер санының көш басшысы атақты Төле, Қазыбек, Әйтеке би бабаларымызды айтуға болады.

Қай қоғамда болсын адамның жеке басы, меншік, отбасы т. б. әлеуметтік саладағы құқықтарын қорғау, орнықтыру, нығайту, жетілдіру мәселелері сол мемлекетте дамып, қалыптасқан әділ сот жүйесінің қызметімен тығыз байланысты екені белгілі.

«Жеті Жарғыда» қылмыстық құқық «қанға-қан, жанға-жан» деген рулық кек алушылық қағидасына негізделген. Ұрлау, тонау, зорлық-зомбы-

<sup>21</sup> Қ. Қамбаров. Қазақтың ата заңдары. — Алматы: Жеті жарғы, 2005. — 4 т. — 323 б.

<sup>22</sup> С. Өзбекұлы, Ө. Қопабаев. Мемлекет және құқық теориясы. — Алматы: Жеті жарғы, 2006.

лық және көзге шөп салу үшін өлім жазасы тағайындалады<sup>23</sup>.

«Қарамола съезінде жазылған Ереже» (1885 ж. мамыр Семей облысының уезаралық төтенше билер съезінде Абай Құнанбаевтың өзі жазып төрелік етеді):

26-бап. Ойланып жүріп өлтірілген ердің құны жүз түйе болады. Мұның 25-і тайлақ, 25-і құнан атан, 25-і дөнен атан, 25-і бесті атан және ойланбай басқа себеппен өлтірілсе, оған 50 түйе құн. Мұның 25-құнан атан, 25-і бесті атан. Әйелдің құны — ер құнының жартысы. Қателікпен, оқыстан өлтірілген кісіге құн жоқ.

27-бап. Барымташыға һәм ұрыға, өлсе құн жоқ.

Егер эз Тәукенің «Жеті жарғысы» адам өлтіру қылмысын өлтірілген адамдарға қарай, яғни сұлтан, қожа, молдалар үшін 7 есе көп құн төлейді деп орнатқанымен, қылмыстың субъективті жағы ескерусіз қалғанға ұқсайды.

Д. Анренің жинағында да, Л. Баллюзиктің зерттеуінде де бұл қылмыстың тудыратын себептеріне нақты тоқталмаған. Тек поручик Айтовтың рапортында ғана қылмысты қасақана және байқаусызда өлтірген деген анықтама беріліп, құн төлеу байқаусызда болған қылмыс үшін толық құнның жартысы болып белгіленеді.

Ұлы Абай Қарамола Ережесінде одан да тереңдей түсіп, абайсызда, ойламаған жерден, оқыстан адам өлтірген жауапкершіліктен босатылады деп бекітеді.

Егер бұрындары кісі өлтірудің екі-ақ түрі мойындалса да ешкім де құн төлеуден босатылмаған екен. Әрине, ұрлық жасау кезінде өлген ұрылардан басқалары. Бұл бектілген норма әдет-ғұрып құқында алғаш құн дауының құнсыз шешілуі билердің заңды шешерде терең де күрделі сараптауға салу керектігін талап етті. Қылмыстың себептері, сырты табиғи әсерлердің жағдайы, қылмыс жасаған адамның өзінің әрекеттерінен туындаған нәтижесін көре алмауы, не сезе алмауы, көріп-білуі мүмкін және тиісті еместігі жауапкершіліктен босатқан<sup>24</sup>.

Ереженің басқа әдет-ғұрып құқығының ескерткіштерінен басты ерекшелігі құн дауында адамдар теңдігі орнатылған. Ереженің өн бойында біртұтас тән ілгерішілдік гумандық қоғамдық дамудың көзі болып табылатын пікірлер мен моральдық жауапкершіліктің үлкен тұлғасы аңғарылады.

31-бапта ата-ана, үлкен кісілерді сыйлау, құрметтеу міндетті түрдегі

<sup>23</sup> С.Л. Фукс. Очерки истории государства и права казахов в XVIII и первой половине XIX в. — Алматы, 2008.

<sup>24</sup> Қазақ әдет-ғұрып құқығының материалдары // Құраст. З. Кенжалиев және т. б. — Алматы: Жеті жарғы, 1996. — 185 б.

норма болып бекітілген де, оны бұзғандар жауапқа тартылған. Ал құрметті кісілерді я молданы жат қылық істеп ренжіткендер, жәбірлегендер аттоннан бастап, атан бастаған тоғызға дейін айып не болмаса бір тоғыздан үш тоғызға дейін айып береді деп бекітіледі. Сонымен бірге ел ішіне іріткі салып ұрыс-төбелес шығарушы бұзақыларға да тосқауыл болатын жауапкершілік орнатылады. Мұндай адамдарға ат-шапаннан үш тоғызға шейін айыпсалынатын еді. Ұрыс-төбелесті ұйымдастырушы басқалардан гөрі айыпты артығырақ төлейді я болмаса билердің билігімен абақтыға жабылады. Бұлар аса қауіпті қылмыс болмаса да өте қатты жазалауы Абайдың қоғамдық тыныштық пен тәртіпті қалай жоғары бағалағанын және қылмыстың алдын алу шараларын жасағанын көреміз<sup>24, 187</sup>.

1887 жылдың 23 тамызында Сергиополь және Қапал уезінің жақсылары мен екі уезд халқының 12 адамы абақұм төтенше съезінде Ережені жасады.

14) Ердің құны 2000 рубль, әйелдің құны — 1000рубль.

17) Аты мәшһүр ұры ұрлығы үстінде өлтірілсе оған құн жоқ<sup>25</sup>.

**Ыстықкөл және Жаркент уездері тұрғындары ережесі (1889 ж. 20 мамыр):**

4) Дәлелденген адам өлтіру ісі бойынша айыпкер 4 разряд бойынша 20 ат, екі түйе және 200 сом ақша, оның ішінде билік ақысын да төлейді.

5) Ер адам үшін болыстан 4 адам ант беруі керек, ант бергізбеуге болмайды.

6) Көз құны – 4 разряд бойынша 49 ат пен бір түйе, егер айыпкер айыбын мойнына алмаса, болыстан бір адам ант беруі тиіс. Ант бергізбеуге болмайды.

7) құлақ кесу құны – 4 разряд бойынша 49 ат пен бір түйе, егер айыпкер айыбын мойнына алмаса, болыстан бір адам ант беруі тиіс. Ант бергізбеуге болмайды.

8) Тіс сындыру құны – егер бұрын құрттамаған болса 4 разряд бойынша 8 ат пен бір түйе, егер айыпкер айыбын мойнына алмаса, болыстан бір адам ант беруі тиіс. Ант бергізбеуге болмайды.

9. Мұрын кесу құны – айыпкерден 4 разряд бойынша 49 ат пен бір түйе өндіріледі, егер айыпкер айыбын мойнына алмаса, болыстан бір адам ант беруі тиіс. Ант бергізбеуге болмайды.

10. Егер қолы сынса 4 разряд бойынша 50 ат өндіріледі, бір саусақ құны 4 разряд бойынша 9 ат, егер айыпкер мойнына алмаса, болыстан бір адам ант беруі тиіс, ант бергізбеуге болмайды.

11. Аяқ құны қол құны мөлшерімен бірдей<sup>25, 216</sup>.

**Ыстықкөл және Жаркент уездері тұрғындарына арналған Ереже**

<sup>25</sup> Қазақтың ата заңдары. — Алматы: Жеті жарғы, 2005. — 5 т. — 208 бет

**(1890 ж. 02 шілде):**

4) Дәлелденген кісі өліміне кінәлі жақ 200 жылқыны төрт разрядпен екі түйе және 200 рубль ақшалай төлеуі керек (бұл ердің құны); билік кесілген малдың әр басынан 1 рубльден алынады.

5) Ердің құны үшін болыстан 4 адам жан (**ант болуы керек**) беруі тиіс, антқа қарсылық берілмейді.

6) Көздің құны – 4 разрядпен 49 жылқы және бір түйе, дау күмәнға түскен жағдайда болыстан бір кісі жан береді, оған қарсылық білдірмейді.

7) Кесілген құлақтың құны төрт разрядпен 19 жылқы және бір түйе, дау күмәнға түскен жағдайда болыстан бір кісі жан береді, оған қарсылық білдірмейді.

8) Мұрынды кескені үшін төрт разрядпен 49 жылқы және 1 түйе құн төлейді, күмән түскен жағдайда болыстан бір кісі жан береді, оған қарсылық білдірмейді.

9. Егер құрттамаған тісті сындырса, төрт разрядпен 8 жылқы және 1 түйе құн төлейді.

10. Егер қол толықтай сынған болса төрт разрядпен 50 жылқы құн төленеді. Бір саусаққа төрт разрядпен 9 жылқы кесіледі, егерде кінәлі адам жалтармақ болса болыстан бір адам ант береді және оған қарсылық білдірмейді.

11. Аяқтың құны қолдың құнымен бірдей, сол тәртіппен есептеледі<sup>25, 227</sup>.

**Іле төтенше билер съезі Ережесі:**

1890 жылы 5 қыркүйек — Верный, Қопал, Жаркент ояздарының лауазымды және құрметті адамдары 1 қыркүйек күні ашылған Іле съезінде бірауыздан мына ережені бекітті:

2. Ер адам құны – 4 разряд бойынша 200 ат, әйел құны – 4 разряд бойынша 100 ат. Ер адам құны үшін ант беруге 4 адам таңдалуы тиіс, жауапкер жаулық қатынысына орай екі адамға ант бергізбе құқығына ие.

7. Көз құны – 50 ат, қол мен аяқ құны – 25 ат, құлақ құны – түйе бастаған 1 тоғыз, тіс құны – ат бастаған 1 тоғыз.

10. Егер ұры ұрлық кезінде өлтірілсе, ұрыға құн талап етілмейді, тек сол ру әділетті түрде куәлік етуі тиіс. Атақты ұрылар бір малға алты айып төлеуі тиіс, егер ұры өз айыбын мойындап, ерікті түрде ұрланған нәрсені қайтарса, онда ешқандай айып төлемейді<sup>25, 227</sup>.

Егер адам өлтіру жәбірленушінің өзінің пайда еткен ашы-ызғалығынан болса, онда ол әдеттегі қасақана адам өлтіруге қарағанда жеңіл жазаға кесілетін болған.

Бұл жайында Н. Изразцов былай жазады: «егер қырғыз өзі бастаған төбелесте өлтірілетін болса, онда толық құн ешқашан тағайындалмайды,

оның жартысы немесе одан да кем мөлшері тағайындалады»<sup>26</sup>.

1959 жылғы 22 шілдедегі Қазақ КСР Заңымен бекітілген Қазақ КСР Қылмыстық кодексіне өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы ҚР-ның Заңы (1993 жылғы 14 қазан № 2426-ХІІ) (ҚР Жоғарғы Кеңесінің Жаршысы № 17. — Алматы)

2. 13-бап мынадай редакцияда жазылсын:

13-бап. Қажетті қорғану

Әрбір адамның өзін-өзі қорғауға, тұрғын үйі мен меншігін қорғауға құқығы бар. Бұл құқыққа ол қастандықтан құтылу не басқа адамнан немесе өкімет органдарынан көмек сұрау мүмкіндігіне қарамастан ие бола береді.

Қажетті қорғану халінде, яғни қорғаушы немесе басқа адамның жеке басы мен құқығын, тұрғын үйді, меншікті, қоғамның немесе мемлекеттің мүдделерін қоғамға қауіпті қастандықтан қорғау кезінде қиянат жасаушыға зиян келтіру жолымен істелген әрекет қылмыс болып табылмайды.

Қастандықтың сипаты мен қауіптілік дәрежесінің қорғану сипатына көрінеу сәйкес келмеуі, соның салдарынан қиянат жасаушыға қастандықты болғызбау немесе тоқтату қажеттігінен айқын туындамаған зиянның келтірілуі қажетті қорғану шегінен асып кетушілік деп танылады.

Қылмыстық құқық теориясы мен практикасында қажетті қорғану құқығын пайдаланудағы біршама өзгерістер 1917 жылғы қазан айындағы саяси өзгерістермен байланысты орын алды.

А.В. Косарев атап өткендей, қазан төңкерісінен кейін қажеті қорғану мен оның шегінен шығумен байланысты қылмыс туралы көзқарас демократиялық мемлекеттерде жалпы қабылданған түсініктер біраз алшақтаған. Кеңестік қылмыстық құқықта қажетті қорғану түсінігі ең алғаш рет 1919 жылы «РФКСР қылмыстық құқық бойынша басшылық бастамаларында» берілген болатын. 15-бабына сәйкес «шабуылдаушы адамға зорлық жасаған адамға, егер бұл зорлық осы жағдайларда шабуылға қарсы тұрудың қажетті құрал немесе оны немесе өзге адамға зорлықтан қорғау құралы болып табылса, және егер жасалған зорлық қажетті қорғау шараларынан асып кетсе жаза қолданылмаған».

Келесі қажетті қорғану туралы хронологиялық кезектегі 1922 жылғы РФКСР ҚК бекітілген. Оның 19-бабы жеке адамға заңсыз қол сұғушылыққа қарсы жасалған немесе қорғанушының құқығы болмаса өзге адамдардың қажетті қорғану кезінде жасалған қылмыстық жазаланатын әрекет егер бұл жерде қажетті қорғану шегінен шықпаса, жазалауға жатпайды деп анықталған.

Әрі қарай қажетті қорғану туралы норма (соның ішінде Қазақстан үшін)

---

<sup>26</sup> Ахметова Н.С. Көшпелі қазақ қоғамының құқығы. — Қарағанды, 2007. — 122 б.

КСРО және одақтас республикалардың 1924 жылғы қылмыстық заңдылықтарының Негізгі бастамаларында қарастырылған.

Негізгі бастамалардың 92-бабында: «Әлеуметтік қорғану шаралары қылмыстық заңдарда қарастырылған әрекеттер жасаған адамдарға, егер сот бұл әрекеттер кеңестік билікке немесе революциялық тәртіпке қарсы, немесе қорғанушыға болмаса өзге адамдарға қарсы қажетті қорғану жағдайында жасалды деп мойындаса, егер ол жағдайда қажетті қорғану шегінен шығу орын алмаса қолданылмайды».

1926 жылы РФКСР ҚК бұл норма толықтай қайталанған: «Сот-практикалық сипаттағы әлеуметтік қорғау шаралары қоғамдық қауіпті әрекеттер жасаған адамдарға, егер сот бұл әрекеттер кеңестік билікке немесе революциялық тәртіпке қарсы, немесе қорғанушыға болмаса өзге адамдарға қарсы қажетті қорғану жағдайында жасалды деп мойындаса, егер ол жағдайда қажетті қорғану шегінен шығу орын алмаса қолданылмайды».

Қажетті қорғану сол кезеңде әрекеттің жазалануын болдырмайтын жағдай ретінде қарастырылған. Қылмыстық құқық теориясында қажетті қорғану түсінігінің нақты анықтамасы болмаған.

Мәселен, Н.Д. Дурманов қажетті қорғануды әрекеттің қылмыстылығын жоққа шығаратын жағдай ретінде қарастырған<sup>27</sup>.

В.М. Чхиквадзе — құқыққа қарсы әрекетті болдырмайтын жағдай десе, А.Н. Трайнин, И.И. Слуцкий — қылмыстық жауаптылықты болдырмайтын жағдай деп қарастырған<sup>28</sup>.

Бұл қажетті қорғану институтын дұрыс түсінуге әсіресе, сот-тергеу органдарының тәжірибесінде кері әсер еткен. Нәтижесінде, азаматтарды негізсіз қылмыстық жауаптылыққа тарту және оларды заңсыз соттау орын алған. Мұндай жағдайларға жол бермеу үшін 1956 жылы 23 қазанда КСРО Жоғарғы Сотының Пленумы «Қажетті қорғану туралы заңдылықтарды қолданумен байланысты істер бойынша сот тәжірибесіндегі кемшіліктер туралы» арнаулы қаулы қабылдады.

Пленум тергеу органдары мен сот жіберген көптеген қателіктерді ашып берген. Соттарға азаматтардың қылмыстардың алдын алу және жолын кесуді қажетті қорғануға құқығын жүзеге асыруға қатысуын барынша кеңейтуге бағытталған нұсқаулықтар берілген. Қажетті қорғану институты өзінің әрі қарайғы дамуын 1958 жылғы КСРО және республикалар одағы қылмыстық заңдылықтары Негіздерінде алған.

Ең алғаш рет қажетті қорғану жағдайында жасалған әрекеттер қылмыс

---

<sup>27</sup> Дурманов Н.Д. Понятие преступления. — М., 1948. — С. 4.

<sup>28</sup> Трайнин А.Н. Состав преступления по советскому уголовному праву. — М., 1951. — С. 337.

деп танылмады. Шабуылдаушыға мемлекеттік және қоғамдық мүдделерді, қорғанушы мен өзге адамдардың құқықтарын қорғау мақсатында зиян келтіру қылмыстық әрекет болып табылмайды және сондықтан жазаланбайды. Одақтас республикалар кодексінде, соның ішінде Қазақстанда да Негіздердің 13-бабының тұжырымдамасын толықтай қайталанған «Қажетті қорғану» нормасы енгізілді.

Украина КСР, Өзбек КСР және Эстон КСР қылмыстық кодекстеріндегі қажетті қорғану туралы баптар қылмыскерді ұстауға бағытталған әрекеттермен толықтырылды. Украина КСР және Өзбек КСР Қылмыстық кодекстеріне сәйкес мұндай әрекеттерді қажетті қорғануға теңестірілген, ал Эстон КСР қылмыстық кодексінде бұл жағдайлар әрекеттің құқыққа қарсылығын болдырмайтын, дербес негіздеме ретінде қарастырылған.

1958 жылғы КСРО және республикалар одағы қылмыстық заңдылықтары Негіздері 13-баптары адам құқығы үшінші орынға, ал алғашқы екеуі қажетті қорғануды азамат тәрбие нәтижесінде сезінетін, объектілерге берілген ережені бекітті. Ондағы басты акцент қорғау актісінің белгілері қылмысқа сәйкес келумен жасалған, бірақ олар ондай болып табылмайды. Мұндай тұжырымдама психологиялық тұрғыда жеткіліксіз: ол қоғамдық қауіпті қол сұғушылық жасаған адамға бағытталмаған, ал қорғанатын адамға барынша мұқият болуы талап етілген, себебі қорғану актісі қылмысқа ұқсас.

Қаралып отырған құқықты ресми түрде түсіндірудің маңызды негіздерінің біріне 1959 жылғы 4 желтоқсандағы КСРО Жоғарғы Сотының Пленумының «Қажетті қорғану туралы сот заңдылықтарын қолдану тәжірибесі туралы» қаулысы жатады, онда ҚК «Қажетті қорғану» деп аталатын 13-бабын қолдану тәртібі туралы бірнеше негізделген сәттер аталған, соның ішінде соттар заңдылыққа қарсы келетін ережелерге назар аударған, соған сәйкес «...шабуылға ұшыраған адам, егер қашып кетуге мүмкіндігі болса, өзге азаматтардан немесе билік органдарынан көмек сұрауға немесе қол сұғушыға қарсы белсенді әрекеттерден тұрмайтын қандай да бір өзге амалдар қолдануға мүмкіндігі болса, белсенді қорғануға құқығы жоқ».

Қажетті қорғану құқығын қолданудың келесі нормативтік негізіне 1966 жылғы 26 шілдедегі КСРО Жоғарғы Кеңесі Президиумының «Бұзақылыққа жауапкершілікті күшейту туралы» Жарлығы жатады, ондағы 16-бапта азаматтардың қылмыстық қол сұғушылықтың алдын алуға және қылмыскерді ұстауға бағытталған азаматтардың әрекеттері қылмыстық заңдылыққа сәйкес заңды болып табылады және осы әрекеттермен қылмыскерге мәжбүрлі зиян келтірілсе де, қылмыстық және өзге де жауаптылық қаралмайды. Қылмыстық құқық теориясын дамыту үшін де, тергеу және сот органдары практикасы үшін 1984 жылғы 16 тамызындағы КСРО Жоғарғы

Соты Пленумының № 14 «Соттардың қоғамдық қауіпті қол сұғушылықтан қажетті қорғану құқығын қамтамасыз ететін заңдылықтарды қолдану туралы» Қаулысы маңызды орын алады.

30 жылдан астам қолданыста болған қажетті қорғану туралы бап қандай да бір жағдайда азаматтардың қылмыстық қол сұғушылықпен күресте бас-тамашылықты өз қолдарына алуын дамытуға ықпал етті, сондай-ақ бұрынғы тұжырымдамаларда орын алған кейбір құқықтық кемшіліктерді жойған. Бірақ оның біраз ресмилік сипатта болғанын атай кеткен дұрыс. Азаматтардың өз құқықтары мен заңды мүдделерін, заңдық мүдделерін қорғаудың конституциялық құқығын жариялай отырып, азаматтарға қажетті қорғану жағдайында әрекет ету заңдылығына нақты бағдар бермеген.

1960 жылғы Қазақ КСР ҚК 13-бабы қажетті қорғану құқығын бекітті, бірақ қорғанушы әрекетін нақтыламаған, оны белсенді қорғауға дайындамаған, тек қажетті қорғану жағдайының фактісін баяндаған. Бұл норманы доктриналық түсіндіру және сот практикасы азаматты өзінің қажетті қорғануға құқығын шынайы қолдану мүмкіндігінен айырды, қорғанушының шешімді және тиімді әрекеттерін оның шегінен шығу деп есептеген.

В.В. Меркурьевтің ойынша, заң шығарушы мұндай қорғанудың әлеуетті субъектісін ол шабуылды тосып тұрумен қоймай, оның бағыттылығын анықтап, оған қолданылатын зорлық қарқындылығын бағалауы керек деген жағдайға қалдырған, басқаша айтқанда, ол төтенше жағдайларда асықпай және ұзақ талдау жасаудың өзінде заңгерлердің өзіне қиындық туғызатын мәселелерді шешу керек болады<sup>29</sup>.

Тарихи әділдікті сақтау үшін 1991 жылы КСРО және республикалар одағы қылмыстық заңдылықтары Негіздерінің бекітілмеген жобасы дайындалды. Аталған жобаның 23-бап 1-тармағына сәйкес «...қылмыстық заңда қаралған, бірақ қажетті қорғану жағдайында жасалған, әрекет белгілеріне жатса да, яғни жеке басты және қорғанушы мен өзге тұлғалардың құқығын, қоғам мен мемлекет мүдделерін қоғамдық қауіпті қол сұғушылықтан, егер бұл кезде қажетті қорғану шегінен шығу болмаса, қол сұғушыға зиян келтіре отырып қорғаса, қылмыс болып табылмайды».

1993 жылы Қазақ КСР ҚК 13-бабына үлкен өзгерістер енгізілді:

Әрбір адамның өзін-өзі қорғауға, тұрғын үйі мен меншігін қорғауға құқығы бар. Бұл құқыққа ол қастандықтан құтылу не басқа адамнан немесе өкімет органдарынан көмек сұрау мүмкіндігіне қарамастан ие бола береді.

Қажетті қорғану халінде, жағдайында, яғни қорғаушы немесе басқа адамның жеке басы мен құқығын, тұрғын үйді, меншікті, қоғамның немесе

---

<sup>29</sup> Меркурьев В.В. Необходимая оборона: Уголовно-правовые и криминологические аспекты: Автореф.: дис. ... канд. юрид. наук. — Рязань, 1998. — С. 13.

мемлекеттің мүдделерін қоғамға қауіпті қастандықтан, қол сұғушылықтан қорғау кезінде қиянат жасаушыға зиян келтіру жолымен істелген әрекет қылмыс болып табылмайды.

Қастандықтың сипаты мен қауіптілік дәржесінің қорғану сипатына көрінеу сәйкес келмеуі, соның салдарынан қиянат жасаушыға қастандықты болғызбау немесе тоқтату қажеттігінен айқын туындамаған зиянның келтірілуі қажетті қорғану шегінен асып кетушілік деп танылады<sup>30</sup>.

1993 жылы мемлекеттік және қоғамдық мүдделердің әлеуеті жоққа шығарылған және бірінші орынға жеке бастың мүдделері мен құқығы қойылды, соның ішінде өзін өзі қорғауға, тұрғын үйін және жеке меншігін қорғауға құқық берілді дегенді атай кеткен дұрыс.

Қазақ КСР ҚК 13-бабының жаңа редакциясы 1984 жылғы 16 тамызындағы КСРО Жоғарғы Соты Пленумының № 14 «Соттардың қоғамдық қауіпті қол сұғушылықтан қажетті қорғану құқығын қамтамасыз ететін заңдылықтарды қолдану туралы» Қаулысында көрсетілген бірнеше кемшіліктерді жойды. Қажетті қорғану туралы осы норма бұрынғысынан негізінен редакциясымен ерекшеленетінін айта кетейік. Өзгерістер осы институттың мәнін жойған жоқ.

Т. Орешкина әділ айтып кеткендей, тәжірибеде және одан да бұрын жүзеге асырылған, қажетті қорғану заңдылығы мен заңсыздығын белгілеумен байланысты қиындықтар қалып отыр.

Құқықты қолдану тәжірибесінде ең үлкен қателіктер нақты іс бойынша адам қоғамдық қауіпті қол сұғушылықтан қорғану құқығын жүзеге асыру шегін бөлумен байланысты<sup>31</sup>. 1995 жылы ҚазКСР ҚК Ерекше бөліміне маңызды өзгерістер енгізілді. Соның ішінде «Қажетті қорғану шегінен шығу кезіндегі денеге жарақат келтіру» атты 96-бапқа енгізілген. ҚазКСР ҚК екі бөлімнен тұрады. 2-бөлігі қажетті қорғану шегінен шығу кезінде қол сұғушыға орташа дәрежеде дене жарақатын салғаны үшін қылмыстық жауаптылыққа тартуды қарастырған. Ғалымдардың бірізді ұстанымының арқасында Заң күші бар, Қазақстан Республикасы Президентінің Жарлығымен 1995 жылы 17 наурызда қабылданған «Қазақстан Республикасының кейбір заңдық актілеріне өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» қаулыда Қазақ КСР ҚК 96-бабы 2-бөлігі алынып тасталды, нәтижесінде

---

<sup>30</sup> 1959 жылғы 22 шілдедегі Қазақ КСР Заңымен бектіліген Қазақ КСР Қылмыстық кодексіне өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы Қазақстан Республикасының Заңы (1993 жылғы 14 қазан. № 2426-ХІІ) (ҚР Жоғарғы Кеңесінің Жаршысы № 17. — Алматы).

<sup>31</sup> Орешкина Т. Спорные вопросы института необходимой обороны // Уголовное право. — 1998. — № 3. — С. 25.

соттарда қаралған істер саны азайған, себебі қажетті қорғану шегінен шығу кезінде орташа ауырлықтағы дене жарақаттарын жасау қылмыс болып есептелмеді.

Осы жылдан бастап қажетті қорғану шегінен шығу кезінде кісі өлтіру мен қажетті қорғану шегінен шығу кезінде байқаусызда ауыр дене жарақаттарын келтіру, сондай-ақ қажетті қорғану шегінен шығу кезінде орташа ауырлықтағы денеге жарақат келтіру қылмыстар қатарынан алынған. Бұл өзгерістер азаматтарды қылмыстық қол сұғушылықпен күрестегі белсенділігін арттыруға және қоғамдық қауіпті қол сұғушылықтың жолын кесу кезінде адамдардың бастамашылығына бөгет болатын кедергілерді жою бойынша қолданылған мемлекеттік шара болып табылады.

Қажетті қорғану құқығының даму тарихын қарастыруды аяқтай отырып, А.Ф. Конидің пікірін келтіргіміз келеді: «Қажетті қорғану мәңгі өмір сүретін болады, себебі ол қажеттілік заңына негізделген, ал бұл заң өзінен өзі мәңгі. Сондықтан, қажетті қорғану туралы түсінік ертеден бері өмір сүріп келеді және ешқашан өмір сүруін тоқтатпайды»<sup>32</sup>.

## **1.2 Шетел заңнамаларындағы қажетті қорғаныстың белгілері (Франция, Германия, Англия, АҚШ) Франция заңындағы қажетті қорғаныстың белгілері.**

Франция континентальды құқықтық жүйесі бар мемлекеттер қатарына жатады. Францияда 1994 жылдың 1 наурызынан бастап 1992 жылы қабылданған жаңа Қылмыстық кодекс қолданысқа енді. Ол 1810 жылғы Наполеон кодексін алмастырды. Кодекс алты кітаптан тұрады. Қажетті қорғаныс туралы ереже қылмыстық құқық ережелеріне арналған оның бірінші кітабында жазылып, ҚК Жалпы бөлімін құрайды. 1810 жылғы Қылмыстық кодексте бұл ереже «Қажетті қорғаныс институты» деп аталатын Ерекше бөлімде берілгенін атай өткен дұрыс<sup>33</sup>, ол Франция ҚК «құқықтық қорғаныс» (la legítíme defence) деп аталып, бірінші кітаптың «Қылмыстық жауапкершілік туралы» 12-бөлімінің қылмыстық жауаптылықтың басталмауы немесе оны жеңілдету негіздеріне арналған 2-бөлімде қарастырылады.

Осы бөлімнің 5 бабында (Франция ҚК баптарын нөмірлеу ерекшелігіне сай бұл бап 122-5 деп белгіленген, ондағы бірінші сан кітап нөмірін

---

<sup>32</sup> Турецкий Н.Н. Обстоятельства, исключющие преступность деяния по уголовному законодательству Казахстана. — Алматы, 2005. — С. 49.

<sup>33</sup> Преступление и наказание в Англии, США, Франции, ФРГ, Японии: Общая часть уголовного права. — М., 1991. — С. 67.

білдірсе, екінші сан-бөлім нөмірін, үшінші – тарау нөмірі және соңғысы — баптың реттік нөмірін білдіреді) өзіне немесе өзге тұлғаға қатысты негізсіз қол сұғушылық болған жағдайда, өзін немесе өзге адамды заңды тұрғыда қорғау қажеттілігі байланысты қандай да бір әрекет жасаса, тек қорғану құралы мен қол сұғушылық арасында сәйкестік болмай қалған жағдайдан басқа әрекеттерде, қылмыстық жауапкершіліктен босатылады деп көрсетілген<sup>34</sup>.

Осы бапта көрсетілгендей, Франция ҚҚ қажетті қорғанысты белсенді әрекет ретінде қарастырады. Қорғану дербес қорғану үшін де, өзге адамдарды қорғау үшін де рұқсат етіледі. Бұл нормаға формальдық-логикалық талдау жасай отырып, қоғам мен мемлекеттің мүддесі, яғни көпшілік мүддесі, қажетті қорғаныс кезінде қорғау объектісі болып табылмайды деген қорытынды жасауға болады, ол Францияның қылмыстық құқығында олар дәстүрлі деп түсіндіріледі.

Қылмыстық кодекс қажетті қорғаныс заңдылығының келесі шарттарын қарастырады:

1. Қол сұғушылықтың болуы, және ол заңсыз да, негізсіз де болуы керек;

2. Қажетті қорғаныстың шегінен аспауы, оны кодексте қорғану құралдарын қолдану мен қол сұғушылықтың ауырлығы арасындағы сәйкессіздік деп түсіндіріледі.

Біздің ойымызша, бұл жағдай қазақстандық ҚҚ-пен салыстырғанда қорғану құқығын біршама шектейді, себебі ол қорғану құралын қол сұғушылыққа міндетті түрде сәйкес келуін талап етеді де, қорғану мен шабуыл қарқынын, оның тәсілін және т. б. ескермейді. Егер қорғаныс құралының қол сұғуға механикалық сәйкестігі тұрғысынан қарасақ, онда мысалы, қарусыз шабуыл жасаған кезде қорғану үшін қару қолдануға болмайды деген қорытынды жасауға болады;

3. Заң қорғану әрекеті «дәл сол сәтте» болуы керектігін белгілейді, яғни қол сұғу басталған болуы керек немесе тікелей жасалуға шақ қалуы керек;

4. Қорғану әрекеті «қажеттілігіне» қарай тууы керек.

6-бапта құқылы қорғанудың нақты оқиғалары қарастырылған.

Бұл, біріншіден, бұзып кіру, зорлау немесе алдау арқылы кіру, түнде тұрғын-жайға кіруді көрсету мақсатындағы әрекеттер болса, екіншіден, зорлық көрсету арқылы жүзеге асырған тонау немесе ұрлауды жасаған адамдардан өзін қорғау мақсатындағы әрекеттер<sup>34</sup>.

---

<sup>34</sup> Уголовный кодекс Франции 1922 г. // Уголовное законодательство зарубежных стран (Англии, США, Франции, Германии, Японии). Сборник законодательных материалов / Под ред. И.Д. Козочкина. — М., 1998. — С. 198.

Бұл норманы логикалық тұрғыда қарастыра отырып, онда қажетті қорғаныстың шегін сақтау туралы сөз қозғалмағандықтан, жоғарыда аталған жағдайларда қол сұғушыға кез келген залал келтіруге болады деген қорытындыға келуге болады.

Осы норманы француз қылмыстық құқығы теориясында дәл осылайша түсіну керектігін де атай кеткен жөн. Ертеректе бұл жағдайларда қорғану құқығының презумпциясы болу керек деп есептелген (себебі құқылы қорғануға мәжбүр болған адам оны жалпы ереже бойынша дәлелдеуі керек болған). Бірақ, 1959 жылы Францияның Кассациялық Соты мұндай презумпцияның ешқандай бұлтартпайтын сипаты жоқ деген пікір білдірген, сондықтан қазір көпшілік заңгерлердің ойынша соңғысы тойтарыс берудің бірдейлілігіне қарамастан құқыққа сай болатындықтан, қорғанудың айрықша түрі деп есептеледі<sup>35</sup>.

Себебі Францияның ҚК-де кез келген залал тигізе отырып қорғануға болатын нақты жағдайлар келтірілген, қажетті қорғаныс туралы заң нормаларын «казуальды типтегі» нормаларға жатқызуға болады.

Қажетті қорғаныстың құқықтық жағдайы Францияның Қылмыстық кодексінде барынша толықтай баяндалған. Ол Францияның қылмыстық-құқықтық доктринасы мен сот тәжірибесінде одан да тереңірек қарастырылған.

Денеге зиян келтіретін заңға қайшы келетін және қауіпті шабуылдардың бар болуы заңға сыйымды шарттарға жатады. Моральдық зиян келтіретін қорғану туралы мәселе мұнда шешімін таппаған<sup>36</sup>.

Кейбір ғалым-заңгерлердің ойынша, шабуыл жасау адам денсаулығына зиян келтіріп қана қоймайды, сонымен қатар оның ар-намысы мен мүлкіне де зиянын тигізеді<sup>37</sup>.

Сондай-ақ, сот практикасы лауазымды тұлғалардың заңсыз әрекеттерінен де қорғану мүмкін емес деп есептейді<sup>36</sup>.

Қорғану дер кезінде жүзеге асырылуы керек, яғни шабуыл басталған сәтте немесе шабуылдың шынайы қаупі туғанда және ол аяқталғанға дейін жасалуы керек. Болуы мүмкін шабуылдан қорғануға болмайды.

Сондай-ақ, қорғану пайдалы және шамаға сай болуы керек, мұндағы пайдалылыққа қол сұғушылықтың әр жағдайында қорғану шараларының

---

<sup>35</sup> Крылова Н.А., Серебринникова А.В. Уголовного право зарубежных стран (Англия, США, Франции, Германии). — М., 1998. — С. 137–138.

<sup>36</sup> Преступление и наказание в Англии, США, Франции, ФРГ, Японии: Общая часть уголовного право. — М., 1991. — С. 67.

<sup>37</sup> Малиновский А.А. Угловное право зарубежных государств. — М., 1998. — С. 178.

қажеттілігі жатады. Яғни шабуылға ұшыраған адам қауіптен құтылып кете алады, мысалы, қашып кетуге мүмкіндігі болса, қашып кетуі керек. Шамаға сай қорғану қауіптен қорғануға тура байланысты дегенді білдірмейді, сондықтан қорғану актісі міндетті түрде шабуылдан қауіпті болмауы керек<sup>36</sup>.

5-баптың екінші тарауында жеке меншікке қол сұғушылық кезіндегі қажетті қорғаныстың заңға сыйымды шарттары қарастырылған: «Қылмыс жасаудың алдын алған немесе жеке меншікке қарсы жасалған қылыққа қорғану бойынша қажетті әрекет жасаған, қасақана кісі өлтіруден басқа, қылмыс әрекетінің ауырлығына сәйкес қорғану құралын қолданса, ол адам қылмыстық жауапкершілікке тартылмайды»<sup>34</sup>.

Осыған байланысты, жеке меншікті қорғау кезінде мынадай құқықтық заңдылықтар ескеріледі:

1. Францияның ҚК қылмыс (аса ауыр қасақана жасалған әрекеттер), тәртіпсіздік (аса ауыр емес әрекеттер) және құқық бұзушылықтар (аса қауіпті емес әрекеттер), құқық бұзушылық емес, қылмыс немесе тәртіп бұзушылықтан тұратын әрекеттен жеке меншікті қорғауға болады;

2. Жеке меншікті қорғау кезінде қол сұғушылық жасаған адамға қасақана өлтіруден өзге кез келген залал келтіруге болады;

3. Жеке тұлғаны қорғау кезіндегідей қол сұғушылықтан қорғану құралдарына сәйкес бұл жағдайда да талаптар қойылады;

4. Қорғану бойынша әрекет «қажетті» болуы керек. Доктринада бұл егер қорғанушы адам қол сұғушыға залал тигізбеуге мүмкіндігі болса, яғни құқық қорғау органдарынан көмек сұраса немесе т. б. әрекеттерге мүмкіндігі болса, онда бұл мүмкіндікті қолдануы керек деп түсіндіріледі<sup>35</sup>.

Яғни, бұл жердегі қажеттілік жәрдем алу дегенді білдіреді.

**ГФР заңдылықтарындағы қажетті қорғаныс түсінігі және оның белгілері**

ГФР Қылмыстық кодексі де француздардікіндей континентальды құқық жүйесіне жатады. Қазір бұл елде 1871 жылғы 1987 жылы редакцияланған Қылмыстық кодексі қолданыста. Қажетті қорғаныс институтын реттейтін нормалар 1950 жылғы 4 қарашада қабылданған Адам құқығын қорғау туралы Тұжырымдамада, ГФР Конституциясында (Негізгі заңында), сондай-ақ ГФР ҚК Жалпы бөлімінде қарастырылған, аталған Тұжырымдаманың 2-бабы адамның өмір сүруге құқылы екендігін атап көрсеткен. 2 баптың 2 тарауында адамды өмірден айыру заңсыз кез келген зорлық көрсетуден қорғандың қажетті болғаны дәлелденген кезде, күш көрсету нәтижесі заңға қарсы келген әрекет деп қарастырылмайды делінген<sup>34, 198</sup>.

ГФР ҚК қажетті қорғаныс туралы (Notwehr) «Әрекет» деп аталатын екінші бөлімдегі «Қажетті қорғаныс және шектен тыс қажеттілік» деген екінші тарауда қарастырған. Бұл сұраққа осы тараудың екі параграфы

арналған. 32 §-та қажетті қорғануға мәжбүр болған адам әрекеті заңға қарсы әрекет деп қарастырылмайды делінген. Және қажетті қорғану дегеніміз — өзіне немесе өзгеге жасалған құқық бұзушылықта қажетті қорғану деген түсінік берілген<sup>34, 259</sup>.

Осыған байланысты, қорғану мына жағдайларда заңға сәйкес деп есептеледі:

1) Шабуыл болуы керек, яғни ол басталған, бірақ әлі аяқталмаған болуы керек;

Шабуыл заңға қайшы болуы керек;

Қорғану объектілеріне қорғанушы адамның өзі де, өзге де адамдар жата алады.

Доктринада қажетті қорғанудың заңға сәйкестігінің мынадай келесі жағдайлары да қарастырылған: шабуыл жасаушы заңды тұлға емес, жеке адам, немесе зат, болмаса хайуан (иесіз) болуы керек<sup>36, 104</sup>.

Осы жерде қажетті қорғаныс пен аса қажеттілік арасындағы айырмашылық көрінбей қалатынын ескере кеткен жөн.

Қылмыстық құқықтың германдық теориясындағы қол сұғушылыққа берілген түсінігі ерекше назар аударарлық. Ол, біріншіден, заңмен қорғалатын мүдделерге қауіп төндіретін немесе бұзатын адам әрекеті болып табылады. Бұл жерде қандай да бір әрекет жасауға міндетті адамның әрекетсіздігі де қол сұғушылық болып табылады деген де пікір бар. Екіншіден, қол сұғушылық құқықтық қорғаудағы мүдделерге бағытталуы керек. Оларға қылмыстық-құқықтық тәртіппен қорғалатын құқықтық игіліктер ғана емес, барлық құқықтық қатынастар мен жалпы жағдайлар жатады<sup>38</sup>.

Тәжірибеде қорғау объектісі болып табылатын құқықтық игіліктер де кейде аталып жатады. Оларға адамның денсаулығы мен өмірінен басқа, үй жайы, бостандығы, түнгі тыныштығы, жеке меншігі, жалгерлік құқығы, атастыру, жеке өмірі және т. б. жатады. Федеральдық сот 32 §-та (өзге тұлғаны қорғауға рұқсат берілгендіктен) егер президентті қорғаса, онда мемлекетті де қорғайды деген сөз, ендеше мемлекет пен оның органдары да қорғау объектілері болып табылады дегенді көрсетеді<sup>36 105</sup>.

Бұл жерде заңды сот тұрғысынан түсіндіру орын алған.

Бірақ, Дж. Флетчердің ойынша, осындай жағдайлар туындағанда Германия соттары заңға емес, жалпы құқықтық қағидаларға сүйенеді<sup>39</sup>.

Бұл көзқарасты дәлелдеу үшін ГФР Негізгі заңының 20-бабын мысалға

---

<sup>38</sup> Курс уголовного права. Общая часть. Т. 1. Учение о преступлении. — М., 2002. — С. 605.

<sup>39</sup> Флетчер Дж., Наумов А.В. Основные концепции современного уголовного права. — М., 1998. — С. 354–355.

келтіруге болады, онда Германияның кез келген азаматына ГФР демократиялық және әлеуметтік құрылымын бұзуға әрекет жасаған кез келген адамға қарсылық білдіруге құқық берілген деген<sup>37, 50</sup>.

Мұнда тікелей мемлекеттік және қоғамдық мүдделерді қорғау туралы сөз болып отыр.

33 §-та заң шығарушы қажетті қорғану шегіне түсінік беруге тырысады. Онда егер қорғанушы адам араласу, қорқу немесе үрейлену кесірінен қажетті қорғаныс шегінен асып кетсе, ол жазаға тартылмайды деп көрсетілген<sup>34, 260</sup>.

Бұл норма негізінен қажетті қорғаныс шегінің асып кету белгілері туралы түсінік бермегенін, тек мұндай шектен асудың бір жағдайын ғана атап бергенін атай кеткен жөн. Қажетті қорғаныстың шектен асып кетуінің орын алғаны туралы қорытынды қылмыстық істі қарастыру кезінде сот шешетін факт болып қала бермек.

Доктринада қажетті қорғанудағы қоғамдық тәртіпті бұзуының (эксцесінің) екі түрі көрсетілген: үдемелі (интенсивті) эксцесс және экстенсивті эксцесс. Үдемелі эксцеске залалы, қорғаныш құралдары мен тәсілдерінің сәйкессіздігі жатады. Экстенсивті эксцеске дер кезінде жасалмаған қорғаныс (алдын ала жасалған немесе кешіккен) жатады.

Бірақ, әдебиеттерде мысал ретінде заңға сай қажетті қорғанысқа қашып бара жатқан ұрыға залал келтіру жатады деп көрсетіледі.

Г. Блай: бұл жағдайда жасалған ұрлық аяқталса да қажетті қорғаныс орынды, — деп жазған<sup>36, 105</sup>.

Қорғану эксцесінің мүмкіндігін дер кезінде жасауға байланысты мойындау ресейлік және қазақстандық қылмыстық құқығындағы көпшілік теоретиктерінің көзқарастарынан әлдеқайда өзгеше, олар бұл жағдайда қорғану эксцесі жоқ деп есептейді, себебі қажетті қорғаныс жағдайы туындап отырған жоқ.

Қорытындылай келе, германдық ҚК 33 §-ында атап көрсетілген араласу, қорқу және үрейлену кесірінен (аффект жағдайларында) қажетті қорғаныс шегінен асып кеткенде жазаланбау туралы тұжырымдама қазақстандық қылмыстық-құқықтық теория мен практика үшін қызығушылық тудыратынын айта кеткен жөн.

### **Англия мен АҚШ заңдылықтарындағы қажетті қорғаныс түсінігі және оның белгілері**

Англия және АҚШ — англосаксондық құқық жүйесіне жататын елдер, сондықтан бұл елдердің заңдылықтарына ортақ ұқсастықтар бар.

Англия — жалпы құқық дәстүрлі түрде үстем болып келген ел. Сондықтан ол елде қылмыстық кодекстің болмауы ағылшын құқығының тарихи ерекшелігіне жатады. Ағылшын құқығының негізгі бастауына статустар

(парламенттік заңдылықтар) мен соттық прецеденттер жатады. Қазіргі уақытта жалпы құқық ұстанымдары бұрынғыдай берік болмағандықтан, жалпы бөлімнің негізгі сұрақтары заң актілерінде реттелген, бірақ көпшілік сұрақтар бұрынғыдай соттық прецеденттерде шешіледі.

1967 жылғы қылмыстық құқық туралы Заңның 3 §-ында қылмыстың алдын алу жағдайында немесе құқық бұзушыны не күдіктіні заңды түрде қамауға алуды жүзеге асыру кезінде болмаса осындай қамауға алу кезінде көмек көрсетуде қажет болған жағдайда адам күш қолдана алады, — деп көрсетілген<sup>36, 39</sup>.

Осы параграф қажетті қорғаныс немесе қылмыскерді ұстау мақсатында ақталуға тұрарлық күш қолдануға қатысты жалпы құқық нормаларын алмастырды.

Бұл анықтама зерттеліп отырған түсінікке өз бетімен анықтама беруге мүмкіндік береді.

Мысалы, ағылшын криминалисі Стифен қажетті қорғаныс шарасыз болғанда және қорғанушы өзіне шабуыл жасаған адамға залал қажеттіліктен асып кетпеді деп «ойлағанда» заңға сыйымды деп түсіндіреді<sup>40</sup>.

Қажетті қорғану институты АҚШ заңнамаларында барынша реттелген.

1776 жылы тәуелсіздік жарияланғаннан кейін, Құрама Штаттар ағылшынның жалпы құқығы әрекетінен бас тартқан жоқ. Жалпы құқық және ағылшын статусы құқықтың негізгі бастауы болып жарияланды.

Бірақ, ағылшын құқықтық жүйесінің сақталуына қарамастан, АҚШ қылмыстық құқығының әрі қарай дамуы ерекше жолға түсіп, өзгешелігімен ерекшеленді. Мемлекеттік құрылымының ерекшелігіне байланысты АҚШ-та бірегей қылмыстық-құқықтық жүйе болған жоқ, онда 53 федералдық және құқықтық штаттар жүйесінен тұратын жеке-жеке құқықтық жүйелер орын алған. Бастапқыда федералдық деңгейде бірнеше заңдар болды, негізінен қылмыстық заңдылықтар штаттарда қабылданды. Бірақ уақыт өте келе федералдық қылмыстық заңнамалар көлемі күрт өсті. Конституция қылмыстық заңнамаларға қатысты федералдық және штаттық құзырлықтар арасындағы айырмашылықтарды қарастырмайды. Федералдық заңнамалар мен штаттық заңнамалар бір бірін толықтырмайды, олар тек қатар әрекет етуімен жағдайды күрделендіре түседі. Осыған сәйкес кей жағдайларда федералдық заңнама мен штаттардың заңнама нормаларының қақтығысуы орын алып жатады.

АҚШ-та негізінен қылмыстық кодекс жоқ, федералдық қылмыстық заңдылықтарының негізгі бастауына Конституция, Конгресс актілері және

---

<sup>40</sup> Приводится по работе Паше-Озерского Н.Н. Необходимая оборона и крайняя необходимость по советскому уголовному праву. — М., 1962. — С. 70–71.

заңға тәуелді актілер жатады.

1948 жылғы 25 маусымындағы Конгресс актісінде қолданыстағы қылмыстық заңның негізгі бөлімі қайта қаралып, талдап қорытындыланып (Актіде бұл үдеріс кодификация деп аталған), АҚШ заңдар Жинағының 18 тарауына (1 тармақ) заң түрінде енгізілді. Бұл бөлімнің бірінші тарауы «Жалпы ережелер» деп аталып, жалпы бөлімнен тұрады. Ол 22-баптан тұрады және онда қажетті қорғаныс институтын реттейтін нормалар қарастырылмаған.

Штаттардың қылмыстық заңдылықтарының негізгі бастауларына штаттар конституциясы мен қылмыстық заңдылықтар жатады. Олардың кейбірінде XIX ғасырдың өзінде жалпы құқық ұстанымдарын алмастыратын қылмыстық кодекстер қабылданған болатын, бірақ оларды толықтай кодекстер деп атауға болмайды, себебі әр уақытта қабылданған актілер немесе нормалардан тұратын және кейде олар әліпбилік ретте орналасқан болып келген. Әртүрлі штаттар кодекстері жалпы және ерекше бөлімдерге қатысты бір сұрақты әртүрлі реттегенін де атап кеткен дұрыс, бұл америкалық қылмыстық құқықты реформалау қажеттігін туғызды да, соның нәтижесінде 1962 жылы қылмыстық кодекстің Үлгілік жобасы жарияланды.

Жоба штаттардағы құқықтық реформаның бастамасы болды, оған ең алғашқылардың бірі болып Нью-Йорк қосылды. 1965 жылы онда қабылданған ҚК (1967 жылы күшіне енген) қылмыстық кодекстің Үлгісіне үлкен ықпал етті. Ол алғашқы екеуі Жалпы бөлімді құрайтын төрт бөлімнен тұрады. Бұл кодекстің өзіндік кемшіліктері болғанын атай кеткен жөн, мысалы, тұжырымдардың шытырмандығы, күрделілігі және қарастырып отырған құқық институтын түсіндіруге мүмкіндік бермейтін қиын тұжырымдамалар. Қажетті қорғаныс институтын реттейтін нормалар «Жалпы ережелер» деп аталатын «Қорғануға» деген I тараудың С бөлімінде қарастырылған. Онда қылмыстық жауапкершілігі жоқ қорғану мен ақталу жағдайларымен байланысты қорғау түрлері қарастырылған. Соңғысына 35 бапта ережесі қарастырылған қажетті қорғаныс (defence) жатады.

35.05. §-ындағы баптарда қажетті қорғаныс заңдылығының жалпы ережелері қарастырылған. Әрекет егер «көпшілікке немесе жеке залал келтіруден қорғану үшін қажетті төтенше шара болып табылса қол сұғушылық болып саналуы мүмкін мінез-құлық, егер де «ол төніп тұрған қауіптен қашып құтылу үшін төтенше шара ретінде қажет болса, онда қылмыстық жазаланушы емес, керісінше, заңға сыйымды деп танылатын болған».

Мұндай әрекеттің қажеттігі мен оны ақтау заңнан шығатын, оны жалпы қолдануда да, істердің белгілі бір санатында қолдануға қатысты да адамгершілік пен пайдалылық жағынан алғандағы пікірге ғана негізделе алмайды.

Сотталушы осы тараудағы ақталу жағдайына байланысты қорғану

бойынша дәлелін ұсынған сәттерде сот құқық тұрғысынан олар сүйеніп отырған фактілер мен жағдайларды, егер олар дәлелденген болса, ескеруі керек»<sup>34, 109-110</sup>.

Осы норманың мәтіні тым ұзақ, ал тұжырымдамасы тиянақсыз. Одан жеке де, көпшілік мүдделерін қорғау мүмкіндігін көруге болады. АҚШ қылмыстық заңдылықтары қазіргі уақытта көптеген елдердің заңдылықтары сияқты мемлекеттік және қоғамдық мүдделерді қорғау мүмкіндігін мойындайды.

Нью-Йорк штатының ҚК-не сәйкес дене күшін қолданатын субъектілерге азаматтар ғана емес, қоғамдық тәртіпті қорғаушы лауазымдық тұлғалар мен полиция қызметкерлері де жатады (35.15 § 2 т.). Сондай-ақ тәртіпті сақтау үшін дене күшін қолдана алатын түрме бастығы мен түрменің немесе түзету мекемесінің өзге де өкілетті лауазымды тұлғасы (35.10 §, 2 т.), жолаушылар таситын қоғамдық көлікте тәртіпті сақтауға жауапты тұлға (п. 3 § 35.10) да бола алады.

Сонымен қатар, бұл нормаға логикалық тұрғыда талдау жасау қауіпті залал мен қол сұғушы келтірген залал арасындағы мөлшерлі игіліктерге талаптар қойылады, осындағы мөлшерлік қоғамда қалыптасып қалған моральдық ұстанымдармен анықталады. Осы параграфта қажетті қорғану жағдайын белгілеу — фактіге байланысты, сондықтан әрбір нақты жағдайда ол сотпен шешіледі. Осы бапта қажетті қорғаныстың субъектілік талаптары (интеллект пен моральдың қарапайым стандарттары негізінде залал тигізбеу тілегі мен жеделдігі туралы қорғанушының түсінігі) негізінде де, объектілік талаптар (олар сүйенген фактілер мен жағдайлар қорғауды құрай ма) негізінде де белгіленетінін көруге болады.

Нью-Йорк штатының ҚК-гі қажетті қорғаныс институтын реттейтін заңның баптарын казуальды нормалар түріне жатқызуға болады. Сондықтан, заңда қажетті қорғаныстың жеке жағдайлары қарастырылады: жеке басты, тұрғын жайды және кез келген мекен жайды, берглэри (тұрғын үйге қылмыс жасау мақсатында заңсыз басып кіру) жасау кезінде адамды қорғау, ұрлықтың жолын кесу немесе алдын алу.

35.15. §-на сәйкес адам өзге адамға өзін немесе үшінші тұлғаны оның ойынша, төніп тұрған өзге адамнан заңсыз дене күшінен қорғау үшін дене күшін көрсете алады<sup>34, 11</sup>.

Осыған байланысты, қорғану өзін және өзге адамды қорғауға рұқсат етіледі.

Дж. Флетчердің айтуынша, римдік құқықты мұра етіп алған елдер, өзін өзі қорғау түсінігін кеңінен қолданып, қол сұғу объектісі болуы мүмкін барлық құқықтарды енгізген. Жалпы құқықта өзге адамдарды қорғау үшін күшті қолдануда белгілі бір әрекетпен тығыз байланысты адамдар шеңбері-

мен шектелген. Ұзақ уақыттық даму барысында өзге адамдарды қорғау талаптары өзін-өзі қорғау деңгейіне дейін жеткізілді. *Ошибки! Закладка не определена.*, 331.

Заң шабуылдың болуы міндетті деген талап қояды, яғни шабуыл басталуы керек немесе басталудың алдында тұруы керек.

Осы параграфта сондай-ақ қорғану мынадай жағдайларда заңды деп белгіленген:

1) шабуылдаушының мінез-құлқы өзге адамға дене жарақатын жасау үшін қорғанушы тарапынан арандатылмаған жағдайда;

Қорғанушының өзі агрессор болмаса, бұл жерде осындай жағдай орын алғанда, қорғанушы болған жағдайды тоқтату мақсатында әрекет еткенімен, шабуылдаушы оны тыңдамай, заңсыз әрекетін жалғастыра беретін болса, ақталуы мүмкін;

Дене күшін қолдану — құқық бойынша арнайы рұқсат етілген, келісім бойынша жекпе жекке түсудің нәтижесі емес<sup>34. 111</sup>.

Егер, бірінші жағдайда сөз қазақстандық қылмыстық-құқықтық теорияда да орын алған, шабуыл жасауға арандату кезінде заңды қорғануға болмайтыны туралы болса, екінші жағдай аса қызықты. Бұл жерде қол сұғудың аяқталуы мен тоқтатылуы арасындағы айырмашылық туралы мәселе қарастырылған.

Бұл мәселені шешу ғылым үшін де, тәжірибеде де қиындық туғызып отыр, себебі шабуылдаушы кез келген сәтте қол сұғу әрекетін мысалы, оны жалғастыруға қолайлы сәтті күту мақсатында тоқтатуы мүмкін, және бұл жерде қорғанушының әрекеті заңсыз болып шығады да, оны қиын жағдайға қалдырады.

Бұл жағынан алғанда, Нью-Йорк штатының тәжірибесі тиімді деп есептеледі, онда бастапқы шабуылдаушыға қақтығыстан шығып қана қоймай, оған шығу туралы өзге адамға түсіндіру керектігі туралы міндет қойылған. Осы жағдайда ғана, қажетті қорғаныс шегінен асып кеткен немесе дер кезінде қорғанбаған қорғанушы әрекеті заңсыз деп есептеледі.

35.15. §-да шабуылдаушыны өлтірген кездегі әрекеттердің заңдылығының бірнеше тізімі берілген. Олардың саны көп емес.

Мысалы, адам өзге адамға өлтіретіндей дене күшін өзіне ол адам өлтіретіндей дене күшін қолданады немесе қолдануды бастайды деп ойлағанда, сондай-ақ адамды ұрлайды немесе ұрлауға әрекет етеді, зорлап жыныстық қатынасқа түседі, зорлау арқылы бұзылған жыныстық қатынасқа түседі немесе тонайды, болмаса берглэри жасайды деп ойлағанда өлтіруге апаратын дене күшін қолдануға рұқсат етіледі.

Сондай-ақ бұл параграфта қажетті қорғанысқа шектеу қоятын ережелер де қарастырылған. Егер қорғанушы шегініп, өзін және өзгелерді толықтай

қауіпсіз сезінсе және кісі өлтіретіндей дене күшін қолданудың қажеті болмаған жағдайда оны қолдануға құқысы жоқ екені қарастырылған. Қорғанушы екі жағдайда шегінбеуі керек:

- егер ол өз тұрғын үйінде тұрса және қақтығысты бастамаса;
- және егер ол қоғамдық тәртіпті қадағалаушы полиция қызметкері, лауазымдық тұлға болса, немесе олардың айтуынша көмек көрсетуші адам болса.

Осыған байланысты, Нью-Йорк штатының ҚК-і қастандық жасаушыға кез келген залал келтіре отырып қажетті қорғану құқығы субсидиарлық сипатта болып келеді, себебі қорғанушыға дене күшін қолдану қажеттігі болмаған жағдайда шегіну міндеті жүктелген.

Біздің ойымызша, ҚР ҚК бекіткен қоғамдық қауіпті қол сұғушылықтан қашып кету мүмкіндігі болу-болмауына қарамастан, қорғану құқығын беруін прогресшіл көзқарас деп тануға болады.

35.20. §-та тұрғын үйді және жылжымайтын мүлікті, сондай-ақ бергләри жасалған кезде адамды қорғау үшін қажетті қорғаныстың заңдылық жағдайы қарастырылған.

Мысалы, адам тұрғын үйге және кез келген жылжымайтын мүлікке залал келтіруге байланысты қылмыс жасалды немесе жасалуы мүмкін деп ойлағанда, оны болдырмау немесе алдын алу үшін кез келген (өлтіруден басқа) деңгейдегі дене күшін қолдана алатындығы қарастырылған (35.20 §). Өзге адаммен тұрғын үйге және кез келген жылжымалы мүлікке қылмыстық жазаланатын заң бұзушылық жасауды немесе қастандық жасауды алдын алу немесе тоқтатуға кез келген адам емес, сол тұрғын үй және кез келген жылжымалы мүлік иесі, болмаса оған бақылау жасаушы, сондай-ақ оның ішінде болуға сәйкес рұқсаты бар полиция қызметкерлері мен лауазымдық тұлғалар ғана күш қолдануға құқылы (35.20 §).

Қол сұғушыны өлтіруге үй жайды өртегенде, өртемек болғанда оның алдын алу немесе жолын кесу үшін рұқсат етіледі, сондай-ақ бергләри жасағанда немесе жасамақ болғанда, оның алдын алу немесе жолын кесу үшін қажетті болғанда тұрғын үй немесе мекен жайдың иесі болмаса оған бақылау жасаушы, сондай-ақ оның ішінде болуға сәйкес рұқсаты бар адам кісі өлтіретіндей күш қолдануға құқығы бар.

АҚШ қылмыстық құқығында мекен жайды тартып алу — бергләриден — ерекшеленетінін атай кеткен дұрыс, себебі бірінші жағдайда адам заңсыз мекен жайға кіргенімен онда қылмыс жасауды мақсат етпейді.

35.25. §-та мүліктік мүдделерге қатысты қол сұғушылықтан қорғану жағдайлары реттелген.

Мысалы, адам өзге адамды тонағанда немесе тонамақ болғанда оның алдын алу немесе жолын кесу үшін, болмаса мүлікке (жылжымалы мүлік-

тен басқа) қылмыстық жазаға тартылатындай залал келтіру немесе келтір-мек болғанда оның алдын алу немесе жолын кесу үшін оған дене күшін қолдануға болады. Бұл жағдайларда қол сұғушыны өлтіруге болмайды.

Сонымен қажетті қорғанысқа байланысты шетел қылмыстық заңнамаларына талдау жасай отырып, мынадай қорытындылар жасауымызға негіз бар:

Жалпы құқық жүйесіне жататын Англияда қажетті қорғаныс институты заңды тұрғыда реттелмеген, ол сот прецедентіне оны өзінше шешуге мүмкіндік береді.

Бірақ, құқықтың континентальды жүйесіне жататын елдерде де, құқықтың негізгі бастауына заң жататындығына қарамастан, қажетті қорғаныс институты көбіне толықтай реттелмеген және заңды соттық және заңдық тұрғыда түсіндіру аса маңызды.

Отандық әдебиетте шетелдің қажетті қорғаныс туралы заңдылықтарын қарастыруда шектен тыс асқақтата көрсетілгенін байқауға болады.

Мысалы, кеңестік дәуірде буржуазиялық құқықтық сана жеке меншікті кез келген құралмен қорғауға рұқсат етеді деген пікір қалыптасты.

Бірақ, салыстырмалы талдау оның шындыққа сай емес екендігін көрсетіп отыр.

Мысалы, Франция ҚК-і мен Нью-Йорк штатының ҚК-і мүліктік мүдделерді қорғау кезінде кісі өлтіруге жол бермейді. Францияның ҚК-іне сәйкес мүлікті қорғау тек аса ауыр қол сұғушылық кезінде ғана рұқсат етіледі.

Қазіргі уақытта шетел заңнамаларының нормалары қазақстандық нормалармен салыстырғанда прогресшіл және қорғанушы үшін қол сұғушылықтан қорғану бойынша үлкен мүмкіндіктер берілген деген пікірлер де айтылып жүр. Бірақ ол мүлдем олай емес. Көбіне шетел заңнамалары демократиялы емес, және кейбір елдерде (Франция, АҚШ) қорғануға субсидарлы сипат берілген.

Франция ҚК-і, мысалы, қол сұғу ауырлығына қорғану құралының сәйкес келуін талап етеді, бұл біздің ойымызша, ҚР ҚК-імен салыстырғанда қорғанушы мүмкіндігін біршама шектейді, шындыққа сәйкес келмейді, және қазақстандық ҚК-і нормасы шетел ҚК-тері нормаларына қарағанда нақты берілген, қажетті қорғану шегінен асып кету түсінігіне баға да берілген. Мысалы, ГФР ҚК-і қажетті қорғану шегінен асып кету түсінігіне анықтама бермейді.

Әр елде қажетті қорғаныс институтын реттеудің екі негізгі тәсілі қолданылатынын атай кеткен жөн, ол қалыптасып қалған заңдылық техникасына байланысты.

Мысалы, Л.В. Наумов қылмыстық-құқықтық тыйым салуды қалыптастырудың екі тәсілін — казуистік және абстрактылы түрлерін көрсетеді.

Казуистік тәсілде заң шығарушы диспозициялық тұрғыда нақты жағдайларды қамтуға тырысады<sup>41</sup>.

Абстрактілі тәсіл романо-германдық құқық жүйесін ұстанатын елдерге тән, ол «қылмыстық-құқықтық нормаларды барынша жалпыланған тұжырымдамасынан тұратын, қылмыстық заң тілінің нақтылығы және қысқаша айтуымен ерекшеленеді»<sup>42</sup>.

Әрекеттің қылмыстылығын (соның ішінде қажетті қорғанысты) анықтайтын жағдайларды реттейтін нормалар қылмыстық құқық нормаларына тән ерекшелік болып табылады. Бұны көптеген авторлар ерекше атап өтіп, оларды ынталандыру (көтермелеу немесе мадақтау)<sup>32</sup>, басқарылмалы<sup>43</sup> және рұқсат етуші<sup>44</sup> нормаларға жатқызады. Осыған қарамастан, біздің ойымызша, бұл нормалар үшін қылмыстық-құқықтық тыйымдарға қатысты тұжырымдаудың екі тәсілі тән.

Осыған сәйкес, қажетті қорғануға құқық беруді реттейтін екі норма түрін атап өтуге болады - казуистік және абстрақтылы тұжырымдамалар.

Бірақ мұндай бөлулер шартты болып табылады, себебі Н.О. Дулатбековтың пікірінше, «абстрақтылы тұжырымдамасыз заңдылық техникасының казуистік немесе абстрақтылы тәсілдері болмайды»<sup>41</sup>.

Бұл екі жолдың артықшылығы да, кемшілігі де бар деп көрсеткен. Мысалы, абстрактілі тәсілдің артықшылығына жалпылаудың аса жоғарғы деңгейі, шектен тыс бөлшектеусіз, тұжырымдаманың қысқалығы жатады. Соған қарамастан, абстрактілі тұжырымдамаларда заңды қолдануда кең мүмкіндік беретін, баға беру түсініктері аса көп. Абстрактілі тәсіл мысалы, ГФР ҚК қорғану туралы нормаларын тұжырымдауда қолданылған.

Казуистік тәсілдің де өзіндік артықшылықтары бар. Оны пайдаланған кезде норма азаматтарға да, заңды қолданушыларға да түсінікті, және соңғысының әрекетіне қатаң шек қоя біледі.

Казуистік тәсілдің мысалына Нью-Йорк штатының ҚК-і қорғану туралы нормасының тұжырымдамасын келтіруге болады. Сондықтан, осы тәсілдің артықшылықтарын ескере отырып, қазіргі уақытта континентальды құқық

---

<sup>41</sup> Наумов А.В. Российское уголовное право. Общая часть: Курс лекций. — М., 1997. — С. 93. (аударған Н.О. Дулатбеков.Болашақ-Баспа).

<sup>42</sup> Наумов А.В., Флетчер Дж. Основные концепции современного уголовного права. — М., 1998. — С. 21.

<sup>43</sup> Рахимжанова Г.К. Осуществление лицом своего права как обстоятельство, исключающее преступность деяния: Учеб. пос. — Караганда: КВШ МВД РК, 1995.

<sup>44</sup> Рустемова Г.Р. Правомерный риск как обстоятельство, исключающее преступность деяния // Законотворчество и правоприменение в РК: вопросы теории и практики: (Сб. научных трудов). — Караганда, 1997.

жүйесін ұстанатын елдер қажетті қорғаныс шегі туралы түсінікке анықтама беруде казуальды тәсілді таңдап алған (мысалы Францияда).

Соған қарамастан, біздің ойымызша, бұл заңды реттеудің кемшілігі де бар, оған кейде заңда жасырын оқиға тізімінің берілуі жатады.

Мысалы, Нью-Йорк штатының ҚК-де қол сұғушыға кез келген залал келтіруге, тіпті өлтіруге дейін баруға рұқсат етілген жасырын оқиға тізімі берілген. Кез келген тізім өмірде кездесетін жағдайлардың әр алуандығы мен көптігін қамти алмағандықтан, қол сұғушыға келтірілген ауыр залалдың заңдылығын анықтау күмән тудырады.

Қажетті қорғаныс туралы шетел заңдылықтарын зерделеген кезде қорғану құқықтық институт ретінде тарихи тұрғыда өзін өзі қорғаудан бастау алғанына қарамастан, көп елдерде ол тек қана жеке басты қорғау емес, мемлекеттік және қоғамдық мүдделерді қорғаумен де сипатталатынын көруге болады.

Мысалы, мемлекеттік және қоғамдық мүдделерді қорғау ГФР заңнамаларында, Нью-Йорк штатының ҚК-інде қарастырылған. Мұндай қорғауды француз және ағылшын құқығы ғана мойындамайды.

Шетел заңдылықтарында қазақстандық заңдылықтарды әрі қарай жетілдіруге ықпал ететін біраз жақсы жақтары бар екенін де атай кеткен жөн. Оған, мысалы, ГФР ҚК-і нормаларындағы егер қорғанушы адам үрейлену, қорқу немесе сасқалақтау кесірінен қажетті қорғаныс шегінен асып кетсе, ол жазаға тартылмайтыны, сондай-ақ Нью-Йорк штатының ҚК-і нормасындағы бастапқы шабуылдаушыға қақтығыстан шығып қана қоймай, оған шығу туралы өзге адамға түсіндіру керектігі туралы міндет қойылғанын жатқызуға болады.

## 2 БӨЛІМ.

### ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ЗАҢНАМАСЫ БОЙЫНША ҚАЖЕТТІ ҚОРҒАНУ ИНСТИТУТЫНЫҢ ҚЫЛМЫСТЫҚ-ҚҰҚЫҚТЫҚ СИПАТТАМАСЫ

---

#### ***2.1 Қорғануға қатысты қажетті қорғанудың заңдылық жағдайлары***

Қорғануға қатысты заңдылықтың алғашқы талабына қорғау объектісінің шеңбері жатады, яғни қол сұғушыға залал келтіру арқылы қорғауға мүмкіндік берілетін заң жүзінде қорғалатын игілік болуы керек.

Кейбір авторлар бұл белгінің осындай дербес сипаттылығын теріске шығарады.

Мысалы, Г.Ф. Поленовтың ойынша, қорғау объектісін қоғамдық қауіпті қол сұғушылықтан бөліп қарауға болмайды. Егер соңғысы қоғамдық қауіпті болса, ол қандай да бір қоғамдық қатынастарға қол сұғады, сондықтан объектілер қорғаушылық әрекеттің емес, қол сұғушылықтың сипаттамасы болып табылады<sup>45</sup>.

Біз бұл көзқараспен толықтай келіспейміз. Шындығында, қажетті қорғану негізіне қоғамдық қауіпті қол сұғушылық жатады, оның болуы қажетті қорғану әрекетін тудырады және осы әрекеттер нәтижесінде қол сұғушыға келтірген залалды ақтайды. Бірақ, заңдылықтың бұл жағдайы шартты дербес мәнге ие. Егер қол сұғушылыққа қатысты қорғану заңдылығының бұл талабы қоғамдық қауіпті екенін көрсете отырып, қол сұғушылықты ғана сипаттаса, онда бұл жағдай қол сұғушылықтың өзін емес, оның бағыттылығын, объектілерін білдіреді, оларды қажетті қорғану ережелері бойынша қорғауға болады, яғни ол қорғауға жатады.

Мысалы, қолданыстағы заң редакциясында қажетті қорғану ережелері бойынша қорғауға болатын объектілер шеңбері зорлықпен, өмір үшін қауіптілігімен, немесе осындай зорлықты қолдануды қолдану арқылы қорқытумен (бұл жеке адам және қорғанушылардың немесе өзге де адамдардың құқықтары, заңмен қорғалатын қоғам мүдделері, мемлекеттің мүдделері) болатын қол сұғушылықпен ғана анықталады. Зорлықпен, адам өміріне қауіптілігімен байланысты емес қол сұғушылыққа келетін болсақ, объектілер шеңбері туралы баптарда тұжырым жоқ және осы туралы тек субъектілік болжам жасауға ғана болады.

---

<sup>45</sup> Поленов Г.Ф. Уголовное право Республики Казахстан Общая часть. — Алматы, 1997. — С. 52.

Заңда қажетті қорғану ережелері бойынша қорғауға болатын объектілер шеңберінің нақты тұжырымы болмауына байланысты қылмыстық құқық ғылымының бір міндеті осы мәселе бойынша ұсыныс дайындау болып табылады.

Біріншіден, қажетті қорғану ережесі бойынша тек құқық қорғау мүдделері ғана қорғала алады. Заңсыз мүдделерді қорғауға болмайды. Сондықтан, мысалы, заттың иесінің денсаулығына ол оны өзіне қайта тартып алған кезде, зиян келтірген ұры қажетті қорғану жағдайында болғанын айта алмайды.

Екіншіден, қандай құқық қорғаушылық мүдделер қажетті қорғану ережесі бойынша қорғалуға жататынын анықтап алу керек.

Қылмыстық құқық теориясы мен практикасында кейде, біздің ойымызша, негізсіз қажетті қорғану объектілері шеңберін шектеуге әрекеттер жасау орын алады.

Мысалы, Е.О. Алауханов және Ю.М. Каракетовтердің ойынша, қажетті қорғану жағдайы туралы айтатын болса, қылмыстық заң тарапынан қорғалатын объектілерге бір ғана қол сұғушылық жеткіліксіз. Сондай-ақ мұндай қол сұғушылық маңызды болуы керек, яғни аталған объектілерге үлкен залал келтіруді мақсат етуі керек»<sup>46</sup>.

Мұндай жағдайда тағы бір бағалау түсінігі енгізіледі — «маңызды» залал, ол өз кезегінде құқықты қолданушы мүмкіндігін кеңейтеді.

Ал шындығына келсек, жеке меншікке қол сұғушылық кезінде «маңызды» залал деп нені айтуға болады?

Мысалы, маңызды залал деп ұрлықты жатқызуға бола ма, немесе ондай болып тек тонау мен қарақшылықты жатқызу керек пе?

Дәл осылайша жеке басқа қол сұғушылықты алатын болсақ, тіл тигізу, денсаулыққа қасақана жеңіл зиян келтіру немесе, тек кісі өлтіру мен денсаулыққа ауыр зиян келтіру мойындалады ма?

Бұл сұрақты көбіне сот шешетіндіктен, ол әртүрлі және бір-біріне қарама қайшы практиканың туындауына әкеп соғады, және оның қажетті қорғану институтының тиімділігінің арттыруына ықпал етуі екіталай болмақ.

Мұндай көзқарасқа қылмыстық құқық маңызды залал келтіруі мүмкін аса жиі қауіпті қол сұғушылық жасалатын қандай да бір объектілерді өз қорғауына алады деумен қарсы келуге де болады.

Сондықтан, қандай да бір әрекетке тыйым салу фактісінің өзі заң жүзінде қорғалатын объектіге маңызды залал келтіру қаупі төніп тұрғанын

---

<sup>46</sup> Алауханов Е.О., Каракетов Ю.М. Как сберечься от преступника. — Алматы: Жеті Жарғы, 1996. — С. 41.

білдіреді.

Біздің ойымызша, осы жағдайдың заңдылық жағдайын шектеулі ғана түсіндіру жүзеге асырылып отыр және К.Х. Халиковтың айтуынша, «қажетті қорғану кез келген игілік пен мүдделерге қарсы жасалған болса, бірақ олар бір мезгілде оған ұшырауы немесе адам өмірі мен денсаулығына қауіпті зиян келтіруге ұшырау мүмкіндігі болған жағдайда ғана жүзеге асырылады»<sup>47</sup>.

Осыған байланысты, сот коллегиясының пікірі бойынша, қажетті қорғану объектісіне тек адамның өмірі мен денсаулығы жатуы мүмкін.

Біздің ойымызша, қорғау объектісі шеңберін осылайша шектеудің құқықтық негізі жоқ.

Көптеген шетел заңдылықтарында тұрғын үйге қол сұғуды бұзу, мүлікті бүлдіру, жеке меншікке қол сұғушылықтан қорғануды заңды деп мойындайтынын атай кеткен дұрыс.

Біз қорғау объектісіне ҚР ҚК 2-бабында көрсетілген қылмыстық заңмен қорғалатын барлық объектілер жатады деп ойлаймыз, оларға: адам мен азаматтың құқығы мен бостандығы, жеке меншік, қоғамдық тәртіп пен қоғамдық қауіпсіздік, қоршаған орта, ҚР конституциялық құрылымы мен аймақтық бүтіндігі, сондай-ақ бейбітшілік және адамзаттың қауіпсіздігі.

Қажетті қорғану құқығы, негізінен, Қылмыстық кодекстің Ерекше бөлімі қарастырған кез келген қылмысқа қарсы қолданыла алады, ол әрекетпен де, әрекетсіз де жасалған, соның ішінде абайсызда жасалған қылмыстардан қорғану болуы мүмкін. Әрекеттің қоғамдық қауіптілігінің деңгейі қажетті қорғану шегіне ғана ықпал ете алады, ал оның болуына әсер етпейді.

Қылмыстық құқық теориясында адамның ары мен намысына қарсы жасалған қол сұғудан қажетті қорғанудың болуы туралы мәселе осы уақытқа дейін даулы болып отыр.

Мысалы, А.Г. Пушечников қажетті қорғану құқығын сөзбен тіл тигізуге қарсы қолдануды теріске шығарған, оның ойынша, қорғану тек жеке адамға тіл тигізу оның жеке басына қол сұқпаушылықты бұзғанда ғана қолданыла алады<sup>48</sup>.

Ол мұны сөзбен тіл тигізу кезінде нақты материалдық залалдың жоқтығына байланысты қол сұғушылық қарқынын өлшеу мүмкін емес, немесе осы әрекет арқылы қоғамдық қауіп нәтижесіндегі шынайы қауіпті анықтау мүмкін емес деп дәлелдейді.

---

<sup>47</sup> Халиков К.Х. Необходимая оборона по советскому уголовному праву. — Алматы, 1970.

<sup>48</sup> Пушечников А.Г. Необходимая оборона по советскому уголовному праву. — Алма-Ата, 1979.

Бұл пікір, әрине, қылмыстық залал деген ұғымды жете түсінбеуден туындап отыр. Физикалық және материалдық залалдан басқа жеке басқа моральдық-психологиялық залал деген бар, ол тіл тигізу кезінде орын алады. Осы әрекет нәтижесінде қоғамдық қауіптіліктің шынайы қауіпін анықтау мүмкіндігі жоқтығы да күмән тудырады.

Тіл тигізу, біздің ойымызша, қылмыстық жауапкершілікке тартуға жататын әрекет болып табылады.

Ал қылмыстық заң қоғамдық қауіп жоғарғы деңгейлігімен ерекшеленетін қылықтарға тыйым салады. Қол сұғушылық қарқынын өлшеуге келетін болсақ, қазақстандық ғалымдар И.И. Рогов пен С.М. Рахметов айттып кеткендей, қылмыстық-құқықтық әдебиеттерде моральдық зиянның белгісіздігі туралы пікірлер «жеке адамның адамгершілік – психологиялық саласына қылмыстық ықпал етуді тереңірек ғылыми зерттеуге кедергі келтіреді және қылмыстық-құқықтық әдебиеттерде моральдық шығынның белгісіздігі «...адамның адами-психологиялық жағына қылмыстық әсер ету аясындағы ғылыми зерттеулер жүргізуді тереңдетуге кедергі жасайды және рухани салада теріс өзгерістерді анықтаудың нақты өлшемдерін анықтауда тәжірибені перспективасыз қалдырады» деген пікір қалыптастырады<sup>49</sup>.

Олардың ойынша, моральдық зиянның ауырлық дәрежесін тікелей өлшеу мүмкін емес болса да, «психикалық құбылыстарды жанама түрде өлшеуге болады. Мұндай өлшеуіш немесе бағалау ретінде істің объектілік жағдайы мен мінез-құлық арқылы субъектілік белгілерді танудың психологиялық және дәстүрлі әдісін атауға болады»<sup>49</sup>.

**Сондықтан, біздің ойымызша, адамның ары мен намысына қол сұғушылықтан, соның ішінде сөзбен тіл тигізуден қорғану мәселелерін заң жүзінде реттеу әбден мүмкін әрі құқықтық тұрғыдан қажетті шара деп санаймыз.**

Қазақ ұлты сөз мағынасына, оның шексіз мүмкіндігіне ертеден-ақ назар аударған. Сөз қадірін пір тұтқан қазақ халқы ғасырлар бойы «Тіл тас жарады, тас жармаса бас жарады», «Өнер алды қызыл тіл», «Тіл қылыштан өткір», «Сөз сүйектен өтеді» сияқты тұжырымдарды өте тауып айтып, сөзге қатты мән берген. Басқа бәле және он күнәнің тоғызы тілден келеді деп те бабаларымыз бекер айтпаған. Көбінесе адам баласының басқа жанға тигізер зияны қол немесе тілі арқылы болады. Бетпе-бет келгенде қол арқылы, ал өзі жоқта ғайбаттаған тілі арқылы кесірін тигізеді.

Өйткені қолдан келетін зиянға адам белгілі бір дәрежеде қарсылық білдіруге мүмкіндігі бар. Алайда сыртынан сөз сөйлеп ғайбаттап, жала

---

<sup>49</sup> Уголовное право Республики Казахстан. (Общая часть): Учебник для ВУЗов / Под ред. Рогова И.И., Рахметова С. М. — Алматы: ТОО «Баспа», 1998.

жауып жатқан сәттен хабарсыз адам қарсылық білдіре алмайды. Сондықтан оп-оңай жасалынатын мұндай іс-әрекет жеке адамды, қоғамды, тіпті ел мен ұлттарды бір-біріне айдап салады. Тілден келген бәлені қайтару қол жұмсауға қарағанда әлдеқайда қиын (тілден қорғану үшін жасалатын әрекеттер де, сәйкесінше, тілмен ғана іске асырылуға тиіс. Кері жағдайда «қорғанушының» әрекеттері не қатардағы қылмыс ретінде саралануы мүмкін, не болмаса оның әрекеттері үшін жаза тағайындалғанда орын алған жағдай (жәбірленушінің тіл тигізуі) жеңілдететін мән-жай ретінде сараланатын болады).

Сонымен, қажетті қорғанудың осы белгісін қарау барысында қорғалатын мүдделердің кімге жататыны туралы мәселені көтеру қажет.

Қажетті қорғану құқығы өзін өзі қорғаудан өзге адамдардың құқығы мен бостандығын қорғауға дейінгі, ең соңында қоғам мен мемлекет мүдделерін қорғауға дейінгі үлкен жолдан өтті.

Бірақ, осы уақытқа дейін құқықты қолдану тәжірибесінде қажетті қорғану мәнін дұрыс түсінбегеніне байланысты қателіктер орын алып келеді, соның нәтижесінде ол қол сұғуға ұшыраған адамдардың өзін өзі қорғауымен ғана шектеледі.

Қазіргі уақытта қылмыстық құқық теориясында қажетті қорғану объектілері қатарынан мемлекет мүдделерін алып тастау талпыныстары жасалуда екенін атай кеткен жөн.

Мысалы, Г.Ф. Поленовтың айтуынша, қорғану «негізінен, жеке бастың ісі болғандықтан, мемлекет мүддесін қорғаудың тікелей мақсатын шешпеуі керек және оған мүмкіндігі де жоқ, егер ол мүмкін болса, онда тек жанама түрде – жеке қорғану арқылы ғана жүзеге асырылады»<sup>45</sup>.

Бұған қарсы да уәж айтуға болады, өзін өзі қорғау құқығы барлық тірі жан иелеріне тән, қауіп төнген сәтте өзін өзі сақтап қалу инстинктінен дамыса да, әрі қарай қоғам мен мемлекеттің дамуына байланысты адам құқығының өзге де құқықтары мойындалғандықтан, адамдар өмір сүруге құқығынан басқа өздерін қорғау қажеттілігін де сезіне бастады. Бұл үдерістердің табиғилығын ескермеуге болмайды.

Е.І. Қайыржанов атап өткендей, жеке адамның өзін өзі қорғауға деген ұмтылысы адамға табиғатынан тән қасиет, ал өзге объектілерді қорғауды азамат тәрбие нәтижесінде алады<sup>50</sup>.

Бірақ, бұл өзге объектілердің маңыздылығы мен құндылығының төмендігін білдірмейді. Мемлекеттің мүдделерін қорғау негізінен оның барлық азаматтарының мүдделері болып табылады емес пе.

---

<sup>50</sup> Каиржанов Е.И. Уголовное право Республики Казахстан (Общая часть). — Алматы, 1998.

Сондықтан, біздің ойымызша, қажетті қорғану объектілері қатарынан мемлекеттік мүддені алып тастауға болмайды.

Оның үстіне, қазіргі кезде өзге елдер де мемлекеттік мүдделерді қорғау қажеттігі туралы түсінікке келіп отыр, ол туралы жоғарыда айтылған болатын.

Осы белгіні қарауды қорыта келе, әрекеттегі заңдағы оны реттеу бөлімі әлі де жетілдіруді қажет етеді. Заңда зорлық көрсетумен жасалған, адам өміріне қауіпті қол сұғу үшін де, зорлық көрсетусіз жасалған қол сұғушылық үшін де қажетті қорғану объектілерінің шеңбері нақты тұжырымдалып, қажетті қорғануға жалпы түсінік берілуі керек.

Осы негізде ҚР ҚК 32-бабының 1-бөлігінің мынадай жаңа редакциясы ұсынылады: «Қажетті қорғану жағдайында қол сұғушы адамға зиян келтіру, яғни қорғанушының немесе басқа адамдардың жеке басын, қоғам мен мемлекеттің заң қорғауындағы мүдделерін қоғамға қауіпті қол сұғушылықтан қорғау мақсатында, егер қорғанушы мен басқа адамдардың өміріне қауіпті қол сұғушылық күш қолдану арқылы немесе күш қолданамын деп қорқыту барысында жасалса, сондай-ақ егер адам күтпеген қолсұғушылықтың салдарынан шабуылдың сипаты мен қауіптілік дәрежесін анық бағалай алмаса, онда ол қылмыс болып табылмайды».

Қорғануға қатысты заңдылықтың келесі талабына қол сұғушыға ғана залал келтіру жатады. Қажетті қорғану кезіндегі залал қол сұғушылық жасамаған үшінші тұлғамен жасалмауы керек.

Бұл талап қажетті қорғану жағдайында жасалған әрекетті қылмыстық әрекеттен өзге жағдайлардан, соның ішінде залал үшінші адамнан келгендегі аса қажеттілік жағдайынан ажыратуға көмектеседі. Сондай-ақ ол қажетті қорғануды залал қол сұғушылық жасаған адамнан өзге адамға қатысты жасалатын, қол сұғушылықтан кеткен қателіктен ажыратады.

Топтық қол сұғушылық жағдайларын бөлек сөз еткен дұрыс.

Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының 2007 жылғы 11 мамырдағы «Қажетті қорғану жөніндегі заңдарды қолдану туралы» № 2 Нормативтік қаулысына сәйкес, қоғамға қауіпті қол сұғушылықтың дәрежесі оның сипатына, сондай-ақ шабуыл жасаушылардың қарқынына, олардың санына, жас ерекшеліктеріне, қаруларының бар-жоғына және басқа да нақты мән-жайларға қарай анықталады<sup>51</sup>.

Бұл нұсқама, біздің ойымызша, топқа қатысушыларға егер ол барлық топтың қауіптілігімен байланысты болса, олардың пассивтік, енжарлық

---

<sup>51</sup> Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының 2007 жылғы 11 мамырдағы «Қажетті қорғану жөніндегі заңдарды қолдану туралы» № 2 Нормативтік қаулысы // <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/P200000006S>

мінез-құлықтарына қарамастан, ауыр залал келтіру заңды деп есептеуге мүмкіндік береді.

Қажетті қорғану кезіндегі қорғану қол сұғушы жеке басының әралуан залалы немесе оның мүдделерімен көрінуі мүмкін. Залал маңызды және қол сұғушыны өлтіруден де тұруы мүмкін, сондай-ақ денсаулыққа ауыр, орташа ауырлықтағы немесе жеңіл зиян келтіру, немесе өзге де зорлықпен жасалған әрекеттерді жасау, бас бостандығынан айыру, бостандығын шектеу, қол сұғушының мүлкін бұзу немесе жоюдан тұруы мүмкін.

Қорғануға қатысты заңдылықтың соңғы талабына қажетті қорғау шегінен шықпау жатады.

Бұл талапты қол сұғушылық пен қорғану арасындағы шамаластық деп те атайды<sup>52</sup>.

Осы талапты бекіту ең күрделі болып табылады және тергеу және сот практикасында қателесу пайызының ең жоғарғысын иеленеді.

Мысалы, біздің жүргізген сауалнама нәтижелері көрсеткендей, пікірлерін ортаға салған полиция қызметкерлерінің 48,5 %-ы — қажетті қорғану заңдылығын анықтаудағы аса қиындық туғызатыны қажетті қорғанудың мүмкіндік шегін белгілеу, — деп көрсетсе, ал олардың 33,8 %-ы үшін қажетті қорғанудың болғанын анықтау - қиындық туғызады екен.

Ең алдымен, бұл талаптың ерекше сипатын атап өткен дұрыс. Егер осыған дейін аталып өткен заңдылық талаптары сақталмаған болса, ол қажетті қорғану деп есептелмейді, қажетті қорғану шегінен шығу, қылмыстық жауапкершілікті қарастырса да, қажетті қорғану жағдайын болдырмай тастамайды.

Сондықтан өзге де барлық талаптарды сақтау қажетті қорғану жағдайының пайда болуын, қол сұғушылық пен қорғану шамалығын белгілеуге мүмкіндік береді, осы құқық көлемін анықтайды.

Осы айтылғандар негізінде, қажетті қорғанудың заңдылығының шартын бұзуды қылмыстық жауаптылық пен жазаны жеңілдететін мән-жайлар қатарынан (ҚР ҚК 53-бабы, 1-бөлімі, «з»-т.) заңшығарушының жеңілдетілген құрамдарды құрастыруы барысында оны қылмыс белгісі ретінде ескеруіне байланысты жаза тағайындауда қайта ескерілмеуі үшін алып тастау керек, — деп санайтын бірқатар авторлардың көзқарастары<sup>48</sup> дұрыс негізделмеген деген қорытынды жасауға болады.

Біз бұл орайда Н.О. Дулатбековтың пікірін қолдаймыз, және құқықтылық талаптарын бұзу қажетті қорғану шегінен шығуды қоспағанда,

---

<sup>52</sup> Қазақстан Республикасының қылмыстық құқығы: Жалпы бөлім. Дәрістер баяны / Профессорлар И.Ш. Борчашвили және Р.Б. Құлжақаевалардың жалпы редакциясымен. — Алматы, Норма, 2006. — 62-б.

барлық өзге де заңдылық талаптарына жатады деп санаймыз.

Осыған байланысты, егер заңдылықтың қандай да бір талабы (қол сұғушылық пен қорғану шамалылығын қоспағанда) бұзылған болса, адам жалпы негізде қылмыстық жауапкершілікке тартылады, бірақ әрекетті жасау жағдайы қажетті қорғану шегінен шығу нәтижесінде ҚР ҚК 53-бабы 1-т. «з»-т. сәйкес сарапталып, жеңілдетілген жаза белгіленеді.

Қажетті қорғану шегінен шығу заңдылық талабы болмаса да, қажетті қорғану құқығының көлемі болып табылады және оның шегінен шыққанда (ол қажетті қорғану жағдайы болғанын білдіреді) жауапкершілік айырықша құрамда қаралады.

ҚР ҚК 32-бабы 3-т. қажетті қорғану шегінен шығу анықтамасы берілген. Нәтижесінде қол сұғушыға анық шектен тыс, жағдай мәжбүр етпейтін зиян келтірілетін, қол сұғушылықтың сипаты мен қоғамдық қауіптілігі дәрежесіне қорғанудың көрінеуі сай келмеуі қажетті қорғану шегінен шығу деп танылады.

Осыған орай, қажетті қорғану шегінен шығу, немесе басқаша айтқанда қорғану экссесі баға беру түсінігі болып табылады. Сондықтан тәжірибеде ол әртүрлі айтылып жүр, ол тергеу және соттық қателердің болуына ықпал етеді.

Мысалы, біз сауалнама алған полиция қызметкерлерінің тек 63,2 %-ы қол сұғушыға ол келтірген немесе келтіруі мүмкін ауыр залал келтіру заңды деп есептейді.

Респонденттердің 5,9 %-ның ойынша, егер қол сұғушыға аса ауыр зиян келсе, қорғанушы әрекеті жеке адамға қарсы жасалған қарапайым қылмыс деп саралануы керек, ал олардың 30,9 %-ы мұндай жағдайларда оның әрекетінен қажетті қорғану шегінен шығуды қарастырған.

Қылмыстық құқық теориясында қол сұғушылық пен қорғанудың шамаластығына қатысты біртұтас пікір жоқ.

Мысалы, Н.Н. Турецкийдің ойынша, «қажетті қорғану жағдайында әрекет еткен адамның қол сұғушыға тигізген залалы қажетті қорғану актісімен жолы кесілгенде келтірген зиянмен салыстырғанда аса маңызды болуы мүмкін»<sup>53</sup>.

Т.Т. Шықтыбаевтың пікірінше, «қажетті қорғануға қойылатын негізгі талапқа қажетті қорғану ережесі бойынша жолы кесілгенде тигізілген зиян

---

<sup>53</sup> Турецкий Н.Н. Необходимая оборона по УК РК. (Проблемы пределов правомерной защиты): Автореф. дис. ... к.ю.н. — Алматы, 1998.

аз немесе оған тең болуы жатады»<sup>54</sup>.

Қорғану эксцессі түсінігінің баға беру сипатына байланысты және қажетті қорғану мен қорғану эксцессі арасында нақты критерийлердің болмауынан ғылымда осы проблеманы шешудің әртүрлі нұсқалары дайындалды.

Қажетті қорғану жағдайында келтірілген кез келген залалды заңды деп тапқандықтан, қажетті қорғану шегінен шығу түсінігінен мүлдем бас тарту туралы да ұсыныстар болды.

Әдебиеттерде қажетті қорғанудың шегінен шығу әрекетін анықтау институтында казультік жолды таңдаған шетел қылмыстық заңнамаларындағы тәжірибелерге де назар аудару жөнінде айтылған ойлар бар<sup>55</sup>.

Заң шығарушы тарапынан бұл сұрақты реттеуге бірнеше рет талпыныс жасалды.

Мысалы, 1959 жылғы ҚазКСР Қылмыстық кодексінің 13-бабында қажетті қорғану шегінен шығуды «қорғаудың қол сұғушылық сипаты мен қауіптілігіне ап-айқын сәйкес келмеуі», соның ішінде қорғану эксцессі қол сұғушылықтың кез келген қауіптілік дәрежесінен қорғану кезінде ғана мойындалады деп көрсеткен.

01.07.94 жылғы заңмен осы Қылмыстық кодекстің 13-бабына өзгерістер енгізіліп, онда «жеке адамды, қорғанушының, өзге адамды, қоғам мен мемлекет құқығы мен заңды мүдделерін қол сұғушының кез келген зиян келтіруі егер шабуыл қорғанушыға қатысты өміріне қауіп төндіретін күш қолданумен ұласса немесе тікелей сондай күш қолданамын деп қорқытумен жасалса» дегендер заңды деп танылды; Қажетті қорғанудың шегінен шығуын жоғарылату жаңа редакция бойынша тек адамның өміріне қауіпті күш қолданумен ұласқан немесе осындай күш қолданамын деп қорқытқандығын тануға болады.

01.07.94 жылғы заңның редакциясының ұтымды жақтары ретінде қажетті қорғанудың шегінен шығуын қауіпті қол сұғушылықтың анық сәйкес емес қасақана әрекетті тануға болады.

Осыған байланысты, ең алғашқы рет заңда қылмыстық құқық теориясында дау-дамай туғызып отырған қажетті қорғану шегінен шығу кезіндегі қылмысқа кінәлау түрі туралы мәселе шешілді.

---

<sup>54</sup> Шиктыбаев Т.Т. Причинение вреда при задержании лица, совершившего преступление как обстоятельство, включающее общественную опасность и противоправность деяния: Автореф. дис. ... к.ю.н. — Алматы, 1997.

<sup>55</sup> Биебаев А.Ә., Сыздық Б.К. Әрекеттің қылмыстылығын жоятын мән-жайлардың кейбір түрлері: Заң оқу орындары мен факультеттеріне арналған оқу құралы. Қарағанды: Болашақ-Баспа, 2003. — 35-б.

Қажетті қорғану туралы норманы осылайша өзгерту әдебиеттерде бір-шама сынға ұшыраған болатын.

Профессор И.Ш. Борчашвили көрсеткендей, «ол жәбірленушінің өміріне тікелей қауіп төндірумен ұласпаған қол сұғушыға қатысты оның өмірінен айыруға әкеп соғуы (мысалы, денсаулыққа ауыр зиян келтіремін деп қорқыту, зорлау, әйелдің жыныстық бостандығына қол сұғылмаушылығын бұзу, адам ұрлау, жеке меншіктің қорғалатын нысанына қол сұғу, қорқытып алушылық және басқалары).

Сонымен қатар тәжірибеде шабуыл жасаудан қорғанудың талаптарына толық қамтымайтын нақты өмірде тіптен мүмкін емес және қажетті қорғанудың бір біріне сәйкеспейтін екі нормасын басшылыққа алады.

Бұдан шығатын қорытынды, азаматтардың қылмыстық қол сұғушылықтардан қорғануға деген құқықтары кеңейудің орнына тарылуға әкеп соқты».

1997 жылы қабылданған ҚР ҚК қажетті қорғану туралы норманың бұрынғы тұжырымдамасын қайтарды. Қажетті қорғану шегінен шығу кез келген қол сұғудан қорғану кезінде рұқсат етілді. Қорғану эксцессіне қоғамдық қауіпті қол сұғушылықтың сипаты мен дәрежесіне сәйкес келмейтін қасақана жасалған әрекет жатады.

Дегенмен, 2002 жылы 21 желтоқсанда, Кодексті қабылдаған сәттен аса ұзақ уақыт өтпеген мерзімде қажетті қорғану құқығын реттейтін ҚК 32-бабына өзгертулер енгізілді.

Заң тағы да егер адам өміріне қол сұғушылық не қаруды қолданумен немесе қолдануға әрекет етумен ұштасса, қол сұғушыға кез келген зиян келтіруге (адамды өлтіруге дейін) рұқсат етті. Жаңа заң тұжырымдамасына сәйкес қажетті қорғану шегінен шығуға, егер қол сұғушылық қаруды қолдану немесе қаруды қолдануға әрекет жасаумен бірге болмаған, адам өміріне қауіпті емес қол сұғушылықтар кезінде ғана болады. Адам өміріне қол сұғумен немесе өзге де қаруды қолданумен болған қол сұғушылықтан қорғану кезінде қажетті қорғану шегінен шығуға болмайды.

Біздің ойымызша, бұл идеяны дұрыс деп есептеуге болады. Бұл норманың кемшілігі заңдылық техникасына ғана жатады.

И.Ш. Борчашвили сыны толықтай әділ, бірақ оны 21.12.02 жылғы өзгерістерге де, 16.07.97 жылғы ҚР ҚК 32-бабындағы өзгерістерге де, тіпті ҚР ҚК осы бабының тұжырымдамасына да қатысы жоқ деуге болады. Бұл сын заңда кез келген залал тигізуден мүмкін болатын қорғау кезіндегі қылмыстар тізімін берілгендегі, казуальды түрдегі қажетті қорғану туралы ұсынылған баптарға қатысты.

Мысалы, қазақстандық ғалымдар И.И. Рогов пен С.М. Рахметов қол сұғушылық кезінде өмірге қауіп төндіргенде, ауыр дене жарақатын келтір-

генде, жыныстық қол сұғушылықта, күш қолдану немесе күш қолданамын деп қорқытумен ұласса, түнгі уақытта бұзып кіру жолымен тұрғын үйге енудің алдын алуда немесе күш қолдану арқылы тонау немесе қарақшылық кезінде қол сұғушының өмірін қию сөзсіз заңды деп санауды ұсынады»<sup>56</sup>.

Заңда жабық түрдегі осындай жағдайлардың тізімі берілгенде шынымен сұрақтар туындай бастайды: мысалы, адам ұрлағанда, адамды кепілге алғанда, күш қолдану арқылы қорқытып алушылық кезінде, күндізгі уақытта бұзып кіру жолымен тұрғын үйге енудің алдын алуда немесе тізімге кірмеген басқа да қылмыстарды жасағанда қол сұғушының өмірін қию заңды болып танылар ма екен?

Өмір қызықты оқиғаларға бай, сондықтан заңда қажетті қорғану кезінде қол сұғушыға кез келген залал келтіру заңды болатын әралуан жағдайларды қамту аса қиын.

Сол себепті, біз қажетті қорғанудың казуальды түріне берілген анықтамаға қарсы көзқарасты ұстанатын заңгер Г.К. Рақымжанованың пікірімен келісеміз, онда «қажетті қорғану заңдылығын бағалау нақты жағдайдағы қажетті қорғанудың нақты актісінің барлық жағдайын есепке ала отырып жүргізілуі керек»<sup>43</sup>.

Сондай-ақ, заңның нормасын жағдайлардың кеңейтілген тізіміне айналдыру оны азаматтарға қол жетерлік ете алмайды, ал ол ең бірінші қажетті қорғану құқығын жүзеге асыра алатын, пайдалана алатын азаматтардың өздеріне қолайлы болуы керек деп санаймыз. Қоғамдық қауіпті қол сұғушылықпен болған қажетті қорғану жағдайында, көбіне кенеттен болып, қорғанушы тарапынан жедел әрекет етуді қажет еткенде, заңда келтірілген рұқсат етілген ұзын тізімді есіне алып, соның негізінде қол сұғушыға қандай залал келтіруге болатыны туралы ойлап тұруға да шамасы келмесі анық.

Қолданыстағы қылмыстық заңды қайтадан тұжырымдауға келетін болсақ, бұл жерде сөз жабық тізім туралы болып отырған жоқ. Заңда қорғанушы немесе өзге де адамдардың өмірі үшін қауіп туған кезде қол сұғушыға кез келген дәрежедегі залал келтіру құқығы азаматтарға дұрыс бағыт беріп, қажетті қорғануға деген құқығын қолдануға мол мүмкіндік береді.

Күш қолданумен ұласпаған қол сұғушылықтан қорғану кезіндегі болатын эксцессті тану жайында өмірге қауіпті немесе осындай күш қолдану жөніндегі қорқытуды заңға сәйкес қажетті қорғанудың шегінен шығуы деп тек қорғанудың сипаты мен қол сұғу қауіптілігінің сөзсіз айқын, нақты сәйкес келмеуі танылады.

---

<sup>56</sup> Уголовное право Республики Казахстан. (Общая часть): Учебн. для вузов / Под ред. Рогова И.И., Рахметова С.М. — Алматы: ТОО «Баспа», 1998.

Сондықтан Н.Н. Турецкиймен келісуге болады, ол әрекеттегі заңға сәйкес келтірілген залал заңдылығы қауіпті болдырмай тастаған адамның өз түсінігіне негізделіп бағалануы керек<sup>57</sup>.

Ендеше, қол сұғушыға келтірілген залал оның әрекетіндегі зияннан гөрі үлкен болуы мүмкін, яғни қорғану шабуылдан асып кетуі мүмкін.

Бұл жерде ҚР ҚК 32-бабының бұрынғы тұжырымдамасы егер қол сұғушылық адам өміріне қауіпті зорлық жасаумен, немесе оны жасауды қолдану арқылы жасалса, қорғанушының қол сұғушыға кез келген залал келтіруге құқығы күмән келтірмейді, себебі онда қажетті қорғану шегінен шығу қорғану сипаты мен қол сұғушылықтың қоғамдық қауіпті дәрежесінің сәйкес келмеуі деп көрсетілген. Ал заң жүзінде қорғалатын барлық игіліктердің ең құндысы адам өмірін қауіпті зорлықтан, қол сұғушылықтан қорғау кезінде қорғаушы объектілік тұрғыда қажетті қорғану шегінен шыға алмайды.

Қажетті қорғану туралы норманы қолданудағы кемшіліктер, біздің ойымызша, нормада емес, оны тәжірибеде заңды түрде қолдануында жатса керек.

Заңды және қылмыстық қажетті қолданудың өз айырмашылықтары бар. Біздің ойымызша, егер қажетті қорғануды азаматтардың негізгі субъектілік құқығы деп қарастырсақ, онда қорғану эксцесі құқықты асыра пайдалану болып табылады. Сондықтан, құқықты қажетті қорғану мен қорғану эксцесін әрекет бағыттылығына қарай ажыратуға болады. Сонда құқықты қорғанудың мақсаты қол сұғушылыққа ұшыраған игіліктерді қорғау болса, қорғау эксцесі кезінде оған қол сұғушыдан өш алу, өзіндік жазалауды білдіреді, ол оған шектен тыс зиян келтіруден көрінеді.

Адамның құқығы мен бостандығы ҚР Конституциясы негізінде қатаң белгіленген жағдайлармен шектелген және тек ол конституциялық құрылым негіздерін, адамгершілік, денсаулық негіздерін, өзге адамдардың құқығы мен бостандығын қорғау, елді қорғау мен мемлекет қауіпсіздігін қамтамасыз ету мақсатында ғана болуы мүмкін.

Қоғамдық қауіпті қол сұғушылық жеке адамның ғана емес, мемлекет пен жалпы қоғамның мүддесіне қарама қайшы болғандықтан, қажетті қорғану қоғамдық пайдалы сипатымен ерекшеленеді.

Осыған орай, қажетті қорғанудың құқықтығы, яғни, заңдылығы мен қоғамдық пайдалылығы қол сұғушылыққа ұшыраған нақты заң жүзінде қорғалатын игіліктерді қорғауға ғана бағытталып қоймай, жалпы құқықтық тәртіпті де қорғаумен түсіндіріледі.

Сондықтан қажетті қорғану азаматтардың құқығы мен бостандығын өз

---

<sup>57</sup> Турецкий Н.Н. Необходимая оборона, правовые аспекты. — Алматы, 2000.

бетімен қорғауға және құқықтық тәртіпті қалпына келтіруге деген табиғи құқығы ретінде ешқандай да негізсіз шектеулерге ұшырамауы керек. Бұл жағдайда қажетті қорғану — объектілік категория, және мемлекеттің шешіміне байланысты болмайды.

Дегенмен, тәжірибеде де, қылмыстық құқық теориясында да қажетті қорғану құқығы түсінігін шектеу жиі кездесіп жатады. Мұндай жағдайда тергеу органдары мен сот қорғанушы қол сұғушыға аса ауыр емес зиян келтіре отырып, өзге тәсілдер қолдануы керек еді, — деген сілтемелерді жиі жасайды. Және орын алған оқиғаны тығырықтан шығарудың заңды жолдары көрсетілмейді.

Осындай тәжірибенің болуы заң шығарушыларды қажетті қорғану шегінен шығу түсінігінен қол сұғушы үшін өміріне қол сұғушылықпен ұласқан немесе қаруды қолдану не қолдануға әрекет жасаған басқа да қол сұғушылықпен қосылуын алып тастауға әкелді.

Біз жүргізген сауалнама нәтижелері көрсеткендей, тәжірибедегі қызметкерлер заң шығарушылардың 21.12.02 жылғы ҚР ҚК 32-бабына енгізілген өзгерістеріне жалпы оң баға бергенін көрсетті.

Мысалы, біз сауалнама өткізген полиция қызметкерлерінің 77,9 %-ы бұл өзгерістер оң мәнге ие болды деп есептейді, себебі олар қорғанушының құқығын кеңейтеді, қорғану үшін үлкен мүмкіндіктер береді. Олар заң әлеуетті жәбірленуші жағына шығып, оған барлық қолда бар тәсілдермен қорғануға мүмкіндік беруі маңызды деп есептейді.

Қол сұғудың төтенше жағдайында қорғанушыда көбіне қорғану тәсілдерін таңдауға мүмкіндік бола бермейтінін атай кеткен дұрыс.

Профессор Е.О. Алауханов қылмыстық әрекеттері жоқ жағдайлар кезінде жол берілетін зиян шегін анықтау кезінде басшылыққа алу керек екі қағиданы атайды: қажеттілік және шамалылық.

Қылықтың қоғамға пайдалы мақсатына жету үшін болған жағдайға субъектінің қажетті әрекетіндегі келтірілген зиян қажеттілік қағидасына сәйкес заңды деп танылады.

Шамалылық қағидасы келтірілген залал зиян келтірген қылықпен байланысты белгілі бір факторларға сәйкес келуі керек дегенді білдіреді. Қажетті қорғану кезінде қол сұғушылықтан қорғану дәрежесі, деңгейі мен көлемі шамалас болуы керек<sup>46</sup>.

Бірақ, біздің пікірімізше, қажеттілік қағидасын Е.О. Алауханов ұсынған тұжырымдамада қабылдаудың қажеті жоқ: «қажеттілік қағидасының мәні қол сұғушылықтың алдын алуға жеткілікті ғана зиян келтіру нәтижесінде

қолданылған шараларды ғана ақтаудан тұрады»<sup>58</sup>.

Қажеттілікті егер ол орын алған жағдайда қол сұғушылықтың жолын кесу үшін қажетті болғанда кез келген зиян келтіруге болады деп түсіну керек.

Осылайша заңның әрекеттегі тұжырымына сәйкес зорлықпен, адам өміріне келтіретін қауіпмен, немесе оны қолданумен қорқыту арқылы жасалған қол сұғушылықтан қорғану кезінде қажеттілік қағидасын басшылыққа алу керек, ал басқа барлық қол сұғушылықтардан қорғану кезінде шамаластық қағидасына сүйену керек.

Қажетті қорғану шегінен шығу түсінігінің бағалық сипатына орай тәжірибеде құқықтық қорғану немесе оның эксцесі екенін қалай ажыратуға болады деген сұрақ туындайды.

Тәжірибеде осы сұраққа жауап беретін біржақты пікір қалыптаспаған.

Мысалы, біз сауалнама өткізген полиция қызметкерлерінің 10,3 %-ы қорғану шегінен шығуды қорғану құралы мен қол сұғушылық құралының сәйкессіздігі деп түсінеді, 8,8 %-ы — қорғау қарқыны мен қол сұғушылық қарқынының сәйкессіздігі десе, олардың 14,7 %-ы субъектілік жағдайды жоққа шығарады, олар қорғану эксцесін қорғанудың қол сұғушылықтың сипаты мен қауіптілігіне сәйкес келмеуі деп санайды, тек 64,7 %-ы бұл жағдайды толықтай сәйкессіздік деп көрсетеді.

Қылмыстық құқық ғылымы осы проблеманы шешу жолдарына нұсқамалар дайындауға үнемі талпыныс жасап келеді.

Мысалы, профессор И.Ш. Борчашвили қорғанудың шегінен шығуды қорғану құралы мен шабуыл жасау құралының шамалылығының сәйкессіздігі деп түсіндіреді.

Өзге ғалымдар мұндай тұжырымға қарсы келеді. Шындығында да, егер қол сұғушылықтан қорғану сәйкессіздігіне тек қорғану құралы мен шабуыл жасау құралының механикалық тұрғыдағы сәйкестігі деп түсінсек, онда қорғанушы мүмкіндіктері өте шектелген болады. Бұл жерде қол сұғушы мен қорғанушы күштерінің айырмашылығы, олардың жастары, денсаулық жағдайы, физикалық мүмкіндіктері, заңға қайшы қол сұғу жағдайында орын алатын шабуылдың кенеттен болуы және қорғанушының сол сәттегі жан дүниесі, сондай-ақ қол сұғушылар мен қорғанушылар санының арасындағы айырмашылық есепке алынбаған.

Профессор Б. Жүнісовтың ойынша, қажетті қорғанудың шегінен шығуының негізгі критерийіне қорғану қарқынының қол сұғушылық қарқы-

---

<sup>58</sup> Е.О. Алаұханов. Қылмыстық құқық. Жалпы бөлім: Оқулық. — Қазақстан Республикасы Құқықтық сараптама және халықаралық ғылыми зерттеулер орталығы, 2009.

нына (қарқынды ол қол сұғушылық қауіптілігінің дәрежесі, сондай-ақ шабуылдың күші мен екпінділігі деп түсінеді) сәйкес келмеуін жатқызады<sup>59</sup>.

Біз мұндай ұстаныммен келіспейміз.

Егер «қарқындылық» деген сөздің мағынасын алар болсақ, ол қылмыскер өз мақсатына жету үшін қажетті күшті, екпінділікті, жігерлілікті, өз жоспарларын жүзеге асыруда көрінетін табандылықты білдіреді. Ал осы «қарқындылық» түсінігімен қол сұғушылық қауіптінің дәрежесін қамту мүмкін емес екендігі өзінен өзі түсінікті. Осылайша түсіндірілетін қарқындылық қорғану шегінен шығудың критерийі, белгісі бола алмайды. Егер олай болса, онда аса бағалы емес құндылықтар үшін жігерлі және табандылық көрсете отырып қол сұққан адамның (мысалы, қорғалушыға, егер оған тигізілген аса ауыр емес зиян оны тоқтатпай, тіл тигізуін тоқтатпаған адамның) денсаулығына аса ауыр зиян келтіру немесе оны өлтіруге заңды түрде болады дегенді білдіреді.

Осыған орай, біз қарқындылық «адамның шынайы ниетін білдірудің бір тәсілі ғана» деген пікірді ұстанатын авторлармен толықтай келісеміз, «ендеше ол қажетті қорғану шегінен шығудың дербес критерийі бола алмайды»<sup>60</sup>.

Заң (ҚР ҚК 32-бабы) критерий ретінде заңды және заңсыз (құқылы және құқылы емес) қажетті қорғану сипаты және қол сұғушылық қауіптінің дәрежесі арасындағы шектеуді атайды. Осы тұжырым әділ және дұрыс деп ойлаймыз. Қауіптілік сипаты мен дәрежесі дегеннің не екенін анықтап алу керек. Заң бұл белгілерге анықтама бермейді.

Қылмыстық құқық ғылымында қол сұғушылық сипатына оның мазмұнды, сапалы жағы жатса, ал қауіптілік дәрежесіне — қылмыс құрамы элементтерінің сандық жағы жатады.

Сондықтан қол сұғушылық сипаты ең бастысы оның объектісімен анықталса, қауіптілік дәрежесі — осы объектіге келтірілген немесе келтірілуі мүмкін зиянның ауырлық дәрежесі болып табылады.

Осыған байланысты, қорғану заңдылығын анықтау кезінде ең алдымен қорғалатын игіліктің құндылығы және осы игілікке қауіп төндіретін келтірілген зиянның, залалдың дәрежесі ескерілуі керек.

Қорғаудың қол сұғушылықтың сипатымен және қауіптілік дәрежесімен ара қатынасы қажетті қорғану шегінен шығудың болғанын анықтаудың критерийі болуы керек. Ал өзге факторлар (соның ішінде қорғану құралы

---

<sup>59</sup> Жунусов Б.Ж. Уголовное право Республики Казахстан (Общая часть): Учебное издание. — Караганда: КВШ КНБ РК, 1998.

<sup>60</sup> Рахметов С.М., Турецкий Н.Н. Необходимая оборона. — Алматы: Жеті жарғы, 1996.

мен шабуыл құралы, қол сұғушылық пен қорғану қарқындылығы) тек қол сұғушылықтың қоғамдық қауіпінің сипаты мен дәрежесін анықтауға ғана ықпал етеді.

Осы жайлы заңгер Я. Нарин дұрыс айтып кеткен, ол оның рөлі тек «қарама қарсы әрекет ететін жақтардың ниеттерін бағалаудан ғана тұрады» дейді<sup>61</sup>.

Ал қол сұғушының да, қорғанушының да ниетін бағалау өз кезегінде қиындық туғызып отыр.

Мысалы, біз сауалнама өткізген полиция қызметкерлерінің үштен екі бөлігі қорғанудың заңдылығын анықтау кезінде кінәлінің және жәбірленушінің ниетін анықтау көбіне қиындық туғызатынын ерекше атап өткен.

Тәжірибеде қорғану әрекетінің қол сұғушылықтың сипаты қауіптілік дәрежесінің сәйкестігін анықтаудың әртүрлі тәсілдері пайдаланылады, олардың кейбірі заң талаптарына қайшы келеді. Респонденттер — полиция қызметкерлерінің арасында 10,3 %-ы бұл сәйкестікті қорғанушы мен қол сұғушы алған денсаулыққа тигізілген зиянның ауырлық дәрежесін салыстыру арқылы анықтау керектігін ұсынады, 30,9 %-ы — қорғану құралы мен шабуыл жасау құралын салыстыру арқылы, тек 55,9 %-ының ойынша, бұл жағдайда қол сұғушы ниетінің бағасынан шыға отырып оның әрекеттеріне қылмыстық-құқықтық баға берілуі керек, содан кейін барып бұл сараптама қорғану салдарымен салыстырылады, (2,9 %-ы бұл сұраққа жауап беруге қиналған).

Заң әдебиеттерінде көрсетілген «соттар (тергеушілер мен прокурорлар) белгілері шабуылдаушы әрекетінде көрінетін, анықталған қоғамдық қауіпті әрекетті көрсетуі керек, әйтпесе, шындығында ешқандай да қоғамдық қауіпті әрекет жоқ болып шығады да, тек нақты ҚК Ерекше бөлімінде қаралған қылмыстар ғана қалады.

Бұл шабуылдың сипаты мен қоғамдық қауіпінің дәрежесін нақты бағалауға мүмкіндік береді және оған тойтарыс беру бойынша жауап ретіндегі зорлық жасау әрекеттерінің рұқсат етілетін шегін белгілейді».

Заң қажетті қорғанудың шегінен шығуды қасақана жасалған әрекет деп анықтайды, бұл, біздің пайымдауымызша, қол сұғушылықтың сипаты мен қоғамдық қауіп дәрежесіне сәйкес келмейді. Осыған байланысты, қол сұғушылықтан қорғану сәйкессіздігінің екі критерийін бөліп алуға болады:

- Объектілік белгісі (критерий) — сәйкессіздік кез келген емес, шектен тыс болуы керек;

- Субъектілік критерий — сәйкессіздік қорғанушы үшін анық көрініп

---

<sup>61</sup> Нарин Я. Необходимая оборона по уголовному праву РК. Автореф.: ... к.ю.н. — Алматы, 1999.

тұруы керек.

Қол сұғушылықтың сипаты мен қауіптілік дәрежесі оның ішкі мазмұны мен мәнін құрайды, оны қол сұғушылыққа тән сыртқы белгілерден көруге болады. Осы сыртқы көрінісі бойынша біз қол сұғушылықтың объектілік тұрғыдағы ішкі мазмұны туралы айта аламыз. Осы белгілер негізінде қол сұғушының әрекетінің заңды сараптамасы туралы қорытынды жасауға болады.

Біз объектілік критерийді ашу үшін оның мазмұнын құрайтын элементтерді анықтап алу керек деп есептейміз. Содан кейін олар қорғану әрекетінің сипаты мен салдарымен салыстырылуы керек.

Біздің ойымызша, объектілік критерийдің мазмұнын құрайтын элементтерге мыналар жатады:

- қол сұғушылық бағыттылығының қорғану нәтижесінде зиян келтірілген игіліктер құндылығына деген ара қатынасы;

- қол сұғушылық құралдарының қорғану құралдарымен ара қатынасы;

- қол сұғушылық қарқынының қорғану қарқындылығымен ара қатынасы;

- қол сұғушы мен қорғанушы күшінің ара қатынасы (бұл жерде жынысы, жасы, дене дамуы, дене кемістіктері немесе ауруының болуы ескерілуі керек);

- қол сұғушы мен қорғанушы күшінің ара қатынасына ықпал ететін өзге де объектілік жағдайлар (қол сұғушылар мен қорғанушылардың саны, қол сұғушылық болған орын мен мерзімі, қол сұғушылықтың кенеттен және күтпеген жерден болуы).

- қол сұғушылық бағыттылығының қорғану игіліктер құндылығына деген ара қатынасы.

Қол сұғушылықтың қандай да бір объектіге бағыттылығы оған тойтарыс берген кездегі келтірілуі мүмкін залалдың көлемімен алдын ала анықталады. Сөз жоқ, адамның өмірі мен денсаулығы мүлікке қарағанда аса бағалы игілік болып табылады. Сондықтан, А.Г. Пушечниковтің қорғанушы жоқ кездегі заңды қорғалатын мүдделерді қорғау үшін құралдар мен аспаптарды қолдануды кез келген залал келтіру кезінде заңды деп тануды ұсынған пікіріне келісе қоймаймыз<sup>48</sup>.

Құралдар қорғанушы жоқ жерде қолданылатындықтан, бұл жерде сөз тек мүліктік мүдделерді қорғау туралы болып отыр, біздің ойымызша, мұндай жағдайда қол сұғушыны өлтіру немесе денсаулығына ауыр зиян келтіру заңсыз болады.

Мұндай ұстаным қазіргі шетел заңдылықтарында қабылданған (мысалы, Франция ҚК, Нью-Йорк ҚК – оны АҚШ-қа қызметтік іссапармен барғанда жете танысып, тәжірибе алмасып, ой-пікірлерімізді бірлесе талқыладық).

Соған қарамастан, жалпы мүліктік мүдделерді қорғау мүмкіндігін де жоққа шығаруға болмайды.

Біздің пікірімізше, мүлікке қол сұғушылықтан қорғану кезінде кісі өлтіру немесе денсаулыққа ауыр зиян келтіру жағдайында (әрине, жоғарғы қоғамдық қауіптілік дәрежесіне жеткен, яғни қылмыстарда біз аса маңыздылығы жоқ әрекеттерді айтып отырған жоқпыз, мысалы, ауылдық жердегі күнделікті тіршілік көзі болып табылатын жалғыз малын ұрлап кету) жасалған әрекет қажетті қорғану шегінен шығу деп сараланбауы керек.

Осыған байланысты ҚР ҚК 32-бабының 1-бөлігін қажетті қорғану шегінен шығумен байланыстырмай анықтап, ҚР ҚК 32-бабының 1-бөлігінде көзделген «қажетті қорғану шегінен шығу» белгісінен бас тарту ұсынылады.

Қылмыстық құқық ғылымында дау-талас туғызып отырған мәселенің біріне қол сұғушы тұрғын-үйге қол сұқпаушылықты бұзған кезде қандай залал тигізуге болатындығы жатады.

Кейбір авторлар бұл жағдайда қол сұғушыны өлтіруге дейін баруға болатын, кез келген залал келтіруге болады деп есептейді.

Р.М. Юсупов қылмыстық заңда осы жағдайларда «қорғанушы құрылғыларды» қолдану мүмкіндігін бекітуді ұсынады, оларға санкция алмаған жеке меншік иелері немесе кіру тыйым салынған иелеріне уланған азық-түлікті тұрғын үй немесе өзге де мекен-жайлардың ішінде ұстауды ұсынады<sup>62</sup>.

Л.Ш. Авхадееваның пікірінше, пәтер иесі кезекті демалысқа кетерде, үйге кірген ұры ішіп, қайтыс болуы мақсатында, үстел үстіне уланған арақты тастап кеткенін заңды әрекет деп тану керек дейді<sup>63</sup>.

Ол мұны азамат бұл жағдайда ҚР Конституциясының 25-бабында қарастырған тұрғын-үйге қол сұқпаушылық туралы құқығын жүзеге асырады дегенді негізге алады.

Ол бұл жағдайға ҚР ҚК 32-бабы қолданыла алмайды, ал Конституцияның осы нормасы тура әсер ету керек де есептейді. Соған қарамастан, әрекеттегі заңдылық, біздің пайымдауымызша, мұндай қорытынды шығаруға негіз бола алмайды.

Мысалы, ҚР Конституциясында бекітілген тұрғын-үйге қол сұқпаушылық құқығы оны жүзеге асыру көлемі шексіз болуы керек дегенді білдірмейді. Оның үстіне, ҚР ҚК 32-бабы, 1-б. қол сұғушыға кез келген залал

---

<sup>62</sup> Юсупов Р.М. Необходимая оборона в законодательстве и судебной практике. Дисс. ... канд. юрид. наук. — М., 1999.

<sup>63</sup> Авхадеева Л.Ш. Уголовно-правовые проблемы квалификации нарушения неприкосновенности жилища и его предупреждение. — Караганда, 2002.

егер қол сұғушылық қоғамдық қауіпті болған жағдайда ғана жасалуы мүмкін дегенді қарастырады.

Тұрғын-үйге қол сұқпаушылықты бұзу ҚР ҚК 32-бабы, 1-б. Қарастырылмаған, ендеше бұл жағдайда қол сұғушылықтан қорғану шамалылығы анықталуы керек. Сот тәжірибесі тіптен өзге жолмен жүзеге асырылады, олар бұл жағдайларды қажетті қорғану деп те, оның шегінен шығу деп те мойындамайды.

Қазіргі уақытта тұрғын-үйге қол сұқпаушылықты бұзу жиі кездесетіндіктен, тәжірибеде ондай әрекеттерді саралауды бір жолға қою мақсатында осы жағдайда қажетті қорғану мәселелері бойынша заңда немесе ҚР Жоғарғы Соты қаулыларында қол сұғушыға қандай көлемде залал келтіруге болатынын анықтаған дұрыс болар еді.

Біздің жүргізген зерттеулеріміздің бірқатар нәтижелері көрсететініндей, бұл бағытта шетел заңдылықтарында (Франция ҚК-і, Нью-Мексико штатының ҚК-і) тұрғын-үйге қол сұқпаушылықты бұзған кезде кез келген залалды келтіруді мойындау қабылданғанын атап өткеніміз дұрыс.

Кейде тергеу органдары мен соттар қол сұғушылық өркениетті қоғамдағы ең жоғарғы құндылық болып танылатын адам өмірі мен денсаулығына жасалған жағдайларда да қол сұғушылық бағыттылығына баға бермей жатады.

Сонымен, мүліктік мүдделерді қорғау кезінде (егер бірмезетте адамның өміріне, денсаулығына, қол сұғылмаушылығына қатер төнбесе) оны өлтіру немесе денсаулығына ауыр зиян келтіруден басқа залал келтіруге рұқсат етілген, ал адам өміріне қауіпті зорлықпен жасалған қол сұғушылықтан қорғану кезінде кез келген зиян келтіруге рұқсат етілмеген. Бұл да болса заң нормаларының әлі толық жетілмегендігін дәлелдейді.

Қол сұғушылық құралдарының қорғану құралдарымен ара қатынасы мәселелеріне тоқталып өтейік.

Тергеу мен сот қол сұғушылық құралы мен қорғану құралын механикалық тұрғыда салыстырумен байланысты құқықтық бағалауда көбіне қателіктер жіберіп жатады. Әдетте қорғану мен қол сұғушылықта қолданылған құралдар қол сұғушы мен қорғанушы күштерінің ара қатынастарын сипаттайтын мәліметтер жиынтығымен қарастырылуы керек. Мысалы, әйел адамдар табиғатында ер адамдарға қарағанда дене күші жағынан әлсіздеу болып келеді, кәмелетке толмағандар ересек адамдарға қарағанда қарсылық көрсету қауқарлары төмен, әлсіз және т. б.

Соған қарамастан, кейбір жағдайларда қол сұғушы мен қорғанушы күштерінің тепе-теңдігі кезінде қарусыз қол сұғушыдан қаруды пайдалана отырып қорғану да заңды деп танылуы керек. Бұл әдетте жәбірленуші үшін шабуылдың күтпеген жерден, кенеттен болуымен байланысты, соған қарай

ол қорғану тәсілін ойлауға, ол үшін құрал таңдауға мүмкіндігі болмайды да, тез әрекет етуге мәжбүр болады.

Елдегі криминалдық жағдайды сипаттай отырып, оның заң талаптарын орындайтын азаматтар пайдасына шешілмей келгенін көруге болады. Қылмыскерлердің қарулануы күн артып өсіп отыр. Заңды ұстанатын азаматтар керісінше, қарусыз.

2002 жылғы 21 желтоқсандағы ҚР ҚК 32-бабына енгізілген өзгерістерді есепке ала отырып, қаруды қолдана отырып қол сұғушылыққа бару қорғанушы өмірі үшін тура қауіп тудырады, біздің ойымызша, қарулы шабуылдан қорғану кезінде қажетті қорғану шегінен шығу мүмкін емес.

Осы жағдайларды ескере отырып, қылмыстық-құқықтық әдебиеттерде азаматтардың қажетті қорғану кезінде қолданған, заңсыз қаруды ұстағаны үшін сотталғанын әділ еместігі туралы көптеген пікірлер кездеседі.

Мысалы, профессор С.М. Рахметов осы бойынша мынадай пікір білдіреді: осы норма негізінде заң ұстанушы азаматтар қылмыс әлемімен теңсіз жағдайға қойылған, себебі қылмыскерлердің қолында бұрын да қару болған, қазір де бар, ал азаматтардың бұл жағынан алғанда мүмкіндіктері шектеулі. Соған байланысты ол қаруды заңсыз ұстауға қылмыстық жауапкершілікті қажетті қорғану шегінен шығу кезінде зиян келтіруден өзге жағдайда, оны қолданып қылмыс жасалған жағдайда қарастыруды ұсынады<sup>64</sup>.

С.М. Рахметовпен жалпы келісе отырып, біз бұл мәселені басқаша жолмен де шешуді ұсынамыз.

Шындығында, сыртқы белгілері бойынша қылмысқа ұқсас (мысалы, кісі өлтіру немесе денсаулыққа ауыр зиян келтіру) азаматтардың әрекеті ол қажетті қорғану жағдайында болғандықтан, заңды және қоғамдық пайдалы болып танылуы бір жағынан алғанда миға сыймайтын жағдай сияқты.

Ал сол қорғанушының аса қауіпті емес қылмысқа ұқсас әрекеті — қаруды заңсыз сатуы — қоғамдық қауіпті және қылмыстық жазаға тартылуы керек деп танылады. Сондықтан, біздің ойымызша, азаматтардың қажетті қорғану мақсатында қолдану жағдайлары қылмыс деп танылмауы керек, себебі бұл жағдайларда қылмыстың ең басты белгісі — қоғамдық қауіптілігі болмайды.

Қазақстан Республикасы Қылмыстық кодексінің 9-тарауы қоғамдық қауіпсіздікке және қоғамдық тәртіпке қарсы қылмыстар үшін жауаптылықты қарастырады. Объектісі қарудың жекелеген түрлері айналысы саласындағы қоғамдық қауіпсіздік болып табылады.

Көріп отырғанымыздай, егер адам, мысалы, қаруды қажетті қорғану

---

<sup>64</sup> Рахметов С.М., Турецкий Н.Н. Необходимая оборона. — Алматы: Жеті жарғы, 1996.

үшін қолдану мақсатында заңсыз сақтаса немесе ұстаса, онда мұндай әрекеті қоғамдық қауіпті болып есептелмейді, себебі қажетті қорғану мемлекеттік, қоғамдық және жеке бас мүдделерін қорғау құралы болып табылатындықтан, әрекет қоғамдық пайдалы болып есептеледі.

Осыған орай, біз ҚР ҚК 251-бабының қосымшасына мынадай тұжырымдама енгізуді ұсынамыз: «Адамның қажетті қорғану мақсатында осы бапта көрсетілген заттарды қолдануы оны қылмыстық жауапкершіліктен босатады».

Қол сұғушылық қарқындылығының қорғану қарқындылығымен ара қатынасы сұрақтарын зерделеп көрелік.

Қол сұғушылық қарқындылығы адамның аса маңызды мүдделеріне, мысалы, денсаулығына зиян келтіру мақсатында жасалған барлық жағдайларда, қорғану шегінен шығу, әдетте орынсыз екені белгілі.

### **Қол сұғушы мен қорғанушы күштерінің ара қатынасы.**

Қорғанушының қол сұғушылыққа қарсы тұруы бойынша мүмкіндіктері оның күші мен қол сұғушы күшінің ара қатынасымен анықталады. Бұл ара қатынасқа әртүрлі факторлар ықпал етуі мүмкін – жынысы, жасы, денсаулық жағдайы және т. б. егер қол сұғушы күші жағынан қорғанушыдан асып кетсе, қол сұғушылыққа тиімді қарсылық көрсету үшін соңғысына тек қару немесе қару ретінде өзге де құралдарды қолдануға тура келеді.

Сонымен қатар, «басынан бастап қол сұғушылықтың жолын кеспеген жеткіліксіз қорғану қол сұғушының агрессиялығын, қауіптілігін арттырады, қорғанушының қайтадан қорғану әрекетін жасау мүмкіндігінен айырады»<sup>65</sup>.

Қабылданған осы шешіммен жаңадан тұжырымдалған ҚР ҚК 32-бабы негізінде келісу қиын, себебі пышақпен жасалған шабуыл 3. өміріне қауіп төндірді.

### **Қол сұғушы мен қорғанушы күшінің ара қатынасына ықпал ететін өзге объективтік жағдайлар.**

Қазіргі заманғы қылмыстылық динамикасы көп қылмыстардың топпен жасалатынын көрсетіп отыр. Бұл, сөз жоқ, қылмыстардың қоғамдық қауіптілігін арттыра түседі және оларға қарсы қорғануда үлкен проблемалар туындайтының байқатады. Қарап тұрсақ, бір адам топпен жасалған қол сұғушылыққа қару қолданбай қарсы тұра алмайды. Бірақ қаруды қолданудың өзі қол сұғушылықты табысты тоқтатуға кепілдік бола алмаса керек.

---

<sup>65</sup> И.Ш. Борчашвили, М.А. Жуманиязов. Квалификация преступлений против здоровья (половой неприкосновенности, свободы, чести и достоинства): Монография. — Астана, 2009. — С. 98–112.

Сондықтан, бір адамның топтық қол сұғушылыққа қарсы тұруы кезінде, әдетте, кез келген залал тигізу, тіпті аса ауырына дейін баруды заңды деп танылуы керек, себебі тек осындай әрекетке бару арқылы ғана қол сұғушылықты тоқтатуға болады. Сондай-ақ қаруды немесе қару ретінде өзге де заттарды қолдану да заңды болады.

## **2.2 Қол сұғушылыққа қатысты қажетті қорғану заңдылығының талаптары**

Қылмыстық құқық теориясында қажетті қорғанудың заңды мазмұнын талдай отырып, «қорғану заңдылығының талаптары» категориясын пайдалану дәстүрі бар, ол екі түрге бөлінеді:

- қол сұғушылыққа қатысты;
- қорғануға қатысы заңдылық талабы.

Қорғану заңдылығының талабын бөлудің теориялық және практикалық мәні үлкен болғандықтан, біздің пікірімізше, қажетті қорғану институтын осы дәстүр шеңберінде қарауға толықтай мүмкіндік бар. Осы орайда, сот тәжірибесінде «заңдылық талабы» термині мүлдем қолданылмайтынын да атап кеткіміз келеді.

Қол сұғушыға жататын бірінші талапқа оның қоғамдық қауіпті болуы кіреді. Қол сұғушылық қылмыстық заңмен қорғалатын объектіге зиян келтірсе немесе келтіруге қабілетті болса, қоғамды қауіпті болып табылады. Қол сұғушылық қылмыс болуы керек пе, яғни қылмыстық жазаға тартылуы керек пе деген сұрақ осы күнге дейін қылмыстық құқықта дау-дамай, нікірталас туғызып отырған мәселелердің бірі.

1959 жылы ҚазКСР ҚК-і қабылдаған кезде заң шығарушы бұл сұрақты шешіп, қорғану қылмыстық қол сұғуда ғана емес, қоғамдық қауіптілік жағдайында да мүмкін деп көрсеткен. Осындай күйде қажетті қорғану туралы норма 60 жылдай өмір сүрді, қолданыста болды, себебі 2014 жылғы ҚР ҚК-інде де осы тұжырымдама сақталған болатын.

Бірақ 2002 жылы 21 желтоқсанда ҚР ҚК 32-бабына өзгерістер енгізіліп, ол жаңа редакцияда жарияланды.

Мысалы, ҚК 32-бабы 1-б. қол сұғушыға зиян келтіру арқылы қауіпті қол сұғу туралы айтылған, яғни қоғамдық қауіпті қол сұғушылықтан қорғану заңды деп көрсетілсе, зорлықсыз жасалған, адам өміріне қауіпті болмаса тікелей оны тудыруға қорқыту арқылы жасалған қол сұғушылық туралы сөз айтылмаған.

Соған қарамастан бұл сұрақтың шешімін табудың теориялық және практикалық маңызы зор. Қол сұғушылықтың объектілік тұрғыда қоғамдық

қауіпті деп танылуы мас, кәмелет жасқа толмаған және фактілік жіберген қателігі үшін кінәлі емес адамдарға қарсы әрекеттен қорғануға болады дегенді білдіреді. Көптеген ғалымдар аталған адамдардың қол сұғушылықтарынан қорғану мүмкіндігін мойындаған<sup>66</sup>.

Осындай қол сұғушылықтан қорғану керек дегенді ұстанатын ғалымдар бұл жөнінде өз көзқарастарын білдіріп келеді, олардың ойынша, бұл жағдайда қорғанушы адамгершілік тұрғыда алғанда, ерекше зейінді және барынша жеңіл зиян келтіруге немесе қол сұғушылықтан қашып кетуге тырысуы керек дегенді айтады.

Бірақ, әдебиеттерде қорғану мұндай қол сұғушылықтардан тек белгілі бір шектеулермен ғана орын алуы керек деген де пікірлер кездеседі.

Осы мәселеге қатысты үш негізгі ұстанымды бөліп қарастыруға болады:

Қоғамдық қауіпті қол сұғушылықтардан қорғану азаматтың қоғамдық міндетіне жатпайды.

Қорғану әрекетінің нұсқаларын мынадай түрлерге бөлуге болады:

- 1) белсенді қорғану (соның ішінде қаруды қолдану);
- 2) қашып кету;
- 3) үшінші тұлғадан көмек сұрау (соның ішінде мемлекеттік органдардан).

Белсенді қорғану сирек кездеседі. Қоршаған адамдардан келетін көмек те бірегей. Ең көп тараған түріне қашып кету жатады.

Қылмыскерден қашып кету құқық бұзушылықпен күреске ықпал етпейді, сондықтан заңды қолдану тәжірибесінде қазір көбіне орын алып отырғандай, қолдау көрсетілмеуі керек<sup>67</sup>.

Соған қарамастан, қажетті қорғану заңды сипаттамада — азаматтың субъектілік құқығы. Бұл құқық субсидарлық (қосымша) емес, дербес сипатқа ие. Бұл оны жүзеге асыру мүдделерді мемлекеттік билік органдары көмегімен қорғау мүмкіндігінің болуы немесе болмауына байланысты орын алмауы керек. Басқаша айтқанда, азаматтың құқық қорғау мүдделеріне қауіп төнген барлық жағдайында, тіпті егер бұл жағдайда өзге адамдармен немесе билік өкілдері тарапынан бұл қауіп тоқтатылса да, қажетті қорғануға жүгінуге құқығы бар<sup>68</sup>.

Біз қазақстандық ғалым, профессор Е. Қайыржановтың пікірімен толықтай келісеміз: «заңды қорғану субъектілік құқық болып табылады, қорғану-

---

<sup>66</sup> Рахметов С.М., Бапанов Т.Ә. Қылмыстық құқыққа түсінік. — Алматы, 2004.

<sup>67</sup> Турецкий Н.Н. Обстоятельство, исключающее преступность деяния по уголовному законодательству Казахстана: Монография. — Алматы, 2005. — С. 56.

<sup>68</sup> Дулатбеков Н.О. Преступление и наказание. Учеб. пос. — Караганда: Болашақ-Баспа, 1996.

шының қашып кетуге, тығылуға және т. б. мүмкіндіктері болса да белсенді қорғана алады»<sup>69</sup>.

Мысалы, профессор Р.Т. Нұртаевтың ойынша, қорғануды субъектінің ерекшелігі мен қол сұғушылықтың субъектілік жағын есепке алмастан, қауіп тудыратын көрінеу көзге зиян келтіру арқылы жасалған кез келген объектілік тұрғыда кеңейтілмеген әрекеттерден қорғануды заңды қорғануға жатқызу керек. Ол қажетті қорғану түсінігінің шектен тыс кеңеюіне әкеп соғады және осыны негізге ала отырып шабуылдан қорғануды аса қажеттілік ережелері бойынша қарастыруды ұсынады<sup>70</sup>.

Қазіргі уақытты осындай пікірді профессор Е.А. Оңғарбаев та айтып жүр<sup>71</sup>.

Г.-Г.С. Әбилғазин қылмысты емес қол сұғушылықтан қорғану, мысалы, қажетті қорғану және аса қажеттілік арасында жатыр деп есептейді, себебі онда екеуінің де белгілері бар<sup>72</sup>.

Енді ғалымдардың үшінші тобының ойынша, бұл жағдайда қорғану заңдылығының қосымша талаптарын анықтау қажет.

Мысалы, профессор А.Н. Ағыбаев қажетті қорғану талабы көпе көрінеу мас күйінде жасаған адамның қоғамдық қауіпті қол сұғушылығы кезінде қолдануға болмайды дегенді ұстанады, себебі психикалық ауруға ұшыраған жандарға және кәмелетке толмағандарға олардың қоғамдық қауіпті әрекеттеріне өзге құралдармен қарсы келудің шынайы мүмкіндігі туған кезде, зиян келтіруді ақтауға болмайды<sup>3</sup>.

Дәл осындай пікірді Б.Ж. Жүнісов те ұстанады, қылмыстылыққа жатпайтын қол сұғушылықтардан (көпе көрінеу есі дұрыс емес, кәмелетке толмаған және кінәсіз әрекет еткен адамдардың қол сұғушылығы) қажетті қорғануды тек қорғанушының қол сұғушыға зиян келтірмей қауіпті тоқтатуға мүмкіндігі болмаған жағдайда ғана заңды деп тануды ұсынады<sup>73</sup>.

Қажетті қорғануды қылмыстылығы жоқ қол сұғушылыққа қатысты аса қажеттілік ережелері бойынша немесе қорғану заңдылығына қосымша талаптар қою тұрғысынан қарау туралы аталған көзқарастармен келісу

---

<sup>69</sup> Каиржанов Е. Уголовного право Республики Казахстан. — Алматы, 1998. — С. 116.

<sup>70</sup> Нуртаев Р.Т. Борьба с неострожными видами преступлений: проблемы эффективности. — Алматы, 1993

<sup>71</sup> Оңғарбаев Е.А. Классификация преступлений и ее правовое значение. — Караганда, 1996.

<sup>72</sup> Абилғазин Г.-Г.С. Уголовное право Республики Казахстан: (Общая часть). — Костанай, 2006.

<sup>73</sup> Жунусов Б, Ж. Уголовное право Республики Казахстан: (Общая часть). — Караганда, 2006.

мүмкін емес, себебі қажетті қорғану құқығын осындай құқықтық шектеудің негізі жоқ деп есептейміз.

Б.Ж. Жүнісовтың заңда қылмыстық емес қол сұғушылықтан қажетті қорғану құқығына шектеу салу жөніндегі ұсынысына бұл осы құқықты жүзеге асыруға кедергі келтіреді және қорғанушының жағдайын нашарлата түседі деп қарсылық білдірер едік. Қол сұғушылықтың есі дұрыс емес адамның немесе кәмелетке толмаған адамның жасауы оның қауіптілігін үнемі төмендете де бермейді.

Кейде керісінше есі дұрыс емес адам мен кәмелетке толмағандар тарапынан болатын қол сұғушылық аса үлкен қоғамдық қауіпті болады, дөрекілікпен, жауыздықпен жасалады, ал дене күшінің әлсіздігін сол кәмелетке толмағандар, Т.Т. Шықтыбаевтың әділ айтуынша, қару, немесе өзге де заттар қолдану арқылы толықтырып, опасыздық жасай отырып әрекет етеді және қоғамға қарсы бағыттағы тұрақты топқа қосылады<sup>74</sup>.

Статистикалық мәліметтер де кәмелетке толмағандар жасаған қылмыстардың аса кең тарап отырғанын және қоғамдық қауіптілігін көрсетіп отыр.

Мысалы, 2010–2020 жылдары ҚР кәмелетке толмағандар тарапынан және олардың қатысуымен 185 қылмыстық жазаға тартылатын әрекет жасалған немесе тергеудегі істердің әрбір он біріншісін олар жасаған.

Соның ішінде 80 % жуық ашылған қылмыстар ауыр және аса ауыр қылмыстар тобына жатады. Әрбір бесінші жасөспірім қылмыстық қол сұғушылық жасаған кезде алкогольдік немесе есірткілік мас күйде болған, олардың 17,3 %-ы бұрын заңды бұзғандар. Қылмысқа қатысушы жасөспірімдердің жартысынан көбі қылмысты алдын ала келісім бойынша топпен жасағандығы<sup>75</sup> анықталған.

2018 жылы кәмелетке толмағандар жасаған қылмыс санының төмендегеніне (жалпы қылмыстар санына байланысты) қарамастан, саны жағынан аса ауқымды. Сол қалпы әрбір он бірінші тергеумен аяқталған қылмысты кәмелетке толмағандардың өздері немесе олардың қатысуымен жасалған.

Қылмыстық жауапкершілікке тартылу жасына жетпеген жасөспірімдер жасаған қоғамдық қауіпті әрекеттер туралы статистикалық мәліметтер жоқ. Бірақ жоғарыда аталған көрсеткіштер бұл ортадағы криминалдық әлеует аса жоғары екенін көрсетеді, ол өз кезегінде аталған адамдар әрекетінен

---

<sup>74</sup> Шықтыбаев Т.Т. Основания и условия правомерности применения огнестрельного оружия сотрудниками правоохранительных органов: Учеб. пос. — Алматы: Данекер, 2001.

<sup>75</sup> Қазақстан Республикасы Бас прокуратурасы жанындағы статистикалық мәліметтер және арнайы есепке алу Комитетінің мәліметтері.

қорғануға рұқсат ету қажеттігін көрсетеді.

Есі дұрыс емес адамдар мен кәмелетке толмағандар тарапынан болатын қол сұғушылықтардан қорғануды аса қажеттілік ережелері бойынша қарастыруға қарсылықты былайша келтіруге болады.

Аса қажетті жағдайда жасалған әрекеттер егер келтірілген залал тоқтатылған залалдан аз болса ғана заңды деп саналады. Сондықтан, есі дұрыс емес адам мен кәмелетке толмағандар тарапынан болатын қол сұғушылықты аса қажеттілік ережелері бойынша қарастыру қорғанушы өмірі үшін қауіп төнген кезде де ол қол сұғушыға қарсы әрекет ете алмауға (оны өлтіре алмауға) әкеліп соқты, себебі бір құнды игілік есебінен екіншіні қорғауға болмайды.

Біздің ойымызша, мұндай шешім әділетсіз болар еді, себебі криминалдық жағдай қорғанушы кінәсінен туындап отырған жоқ және заң оған өз өмірін қауіп-қатерге сала отырып, қол сұғушы өмірін алып қалуға міндеттеме жүктей алмайды. Бұл жерде сөз тек қорғанушының құқықтық емес, адамгершілік міндеттері туралы ғана болуы керек.

Қарастырылып отырған тұжырымдаманың кемшіліктерінен кетуге тырысқан кейбір авторлар есі дұрыс емес адам, кәмелетке толмаған немесе кінәсіз әрекет еткен адам жасаған қол сұғушылыққа қарсы келу кезінде аса қажеттілік ережесі қолданылуы керек дегенді айтады, бірақ бұл жерде «қол сұғушыға жолы кесілгендегі залал сияқты немесе одан біраз ғана ауыр залал келтірілуі керек».

Бірақ мұндай жағдайда қылмыстық құқықтың әртүрлі институттары (мән-жайлар) арасындағы шек көрінбей қалады, және аса қажеттілік кезіндегі залал қажетті қорғану кезіндегі залалдан қол сұғушыға емес, қауіптің туындауына қатысы жоқ үшінші адамға жасалатыны ескерілмей қалады.

Заң және құқық әдебиеттерінде есі дұрыс емес адам мен кәмелетке толмағандар тарапынан болатын қол сұғушылықтан қорғануға қажетті ерекше тәсіл адамгершілік қағидаларына, не істегендерін сезінбеген адамдарға зиян тигізуді болдырмау, мүмкіндігі болса олардың қол сұғушылықтарын өзге құралдармен тоқтатуға негізделеді.

Мұндай тәсілдің қауіптілігі, біздің пікірімізше, қоғамдық қауіпті қол сұғушылықта туындаған проблема оның субъектісі мен субъективтік жағының ерекшеліктерін қарастыруға ауыстырылуында. Бұл қауіп қазір жүзеге асырыл отыр. Егер бұрын көптеген ғалымдар мүмкіндігі болса көпе-көрнеу есі дұрыс емес адам мен кәмелетке толмағандар тарапынан болатын қол сұғушылықтан қорғану кезінде залал келтіруден қашып кету керек десе, қазір олардың кейбірі бұл жағдайдағы көпе көрінеулігі туралы ештеңе айтпайды. Мұндай пікір қорғану құқығына шектеу тек қол сұғушылық субъектісінің ерекшелігіне байланысты қойылады және осы ерекшеліктерді

қорғанушының қабылдауы ескерілмейді.

Шын мәнісінде бұл қорғанушыға шабуылмен туындаған стресстік жағдайда қол сұғушының есінің дұрыс емес адам немесе кәмелетке толмаған екендігін анықтау және осындай мән-жайларды ескере отырып қорғану тәсілін жүзеге асыру міндеті (көбіне тым, аса аз уақыт аралығында) жүктеледі деген сөз, бұл әрине оны аса күрделі жағдайға қалдыратыны сөзсіз, белгілі.

Оның үстіне, қорғанушы оны жасай да алмайды, профессор Г.Р. Рустемова атап өтетіндей, аса ауыр психикалық ауру адамның есін білмеуін білдіре бермейді, ал осы есін білмеу мәселесін Қылмыстық-процессуалдық кодекске сәйкес шешу соттың айрықша құзыреттілігін болып табылады<sup>76</sup>.

Сондай-ақ жасөспірімдер тарапынан болатын қол сұғушылықтар кезінде қол сұғушы жасын шынайы шабуыл жағдайында анықтау қиын, кейде мүмкін емес, ол 12-13 жасар жасөспірімнің дене дамуы жиі ересек адамға сәйкес келуімен байланысты, сондықтан біздің ойымызша бұл мәселені шешуде 2007 жылы 11 мамырда ҚР Жоғарғы Сотының № 2 «Қажетті қорғану туралы заңдылықтарды қолдану туралы» нормативтік қаулысы дұрыс.

Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының Нормативтік қаулысына сәйкес, қол сұғушылық қасақана немесе абайсызда жасалуы мүмкін адам одан қорғануға құқылы онда қылмыс құрамы болуы немесе қылмыс болмауы мүмкін, алайда, бұл мән-жайлар қорғанушының қорғану құқығына әсер етпейді, өйткені қорғанушы қылмыстық жауаптылыққа тартылуға жататын адамнан, және есі дұрыс емес немесе қылмыстық жауаптылыққа тартылуға жасы жетпеген адамнан тікелей келген қасақана немесе абайсыз қол сұғушылықтан бірдей мөлшерде қорғануға құқылы. Зиян қоғамға қауіпті қол сұғушылық жасаған адамның өзіне тікелей келтірілсе ғана ол қажетті қорғану жағдайында жасалған деп танылуы мүмкін (соның ішінде олар техниканы, жануарларды, есі дұрыс емес адамдарды, жасөспірімдерді пайдаланған жағдайларда да)<sup>51</sup>.

Қоғамдық қауіпті қол сұғушылықтан қажетті қорғанудың заңдылық талабын мойындау қажетті қорғану және аса қажеттілік жағдайында жасалған әрекеттерден қажетті қорғану мүмкін бе деген сұрақты шешуге мүмкіндік береді. Себебі қажетті қорғану жағдайында жасалған қорғану әрекеттердің қоғамдық қауіпі жоқ болса, тіпті заңды және қоғамдық пайдалы болса, оларға қарсы қажетті қорғануға жол жоқ. Мұндай көзқарасты қыл-

---

<sup>76</sup> Рустемова Г.Р. Правомерный риск как обстоятельство, исключяющее преступность деяния // Законотворчество и правоприменение в РК: вопросы теории и практики: (Сб. научных трудов) — Караганда, 1997.

мыстық құқық теоретиктерінің көпшілігі ұстанған. Ғылыми әдебиетте аса қажеттілік жағдайында жасалған әрекетте қажетті қорғану мүмкін бе деген сұрақ әлі де түбегейлі зерттелмеген. Әрекеттің қылмыстылығынан басқа да өзге жағдайларда жасалған әрекеттерге қарсы қорғану проблемасы да әдебиетте жете қарастырылмаған десе де болады.

Мысалы, профессор К.Х. Халиков аса қажеттілік мәселелері туралы былай дейді: «Құқық нормасына немесе құқықтық қорғалатын мүдделерге қол сұғушылық ... қажеттілік жағдайындағы әрекет кезінде болады; күнсіз адамдардың игіліктеріне менің қол сұғушылығым мемлекеттік әрекетке көмегім емес, ал қоғамдық жағынан алғанда, бірдей мемлекеттік қорғауда болатын, бір субъекті игілігіне екінші игіліктен келетін залалды аудару болып табылады; бұл негізде аса қажеттілік кезінде мүдделерді қорғау құқық ретінде қарастырылмайды»<sup>47</sup>.

Қылмыстық құқықтың қазіргі ғылымында аса қажеттілікті қылмыстық әрекеті жоқ мән-жағдайлар қатарына жатқызу мойындалған. Сондықтан, көптеген ғалымдар аса қажеттілік жағдайында жасалған қажетті қорғану мүмкін емес деген пікірді ұстанады.

Қазіргі уақытта кейбір ғалымдар аса қажеттілік кезінде қоғамдық қауіптілік белгілерінің жоқтығына күмәнданатынын атай кеткен дұрыс.

Мысалы, бірқатар авторлар аса қажеттіліктің негізделген қауіп-қатер жағдайында күш жұмсау(физикалық) және психологиялық мәжбүрлеу «объектілік зиян болып табылады және адам өз әрекетімен тигізген қауіпті сезінеді, бірақ оның мінез-құлқын құқыққа қарсы белгілерінің болмауына байланысты қылмысты емес деп есептеуге болады, себебі ҚР Қылмыстық кодекстің 33, 34, 34-1, 35-баптарында аталған жағдайлар болған кезде зиян тигізу «қылмыс болып табылмайды» деп тура көрсетілген<sup>77</sup>.

Кезінде осындай көзқарасын Б. Жүнісов те білдірген болатын: «... күнәсіз адам жапа шеккен кезде, аса қажеттілік қажетті қорғану сияқты осы жағдайда жасалған әрекет қоғамдық қауіпті болдырмайды деп тануға еш негіз жоқ. Екінші жағынан алғанда, аса қажеттілік жағдайы қылмыстық жауапкершілікті болғызбайды деп айту күмән тудырмайды.

Осыдан аса қажеттілік жағдайы осы жағдайда жасалған әрекеттердің құқыққа қарсылығын болдырмайды деген қорытынды жасауға болады»<sup>59</sup>.

Сұрақты бұлайша қою біздіңше біршама күмән тудырады.

Аса қажеттілік әрекеттің қылмыстылығын болдырмайтын мән-жағдайларға жатады. Әрекеттің қылмыстылығын болдырмайтын жағдайлар сыртқы белгілерімен қылмысты еске түсіреді, одан тек ішкі мазмұнымен

---

<sup>77</sup> Уголовное право Республики Казахстан. (Общая часть): Учебн. для вузов / Под ред. Рогова И.И., Рахметова С.М. — Алматы, ТОО «Баспа», 1998.

ғана ерекшеленеді. Қылмыстық әрекет қоғамдық қауіптілік және қылмыстық құқыққа қарсылық сияқты міндетті белгілердің болуымен сипатталады, олар диалектикалық бірлікте өмір сүреді.

Сондықтан, А. Ағыбаевтың аталған жағдайлардың қылмыстық әрекеттерден құқыққа қарсы болуымен де, қоғамдық қауіптілігімен де ерекшеленеді деген пікірімен келісуге болады<sup>78</sup>.

Сонымен қатар, бұл жағдайлар құқықтық мінез-құлықтың бір түрі болып табылады. Сол себепті Н.Н.Турецкий атап өткендей, заңды әрекеттерде қоғамдық қауіптіліктің құрылымы бар деп тану, мемлекеттің азаматтары мен лауазымды тұлғаларға қоғамға қауіпті қылықтар жасауға құқық береді, тіпті міндеттейді (заңды міндеттер немесе құзыреттігін жүзеге асырған жағдайда) деген қорытынды жасауға болады<sup>32</sup>.

Осыған байланысты, ол бұл ұстаным заңды қылықтардың барлығы дерлік қоғамдық пайдалы деген фактіні анықтағаннан кейін пайда болды дегенді көрсетеді. Дегенмен, қоғамда ұзақ уақыт бойы қоғамдық пайдасы жоқ заңды қылықтар бар, оларды өмірден құқықтық тыйым салу арқылы алып тастау мүмкін емес және мақсатқа лайықсыз. Мұндай әрекеттер қоғамдық қолдануға мүмкін (қабылдауға болатын) әрекеттер қатарына жатқызылады.

Н.Н. Турецкийдің көзқарасымен келісе отырып, біз қылмыстық әрекеті жоқ жағдайларда, әрбір нақты жағдайда қоғамдық пайдалылықтың әртүрлі дәрежесінде болуы мүмкін немесе әлеуметтік қабылдауға болатын дәрежеде болады, бірақ, олар заңды әрекеттер болғандықтан, қоғамдық қауіпті бола алмайды.

Жоғарыда аталғандарды қорыта келгенде, қажетті қорғану, мысалы, егер заңдылық талаптары бұзылатын болса, қажетті қорғану, аса қажеттілік жағдайында, қылмыскерді ұстау кезінде жасалған әрекеттерге қарсы қолданылмайды. Себебі, әрекеттің қылмыстығынан өзге қылықтардың заңдылығының тұрақты болып қалған талаптары бойынша заң шығарушы рұқсат етілетін мінез-құлық шегін көрсетіп береді, осы шектен шыққанда мінез – құлық заңдылығын жойып, қоғамдық пайдалылық құрылымын жояды. Сондықтан мұндай қылықтардан қорғану мүмкін емес.

Қылмыстық жауапкершілікке жатпайтын жағдайлар жүйесіне енгізілген әрекеттердің тағы бір тобына — қылмыс құрамының белгілері: субъект, объект, объективтік және субъективтік жақтары жоқ жағдайлар жатады<sup>79</sup>.

---

<sup>78</sup> Ағыбаев А.Н., Баймурзин Г.Ы. Программа по уголовному праву. — Алматы, 1998.

<sup>79</sup> Уголовное право Республик Казахстан. Общая часть: Учеб. пос. — Алматы: Юрист, 1999.

Мысалы, субъект белгісі жоқ жағдайларға қылмыстық жауаптылыққа тартылуға жасы жетпеу және есі дұрыс емес болу жатады; субъективтік жағына — кінәсінің болмауы, мысалы, фактілік тұрғыда қателесу немесе күшті жеңе алмау және т. б. жатады. Қылмыс құрамының белгілері жоқ жағдайларда жасалған әрекеттерден қажетті қорғану мүмкін емес деп ойлаймыз.

Бұл жерде қолданыстағы Қылмыстық кодекс институтына — «Қылмыстық әрекеттен өзге жағдайлар» заң шығару тарапынан табиғаты жағынан әртүрлі құқықтық институттар енгізілген.

Мысалы, қажетті қорғану, аса қажеттілік, қол сұғушылық кезінде ұсталған адамға зиян келтіру және негізделген қауіп-қатер қоғамдық пайдалы және заңды болып табылады, сондықтан қоғамдық қауіптілік пен әрекеттің құқыққа қарсылығын болдырмайды. Бірақ, дәл осылай осы институтқа енгізілген өзге жағдайлар туралы айтуға болмайды.

Мәселен, Я. Наринның пікірінше, «заң жүзінде қорғалған мүдделерге дене күшімен мәжбүрлеу нәтижесінде зиян келтіру, тіпті ол субъектіні өз әрекеттерін басқаруға мүмкіндігін жойса да (ҚР 36-бап, 1-б.), мүлдем пайдалы және қажетті болып табылмайды. Мысалы, егер адамды күштеп тұрғын үйге орналастырылған жарылғыш заттың нүктесін басуға мәжбүрлесе, оның әрекеті анық көрінетін қоғамдық қауіптілікті сақтап қалады, бірақ жеңе алмаған күші мен кінәсінің болмауынан қылмыстық жауаптылыққа тартылмайды»<sup>80</sup>.

Әдебиеттерде осы мәселе бойынша өзге де көзқарастар бар, мысалы, Е.О. Алаухановтың ойынша, дене және психологиялық мәжбүрлеу табиғаты қылмыстық әрекеті жоқ болған құқықтық қорғалатын мүдделерге зиян келтірумен сипатталады. Ол оны реттейтін норманы басқаруға болатындар санына жатқызады, себебі заң шығарушы осыған ұқсас әрекеттер жасауға құқық берген<sup>81</sup>.

Сөйтсе де, ол өзіне өзі қарсы келеді, дене (физикалық) күштеу әрекетін немесе ерікті түрде әрекетсіздік, кейде саналы түрдегі сипаты, адамның кінәсінің болмауы, істелген әрекетке қатысты психикалық тұрғыдан әрекет жасай алмау дәрменсіздігіне байланысты деп дәлелдейді. Сондықтан сөз бұл жағдайда қылмыс құрамы белгілерінің болмауы туралы болып отыр.

Дегенмен, әрекетінде қылмыстығы жоқ қылықтар саналылық және еріктілікпен сипатталады. Адам өзінің әрекеттері қоғамдық қауіпті емес

---

<sup>80</sup> Я. Нарин. Необходимая оборона по уголовному праву РК. Автореф.: канд. юрид. наук. — Алматы, 1999.

<sup>81</sup> Алауханов Е.О. Қылмыстық құқық. Жалпы бөлім: Оқулық. — ҚР Құқықтық сараптама және халықаралық ғылыми зерттеулер орталығы, 2009.

екенін сезінеді және қоғамдық пайдалы нәтижеге қол жеткізуді қалайды.

Сондықтан біз Я. Нариннің бұл жағдайда кінәсі жоқ себепті қылмыстық жауаптылыққа тартылмайды деген пікірімен келісеміз.

Осындай пікірлер заңсыз бұйрықты орындау бойынша да айтылып жүр. Авторлар «ҚР ҚК 37-бабының 1-б. айтылғандай, қоғамдық қауіпті (соның ішінде қылмыстық) бұйрықты орындау қоғам мен азаматтар үшін қажетсіз. Бұл жерде қылмыстың субъектілік жағы жоқ» - дейді<sup>82</sup>.

Олармен профессор С.С. Молдабаев та келіседі, оның ойынша, бұл жағдайдың құқықтық табиғаты қажетті қорғану, аса қажеттілік, қылмыскерді ұстау және негізделген қауіп-қатерге қарағанда өзгеше: «қылмыстық заң тұрғысынан қорғалатын мүдделерге зиян келтіру жағдайында міндетті бұйрықты орындау нәтижесінде жасалған әрекеттер объектілік жағынан қоғамдық қауіпті»<sup>83</sup>.

Жоғарыда атап өткеніміздей, біздің ойымызша, қандай да бір себептермен қылмыстық жазаға тартылатын қоғамдық қауіпті әрекеттерден қажетті қорғану мүмкін болады. Сондықтан, жоғарыда аталған жағдайларда жасалған әрекеттерден қорғану заңды болып табылады деп санаймыз.

Қылмыстық құқық ғылымында қажетті қорғану жағдайында жасалған, бірақ шегінен шығу арқылы жасалған әрекеттерден қажетті қорғану керек пе деген сұрақ даулы, пікірталасты болып келеді. Кейбір ғалымдар осыған қарсы әрекеттерде қажетті қорғану заңды деп есептейді<sup>84</sup>.

Осы жөнінде С.М. Рахметов атап кеткендей, «егер рұқсат етілген қорғану шегінен шығып кетсе, мұндай әрекет қоғамдық пайдалы болудан қалады, әрекет қажетті қорғану жағдайын тудыратын, қоғамдық қауіпті әрекетке айналады».

Б.Ж. Жүнісовтың ойынша, «жәбірленуші немесе өзге де адамдар оның қоғамдық қауіпті қол сұғушылығынан қажетті қорғану көпе көрінеу шығып кеткенде, ол қылмыстық әрекетке айналғанда кезде қорғанған болса, шабуылдаушы өзін өзі қорғауға құқығы жоқ. Себебі бұл жауап беру әрекеті шабуылдаушының өзінің қоғамдық қауіпті мінез-құлқынан туындап отыр, ол өзіне төнген қауіпті аса қажеттілік ережелері бойынша тоқтатуы керек»<sup>59</sup>.

Бірінші ғалымдар тобының осы көзқарасымен келісе отырып, оны

---

<sup>82</sup> Борчашвили И.Ш., Баєтов К.Ж. Воинские преступления. — Алматы, Жеті жарғы, 2006. — С. 25.

<sup>83</sup> Молдабаев С.С. Проблемы субъекта преступления в уголовном праве Республики Казахстан. — Алматы, 1998.

<sup>84</sup> Борчашвили И.Ш., Пенчуков В.А., Мухамадиева Г.Ж. Уголовное право РК. Общая часть: Учеб. пос. — Караганда: КарЮИ МВД РК им. Б. Бейсенова, 2002.

тәжірибеде жүзеге асырғанда қиындықтарға тап болатынымызды ескерте кеткен жөн.

ҚР ҚК 32-бабына сәйкес, қажетті қорғану шегінен шығуға қол сұғушылықтың сипаты мен қауіптілігіне сәйкес келмейтін қасақана әрекеттер танылады. Ал қылмыстық құқық теориясында қорғанудың қол сұғушылықтың сипаты мен қауіптілігіне шектен тыс сәйкес келмеуі түріндегі біржақты «көпе көрінеу» түсінігі қалыптасқан. Қол сұғушыға келтірілген зиян оның әрекетінен күтілген зияннан гөрі үлкен болып шығуы мүмкін.

Осыған орай, заңда қажетті қорғанудың шегінен шығуын бағалау ретіндегі түсініктеме берілгендіктен, осында қорғану эксцесі орын алды ма дегенді анықтау құқық қорғау органдарының лауазымды тұлғалары үшін де қиындық туғызып отыр, себебі бұл жерде көптеген факторларды есепке алу керек.

Егер қорғану эксцесінен қажетті қорғану керек деген көзқарасты ұстанатын ғалымдардың орнына өзімізді қоятын болсақ, біз бұл мәселені шешуді қылмыскердің өзіне жүктейтінімізді мойындауымыз керек, қоғамдық қауіпті қол сұғушылық жасаған адам, жәбірленуші әрекетінде қорғану эксцесі болды деген сияқты өзіне қолайлы шешімге келеді. Бұл проблеманың осындай шешімі қоғамдық қауіпті қол сұғушылыққа ұшыраған заңды ұстанушы азаматтардың мүдделерін қорғауға қызмет етпейді. Сондықтан, Б.Ж. Жүнісовтың мұндай жағдайларды аса қажеттілік ережелері бойынша қарау керек деген пікірімен түгелдей келісе қоймасақ та, осындай тәсілдің де пайдалы жағы бар екенін мойындай кеткен дұрыс.

Біздің ойымызша, құқық беру проблеманың түбегейлі шешімі болып табылмайды, қорғану эксцесінен қажетті қорғануға рұқсат ету арқылы оны шешуге болар еді, заңда осындай әрекеттерге заң жүзінде рұқсат беруге қосымша жағдайлар ойластыру керек те, қол сұғушыға өз әрекеттерімен оның тарапынан қол сұғушылықтың аяқталғанын көрсету міндетін жүктеу керек.

Өзге елдердің заңдылықтарында нақты проблеманы осылайша шешудің үлгілері бар.

Мысалы, Нью-Йорк штатының Қылмыстық кодексінің § 35.15 көрсетілгендей, қорғану «егер әрекет етуші бастапқыда агрессор болып табылмаса, оның әрекеті заңды болып саналады, тек мұндай жағдайларда дене күшін қолдану егер ол қақтығыстан шығып, өзге адамға өзінің шыққаны туралы түсіндірсе, бірақ соңғысы инцидентті жалғастыруды талап етсе, немесе шынайы құқыққа қарсы дене күшін қолдануға қорқытса, онда оның әрекетін ақтап алуға болады»<sup>45</sup>.

Заң қажетті қорғану негізіне «қоғамдық қауіпті қол сұғушылық» жатады деп атайды. Мұндай ереже қазақстандық қылмыстық заңдылықта,

1959 жылғы ҚазКСР ҚК бастап бекітілген.

1919 жылғы РСФРО қылмыстық құқық бойынша Басқарушылық бастамаларда ғана «шабуылдау» туралы сөз болған. Қылмыстық құқық ғылымының кеңестік дәуірінде, XX ғасырдың 40–50 жылдары, қажетті қорғануға құқық беретін, қоғамдық қауіпті қол сұғушылық деп тек шабуылды тану керек деген шешім қабылданған. Осы көзқарас негізінде ол бекітілгенімен, ҚазКСРО ҚК 13-бабында және 01.07.94 жылғы Заңға енгізілген 1996 жылы ҚР ҚК редакциясында қайтадан «қол сұғушылық» термині қайта келді. Бұл, біздің ойымызша, оң рөл ойнады, себебі 01.07.94 жылғы заң редакциясы шабуыл болып табылмайтын, бірақ көрініп тұрған қоғамдық қауіпті және зиян келтіретін әрекеттерден (мысалы, ұрлау, бөтеннің мүлкін қасақана жою, ақша талап ету) қорғануға болады ма деген күмән тудырған болатын.

Осыған қарамастан, әдебиеттерде қорғану құқығын тек шабуыл ғана тудырады деген пікірлер айтылып келеді.

Мысалы, Г.Ф. Поленов қажетті қорғану кезінде қол сұғушылық «өзіне тән формада — шабуылмен жүзеге асады, басқаша айтқанда, бұл агрессиялық сипаттағы белсенді әрекет болуы керек» деп есептейді.

Біз бұл көзқарасқа мынадай себептер бойынша келісе алмаймыз.

Біріншіден, біздің пікірімізше, заңның қолданыстағы нормасы қажетті қорғанудың негізіне тек шабуыл жатады дегенді мойындауға мүмкіндік бермейді. Бұл сұрақтың мәнін түсіндіру үшін «шабуыл» және «қол сұғушылық» деген терминдерді анықтап алу керек.

Бөтеннің мүлкін иемдену мақсатында жасалған шабуыл деп жәбірленуші үшін кенеттен жасалған және адам өмірі мен денсаулығына қауіпті зорлық-зомбылыққа немесе осындай зорлық-зомбылықты тікелей қолданымын деп қорқытумен ұласқан кінәлінің өктемдік сипаттағы әрекеттерін түсіну керек<sup>85</sup>.

Қол сұғушылыққа келетін болсақ, оны қылмыстық заң жүзінде қорғалатын игіліктерге зиян келтірудің шынайы қауіпін тудыратын әрекет (әрекет немесе әрекетсіздік) деп анықтауға болады.

Осы түсініктерді салыстыра отырып, «қол сұғушылық» түсінігі кең ауқымды және «шабуыл» деген түсінікті де қамтиды деген қорытынды жасауға болады. Осылайша, егер заң шығарушы қорғану негізіне тек шабуылды жатқызуды мойындағысы келсе, онда заңда кең мағынадағы терминді қолданбаған болар еді.

Екіншіден, мұндай көзқарас азаматтардың қажетті қорғану құқығын

---

<sup>85</sup> Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының 2003 жылғы 11 шілдедегі «Бөтеннің мүлкін заңсыз иемдену жөніндегі істер бойынша сот тәжірибесі туралы» № 8 нормативтік қаулысы, 23-т. // [https://adilet.zan.kz/kaz/docs/P03000008S\\_history](https://adilet.zan.kz/kaz/docs/P03000008S_history)

негізсіз шектеуді білдірер еді. Ақша талап ету, тұрғын үйге қол сұқпаушылықты бұзу және т. б. әрекеттер шабуылдық сипаты болмаса да, аса жоғары қоғамдық қауіптілікті білдіреді. Неге қорғану осы жағдайларда мүмкін емес деген қандай да бір сендіретін түсініктемелер әдебиеттерде берілмеген. Әдетте осындай әрекеттерден болатын зиянды «өзге де заңды жолдармен жоюға болады» деген уәж айтылады. Шындығында бұл тек жәрдем беруді, яғни, субсидиарлылықты бүркемелеуді білдіреді.

Сонымен, қылмыстық заң жүзінде қорғалатын игіліктерге зиян келтірудің шынайы қауіпін тудыратын әрекет (әрекет немесе әрекетсіздік) болып табылатын қорғану қоғамдық қауіпті қол сұғушылықтарда мүмкін. Қорғанудың негізгі мақсаты заңды қорғалатын игіліктерге зиян келтірудің алдын алу болып табылады, ал қандай әрекет түрінен зиян келетіні, біздің ойымызша, аса маңызды емес.

Қол сұғушылық сипатын зерттеуге байланысты қандай қоғамдық қауіпті әрекеттерден қорғану керек деген сұрақты да қарастырған дұрыс. Қылмыстық құқық теориясында әрекетсіздікке қарсы қажетті қорғану керек пе деген сұрақ даулы болып табылады.

Профессор А.Н. Ағыбаев мұндай мүмкіндікті жоққа шығарады, оның ойынша, қылмыстық құқық теориясында шабуыл «әрекет, яғни қоғамдық қауіпті нәтижеге жетуге бағытталған шабуылдаушының белсенді әрекеті» дегенді білдіреді»<sup>3</sup>.

Қолданыстағы ҚР ҚК 32-бабы қорғану негізіне шабуылды емес, қол сұғушылықты жатқызады.

Әрекетсіздік түріндегі қол сұғушылыққа қарсы қажетті қорғану мүмкіндігін Я. Нарин де жоққа шығарған, оны сот тәжірибесінде әрекетсіздікке қарсы бір де бір жағдай болмаған деумен дәлелдейді<sup>80</sup>.

Осы пікірге қарсы А.Г. Пушечников өз ойын айтып, сот тәжірибесінде әрекетсіздікке қарсы бір де бір жағдайдың болмауы оның өмірде оның болмайтынын білдірмейді, — дейді. Оның пікірінше, К. Халиков келтірген пікір «таза эмпирикалық сипатты білдіреді және сұрақтың логикалық және қағидалық жақтарын қарастырмайды».

Осындай пікірді Б.Ж. Жүнісов де ұстанған, ол қылмыстық әрекетсіздіктен қорғану мүмкіндігі жоқ дейді де, оған мұндай жағдайдың тәжірибеде болмағанын және қажетті қорғану тек шабуыл кезінде ғана орын алуы керек дегенді негізге алады. Оның айтуынша, осындай қылмысты тоқтату мақсатында кінәліге зорлық көрсету қажетті қорғану туралы норма негізінде емес, аса қажеттілік институтын немесе қоғамдық қауіп және әрекеттің заңға қайшылығы жоқ, өзге де жағдайларды негізге ала отырып бағалау керектігін көрсеткен<sup>59</sup>.

Б.Ж. Жүнісовтың мұндай жағдайларды аса қажеттілік институты бекіт-

кен институт ережелері бойынша қарастыру керек деген бұл пікірімен еш келісуге болмайды. Қазіргі уақытта қылмыстық құқық ғылымында қажетті қорғану кезінде, аса қажеттіліктен айырмашылығы, залал үшінші адамға емес, қауіпті тікелей төндіріп тұрған адамға тигізіледі деген факт жалпы қабылданған болып табылатындығы белгілі.

Б.Ж. Жүнісов сондай-ақ қажетті қорғану негізіне әрекетсіздік арқылы жасалған (мысалы, немқұрайлылық, ауру адамға көмектеспеу) қылмыс жатпайды дейді. Оның ойынша, мұндай жағдайларда қылмыстық әрекет болып табылмайтын — құқықтық міндеттерді орындау үшін әрекет жасауға мәжбүрлеу сияқты дербес жағдайлар орын алады.

А.Г. Пушечников болса заң тұрғысынан қорғалатын мүдделерге қоғамдық қауіпті қол сұғушылық әрекетсіздік түрінде де бола алады, себебі әрекетсіздік қоғамдық қауіпті салдардың себебі болуы мүмкін дегенді білдіреді дейді, ал ол себепті жою, яғни әрекет жасамаған адамды белгілі бір әрекет жасауға мәжбүрлеу қоғамдық қауіпті салдардың алдын алады.

Бірақ, әрі қарай ол «егер адамның нақты белсенді әрекетті жасауға арнайы міндеті болмаса, онда оның әрекетсіздігі қоғамдық қауіпті салдармен себепшілік байланыста бола алмайды. Соның негізінде, мұндай әрекетсіздік қауіптің тікелей көзі ретінде де қарастырыла алмайды»<sup>48</sup> — деп өз ойын жалғастырады.

Оның ойынша, бұл жағдайда әрекетсіздік тіпті әрекет жасамаған адамды белгілі бір әрекет жасату арқылы мәжбүрлеп, нақты құқықтық игілікті бұзудан немесе жоюдан аман алып қалса да, қажетті қорғану жағдайын тудырмайды. Өз сөзін дәлелдеу үшін ол темір жол бойындағы айырушының поезддің аударылуы мақсатында жолды бұру тетігін бұрмағанын мысалға алады.

А.Н. Ағыбаевтың айтуынша, айырушыны қарумен қорқыту арқылы мәжбүрлеу қажетті қорғану болып табылады, себебі жол айырушыда арнайы құқықтық міндет жүктелген, ол белгілі бір әрекет жасауы керек, яғни тетікті бұруы керек. Айырушының әрекетсіздігі оның белсенді әрекетінен күтетін объектілік себептік тізімнен алынып тасталады, ол жаңа себептіліктің объектілік тізімін құрады да, поезддің аударылуына әкеп соғады.

Ал адам жарақат алған адамға дәрігерлік көмек көрсету мақсатында оқиға орнына кездейсоқ келген жүргізушіні күштеп жаралыны ауруханаға жеткізуге мәжбүрлеуі мүлде басқа жағдай.

А.Н. Ағыбаевтың пікірінше, жүргізушіде белсенді әрекет жасау арнаулы құқықтық міндеті болғандықтан, оның әрекетсіздігі болуы мүмкін қоғамдық қауіпті нәтиженің (кісі өлімінің) себептік байланысы бола алмайды және сондықтан қажетті қорғанудың бұл жерде еш қатысы жоқ<sup>3</sup>.

Сөз жоқ, А.Н. Ағыбаевтың қажетті қорғану жағдайы туындау үшін қол

сұғушыда әрекет етудің құқықтық міндеті жатуы керек деген ойы дұрыс — біз онымен келісеміз. Бірақ, бұл жерде оның жалпы әрекетсіздік түсінігі мен қылмыстық әрекет формасы ретіндегі, яғни қылмыстық-құқықтық әрекетсіздікпен араластырып тұрғанын байқауға болады.

Біз, келтірілген жағдайда жүргізушінің қорғаныуының жөні жоқ деп ойлаймыз, ол оған әрекет ету міндеті жүктелмегендіктен ғана емес, жүргізуші әрекеті қылмысқа жатпайтынына байланысты. Оны жаралы адамды аурухана жеткізуге мәжбүрлеуде қажетті қорғану емес, аса қажеттілік орын алады.

Бірақ, мысалы, жүргіншіні қағып кеткен жүргізушіге өмірі мен денсаулығына қауіпті жағдайда қалған адамға көмек көрсетудің қылмыстық-құқықтық міндеті жүктелсе, ол оны бұзғаны үшін қылмыстық жауаптылыққа тартылады. Сондықтан оқиға орнынан қашып кеткісі келген жүргізушіні зорлық көрсету арқылы жараланған адамды ауруханаға жеткізуге мәжбүрлеу жағдайы қажетті қорғанудың заңдылығы белгілеріне сәйкес келеді деп ойлаймыз.

Біздің пікірімізше, қоғамдық қауіпті әрекетсіздіктен қорғану әбден мүмкін.

Г.-Г.С. Әбілғазиннің айтуына қарағанда, әлеуметтік және заңды маңызы бар әрекетсіздік қоғамдық қарым қатынас жүйесіне адамдардың араласуының бір түрі болып табылады, ол онда пайдалы да, зиянды да рөл атқарады<sup>86</sup>.

Біз Г.К. Рақымжанованың «қылмыстық әрекет немесе әрекетсіздік жасалған кезде пайда болған залалдың мәні біреу-ақ — ол қылмыстық заң арқылы қорғалатын қоғамдық қатынастарды теріс өзгерту (тоқтату, үзу)»<sup>87</sup> деген пікірімен толықтай келісеміз. Және әрекетсіздік кезінде заң жүзінде қорғалатын игіліктерге шынайы қауіп төнетіндіктен, оның жолын кесу немесе тоқтатуды қажетті қорғану арқылы жүзеге асыруға болады.

Ал А.Г. Пушечниковтың „қол сұғушылықты тоқтату немесе жолын кесу арқылы залал келтіру жасалса, қажетті қорғанудың басты міндеті өз күшін жояды“ деген пікірімен мүлдем келіспейміз. Бұл жағдайда қажетті қорғанудың барлық белгілері есепке алынады, себебі залал қол сұғушыға келтіріледі, ал бұл әрекеттердің мақсаты қылмыстық заң қорғайтын мүдделерді қорғау, сондай-ақ қол сұғушылықтың жолын кесу немесе тоқтату болып

---

<sup>86</sup> Абилгазин Г.-Г.С. Уголовного право Республики Казахстан. Общая часть: Учеб. пос. — Қостанай, 2003.

<sup>87</sup> Рахимжанова Г.К. Институт обстоятельств, исключаяющих преступность деяния в УК РК (Уголовный кодекс Республик Казахстан: проблемы и перспективты: Сборник научных трудов. — Караганда: КВИШ КНБ РК, 1999. — С. 24.

табылады.

Сонымен қатар, И.Ш. Борчашвили келтірген дәлелдер де назар аударарлық, ол қоғамдық қауіпті әрекетсіздіктен қорғану мүмкіндігін жақтаушылар қатарына жатады. Оның көрсетуінше, кейбір қылмыстардың (кепілдікке адам алу, адамды ұрлау, әскери қызметтен қашу, қару мен жарылғыш заттарды сақтау және т. б.) объективтік жағына қылмыскердің белсенді және белсенді емес (енжар) мінез-құлықты кезектеп атқару жатады.

Мысалы, банда тұрғын үйді басып алып, ондағы адамдарды байлап, оларды жәбірлеу үшін жын-ойнақ ұйымдастырып, еш залал келтірмеу. Мұндай әрекетсіздік кез келген сәтте қылмыскер мінез-құлқының белсенділік танытуымен «бұзылуы» мүмкін (кепілдегі және ұрланған адамдар өлтіріліп, қару іске қосылса), онда қорғану аса қиынға соғуы немесе мүлдем тиімсіз болуы мүмкін<sup>88</sup>.

Мұндай қылмыстардың зор қоғамдық қауіптілігін және қылмыстық заңмен қорғалатын игіліктерге тигізетін аса көп зиянын есепке ала отырып, профессор И.Ш. Борчашвилидің бұл пікірін көңілге қонымды деп атауға болады.

Қылмыстық құқық теориясында дау туғызып отырған мәселе ол абайсызда жасалған қылмыстардан қажетті қорғану керек пе деген сұрақ.

Мысалы, профессор Н.О. Дулатбеков абайсызда жасалған қылмыстарда қажетті қорғану мүмкін емес, себебі «көптеген абайсызда жасалған қол сұғушылықтар қоғамдық қауіпті нәтиже орын алғанда ғана (мысалы, абайсызда кісі өлтіру, абайсызда денеге жарақат түсіру) қылмыс болып саналады деп есептейді. Ол сәтке дейін олар қоғамдық қауіпті «қылмысты емес» емес болады. Яғни, нәтижеге қол жеткізгенге дейін қорғануға жол жоқ. Ал нәтижеге қол жеткізілгеннен кейін, яғни абайсызда жасалған қол сұғушылық қоғамдық қауіпті болғанынан бастап, қажетті қорғануға тағы да жол жоқ, себебі ол кешіккен болып есептеледі».

Абайсызда жасалған қылмыстардан қорғану мүмкіндігін Т.Т. Шықтыбаев та терістейді<sup>89</sup>.

С.М.Рахметов бұл сұраққа өзінің келіспейтінін білдіріп, қоғамдық қауіпті залал келтіруі мүмкін, бірақ келтірілмеген абайсызда жасалған әрекеті үшін қылмыстық жауапкершілікке тартылу мәселесін қарастырғанда бұл әрекет қоғамға қауіптілік белгілерінен ада деген сөз емес дейді. Қажет-

---

<sup>88</sup> Уголовное право Республики Казахстан. Общая часть: курс лекций / Под ред. И.Ш. Борчашвили. — Алматы, 2006.

<sup>89</sup> Шиктыбаев Т.Т. Причинение вреда при задержании лица, совершившего преступление, как обстоятельство, исключающее общественную опасность и противоправность деяния: Автореф.: дис. ... кан. юрид. наук. — Алматы, 1997.

ті қорғану абайсызда жасалған қылмыстарда егер олар белсенді әрекет жасаса да болатынын айтады<sup>90</sup>.

Осындай көзқарасты Н.Н. Турецкий де ұстанады<sup>91</sup>.

Е. Қайыржанов та абайсызда жасалған қылмыстардан қорғану мүмкін деп есептейді<sup>50</sup>.

Атап өтетін бір мәселе, Е. Қайыржановтың бұл көзқарасы өзгеріп, ол өзінің кейінгі жылдардағы еңбектерінде абайсызда жасалған қылмыстар кезінде қорғану мүмкіндігін жоққа шығарады, оны абайсызда жасалған қол сұғушылық өзге жолдармен тоқтатылуы мүмкін деген пікірмен дәлелдейді<sup>50</sup>.

Біз абайсызда жасалған қылмыстардан қорғану керек деп есептейтін авторлардың пікірлерімен келісеміз.

Шындығында, кей жағдайларда қылмыстық заң қандай да бір әрекеттерді, егер олар белгілі қоғамдық қауіпті залал келтірсе, орындағаны үшін ғана жауаптылық қарастырылады.

Мысалы, ҚР 344-бабы 2-б. темір жол, әуе, теңіз немесе су жолы көлігі қозғалысы мен оларды пайдалану қауіпсіздігінің ережелерін бұзғаны үшін, егер сол әрекет абайсызда кісі өліміне әкеп соққан болса, жауапкершілік тартылу қарастырылған.

ҚР ҚК 345-бабы 2-б. көлік құралдарын жүргізуші адамдардың жол қозғалысы және көлік құралдарын пайдалану ережелерін бұзуы үшін жауапкершілік, егер сол әрекет абайсызда кісі өліміне әкеп соққан болса, жауапкершілік тартылу қарастырылған.

Бірақ, заңда қарастырылған қылмыс құрамының міндетті элементі ретіндегі салдар түспесе де, әрекеттер қоғамдық қауіптілігін жоймайды және өздігінен (салдарға қатысы болмаса да) қасақана болып табылады.

Мысалы, ҚР 345-бабында қарастырылған, қылмыс әкеп соққан салдарға байқаусыздығымен сипатталады, бірақ адамдар жол қозғалысы және көлік құралдарын пайдалану ережелерін қасақана бұзады. Жол қозғалысы және көлік құралдарын пайдалану ережелерін бұзу кезінде қылмыстық-құқықтық қорғау объектілеріне әлеуметтік залал келтіру қаупі туындайды.

Біздің ойымызша, бұл қауіпті есепке алмауға болмайды, себебі қажетті шараларды қолданбау салдарынан құқық қорғау мүдделеріне залал міндетті түрде келтіріледі. Осы жолды құқық қорғау практикасы пайдаланып келгенін бұл көзқарастың тиімділігін көрсетеді.

---

<sup>90</sup> Рахметов С.М. О проблемах совершенствования проекта нового Уголовного кодекса Республики Казахстан // Законотворческий процесс в Республики Казахстан: состояние и проблемы. — Алматы, 1997.

<sup>91</sup> Турецкий Н.Н. Необходимая оборона, правовые аспекты. — Алматы, 2000.

Мысалы, ҚР ІІМ ескертпе-нұсқаулық хатқа сәйкес, жол қозғалысы ережесін бұзып, «өз әрекеттерімен азаматтар мен көліктер үшін жолда қауіпті әрекеттер тудырған жүргізушілерге залал келтіру үшін атқыш (атыс) қаруы қолданылуы мүмкін.

А.Г. Пушечников өз кітабында мынадай жағдайды келтірген: М. деген азамат өз автокөлігімен мас күйінде келе жатып, жол қозғалысының қарсы жағына шығып кеткен. Жол полициясы қызметкерлері автокөлікті тоқтату үшін артқы доңғалақтарын көздеп, бірнеше рет оқ атқан, нәтижесінде жүргізуші көлікті басқара алмай, машина аударылған. Прокуратура қызметкерлері бұл оқиғаны жол полициясы қызметкерінің аса қажеттілік жағдайында әрекет еткен деген тұжырымға келіп әрі қылмыстық іс қозғаудан бас тарту туралы шешім шығарған.

А.Г. Пушечниковтің айтуынша, бұл жағдайда аса қажеттілік жағдайы болған жоқ<sup>48</sup>.

Біздің ойымызша, бұл жағдайда қажетті қорғану орын алған.

Себебі жүргізуші өзінің әрекеттерімен қылмыстық-құқықтық қорғау объектілеріне шынайы зиян келтіру қауіпін тудырды (мысалы, қарсы жолда кез келген сәтте машина шыға келуі мүмкін еді, онда ескерту шараларын қолдану еш нәтиже бермес еді), сондықтан полиция қызметкерінің әрекеті заңды. Ол заң жүзінде қорғалатын игіліктерді сақтауға бағытталған.

Көбіне абайсызда жасалған қылмыс элементтерінің біріне жататын әрекеттердің өзі қылмыстың дербес құрамын құрайтын қасақана әрекет болып табылады.

Мысалы, қылмыскер көшеде мұзды күні жәбірленушіге бірнеше рет соққы жасайды, ол соның нәтижесінде қатты жерге бірнеше рет құлап, нәтижесінде бас сүйек–ми жарақатын алып, сол жерде қаза табады. Қылмыскердің әрекеті ҚР ҚК 104-бабында қарастырылған салдар туындамаса да, өзінен өзі үлкен қоғамдық қауіптілікті білдіреді, себебі жаза белгілеуді қолданумен қылмыстық заң арқылы қатер төндіреді. Аталған әрекеттерден қорғануға тыйым салу азаматтың қажетті қорғануға деген құқығын ешбір негізсіз шектеуді білдіреді, ал қол сұғушылықтың жолын өзге жолдармен кесу мүмкін болмайды.

Жоғарыда біз келтірген жағдай да аса проблема туғызарлық, себебі барлық соққы түрлерін тигізгеннен кейін жәбірленуші өзге жолдармен (мысалы, полициядан көмек сұрау) қорғануға шамасы да келмейді.

Сондықтан, біздің ойымызша, абайсызда жасалған қылмыстардан қорғану оның ерекшелігіне байланысты емес, мынадай екі жағдайды сақтағанда ғана мүмкін болады:

- 1) Абайсызда жасалған қылмыс белсенді әрекет арқылы жасалуы керек;
- 2) Олар басталған болуы керек, себебі абайсызда жасалған қылмыста

дайындалу кезеңі болмайды.

Абайсызда жасалған қылмыс кезінде әрекеттер әкімшілік құқық бұзушылық белгілерінен тұратындықтан, абайсызда жасалған қылмыстардан қорғану мүмкіндігі туралы сұрақпен әкімшілік құқықбұзушылық кезінде қорғануға бола ма деген сұрақпен астарласып жатыр.

Оның үстіне әкімшілік құқықбұзушылықта қоғамдық қауіптіліктің қылмыстың қоғамдық қауіптілігімен белгілі бір дәрежесі бар.

Профессор Е.О. Алауханов атап өткендей, «қылмыс пен әкімшілік құқықбұзушылық бірдей сипаттағы объектілерге қол сұғады, ең алдымен осы ерекшеліктерінен олардың қоғамдық қауіпті тұрады — олардың әлеуметтік мәнін анықтайтын материалдық белгілері. Қылмыстық және әкімшілік заңдылықтар бір объектіге қол сұғудан қорғанудан тұрады. Қылмыс пен әкімшілік құқықбұзушылықтың қағидалық айырмашылығы олардың қоғамдық қауіптілігінің әртүрлі дәрежесінде болса керек. Бұл дәреже шынайы туындаған немесе әлеуетті қоғамдық қауіпті салдардан тұратын қол сұғушылық қарқындылығымен анықталады. Қылмыс — әкімшілік қылмықтарға қарағанда, аса қауіпті қоғамдық әрекет»<sup>92</sup>.

Осыны профессор С.М. Рахметов те көрсеткен: «әртүрлі құқықбұзушылықтың қоғамдық қауіптілігі өз мазмұны бойынша еш ерекшеленбейді. Олардың айырмашылығы тек олардың дәрежесіне байланысты. Осы жағдай қылмыс пен өзге де құқық бұзушылық арасындағы айырмашылық критерийі болып табылады»<sup>93</sup>.

Кей авторлар әкімшілік құқықбұзушылықта қорғану мүмкіндігіне үзілді кесілді қарсы.

Мысалы, У.С. Джекебаевтың ойынша, «әкімшілік, азаматтық еңбек және өзге де құқық салаларындағы нормаларды бұзудан тұратын қылмықтар қылмыстық заңда қаралған қажетті қорғану құқығынан туындамайды, себебі олар үшін қылмыстық жауаптылық белгіленбеген. Мораль нормаларын бұзуда да дәл осылай жағдай қалыптасқан»<sup>94</sup>.

Осындай көзқарасты Г.Ф. Поленов та ұстанады, ол: «Қажетті қорғануды қылмыстық-құқықтық мағынада әкімшілік және өзге де (мысалы, азаматтық-құқықтық) құқықбұзушылықта қолдануға болады деп мойындамау керек, онда қылмыстық-құқықтық мағынасындағы қажетті қорғану мен

<sup>92</sup> Алауханов Е.О. Қылмыстық құқық. Жалпы бөлім: Оқулық. — ҚР Құқықтық сараптама және халықаралық ғылыми зерттеулер орталығы. — Алматы, 2009.

<sup>93</sup> Рахметов С.М. О проблемах совершенствования проекта нового Уголовного кодекса Республики Казахстан // Законотворческий процесс в Республики Казахстан: состояние и проблемы. — Алматы, 1997.

<sup>94</sup> Джекебаев У.С. Основные принципы уголовного права Республики Казахстан. — Алматы: Жеті жарғы, 2001.

әкімшілік немесе азаматтық заңдылық мағынасындағы қажетті қорғану арасындағы шек жоғалады. Бұл жерде мәселе қажетті қорғану түрлері арасындағы шектің жойылуы емес, мұндай амалдың әуелден дұрыс емес екендігінде. Егер азаматтарға заңды бұзушыға ауыр физикалық зиян келтіруге заңды түрде кез келген құқылары мен мүдделерін қорғауға рұқсат берсе, не боларын елестету қиын емес»<sup>45</sup>.

Сонымен қатар, қылмыстық құқық теориясында оған қарама қарсы пікірлер де айтылып жүр, олардың негізінде әкімшілік құқықбұзушылықтан да қорғану керек.

Мысалы, Е. Қайыржанов, мұндай мүмкіндікті мойындай отырып, ҚР Жоғарғы Сотының мынадай бір шешіміне сүйенеді, такси жүргізушісі мас күйінде одан қарама қарсы бағытқа апарып тастауды талап еткен Г.- ны машинадан итеріп түсіріп жібергенде (нәтижесінде асфальтқа құлаған Г. ауыр дене жарақатын алған) оның (жүргізушінің) әрекетінде қажетті қорғану бар деп танылған<sup>50</sup>.

Осындай пікірді Қ.А. Бакишев те ұстанады, өз ұстанымын өндірісте және тұрмыста шегі бекітілген автокөлік, теміржол және су көлігі қауіпсіздік ережелері, өртке қарсы ережелер мен өзге де нормативтік актілер бұзылу салдарынан келетін үлкен залалға деген жауап беру қажеттігін негізге алады. Оның ойынша, қылмыстық-құқықтық мағынадағы қажетті қорғану, яғни қол сұғушыға не (немесе) оның мүлкіне белсенді физикалық ықпал ету, ҚР ҚК 32-бабында қарастырылғандай барлық дерлік құқық бұзушылықтан, соның ішінде әкімшілік құқықбұзушылықтан қорғану үшін негіз болады.

Бұл тұжырымды ол қажетті қорғану — қоғамдық қауіпті қол сұғушылықтан қорғанатын кез келген қорғану емес, ол қол сұғушыға не (немесе) оның мүлкіне белсенді физикалық ықпал ету, мұндай ықпал ету ҚР ҚК Ерекше бөлімінің әкімшілік немесе өзге де заңдылықтар емес, тек құқықтық нормаларында қарастырылған<sup>95</sup>.

Әкімшілік кодексі қарастырған, құқық бұзушылық белгілеріне жататын әрекеттер негізінде жасалатын әкімшілік қылықтардан қорғануды көз алдымызға елестету өте қиын екенін айта кеткен жөн. Жалғыз ғана мысал — құқық бұзушының балағаттап ұрсуына жәбірленушінің солай жауап беруі. Егер бұрынғы әкімшілік құқықбұзушылықтар туралы РФКСР Кодексінің 9-бабын ескерер болсақ, онда қажетті қорғану туралы норма орын алған, және де қорғану шегінен шығуға жол берілмеген, онда бұл құқықты пайдалану мүмкін болмаған.

---

<sup>95</sup> Бакишев К.А. Транспортные преступления: квалификация и наказание по уголовному законодательству РК: Монография. — Астана, 2003.

Осыған байланысты ғылыми әдебиеттерде біртұтас қорғану негізі болғанда, қылмыстық және әкімшілік заңдылықтардан қорғану туралы материалды алып тастау туралы пікірлер айтылып жүр<sup>96</sup>.

2001 жылдың 30 қаңтардағы ҚР Әкімшілік құқықбұзушылық туралы Кодексінде қажетті қорғану туралы норма да қарастырылған<sup>97</sup>.

Бірақ, қылмыстық-құқықтық мағынадан аса маңызды емес әрекеттер әкімшілік қылықтарды және белгілі бір дәрежеде қоғамдық қауіпті білдіреді.

Кейде әкімшілік құқықбұзушылықтар үлкен дәрежеде қоғамдық қауіппен сипатталады.

Мысалы, жолда жүру ережелерін бұзу саласындағы әкімшілік құқықбұзушылықтар үлкен дәрежелі және әлеуетті қауіпмен сипатталады (мысалы, қозғалыстың белгіленген жылдамдығын арттыру, мас күйінде көлікті айдау, бағдаршамның тыйым салынған сигналынан өтіп кету, көлікті жүргіншілер бөлігіне тоқтату ережесін бұзу). ҚК 344-бабы қарастыратын жағдайлардың (яғни әкімшілік құқықбұзушылықты қылмысқа айналдыратын салдарлар) жол қозғалысына қатысатын өзге қатысушылар тарапынан шараларды дер кезінде және абайлап қолдану арқасында болмай қалатын жағдайлар да кездеседі.

Сондықтан, біздіңше, кейбір жағдайларда жоғарғы әлеуеттік қауіп бар және құқықтық қорғалған мүдделердің бұзылуына қауіп төндіретін әкімшілік құқықбұзушылықтардан қажетті қорғану болуы керек.

Мұндай жағдайларда осы сұрақ бойынша ҚР Жоғарғы Сотының түсініктемесін қабылдау дұрыс болар еді.

Қол сұғушылыққа қатысты, қажетті қорғану заңдылығының келесі талабы — ол оның нақты, айқын болуы. Криминалистердің кейбірі заңдылықтың осындай талабы барлығын мойындайды, олардың ойынша қажетті қорғану шегін анықтау үшін қол сұғушылықтың басталуы және аяқталуын анықтап алу керек, біздің ойымызша, ол сұрақ мәнін еш өзгертпейді. Қажетті қорғану негізіне қоғамдық қауіпті қол сұғушылық жататындықтан, қорғану ол орын алған кезеңде: ол басталғанда, бірақ әлі аяқталмаған кезде заңды деп есептеледі.

ҚР ҚК 32-бабында қажетті қорғанудың уақыттық шегі тура көрсетілмегенін айта кеткен жөн. Оны тек заң нормаларын логикалық тұрғыда

---

<sup>96</sup> И.Ш. Борчашвили, М.А. Жуманиязов. Преступления против жизни. Монография. — Астана, 2009. — С. 177.

<sup>97</sup> Қазақстан Республикасының 2014 жылғы 5 шілдедегі Әкімшілік құқық бұзушылық туралы Кодексі № 235-V ҚРЗ // <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/K1400000235>

түсіну жолымен ғана белгілеуге болады, себебі онда қажетті қорғану негізіне қоғамдық қауіпті қорғану жатады деп көрсетілген, ендеше, көрсетілген қол сұғушылық орын алуы керек, яғни басталып, әлі аяқталмаған болуы керек.

Қазақстандық қылмыстық құқық теориясы мен сот практикасы дәстүрлі түрде әрі қарай барып, төнген шабуыл болуы керек деп тапты.

Мысалы, 2007 жылғы 11 мамырдағы ҚР Жоғарғы Сотының № 2 «Қажетті қорғану заңдылықтарын қолдану туралы» нормативтік қаулысында «қажетті қорғану шабуыл жасаушы қасақана немесе байқаусызда жасаған әрекеттерімен зиян келтірсе ғана емес, зиян келтіру әлі басталмағанда, бірақ оны келтірудің шынайы қауіпі төнгенде де (мысалы, қол сұғушылықты жүзеге асыру үшін дайындалған әрекеттер жасалғанда және т. б.) немесе қол сұғушы құқыққа қарсы әрекеттерін жасауды әлі аяқтамағанда да (ұрып-соғуын жалғастырса, пәтерден ұрлаған заттарын әкетіп үлгермесе) жасалуы керек деп түсіндірме береді»<sup>98</sup>.

Бұл, қол сұғушылықтың болуына қарсы келгендердің бір аргументі болып табылады, себебі «болатын қол сұғушылықтың болу» түсінігі ішкі қарама-қайшылықты «*conlndictio in adiecto*» (внутреннее противоречие) білдіреді<sup>99</sup>.

Кейбір авторлар қорғану шегінің уақытын қажетті қорғану шегінің бір түрі деп есептейді.

Мысалы, К.Х. Халиков қажетті қорғанудың уақыттық шегі мен қарқындылық шегі сияқты түрлері бар дейді, ол шектердің ерекшелігіне «қажетті қорғану негізін анықтайтын талаптарға қарағанда, олар қажетті қорғану құқығының көлемін анықтайды, оның формасы мен мазмұнын бекітеді»<sup>100</sup>.

Осыдан шығатын қорытынды «қажетті қорғану шегінен шығудың түріне оның уақытпен қолданылуының сәйкессіздігі» болып табылады.

Осы көзқараспен келісу өте қиын.

Біздің ойымызша, қорғанудың уақыттық шегі оның негізімен байланысты – ол қоғамдық қауіпті қол сұғушылықпен анықталады. Қоғамдық қауіпті қол сұғушылық қажетті қорғану құқығын беретіндіктен, қорғану әрекеттері ол болып жатқан сәтте ғана заңды, яғни ол басталғанда, бірақ аяқталмаған уақытта (қол сұғушылықтың аяқталу сәтіне келер болсақ, мұн-

---

<sup>98</sup> Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының 2007 жылғы 11 мамырдағы «Қажетті қорғану жөніндегі заңдарды қолдану туралы» № 2 Нормативтік қаулысы // <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/P200000006S>

<sup>99</sup> Сыздық Б.К. Роль общественности в воздействии на преступность. Учеб. пос. — Караганды: Болашақ-баспа, 2004.

<sup>100</sup> Халиков К.Х. Об условиях правомерности необходимой обороны // Известия АН КазССР. Серия общественная. — 1968. — № 6.

да қорғану әрекеттері қандай да бір уақыттық «артықшылығымен» көрінуі мүмкін, ол туралы әлі айтатын боламыз).

Сондықтан егер қорғанудың қарқындылық шегі қажетті қорғану құқығының көлемін анықтайтын болса, қорғанудың уақытша шегі көлемді емес, қажетті қорғану жағдайының өзін (ол орын алған, немесе жоқ) анықтайды. Сол себепті, қорғанудың уақыттық шегі туралы айту, біздің пікірімізше, артық.

Сонымен егер қорғанушы қол сұғушылықтың аяқталғанын сезінбесе, және қарсы тұру мақсатында оны жалғастыра берсе, 2007 жылы 11 мамырдағы ҚР Жоғарғы Сотының № 2 «Қажетті қорғану заңдылықтарын қолдану туралы» нормативтік қаулысында қаралған нұсқаулықтарды басшылыққа алу керек, онда қажетті қорғану аяқталып қалған, қол сұғушылық актісінен кейін тікелей жасалған болса, бірақ іс жағдайына қарай қорғанушы үшін оның аяқталу сәті белгісіз болға жағдайда да рұқсат етіледі деп түсіндірілген. Аталған жағдайларды бағалаған кезде кінәлаушы үшін қаншалықты қол сұғушылықтың басталуы мен аяқталуы белгілі болды, нақты туындаған жағдайда ол оны дұрыс бағалай алды ма деген мәселелерді анықтап алу керек<sup>98</sup>.

Егер бұл жерде қорғанудың қол сұғушылық сипаты мен қауіптілік сәйкессіздігіне жол берілсе, оған қажетті қорғану шегінен шыққаны үшін жауаптылыққа тартуға мүмкіндік бар.

Әдебиеттерде қол сұғушылықтың басталу сәтін қылмыстық әрекет кезеңдері туралы білім тарапынан анықтау мүмкіндігі туралы мәселе дау тудырып келеді.

Кейбір ғалымдар қылмыстық әрекет кезеңдері туралы білімді пайдалануды жоққа шығарады, оны тек қол сұғушылық тек қылмыстық сипатта болғанда ғана қолдану керек дейді, оның үстіне, байқаусызда жасалған қылмыстар кезінде және жанама ой арқылы жасалған қылмыстарда дайындық және қастандық жасау кезеңдері жоқ<sup>101</sup>.

Біздің пікіріміз бойынша, тура ниетпен жасалған қылмыстардан қажетті қорғану туралы мәселені қылмыстық әрекет кезеңдері туралы білім көзқарасымен қарастыруға болады. Бұл сұрақ бойынша қылмыстық құқық ғылымында әртүрлі пікірлер айтылды.

Мысалы, бірқатар авторлар шабуылдың бастапқы сәті қылмысқа қастандық жасау сәтімен сәйкес келеді деген пікір айтады<sup>102</sup>.

---

<sup>101</sup> Борчашвили И.Ш. Квалификация преступлений против: Монография. — Караганда: КарЮИ им. Б. Бейсенова, 2002.

<sup>102</sup> Алауханов Е.О., Каракетов Ю.М. Как уберечься от преступника. — Алматы: Жеті жарғы, 1996.

Керісінше, Р.Т. Нұртаев қол сұғушылық ниетті қылмысқа дайындалу кезеңінде-ақ болған деп есептейді. Ол мұны қылмыс әрекетінің осы даму кезеңінде қол сұғушылық шынайы, тікелей қауіп төндіреді деп түсіндіреді<sup>103</sup>. Қазіргі кезде бұл көзқарасты И.И. Рогов ұстанады, ол ауыр және аса ауыр қылмыстарды дайындағаны үшін қылмыстық жауаптылық туындайтынымен қосымша дәлелдейді.

Қаралып отырған сұрақтың осы шешімі дұрыс деп есептейміз.

Біздің ойымызша, қылмыстық құқық теориясында және сот практикасында қол сұғушылықтан қорғану тек дайындалған кезеңде ғана болуы мүмкін. Профессор И.И. Рогов дұрыс атап кеткендей, «қастандық кезінде қол сұғушылық жүзеге асқан болып табылады және кінәлі қылмыстың объективтік жағын орындай бастайды, сондықтан қол сұғушылық болатын емес, жүзеге асқан болып есептеледі»<sup>104</sup>.

Н.Н. Турецкийдің пікірі де назар аударарлық, ол дайындық кезеңнің өзінде-ақ қол сұғушылық шынайы қауіп төндіруі мүмкін деп есептейді. Шындығында, жәбірленушіні өлтіру мақсатында қылмыскер қаруын оқтаса, бұл қылмысқа дайындық болып табылады, ол көздеп, оқ атуын күту қате болар еді, онда мүмкін қорғанатын да ешкім болмайды. Сондай-ақ қауіптің өзі күмән келтіреді, мысалы, қылмыскер кісі өлтіру мақсатында тұрғын үйге кіруге тырысса, ол да дайындық болады, бұл фактіні сот практикасы да мойындайды.

Қажетті қорғанудың негізі бар қорғануға құқықтың бастапқы сәті — қоғамдық қауіпті қол сұғушылық және соған байланысты (қол сұғушылық басталған болса, қорғану заңды болады). Сондықтан қоғамдық қауіпті қол сұғушылықтың пайда болуына (басталуына) не жатады деген сұрақты шешіп алу керек. Осы мәселе бойынша барлық түсініксіз жайттар барлық қылмыстар қол сұғушылық объектісінің өзгеруіне әкеп соғатыны туралы қате түсініктен туындайды.

Профессор Б.К. Сыздықтың ойынша, «қоғамдық қатынас өзгеріске ұшырамаған жерде, қылмыс жоқ». Ал қылмыс жоқ жерде, қажетті қорғануға құқықты негіздеу үшін бұл жағдайда «болатын тікелей қол сұғушылық» деген категорияны енгізу қажет болды<sup>105</sup>.

Г.-Г.С. Әбілғазин дұрыс атап өткендей, қылмыстық зиян «қылмыс элементі ретінде, қол сұғушылық объектісінің өзгеруінен және қылмыстық

---

<sup>103</sup> Нуртаев Р.Т. Борьба с неосторожными видами преступлений: проблемы эффективности. — Алматы, 1990.

<sup>104</sup> Рогов И.И. Уголовное право РК. Общая часть. — Алматы, 1998.

<sup>105</sup> Қылмыстық құқықтың Жалпы бөлімінің кейбір мәселелері. Оқу-әдістемелік құрал. — Қарағанды: Болашақ-баспа, 2005.

– құқықтық мағынадан тұратын» барлық қылмыстарға тән емес<sup>106</sup>.

Дегенмен, бұл қол сұғушылық объектісіне шынайы зиян келтіретін қылмыстың қоғамдық қауіптілігі жоқ дегенді білдірмейді. Ол «қылмыстардың барлығы да қол сұғушылық объектісінің өзгеріске ұшырау кезеңіне жетпейді, бірақ барлық қылмыстар осындай зиянның келтірілуіне шынайы қауіп тудырады, зиян келтіру қауіпі мен шынайы қылмыстық зиян оның белгілері болып табылады, оның басталуымен қылмыстық жауаптылыққа тарту сәті тікелей байланысты болса керек. Сондықтан, «қылмыстық нәтижеге қол жеткізу сәтіне дейін әрекет объектілік жағынан қоғамдық қауіпті. Және тек қылмыстық нәтиженің басталуы ғана қауіптің жаңа сапалы жағдайы — шынайы зиян келтіруге көшкенін дәлелдейді».

Бұл сұрақты шешу кезінде қажетті қорғанудың басты мәні-жолын кесу арқылы қоғамдық қауіпті қол сұғушылықтан қылмыстық заңмен қорғалатын объектілерді қорғауды негіз етіп алу керек. Және егер бұл объектілер теріс өзгерістерге ұшырамаса, бірақ оларға зиян келтірудің шынайы қауіпі төнсе, ал қажетті қорғануды қолдану мұның алдын алса, қажетті қорғану құқығы қолданылуы керек. Ендеше, қажетті қорғану құқығы құқық қорғау мүдделерін бұзудың шынайы қауіпі төнген сәттен басталуы керек, ол объектіге қоғамдық қауіпті әсерді алдын алуға мүмкіндік береді.

Мұндай амал, кейбір авторлар атап өткендей «болатын тікелей қол сұғушылықтың болуы» түсінігінде ішкі қарсылықты түсінуге мүмкіндік береді. Болатын тікелей қол сұғушылық жоқ және болуы да мүмкін емес. Қол сұғушылық болуы керек, не болмауы керек, және заңмен қорғалатын мүдделерге шынайы қауіп төнгенде де, қол сұғушылық болған деп есептеледі.

Осыған ұқсас көзқарасты Б.Ж. Жүнісов та ұстанады, ол «қоғамдық қауіпті қол сұғушылықтың басталу сәті туралы мәселені шешу кезінде қол сұғушылық тудырған шынайы қауіпке, және осы қол сұғушылыққа қарсы тұру үшін жедел шара қолдану қажеттігіне сүйену керек»<sup>107</sup> деп есептейді.

Бірақ, Г.-Г.С. Әбілғазиннің қорғану құқығының басталу сәтін анықтаудың жалғыз ғана критерийіне заңмен қорғалатын қоғамдық қатынастарға төнетін шынайы қауіп жататындығы туралы пікірі күмән тудырмайды, оның қол сұғушылыққа қарсылық көрсету үшін жедел шаралар қолдану қажеттігі туралы талабымен келісе алмаймыз.

Содан бері бұл пікірді көптеген ғалымдар қолдады, олардың айтуларынша, болған қол сұғушылық басталған болуы керек немесе тікелей басталайын деп жатуы керек, яғни жедел басталатындай болуы қажет.

<sup>106</sup> Абилгазин Г.-Г.С. Уголовное право РК: (Общая часть). — Қостанай, 2003.

<sup>107</sup> Жунусов Б.Ж. Уголовное право РК (Общая часть): Учеб.пос. — Қарағанды, 1998.

Мысалы, Е.О. Алауханов осы негізде ақша талап етуге қарсы қорғану мүмкін емес дейді, себебі ол жедел залал келтіруге қауіп төндірмейді, сол себепті оны тоқтатуды басқа амалдармен жасауға болады<sup>92</sup>.

Қандай басқа амалдармен залалды тоқтатуға болатынын Е.О. Алауханов көрсетпейді. Бұл жерде әртүрлі жолдары бар екенін айта кеткен жөн (мысалы, жәбірленуші өзінің заңды құқықтарын құрбан етіп, қылмыскердің талаптарын орындауы мүмкін немесе билік органдарынан көмек сұрауы мүмкін), бірақ олардың барлығы ҚР ҚК 32-бабындағы ережеге қайшы келеді, онда қорғану құқығы адамға қол сұғушылықтың қоғамдық қауіптілігінен қашып кетуге мүмкіндігіне немесе билік органдарынан көмек сұрауына қарамастан беріледі.

Сондай-ақ, елдегі қылмыс мемлекет тарапынан өте төмен дәрежеде құрықталып отырған, криминогендік жағдайда, осы түсініктерді қайта қарап, қажетті қорғануды ерте кезеңдерінде мойындау керек. Оны мынадай мысалдар арқылы көрсетуге болады.

Бұл жағдай Т.Т. Шықтыбаев айтып кеткен тұжырымның дұрыстығын дәлелдейді, ол мемлекеттің құқық қорғау құрылымдарынан қылмыс әлемінің сапалық және сан жағынан үстем болып отырған шағында, әсіресе, заңды ұстанушы азаматтардан күшті болып тұрғанда, қылмыскерлерге қол сұғушылықтың басталуына дейін ерік беріп қою құқық қорғау мүдделеріне орны толмас залал тигізеді деп көрсеткен<sup>54</sup>.

Сол себепті, біздің пікірімізше, қорғанудың дер кезінде жасалғанын мойындаудың объектілік әмбебап критерийіне заңмен қорғалатын мүдделерге шынайы қауіптің төнуі жатады, бұл жерде қол сұғушылық мүдделерді бұзуға тез арада қауіп төндіру қажеттігі міндетті емес.

Сондай-ақ, С.С. Молдабаев айтып кеткен пікір өте дұрыс деп ойлаймыз, ол бұл жерде субъектілік критерийдің — қорғанушының аталаған мүдделерге шынайы қауіп төнгенін сезінуінің болуын дәлелді түрде алға тартады<sup>83</sup>.

Өкінішке орай, қолданыстағы қылмыстық заң осы бағытта емес, оған қарама қарсы бағытта дамып келеді.

Мысалы, 21.12.2002 жылы ҚР ҚК 32-бабына енгізілген өзгерістер былайша тұжырымдалады: Қажетті қорғану жағдайында қол сұғушы адамға зиян келтіру, яғни қорғанушының немесе өзге бір адамның жеке басын, тұрғын үйін, меншігін, жер учаскесін және басқа да құқықтарын, қоғамның немесе мемлекеттің заңмен қорғалатын мүдделерін қоғамдық қауіпті қол сұғушылықтан қол сұғушыға зиян келтіру жолымен қорғау кезінде, егер бұл орайда қажетті қорғану шегінен асып кетушілікке жол берілмеген болса, ол қылмыс болып табылмайды.

Орыс тілінде «непосредственный» — «тікелей» деген сөз «прямо сле-

дующий после чего-нибудь, без посредствующих звеньев» — «бірнәрседен кейін қосымша көмексіз тура еру» дегенді білдіреді<sup>108</sup>.

Ал, өзіміздің ана тіліміз — қазақ тілінде «тікелей — тіке, туралай, тұп-тура, бірден» деген ұғымдарды танытады<sup>109</sup>.

Сондықтан заң қорғануға құқықты адам өміріне зорлықпен жасалатын қауіп төнгенде, оның артынан бірден шабуыл жасалғанда болатын жағдайда кез келген зиян келтіруге береді. Бұл жерде, қылмыскер тапаншасын алып, жәбірленушіні көздегенде, немесе сокқы беру үшін пышақты дайындағандағы шектен шыққан жағдайлар сөз болып отырған болуы мүмкін.

Заң шығарушының қорқыту қауіптілігіне баға берудегі мұндай ұстанымы қазіргі заманғы криминогендік жағдайды есепке алып отырған жоқ екенін айта кеткен жөн.

Ю.М. Каракетов атап өткендей, ертеректе «қорқыту объектілерінің шеңбері аз болған, ол көбіне қандай да бір соған сәйкес сөздерді айтудан, бірақ оны жүзеге асыруға қандай да бір әрекеттердің жасалмауынан тұрған. Қазір қорқыту сипаты мен маңызы өзгеріп кеткен: ол біршама қатал әрі қатан, ащы түрде айтылып, оның объектілер шеңбері кеңейген. Заңда айтылғаннан басқа қорқыту түрлеріне ұрлап кетуге, балаларды зорлауға, мүліктерді жарылғыш заттармен жаруға, дене жарақаттарын жасауға немесе умен улау арқылы өлтіру, радиоактивтік заттармен күйдіру және т. б. жатады.

Мұндай әрекет түрлері объектілік жағынан өте қауіпті әрі олар жәбірленуші тарапынан қорқынышты түрде жүзеге асатындай болып қабылданады. Қорқытуларды жүзеге асыру жағдайлары мен оларды жүзеге асыру құралдары күннен күнге артып келеді және олар азаматтардың көпшілігіне бағытталып отыр»<sup>46</sup>.

Қол сұғушылықтың аяқталу сәтін анықтау да проблема туғызып отыр. 2007 жылғы 11 мамырдағы № 2 ҚР Жоғарғы Сотының «Қажетті қорғану туралы заңдылықтарды пайдалану туралы» нормативтік қаулысыа сәйкес «қажетті қорғану шабуылдаушының қасақана немесе байқамай жасаған әрекеттері негізінде зиян келтірілгенде ғана емес, зиян келтіру әлі басталмай, оны келтірудің шынайы қаупі төнгенде (мысалы, қол сұғушылықты жүзеге асыру үшін дайындық әрекеттері жасалған) немесе қол сұғушы әлі заңға қарсы әрекетін жасауды аяқтамағанда (ұруын жалғастырғанда, пәтерден ұрлағанын шығарып үлгермеген), сондай-ақ қорғану аяқталған қол сұғушылық актісінен кейін бірден жасалса, бірақ қорғанушы үшін іс жағдайы бойынша оның аяқталу сәті белгісіз болғанда жасала алады.

<sup>108</sup> Ожегов С.И. Словарь русского языка. — М., 1990. — С. 408.

<sup>109</sup> Қазақ тілінің түсіндірме сөздігі / Жалпы редакциясын басқарған Т. Жанұзақов. — Алматы: Дайк-Пресс, 2008. — 843 б.

Аталған жағдайларды бағалау кезінде кінәлі үшін қол сұғушылықтың басталуы мен аяқталуы қаншалықты белгілі болғаны, осы жағдайда ол жағдайды дұрыс бағалай алды ма дегендерді негізге алу керек»<sup>98</sup>.

Осыған байланысты, аталған қаулыға сәйкес қажетті қорғануға құқық қол сұғушылықтың жолы кесілгенге дейін немесе ол аяқталғанға дейін сақталады. Бұл жерде қол сұғушылықтың аяқталғанына не жататындығын анықтап алу керек. ҚР ҚК 25-бабына сәйкес қылмыс егер адам жасаған әрекетте Кодексте қаралған қылмыс құрамының барлық белгілері бар болса, онда аяқталған болып есептеледі. Сондықтан, кейбір авторлар қол сұғушылықтың аяқталуын қылмыс құрамының орындалуымен байланыстырғысы келеді. Бірақ, қол сұғушылықтың аяқталуын мойындау мен қылмыстың заңды түрде аяқталуы арасындағы ұқсастықтарға қарсылығымызды білдіреміз, себебі жоғарыда атап кеткендей, қорғану қылмыс болып табылмайтын қол сұғушылықта да қолданылуы мүмкін.

Сонымен қатар, егер қол сұғушылықтың аяқталуын қылмыстың заңды аяқталуы кезінде болады деп есептесек, адамның қажетті қорғануға құқығы бір шамаға шектелген жағдайлар туындауы мүмкін.

Онда қылмыстың аяқталу сәті қылмыс әрекетінің бастапқы кезеңдеріне ауысуы мүмкін.

Мысалы, қарақшылық бөтеннің мүлкін тонау мақсатында шабуылдау сәтінен аяқталған деп есептеледі. Мұндай заңды құрылым бұл қылмыс түрінің қоғамдық қауіптілігінің жоғары болуымен және осы шараларды қолдану арқылы заң шығарушының оны жасағаны үшін жауаптылықты күшейтуімен байланысты. Сондықтан, бұл жерде де қажетті қорғану құқығын шектеу қарақшылықтың заңды түрде аяқталуына теңестіру әділетсіз болар еді. Қарақшылық кезінде және тікелей шабуыл сәтінен кейін де заңмен қорғалатын мүдделерге қауіп сақталатыны белгілі. Өзге жағдайлар сияқты бұл жерде де қорғану құқығының аяқталу сәті қылмыстың шынымен де аяқталу сәтімен байланысы болуы керек.

Профессор И.Ш. Борчашвили дұрыс атап өткендей, «қылмыстың шын мәніндегі аяқталуы субъектінің қасақана қылмыс жасауда қойған мақсатқа (немесе мақсаттарының біріне) қол жеткізумен немесе байқаусызда жасаған қылмыстық әрекеті басталуымен анықталады. Қылмыстың шын мәніндегі аяқталуы қол сұғушылық объектісін бұзумен сәйкес келеді»<sup>98</sup>.

Көріп отырғанымыздай, қол сұғушылықтың басталу сәтін анықтау кезінде, оның бастапқы сәтін анықтағандай, қол сұғушыға залал келтіру арқылы қылмыстық заңмен қорғалатын мүдделерді қорғаудан тұратын, қажетті қорғану институтының табиғатына сүйену керек. Ендеше, заңмен қорғалатын қатынастарға қауіп төнуі аяқталған сәтке дейін қорғау құқығы жүзеге аса береді. Сондықтан, қорғанудың уақыттық шегін анықтаудың

эмбебап критерийіне қол сұғушыға залал келтіру арқылы жоюға болатын, заңмен қорғалатын мүдделерге шынайы қауіптің болуын жатқызу керек.

Сондай-ақ, қылмыстық құқық теориясында аяқталған қылмыс кезеңдерінің ерекшеліктеріне байланысты созылмалы және жалғасқан қылмыстар сияқты түрлерін атауға болады. Елдегі қазіргі криминогендік жағдай осындай қылмыстардан қорғану әрекеттерінің уақытша шегін бекіту қажеттігін көрсетіп отыр. Мысалы, созылмалы қылмыстарда объектілік жағын орындау белгілі бір уақыт бойы үзілместен жалғасады.

Қазіргі уақытта мұндай әрекеттер кеңінен тараған (мысалы, адамды ұрлау, кепілге адамдарды алу, заңсыз бостандығынан айыру, бандитизм, қылмыстық қауымдастыққа қатысу, заңсыз қару-жарақ пен жарылғыш заттар сақтау және т. б.), және олар әдетте аса зор қоғамдық қауіп төндіреді. Заң жүзінде мұндай қылмыстар қылмыс құрамының объектілік жағын білдіретін, әрекеттерді (әрекетсіздіктерді) орындау сәтінен бастап аяқталған болып есептеледі. Бірақ, жәбірленушінің заңмен қорғалатын мүдделері үшін осы сәттен кейін де қауіп сақталатыны белгілі<sup>103</sup>.

Осындай жағдайларда қажетті қорғанудың уақыттық шегін қалайша белгілеуге болады?

Біздің ойымызша, бұл жерде қылмыстық заңмен қорғалатын мүдделер үшін қауіптің болуы міндетті эмбебап критерийді басшылыққа алу керек.

Г.Ф. Поленов атап өткендей, созылмалы қылмыстар кезінде орындаушы қылмыстық жағдайдан шыққанша (немесе «алып тастағанша») барлық уақыт бойы үздіксіз қоғамдық қауіпті жағдайда болады<sup>45</sup>.

Сондықтан, заңмен қорғалатын мүдделер үшін қауіп қылмыстық әрекеттің шын мәнінде тоқталуына дейінгі (кепілдегілерді босату, банди мүшелерін қамауға алу, қаруды құқық қорғау органдарының алуы немесе оны сақтаушының өз еркімен беруі және т. б.) уақыт аралығында сақталады.

Мысалы, адамды ұрлау кезінде қылмыстық әрекет жасалған уақыт бойы қол сұғушылық болады, ал қорғану жәбірленушіні ұстау кезіне де, оның әрі қарайғы орналастырылуы мен ұсталуында да шамалас болады. Алдын ала келісу бойынша адамдар тобымен немесе ұйымдасқан топпен адамды ұрлау жасалғанда, қорғану топтың барлық мүшелеріне қарсы қолданылуы мүмкін.

Жалғастырылған қылмыстар біртұтас ниетпен қамтылған, бірнеше бірыңғай актілерден тұрады, әдетте олар біртектес әрекеттермен жасалады, бір ғана объектісі болады, ортақ мақсат пен жалпы бір қылмысты құрайды. Осы актілердің соңғысы жасалып біткенде қылмыс аяқталған болып есептеледі. Жалғастырылатын қылмыстарда қажетті қорғануды жеке эпизодтар жасалған кезеңде де, сондай-ақ оларды жасаудағы шынайы қорқыту болғанда да қолдануға болады.

Мысалы, қылмыскер бірнеше рет белгілі бір затты ұрлау үшін бір тұрғын жайға кіреді, оны бірден әкетуге мүмкіндігі болмағандықтан, әр келген сайын мүліктің бөліктерін алып отырады. Егер аталған тұрғын жайдың иесіне белгілі бір уақыт аралығында қылмыстың бір эпизоды жасалатыны белгілі болса, ол қорғану әрекетін дайындап, оны жасауға құқылы (мысалы, қылмыскерді ұстап, ұрлықтың жолын кесу мақсатында торуыл құру; техникалық құрылғылар мен жабдықтарды оларды пайдалану заңдылықтарын сақтай отырып құрып қою және т. б.).

Осыған орай, қажетті қорғану жағдайы қол сұғушылық шын мәнінде аяқталған сәттен бастап жүзеге асырылуын тоқтатады. Қол сұғушылықтың шын мәнінде аяқталуының бірнеше түрлерін бөліп алуға болады.

Бірінші жағдайлар тобы қол сұғушының өзімен байланысты — қол сұғушылық соңғысының қылмысты жалғастырудан өз еркімен бас тартуына байланысты тоқтатылады. Қол сұғушы қылмысты әрі қарай жасаудан, мысалы, қылмыстық жауаптылықтан қорқудан немесе жәбірленуші тарапынан қатты қарсылық көргендіктен; жәбірленушіні аяғандықтан; туындаған қиындықтарды жеңу мүмкіндігінің жоқтығынан және т. б. жағдайларда бас тартуы мүмкін. Мұндай бас тартудың себептері әртүрлі болуы мүмкін, және олардың заңды мәні болмайды. Ең маңыздысы бұл бас тарту түбегейлі, ал қол сұғушылық тек тоқтатылған ғана болмауы керек, мысалы, күш жинап алу үшін, шабуылдаудың сәтін күту, шабуыл жасауға қаруды дайындап алу және т. б. тоқтатылған қол сұғушылық доғарылғанмен салыстырғанда кез келген сәтте қайтадан басталуы мүмкін.

Қол сұғушылықтың доғарылуы қорғанушы тарапынан түсінікті болуы керек, сондықтан қол сұғушының әрекеті мен объектілік жағдай оның доғарылғанын дәлелдеуі керек.

Біздің пікірімізше, қол сұғушыға, бастапқы агрессор ретінде өз әрекеттерімен қол сұғушылықтан түбегейлі бас тартқаны туралы көрсету міндеті жүктелуі керек.

Жағдайлардың екінші тобына қол сұғушының өз әрекеттерін мәжбүрлі түрде шектеуі және соның нәтижесінде олар қорғанушы немесе бөтен адамдар тарапынан жолы кесілгені жатады. Бұл жерде сөз жәбірленушінің өзінің немесе бөтен адамдардың табысты қорғану әрекеттері нәтижесінде қол сұғушылыққа тойтарыс берілгені туралы болып отыр.

Көріп отырғанымыздай, қол сұғушылықтың алды алынғанын немесе жолы кесілгенін анықтау үшін сол баяғы қандай да бір заңды игіліктерге қауіптің төнуінің болуы критерийін басшылыққа алу керек. Егер, қолданылған қатты қорғану әрекеттеріне қарамастан, заңмен қорғалатын мүдделерге қауіп сақталатын болса, қорғану заңды болып табылады. Қару қорғанушы қолына түсетін және ол оны қорғану мақсатында пайдаланатыны

сияқты жағдайлар практикада жиі кездеседі. Егер қарудың көшуі қоғамдық қауіпті қол сұғушылықты тоқтатпаса, келесі қорғану да заңды болады.

Осыған орай, заң жүзінде қорғалатын игіліктерге қауіптің төнуі болды ма деген фактіні анықтау, қол сұғушыға зиян келтіретін әрекетті жасаудың уақыттық шегін анықтау үшін объектілік критерий қызмет етеді. Бірақ, субъектілік жағын да есепке алу қажет — қорғанушы қол сұғушылықтың жолы кесілгені және заң жүзінде қорғалатын мүдделерге төнген қауіп жоқ екенін сезінуі керек.

Ең соңында, үшінші топқа қол сұғушы өз мақсатына жетіп, заңмен қорғалатын объектіге қол сұғып, және оны қолсұғушыға зиян келтіру арқылы қалпына келтіру мүмкін болмайтын жағдайларды жатқызуға болады.

Мұндай қол сұғушылықтарға ар мен намысқа қол сұғу жатады, ол жөнінде дау туып, ондай әрекеттерден қажетті қорғану қажет пе деген сұрақ туындаған.

Біздің ойымызша, егер адам бір рет жәбірленушіге тіл тигізсе, бұл жерде заңмен қорғалатын қатынастар бұзылады және оларды қалпына келтіру мүмкін емес, сондықтан қорғануға орын жоқ. Егер адам тіл тигізуін жалғастырса және оны тоқтатуды қоймаса, ондай әрекеттерден қорғануға, мысалы, соққы беру арқылы болады.

Бұл жерде даулы жағдайлар туындауы мүмкін.

Мысалы, А.Г. Пушечниковтың ойынша, қорғандың материалдық құрамымен қылмыс жасау объектілік жақтың бір ғана элементін орындаған кезде мүмкін — ол әрекет. Ол «әрекет аяқталғаннан кейін қоғамдық қатынастарға зиянды ықпал да тоқтатылады. Егер салдары әрекет аяқталғаннан кейін туындаса да, олар оның тек нәтижесі болып қала береді. Егер әрекет орындалған болса, одан кейін қолданылған қорғану әрекеттері зиянның басталуына кедергі болмайды»<sup>48</sup>.

Біздіңше бұл ой дау-дамайлы сияқты. Мұндай себеп-салдарлық байланыстың даму жағдайлары әрекет орындалғаннан кейін қолданылған қорғану шаралары оның дамуына бөгет жасап, қоғамдық қатынастарға зиян келтірудің алдын алады. Сондықтан, көріп отырғанымыздай, қажетті қорғану қылмыстық нәтиже басталғанға дейін мүмкін.

Кейбір авторлар мұндай жағдайларды «кешіккен қорғану» деп атайды<sup>110</sup>.

Біздің ойымызша, бұл жағдайда қорғанушының қол сұғушылық аяқталған сәтке қатысты кешірілімді қателігі болуы керек. Көптеген себептерге

---

<sup>110</sup> Биебаев А.Ә., Сыздық Б.К. Әрекеттің қылмыстылығын жоятын мән-жайлардың кейбір түрлері. Заң оқу орындары мен факультеттеріне арналған оқу құралы. — Қарағанды: Болашақ-Баспа, 2003.

байланысты (қол сұғушылықтың кездейсоқтығы мен жылдамдығы, қорғанушының күшті жан дүниесінің толқу үстінде болуы және т. б.) ол қателесуі мүмкін және қол сұғушылық шын мәнінде аяқталғанына қарамастан, әлі аяқталған жоқ деп есептеуі мүмкін.

Қол сұғушылықтың бастапқы және соңғы сәтін анықтау туралы тек аталған 11.05.07 жылғы ҚР Жоғарғы Сотының нормативтік қаулысында ғана аталған, ал тәжірибеде бірізділікті сақтау үшін ҚК 32-бабына арнайы Ескертуді мынадай редакцияда беруге болар еді деп есептейміз: «Қажетті қорғануға қатысты құқық тұлға мен қорғанушыға қатысты және басқа адамдарға, қоғам мен мемлекеттің заңды қорғалатын мүдделеріне нақты қауіп төнгеннен және оны қалпына келтіргенге дейін пайда болып туындайды».

Қол сұғушылықтың болу белгілерін қарау барысында қоғамдық қауіпті қол сұғушылықтың алдын алу және жолын кесуге арналған қорғану құрылымдары туралы мәселені қозғаған дұрыс. Мұндай құрылымдарды пайдаланудағы қарсыластардың негізгі аргументтері осы жағдайларда қол сұғушылықтың белгілері ғана болмайды дейді.

Профессор Д.С. Чукмаитовтың есептеуінше, қорғану құрылғыларын қолданған кезде «мүмкін болған болашақтағы қол сұғушылықта зиян келтіруге бағытталған әрекет туралы сөз болғандағы жағдайдың өзі мұндай әрекеттерді қажетті қорғану жағдайында жасалғандар деуге негіз болмайды»<sup>111</sup>.

Я. Нарин де осы пікірді ұстанады.

Бұл пікірмен біз келісе алмаймыз, себебі қорғану құрылғылары алдын ала орнатылғанымен де, әдетте, ол тек қол сұғушылық сәтінде пайдалануға есептелген.

Қорғану құрылғысына не жататынын алдымен анықтап алу керек. Авторлардың ойлауынша, «тек оның иесінің әсер етуі арқасында ғана іске қосылатын тірі нысананы өлтіруге арналған құрылғыларды қажетті қорғану жағдайында оларды пайдалануға құқылы» жағдайда ғана болады<sup>60</sup>.

Осындай құрылғыларды туындаған нақты жағдайларға байланысты қолдану заңдылығы қағидасымен келісе отырып, қол сұғушылық кезінде біз оларды қорғану құрылғысына жатқыза алмаймыз. Бұл жағдайда өздігінен атылатын және өзге де осыған ұқсас құрылғыларды қорғанушы тек қорғану құралы ретінде ғана пайдаланады.

Осыған байланысты, қорғану құрылғыларына заңмен қорғалатын игіліктерді қол сұғушыға зиян келтіру арқылы қорғауға арналған оны орнатқан

---

<sup>111</sup> Чукмаитов Д.С. Некоторые проблемы применения уголовного наказания // Право и государство. — 1997. — № 4.

адам әрекетімен емес, автоматты түрде іске қосылатын механикалық және өзге де құрылғылар жатады.

Көптеген ғалымдардың қорғану құрылғыларын орналастыруды заңды деп есептегенін атай кеткен дұрыс.

Мәселен, Г.-Г.С. Абилгазин осындай қорғану құрылғыларын мемлекеттік және жеке меншікті қорғауға пайдалануға болады деп есептегенімен, бірақ оның көмегімен жеке меншікті қорғауды жоққа шығарды<sup>72</sup>.

Осыған орай, қазіргі уақытта біздің елімізде заң меншіктің кез келген түрін, нысанын бірдей дәрежеде қорғайды, сондықтан мұндай пікірдің тиімді емес екенін көреміз.

Әдебиеттерде қажетті қорғану кезінде қорғану құрылғыларын қолданудың заңдылығы жағдайы дайындалған болатын. Көптеген авторлар оны пайдалану егер одан қоғамдық қауіпті қол сұғушылық жасамаған, кінәсіз адам жапа шекпесе ғана қолдануға болады деп көрсетеді<sup>112</sup>.

Моделдік Қылмыстық кодексте жаңа норманы бекіту ұсынылған: «Қажетті қорғану туралы ережелері заңмен қорғалатын мүдделерді қылмыстық қол сұғушылықтардан қорғану үшін техникалық құрылғыларды, егер олар қоғамдық қауіпті қол сұғушылық жасамаған болса, қолдануға болады»<sup>90</sup>.

Осыған орай, Моделдік кодекс авторлары қорғану құрылғыларына мынадай талаптар қояды: 1) «Қажетті қорғану туралы ережені» сақтау; 2) Құрылғы қоғамдық қауіпті қол сұғушылық жасамаған адамдарға қауіп төндірмеуі керек.

Бірақ, екінші талап, негізінен, қажетті қорғанудың заңдылығының бір талабы болып табылатынын айта кеткен жөн, соған сәйкес зиян үшінші тұлғаға жасалмауы керек.

Осы проблемаға қатысты тәжірибеде біркелкі ұстанымдармен қатар бірізді әдіс-амалдардың да жоқтың қасы.

Мысалы, біз пікір-жауап сұраған полиция қызметкерлерінің 59 %-ы қылмыстық қол сұғушылықтардан қорғану үшін техникалық құрылғыларды және тетіктерді пайдалану заңсыз деп есептейді (1,5 %-ы жауап беруге қиналған), ал 79,4 %-ы – заңды деп ойлайды, соның ішінде олардың 51,8 %-ы кінәсіз адамдарға зиян келтірмеуді заңдылықтың міндетті талабы болуы керек деп есептейді, 24,1 %-ы – кісі өліміне әкеліп соғу немесе денсаулыққа ауыр зиян келтірмеу, 24,1 %-ның ойынша оларды пайдалану кез келген жағдайда заңды деп есептейді.

Біздің пайымдауымызша, қорғану құрылғыларын қолдану қажетті қорғанудың жеке жағдайы, сондықтан заңдылық жағдайының жеке дайын-

---

<sup>112</sup> Уголовное право Республики Казахстан. Общая часть. / Под ред. Рогова И.И., Баймурзина Г.Б. — Алматы: Жеті жарғы, 1998.

далуын қажет етпейді. Оған қол сұғушылыққа да, қорғануға да қатысты қажетті қорғану заңдылығының барлық талаптары таратыла береді.

Мәселен, осы құрылғылар:

- шынайы қоғамдық қауіпті қол сұғушылықтың алдын алу немесе жолын кесу үшін орналастырылуы керек;

- қол сұғушылықтың болуын сақтау үшін ол орын алған уақытта әрекет ету керек;

- заңмен қорғалатын мүдделерді қорғау үшін ғана қолданылуы керек;

- оны қолданғанда зиян үшінші тұлғаға жасалмауы керек;

- қорғануға арналған құрылғылар мен қол сұғушылық сипаты мен қауіптілігі арасында сәйкессіздік болмауы керек, — деп санаймыз.

Қорғану құрылғыларын қолдану кезіндегі заңдылық талаптарының ерекшелігіне олар қол сұғушылық жасалған кезде оның сипатын анықтауға қабілетті емес, қорғанушы да солай болады. Сондықтан, қорғану құрылғыларын құрған адам заңмен қорғалатын мүдделерге төнетін қауіп мүмкіндігінің дәрежесін алдын ала бағалап, соған сәйкес қорғану құрылғыларын таңдауы керек, сондай-ақ үшінші тұлғаға зиян жасалмауын алдын алу шараларын қолдануы керек.

Біздің ойымызша, бұл сұрақтың шешімі белгілі бір қиындық туғызады. Қандай жағдайда, мысалы, құрылған құрылғының кінәсіз адамдарға зиян келтіруінің алдын алуға болады?

Әдебиеттерде бұл жөнінде былай делінген: «денсаулыққа зиянды қорғау құрылғыларын қолдану туралы болашақ құқық бұзушыларға оны иесі ескерту жасау түріндегі шаралар қолдануы керек»<sup>113</sup>.

Бұл ұсыныс назар аударарлық дүние. Дегенмен, ол қорғану құрылғыларды құрудың барлық жағдайларында қолданыла алмайды. Кей жағдайда, мұндай талаптарды орындау оларды пайдалану тиімділігін азайтар еді.

Мысалы, әккі ұры тұрғын үйді немесе өндірістік мекен-жайларды қорғау үшін қорғану құрылғылары орнатылғанын білсе, олардың әрекет етуінен қашудың қандай да бір амалдарын ойлап табар еді. Содан болар, қазір полиция қорғауына қорғану сигнал беру жүйесін берген кезде, оны барынша білдірмеуге тырысады. Соған қарамастан, егер қорғану құрылғылары қол сұғушыға ықпал етуге есептеліп құрылса, және олар бұл жерлерге кездейсоқ, кінәсіз адамдар кірмейтін орын болса, онда оның бар екенін ескерту жоқ болса да, ол заңды болады. Оған мысал ретінде, қақпан, тұзақтардың әр түрлерін учаскенің өзіне және кездейсоқ, бөтен адамдар

---

<sup>113</sup> Рахимжанова Г.К. Институт обстоятельств, исключаяющих преступность деяния в УК РК // Уголовный кодекс Республики Казахстан: проблемы и перспективы: сборник научных трудов. — Караганда: КВШ КНБ РК, 1999.

бара қоймайтын орындарға орнату жатады. Егер құрылғы кездейсоқ, бөтен адамдар (соның ішінде балалар) бара алатын жерде орналастырылса, олар денсаулыққа ауыр қауіп төндірмейтіндей болуы керек (мысалы, участок шекарасын тікенекті сыммен қоршау).

Мұндай проблеманы шешудің көзі осындай құрылғылардың өздерінде жатыр. Біз оларды адамның қатысуынсыз іске қосылатын, автоматты деп бөлдік. Бұл оларды пайдалану кезіндегі барлық қолданған шараларға қарамастан, ол үшінші тұлғаға зиян келтірілмеуіне кепілдік жоқ дегенді білдіреді, яғни, ондай іс-шаралар қараптан — қарап жасалмауы керек: құрылғы оның алдында кім тұрғанын — қылмыскер немесе кінәсіз адам ба анықтай алмайды.

Профессор Р.Т. Нұртаевтың айтуынша, «осындай құрылғыларды бөтендерге кіруге болмайтын, пәтерге немесе үйге орнату кезінде төтенше жағдайларда қоғамдық пайдалы қызмет атқарып жатқан адамдардың өмірі мен денсаулығына зиян келтірілуі мүмкін жерлерге орналастыруға болмайды.

Мысалы, өрт кезінде, су құбырының бұзылуы нәтижесінде су басу немесе газ шыққан кезде бөтеннің тұрғын үйіне жедел кіру қажеттігі туады<sup>70</sup>.

Сондай-ақ егер құрылғы автоматты болса, олар адамның жоқ кезінде іске қосылуына есептелген. Оларды қолданған кезде жеке адам емес, мүдделер қорғалады. Сондықтан біз осы құрылғылар қасақана кісі өлтіру немесе адам денсаулығына ауыр зиян келтіру қаупін тудырмауы керек деген талап қойған зерттеушілердің»<sup>65</sup> пікірлерімен келісеміз.

Қол сұғушылыққа қатысты қажетті қорғану заңдылығының үшінші талабына оның шынайылығы жатады.

Кейбір криминалист-ғалымдардың шынайылық белгісі артық деп есептейтінін айта кеткен дұрыс.

Профессор Е.А.Оңғарбаевтың айтуынша, бұл белгі тек шабуыл болуы керек дегенді білдіреді, сондықтан бұндай белгіні ұсынудың орнына қажетті қорғану заңдылығына қатысты адамның қате түсініктері салдары туралы мәселе көтеру керек.

Біздің пайымдауымызша, қол сұғушылықтың шынайылығы деген сияқты белгіні бөліп алу маңызды теориялық және практикалық мәнге ие, себебі ол қажетті қорғануды жалған қорғанудан ажыратады, шектейді және жалған қорғанудың заңды салдары туралы әрбір нақты жағдайының мәселесін шешуге мүмкіндік береді. Негізінен мұны Е.А. Оңғарбаевтың өзі де теріске шығарған емес.

Шынайылық белгісі заңда бекітілген емес, дегенмен оны заңның нормаларын логикалық тұрғыда түсіндіру жолымен анықтауға болады. ҚР ҚК 32-бабында көрсетілгендей, қорғану құқығы қоғамдық қауіпті қол сұғу-

шылықпен байланысты, ендеше, мұндай қол сұғушылық шынайы болып, объектілік шынайылықта жүзеге асуы керек.

Жалған қорғану кезінде, керісінше, қол сұғушылық тек «қорғанушының» қиялында ғана өмір сүреді. Осыған байланысты, жалған қорғану жағдайларында сөз онда кеткен қателігі туралы болып отыр.

Жалған қорғанумен шатастыруға болмайтын қателіктердің бірнеше түрі бар. Мәселен, қорғанушының қоғамдық қауіпті қол сұғушылықтың сипаты мен дәрежесінде қателесуі мүмкін (мысалы, қылмыскер қарақшылық шабуылы кезінде тапаншаның макетін пайдаланды, ал қорғанушы оны шын қарумен қорқытты деп ойлайды). Қорғанушы қол сұғушылықты болды деп қателесуі мүмкін, ал ол шындығында аяқталған. Және ең соңында, зиян кім қол сұғушылықты жасағанға емес өзгеге жасалуынан қате кетуі мүмкін. Бірақ бұл жағдайларда шынайы қол сұғушылық орын алған немесе орын алады. Жалған қорғану кезінде қол сұғушылық мүлдем болмайды, ал зиян кімнен адамдарға жасалады.

Жалған қорғанудың заңды салдарына заңда арнайы регламент белгіленбеген. Доктринада жалған қорғану жағдайын шынайы кеткен қате туралы білім негізінде дәстүрлі түрде қарау ұсынылады

«Қажетті қорғануды жалған қорғанудан ерекшелеп алу керек. Жалған қорғану кезінде қоғамдық қауіпті қол сұғушылық шынайы тұрғыда жоқ болады, бірақ болған оқиға жағдайы қорғанушыға ол жасалып жатыр деп есептеуге негіз болады да, осыған байланысты ол өзін осындай қол сұғушылыққа қарсы әрекет жасап жатырмын деп қателеседі.

Жалған қорғану кезінде келтірілген зиян үшін қылмыстық жауаптылық мынадай жағдайларда ғана қарастырылады: 1) зиян келтіруші болған жағдайға байланысты өзін қажетті қорғану жағдайында әрекет етіп жатырмын деп ойлайды, бірақ өзі оның шегінен шығады; 2) зиян келтіруші егер жағдайды дұрыс бағалайтын болса және қоғамдық қауіпті қол сұғушылықтың жоқтығы туралы қорытынды жасаған жағдайда (мысалы, көршісінің пәтерінен сөмке ұстаған бөтен адамды көреді де, ұрлық жасалып, зиян келтірілген деп ойлайды, ал жәбірленуші көршілерінің туысы болып шығады).

Мұндай жағдайларда адам шынайы қателігі туралы ережелер бойынша, яғни заңмен қорғалатын объектілерге байқаусызда зиян келтіргені үшін жауаптылыққа тартылады»<sup>98</sup>.

Оқиға жағдайы шынайы қол сұғушылық жасалды деген негіз берсе, қорғану құралын қолданған адам өз ойының қателігін сезінбесе, немесе сезіне алмаса, оның әрекетін қажетті қорғану жағдайында жасалды деп қарастыру керек. Егер бұл жерде шынайы қол сұғушылыққа сәйкес жағдайда болатын қорғану шегінен шығып кетсе, ол қажетті қорғану шегінен шыққаны үшін жауаптылыққа тартылады.

Егер адам қол сұғушылықтың жалғандығын сезінбей зиян келтірсе, бірақ іс жағдайы бойынша оны сезінбесе, мұндай адамның әрекеті байқау-сызда зиян келтіргені үшін жауаптылыққа тартуды қарастыратын, қылмыстық кодекс баптары бойынша сараптауға жатады<sup>70</sup>.

Осыған байланысты, заң нормасын түсіндіру жолымен және жоғарыда аталған ҚР Жоғарғы Сотының қаулысын есепке ала отырып, қажетті қорғану мен жалған қорғанудың ортақ және ерекше белгілерін анықтауға болады. Оларға ортақ белгіге қандай да бір сыртқы, объектілік тұрғыдағы мінез-құлық актілері жатады, олар қандай да бір себептерге байланысты қорғанушы заңмен қорғалатын мүдделерге қоғамдық қауіпті қол сұғушылық деп немесе осындай қол сұғушылық қауіпін деп қабылдайды (жалған қорғану кезінде оны қорғанушы деп атауға да болмайды).

Ендеше, қажетті және жалған қорғауды жүзеге асыратын адамдардың мақсаты ұқсас — қол сұғушыға зиян келтіру арқылы қоғамдық қауіпті қол сұғушылыққа қарсы тұру. Екі жағдайда да заңмен қорғалатын мүдделерді қорғауды себеп етіп алады. Бірақ, егер қажетті қорғану кезінде қоғамдық қауіпті қол сұғушылық шынайы болса, жалған қорғану кезінде қол сұғушылық тек «қорғанушының» қиялында ғана болады. Жалған қорғану кезінде зиян ешқандай қоғамдық қауіпті қол сұғушылық жасамаған кінәсіз адамдарға жасалады. Сондықтан, егер қажетті қорғану кезінде заңды әрекеттер қоғамдық пайдалы бола алса, немесе кем дегенде әлеуметтік тиімсіз болса, жалған қорғанушы әрекеті өзінің әлеуметтік мазмұны бойынша қоғамдық қауіпті болып табылады.

ҚР Жоғарғы Сотының нормативтік қаулылары бұл жағдайларды қажетті қорғану ережелері бойынша қарастыруды ұсынады, себебі ол жалған қорғанудан өзінің құқықтық табиғаты бойынша ерекшеленеді.

Жалған қорғану мен қажетті қорғану тек субъектілік жағымен, сыртқы қабылдануымен, объектілік тұрғыда бар оқиғалар, құбылыстармен, заңмен қорғалатын мүдделерге зиян келтіруге қауіп төндіретін, қоғамдық қауіпті мінез құлық актілерімен ғана ұқсас.

Субъектілік жағынан ұқсастығы қажетті және жалған қорғанудың себебі мен мақсаты бірдейлігінен көрінеді. Керісінше, құқықтық табиғаты мен әлеуметтік мазмұны бойынша бұл мән-жағдайлар әртүрлі болып келеді.

Осыған орай, егер қажетті қорғану қылмыстық әрекетті жоққа шығаратын мән-жағдай ретінде, оның қоғамдық қауіпін, қылмыстық заңға қайшылығын жоққа шығарса, онда жалған қорғану кей жағдайларда кінәнің жоқтығынан тек қылмыстық жауаптылықты ғана жоққа шығарады.

Аталғандар жалған қорғану негізінен қылмыстық жауаптылықты жоққа шығаратын дербес жағдай болып табылады. Сондықтан, көптеген зерттеушілердің заңға жалған қорғану туралы түсінік енгізу және жалған қорға-

нушы әрекеттерінің құқықтық салдарын тұжырымдауды ұсынғаны назар аударарлық<sup>114</sup>.

Дегенмен, біз Б.Ж. Жүнісовтың жалған қорғану жағдайында қолданған әрекеттері жалпы негіздерде жауапқа тарту керек деген пікірімен келісе алмаймыз<sup>73</sup>.

Бұл жерде жалған қорғанушының жасағанына деген субъектілік қатынасын есепке алу керек. сол себепті, бұл сұрақтың дұрыс жауабы жоғарыда аталған ҚР Жоғарғы Сотының нормативтік қаулысында дұрыс орын алған деп есептейміз. Онда жалған қорғанудың екі түрі көрсетілген.

Бірінші түрі шынайы қоғамдық қауіпті қол сұғушылықтың орын алуына қатысты адамның кешірімді қателігімен байланысты. Егер оқиғаның барлық жағдайы қорғалушыға шынайы қол сұғушылықтың болуына негіз болса, және ол оны сезінбесе, ал іс жағдайы оның өз ойының қате екенін сезіне алмаса, оның әрекетін қажетті қорғану жағдайында жасалған деп қарау керек. Бұл жағдайда адам өз еркімен болып жатқан оқиғаға қатысты ада-сады, қателеседі және барлық болып жатқан жағдай оған негізді болады, сондықтан оның әрекетінде қылмыс құрамы болмағандықтан кінәсі де жоқ.

Егер адам шынайы қоғамдық қауіпті қол сұғушылық болғанда кешірімді қатемен байланысты, жалған қорғану кезінде шынайы қол сұғушылыққа сәйкес жағдайда жасалған әрекеттер қажетті қорғану шегінен шығу болып табылса, онда ол қажетті қорғану шегінен шығу кезіндегі қылмысқа жауаптылықты қарастыратын ҚР ҚК-нің баптары бойынша жауаптылыққа жатады.

Жалған қорғанудың екінші жағдайы адам қол сұғушылықтың жалған екенін сезінбестен зиян келтіреді, ал іс жағдайы бойынша ол оны сезінбеуі де мүмкін. Себебі бұл жағдайда адам кешірілмейтін қателік жібереді, ол байқамай зиян келтіргені үшін жауаптылыққа тартылады. ҚР Ерекше бөлімінде байқаусызда кісі өлтіргені, денсаулыққа ауыр немесе орташа ауырлықтағы зиян келтіргені бойынша ғана жауаптылықты қарастырады, ал жалған қорғану кезінде денсаулыққа жеңіл зиян келтірілсе, ол адам жауаптылыққа тартылмайды деп көрсетілген.

Қажетті қорғану шегінен шығу салдарына қатысты заңда әлі күнге дейін қандай залал келтіргенде қажетті қорғану шегінен шыққаны үшін жауапқа тартылатыны туралы мәселе шешімін таба алмай отыр.

Н.Н. Турецкийдің ойынша, қажетті қорғану шегінен шыққаны қылмыстық жауапқа тартылу тек кісі өлтіру немесе денсаулыққа ауыр зиян келтіру жағдайларында ғана қаралуы мүмкін. Денсаулыққа жеңіл зиян келтіру,

---

<sup>114</sup> Борчашвили И.Ш., Пенчуков В.А. Учебно-методическое пособие по изучению Общей части УК РК. — Караганда, 1995.

орташа ауырлықтағы, сондай-ақ қажетті қорғану шегінде дененің ауыруына әкеп соғатын өзге де зорлықпен жасалған әрекеттерде ешқандай қылмыстық-құқықтық салдар болмайды<sup>67</sup>.

Кейде, қажетті қорғану шегінен шығу кезінде денсаулыққа орташа ауырлықтағы, жеңіл зиян келтіру және т. б. жалпы негіздегі жауаптылық қарастырылуы керек, себебі бұл жағдайлар үшін арнаулы құрамдар қарастырылмаған.

Мысалы, сауалнама жүргізілген полиция қызметкерлерінің тек 36,8 %-ы қажетті қорғану шегінен шығу, егер ол денсаулыққа орташа ауырлықтағы зиян келтірумен немесе ірі материалдық зиян келтірумен көрінсе, олардың барлығында да жаза тағайындау мәселесі қаралады, — деп есептейді.

Сұралғандардың 58,8 %-ы қорғану эксцесі кезінде мұндай салдарлар, егер олар байқаусызда жасалған болса, жазаланады, ал қасақана жасалса, жауаптылыққа ҚР ҚК соған сәйкес баптарымен қаралуы керек деген пікірді ұстанады.

4,4 % респонденттер бұл сұраққа жауап беруге қиналды.

Біз Н.Н. Турецкийдің бұл көзқарасымен толықтай келісеміз, аталған жағдайда ғана емес, өзге де мүліктік залал келтіргені үшін қажетті қорғану шегінен шыққаны үшін жауаптылыққа тартылмауы керек. Жазаға қажетті қорғану шегінен шыққаны үшін арнаулы ҚР ҚК Ерекше бөлімінде қаралған баптар бойынша ғана тартылады.

Тарих беттеріне тағы бір қайта үңілсек, 1903 жылғы Қылмыстық Жинақта қорғану шегінен шығу кезінде қорғану шектен асып кетсе, заңда көрсетілген ерекше жағдайларда ғана жазаланады деп көрсетілген.

Көріп отырғанымыздай, Қазақстан Республикасы Қылмыстық кодексі 32-бабын құқық қолдану тәжірибесінде қателіктерге ұрынбау мақсатында келесілерді көрсете отырып толықтыру қажет деп есептейміз: «Қажетті қорғану кезінде шектен шығушылық кезінде зиян келтіргені үшін жауаптылық тек аталған кодекстің Ерекше бөлімінің баптарында арнайы қаралғанда жағдайда ғана туындайды».

Белгіленген өлшемдерге сәйкес қол сұғушылықтан қорғанудың дәл келуі — объектісі мен субъектісіндегі субъектілік өлшемдер мазмұнын қарастыру қажет<sup>115</sup>.

Мұндай мәліметтер қол сұғушылық пен қорғанушының жеке тұлғасын сипаттайды.

Жеке тұлғаны сипаттайтын мәліметтерде қол сұғу мен қорғанудың мөлшерін анықтау кезінде де ескерілуі тиіс. Әрине, белгілі бір қол сұғушылыққа қатысты қорғанушының агрессивтілігі бұрын қорғанушыға немесе

---

<sup>115</sup> Орымбаев Р.С. Специальный субъект преступления. — Алма-Ата, 1977.

басқа адамдарға қатысты құқыққа қарсы әрекет жасаған фактісі, жеке тұлғаға қатысты күш қолдану қылмысы үшін сотталған болса оның мінез-құлқына елеулі әсер етеді. Қол сұғушының алдында үлкен қол сұғушылық тудыра отырып, аффект жағдайына жеткізеді, әрекетте бақылау жасау қабілетін едәуір төмендетеді.

Қорғану шегінен шығу — қасақана жасалған әрекет.

Қол сұғушылықтан қорғануға сәйкес біз екі критерийді бөліп алғандықтан, енді субъектілік критерийдің мазмұнын ашып беру қажет. Осындағы сәйкессіздіктер қорғанушы үшін түсінікті болуы керек, яғни қорғанушы белгілі бір сипаттағы және қоғамдық қауіпті дәрежедегі қол сұғушылық жасалатынын сезінуі керек, оның қол сұғушыға зиян келтіру арқылы жолын кесуге талабы болуы керек; ол келтіргісі келген зиян қол сұғушылықтың сипаты мен дәрежесіне сәйкес келмейтінін сезінгеннен кейін саналы түрде осындай зиянды жасауды тілеуі немесе жасауы керек

Заң қажетті қорғану шегінен шығу — қасақана жасалатын әрекет деп белгілейді. Ендеше, қылмыстық жауаптылыққа қасақана жасалған салдарлар ғана тартыла алады.

Ең алғаш рет мұндай нұсқаулық 1960 жылы РФКСР ҚК 13-бабында пайда болып, 01.07.1994 жылғы Заңмен өзгертілді. Қажетті қорғау шегінен шығу кезіндегі қылмыстардағы кінә формасы 1984 жылғы КСРО Жоғарғы Сотының Пленумының қаулысында «қоғамдық қауіпті қол сұғушылыққа қарсылық көрсету кезінде қол сұғушыға байқаусызда зиян келтіру қылмыстық жауаптылыққа тартылмайды»<sup>116</sup> деп нақты көрсетілгеніне қарамастан, ғылыми әдебиетте даулы мәселе болып отыр.

Сондай-ақ, аталған қаулының 10-тармағында қажетті қорғану шегінен шығу кезінде денеге жасалған қасақана ауыр зиян келтіру және қол сұғушының өліміне әкеп соғуы, қорғанушы кінәсі байқаусызда жасалған жағдайда, ол РФКСР ҚК 111-бабына сәйкес сарапталған (яғни, қажетті қорғану шегінен шығу кезінде денсаулыққа ауыр зиян келтіру)<sup>117</sup>.

Аффект, яғни, жан күйзелісі және қорқыныш жағдайында қажетті қорғану шегінен шығу.

Субъектілік критерийлерді қарастыру шеңберінде қол сұғушылық кезінде қорғанушының психологиялық жағдайы туралы мәселені қарастырған орынды. Қорғанушының психологиялық жағдайы онымен болып жатқанды қабылдауына және оған баға беруіне ықпал етеді, сондықтан қол сұғушы тигізетін залалға деген оның субъектілік қарым-қатынасын анықтайды. Заң

<sup>116</sup> Сборник постановлений Пленума Верховного Суда Республики Казахстан (Казахской ССР). — Т. 1. (1961–1997). — Алматы, 1997.

<sup>117</sup> Бюллетень Верховного Суда СССР. — 1984. — № 5.

бұл жағдайды мүлдем ескермеген.

1984 жылғы 16 тамызда қабылданған КСРО Жоғарғы Сотының Пленумы қаулысының 9-тармағында сот қол сұғушылық кезінде болатын жан толқынысы жағдайын ескеру керек, қорғанушы қауіп сипатын үнемі нақты бағалай алмайды және шамалас қорғану құралын таңдай бермейді деп көрсетілген<sup>117</sup>.

Бұл нұсқаулықтың жағымды жағы келесі тармағында жоққа шығарылған, оның 11-тармағында егер қорғанушы кенеттен пайда болған жан дүниесінің толқуы себепті қажетті қорғану шегінен шығып кетсе, оның әрекеттерін РФКРО ҚК 105 немесе 111-баптары негізінде сарапталуы керек (яғни, қажетті қорғану шегінен шығу кезінде кісі өлтіру немесе денсаулыққа аса ауыр залал келтіру)<sup>117, 12</sup>.

Осыған байланысты, біздің ойымызша, қорғанушының әрекетіне құқықтық баға беруде психологиялық жағдайын ескеру туралы мәселе көкейкесті болып отыр.

Салыстыра отырып талдау жасап көрейік: 08.12.2003 жылғы Ресей Федерациясы «РФ ҚК өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Федералдық заңы негізінде РФ ҚК 37-бабы толықтырылды.

Бұл жерде заң шығарушы қорғанушы психологиялық жағдайын қалай да ескеруді қарастыруға талаптанған (біздің ойымызша, біраз асығыстық жасаған). Аталған заңға сәйкес, егер адам қол сұғушылықтың кездейсоқ жасалғандығына шабуыл қауіпінің сипаты мен дәрежесін объектілік тұрғыда бағалай алмаса, оның әрекеті қажетті қорғану шегінен шығу болып есептелмейді.

Шындығында, үнемі қол сұғушылықтың кездейсоқ жасалғанына байланысты қорғанушы үшін маңыздысы жеке басының мүдделері болып келетіндіктен, ол шабуылдың қоғамдық қауіпінің сипаты мен дәрежесін объектілік тұрғыда бағалай алмайды. Дегенмен, кездейсоқтық болған жағдайды қорғанушының қабылдауына қатты әсер ететін жалғыз фактор емес.

Кейде қорғанушы басынан өткеретін қорқыныш физиологиялық аффект дәрежесіне жетіп жатады. Физиологиялық аффект адам санасында басты рөл атқаратын қарқынды эмоциялықты білдіретіні белгілі. Психологияда аффектінің бірнеше түрлері бар — қорқыныш, үрей, қайғы, қуаныш, ашуыза, жеккөрініш, ашыну, қатты ашулану, долдану.

Профессор И.Ш. Борчашвили атап өткендей, «қорқыныш пен үрей қол сұғушылық кезінде санада туындайды. Ол қауіптілікке жауап беру ретінде пайда болады, өзін өзі сақтау инстинкті іске қосылып, қорғанушы сипатқа ие».

Сондықтан, қорқыныш пен үрей аффектісі жағдайында қажетті қорғану шегінен шығу мүмкін емес.

ҚР ҚК 66-бабына енгізілген өзгерістерге, Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының 2007 жылғы 11 мамырдағы «Қажетті қорғану жөніндегі заңдарды қолдану туралы» № 2 Нормативтік қаулысына сәйкес, қоғамға қауіпті қылмыстан болған үрейлену, қорқу немесе сасқалақтау салдарынан қажетті қорғану шегінен шыққан адамды істің мән-жайын ескере отырып, ақтамайтын негіздер бойынша қылмыстық жауаптылықтан босату мүмкіндігін қарастырады.

Демек, ҚК 66-бабы үрейлену, қорқу немесе сасқалақтау салдарынан қажетті қорғану шегінен шыққан адамды қылмыстық жауаптылықтан босату мүмкін екендігін қарастырады, бірақ бұл мән-жайларды адамды міндетті түрде дереу қылмыстық жауаптылықтан босатуға әкеп соқтыратын абсолютті жағдай деп санамайды, яғни ол факультативті болып табылады.

Шабуылға ұшыраған және қажетті қорғану кезінде қол сұғушыға зиян келтірген адамның қорқуы деп — оның өзіне жасалған қол сұғудан қатты үрейленуін, қатты қорқуын түсіну керек. Осыған ұқсас жағдайларда адамның көңіл-күйі аяқ астынан үрей, қорқыныш сезімінің пайда болуымен сипатталады.

Қорғанушы адамның сасқалақтауы деп — оның қоғамға қауіпті қол сұғушылықтан туындаған қорқу, үрейлену салдарынан аяқ астынан абыржуын, сасқалақтауын, ретсіз әрекеттер жасауын түсіну керек.

Қорғанушы қорқу, үрейлену немесе сасқалақтау жағдайында болды ма, оның осы жағдайы өзінің қорғану әрекеттерін бағалауына және қажетті қорғану шегінен шықпайтындай әрекет жасау қабілетіне әсер етті ме деген мәселелерді анықтау үшін психологиялық-психиатрлық сараптама жасап, оның қорытындысын басқа дәлелдемелермен және қоғамға қауіпті қол сұғушылық нәтижесінде қалыптасқан нақтылы жағдаймен және одан қорғану әрекеттерімен бірге бағалау қажет.

Осыған байланысты қорқу, үрейлену, сасқалақтау жағдайында қажетті қорғану шегінен шыққан адам қайсібір жағдайда қылмыстық жауаптылықтан босатылатынын, ал басқа жағдайларда босатылмайтынын ескере отырып, әрбір нақты жағдайда қылмыстың жасалуының мән-жайын (қол сұғушылықтың жасалу уақыты мен орнын, қол сұғушылар мен қорғанушылардың санын, шабуыл жасаушылардың шабуыл кезінде құралдар қолданған-қолданбағанын, тараптардың жасын, дене бітімін және психикалық жағдайын және т. с. с.) мұқият анықтау және айқындау қажет)<sup>98</sup>, қорқу аффектісі жағдайында туындаған қол сұғушылықты өмірге қауіпті зорлық орын алған кезде болатын жағдайларға жатқызуға болады, бұл жерде кез келген салдар келтіре отырып қорғану заңды болып саналады.

Егер қорғанушы қауіптілікті ұлғайтқан болса, оның әрекеттерін қорғану эксцесс ретінде қарастыруға болмайды. Қорқу аффектісі адамның өмірлік

маңызды игіліктеріне қауіп төндіреді және қорғанушылық сипатта болады. Егер қол сұғушы өз әрекеттерімен қорғанушы ойына қол сұғушылық оның өмірлік маңызды игіліктеріне аса қауіп төндіретіні туралы түсінік берсе (шындығында ол олай болмаса да), осының барлық салдарына қол сұғушы жауап беруі керек.

Қорку аффектісі жағдайында қорғанушы әрекеттері қасақана деп қарала алмайды, себебі қол сұғушылықтың шынайы сипаты мен қауіптілік дәрежесін ұғынбайды.

Осыған байланысты И.Ш. Борчашвили пікірі негізді болып табылады, ол қорғану эксцесі қорку аффектісі жағдайында жазаланбайды деп көрсеткен<sup>88</sup>.

Оның үстіне, біздің ойымызша, қорку аффектісі жағдайында жасалған әрекеттер қол сұғушылық қауіпінен туындағандықтан, қылмыс болып табылмайды, себебі онда қоғамдық қауіптілік белгілері жоқ.

Бірақ, қорғанушы аффектінің өзге түрінің ықпалымен әрекет етсе не істеу керек деген сұрақ туындайды.

Мысалы, оған немесе оның жақынына қатысты өрескел қол сұғушылық онда ашулану аффектісін тудырды. Бұл жерде А.Н. Ағыбаев келтірген жағдай әбден мүмкін, «қорқыныш сезімі жан күйзелісі кезінде долдана келе ашу, ызаға ұласқанда кінәлі адамның қорқынышы белсене түсіп қажетті қарсы тұрудың көрінісі ретінде айқындала түседі»<sup>118</sup>.

Кез келген аффект, ол қорқыныш немесе ашу болсын, адамның интеллектуалдық, одан да өткен еріктік мүмкіндіктерін төмендетуге қабілетті.

Профессор Е. Алауханов атап өткендей, аффект кезінде «бас ми қабығындағы тежелу және қабық асты орталық мидың босауы нәтижесінде сана жедел тарылады. Мұндай жағдайда адам жасаған әрекеттерін ұғына алмайды және олардан болатын салдарды да түсінбейді. Сондай-ақ аффект кезінде адам өз мінез-құлқын бақылай алмайды да, әрекеті қызба, қалай болса солай және мақсатты емес болып шығады»<sup>81</sup>.

Бірақ, қажетті қорғану шегінен шығу қасақана жасауымен сипатталады емес пе?

Шектен шығу фактісі қорғанушының өзіне белгілі, түсінікті болуы керек. Және субъектілік критерий, яғни қорғанушының қол сұғушылық сипаты мен қауіптілік дәрежесін өзі қабылдауы, біздің пікірімізше, әлеуеттік мәнге ие болуы керек. Қорғанушының аффект жағдайында болуы қол сұғушылықтың сипаты мен қоғамдық қауіптілік дәрежесін дұрыс бағалауға және оған қарсы келу құралын дұрыс таңдауға кедергі жасайды (адамға жедел шешім қабылдап, қол сұғушылыққа қарсы тұру оның қалыпты жағдайының

---

<sup>118</sup> Ағыбаев А.Н. Қылмыстық құқық. Жалпы бөлім. — Алматы: Жеті жарғы, 1999.

өзінде қиынға соғады).

Бұл жерде қасақана жасалған әрекет туралы айту қиын. Оның үстіне қол сұғушылық кезінде туындаған аффект жағдайы сөз болып отырғанын (яғни, оның болуы) сөз болып отырғанын ескеру керек. Сондықтан кенеттен қатты жан дүниесіні толқуына ұшырағанда жасаған қажетті қорғану шегінен шыққан адам қылмыстық жауаптылықтан босатылуы керек деген көптеген зерттеушілердің ұсыныстары назар аударарлық.

Дегенмен, біздің ойымызша, бұл жерде аффект жағдайында қорғанушыны қылмыстық жауапкершіліктен босатудан өзге терең проблема жатыр. Қорғанушы көбіне (істер материалдары көрсетіп отырғандай) қол сұғушылық нәтижесінде туындаған қорқыныш жағдайында болады, бірақ ол физиологиялық аффект дәрежесіне жетпей жатады. Сонымен қатар, қорқыныш қорғанушының эмоциялы жағдайына күшті әсер етіп, оның жағдайды дұрыс бағалауына кедергі келтіретіні, қылмыскердің мүмкіндіктері, оған деген қол сұғушылық қауіпінің дәрежесі туралы қабылдауларына асыра әсер етуі күмән тудырмайды.

Біздің жүргізген зерттеулерімізге сәйкес, әрбір үшінші жағдайда азаматтар қылмыскерлерден қорқу нәтижесінде қажетті қорғану құқығын пайдаланбаған (азаматтардың 25,8 %-ы қорғану құқығын пайдаланбаса, олардың көзінше өзге адамдарға қатысты қол сұғушылық жасалған кезде 44 %-ға дейінгі азаматтар өзін өзі қорғау құқығын пайдаланбаған).

Полиция қызметкерлерімен өткізген сауалнама олардың көпшілігінің қорғанушы әрекетіне құқықтық баға берудегі аффектінің маңызын түсінетінін көрсетті.

Мысалы, сұралғандардың 76,8 %-ы аффект қорғанушы әрекетіне құқықтық баға беруге ықпал етеді десе, 5,8 %-ы аффект жағдайы қорғанушы әрекетіне құқықтық баға беруге әсер етпейді деп ойлайды, 4,3 %-ы аффект тек жазаны жұмсартатын жағдай бола алады десе, 2,9 %-ы қорғанушы әрекетін ҚР ҚК 103-бабына сәйкес саралануы керек дейді, 1,5 %-ы аффект қорғанушыға дәрігерлік сипаттағы (!) мәжбүрлеу шараларын қолдануға әкеп соғады десе, 8,7 %-ы бұл сұраққа жауап бере алмады.

Бірақ та, бірқатар полиция қызметкерлері қорғанушының өз әрекеттеріне субъектілік қатысын анықтау кезінде қорқыныш сезімінің маңыздылығын ескере бермейді.

Мысалы, олардың тек 55,1 %-ы қорқыныш қорғанушы әрекетіне құқықтық баға беруге әсер етеді деп есептесе, 36,2 %-ы бұл жағдай құқықтық бағалауға ықпал етпейді дейді, ал 2,9 %-ы тек жазаны жұмсартатын жағдай бола алады десе, 5,8 %-ы бұл сұраққа нақты жауап бере алмады.

Қорқыныш, біздің ойымызша, қол сұғушылық қауіпіне баға беруде аса үлкен әсер етуге қабілетті. Ал бұл қорқыныш қол сұғушылықтың өзімен,

оның кездейсоқтылығынан туындап, заң жүзінде қорғалатын маңызды игіліктерге бағытталғандықтан, барлық жауаптылық қол сұғушыға артылуы керек. Сол себепті, қорқыныш немесе қол сұғушылықтың кездейсоқ болуына байланысты жағдайды дұрыс бағдарлау мүмкін еместігін ескере отырып, қажетті қорғану шегінен шығуға қылмыстық жауаптылықты алып тастау керек.

Мұндай проблеманы шешудің оң тәжірибесі ГФР қылмыстық заңдылықтарында орын алған.

ҚР ҚК 32-бабы 2-бөліміне өзгерістер енгізіп, онда мынаны көрсету керек: «Қолсұғушылықтан қорғануда, қорғанушы мен басқа адамдардың өмірлеріне қауіпті қолсұғушылық күш қолдану арқылы емес немесе қорқыту тура осындай күш қолданбай жасалса, сондай-ақ егер адам күтпеген қолсұғушылықтың салдарынан шабуылдың сипаты мен қауіптілік дәрежесін анық бағалай алып, қолсұғушылықтың сипаты мен қауіптілігіне сай келмейтін қасақана әрекеттер жасап, қажетті қорғаныс шегінен шықпаса ол заңды деп танылады».

### ***2.3 Қажетті қорғанудың аса қажеттіліктен айырмашылығы және қол сұғушылық жасаған адамды ұстау кезінде оған зиян келтіру***

Аса қажеттілікті қажетті қорғану сияқты қазақстандық қылмыстық құқық ғылымында іс-әрекеттің қылмыстылығын болдырмайтын мән-жайлар қатарына жатқызады. Сондықтан, қылмыстық құқықтың бұл институттарында ұқсас және ерекше жақтары бар, олар бұл жағдайлардың сапалық әртүрлілігімен түсіндіріледі.

Қажетті қорғану мен аса қажеттілік әлеуметтік табиғаты жағынан ұқсас, себебі олар заңды және қоғамдық пайдалы (әлеуметтік жағынан қолдануға пайдалы) болып табылады.

Аталған жағдайларда жасалған қылықтарды олардың мақсаты біріктіреді — заң жүзінде қорғалатын қоғамдық қатынастарды қорғау.

Профессор Е.І. Қайыржанов атап көрсеткендей, бұл екі институт та «қызметтік жағынан бірыңғай, «туыс», себебі олардың бастамалары бірдей. Екі жағдайда да, адам өзі туындаған қауіпке қарсы тұрады да, заңды мүдделерді қорғайды. Екі жағдайда да ол мұны жасауға мәжбүрлі».

Қажетті қорғанудың да, аса қажеттіліктің де міндетті белгісіне заңмен қорғалатын мүдделерге зиян келтіруші әрекеттерден туындайтын қоғамдық қатынастардың өздеріне зиян келтіру, сондықтан, осы жағдайларда жасалған әрекеттер сырт бейнесімен қылмысқа ұқсайды.

Сөйтіп, қажетті қорғану мен аса қажеттіліктің ұқсас жақтары бар:

Олар қылмыстық әрекетті тоқтатады, бұл оларды заңды әрекет және қоғамдық пайдалы деп тануға мүмкіндік береді.

Олардың мақсаты құқықтық қорғалатын игіліктерді қорғау болып табылады, ал аталған жағдайларда жасалған әрекеттердің өзі мәжбүрлі болып табылады.

Қажетті қорғанудың да, аса қажеттіліктің де міндетті белгісіне заңмен қорғалатын мүдделерге зиян келтіру.

ҚР ҚК 34-бабы аса қажеттілікті былайша анықтайды: «1. Осы Кодекспен қорғалатын мүдделерге аса қажет болған жағдайда зиян келтіру, яғни белгілі бір адамның немесе өзге де адамдардың өміріне, денсаулығына, құқықтары мен заңды мүдделеріне, қоғамның немесе мемлекеттің мүдделеріне тікелей қатер төндіретін қауіпті жою үшін зиян келтіру, егер бұл қауіпті басқа амалдармен жою мүмкін болмаса және бұл орайда аса қажеттілік шегінен шығып кетушілікке жол берілмесе, қылмыс болып табылмайды.

2. Құқық қорғау мүдделеріне алды алынғанға тең немесе одан гөрі елеулі зиян келтірілген, төнген қатердің сипаты мен дәрежесіне және қатер жойылған жағдайға көрінеу сәйкес келмейтін зиян келтіру аса қажеттілік шегінен шығу деп танылады. Мұндай шектен шығушылық тек қасақана зиян келтірілген жағдайларда ғана жауаптылыққа әкеп соғады».

Қажетті қорғану пен аса қажеттілік заңдағы тұжырымдамасынан осы заңды қылықтардың негізі әртүрлі екенін көруге болады. Егер қажетті қорғану кезінде заң мұндай әрекетті «қоғамдық қауіпті қол сұғушылық» деп атаса, аса қажеттілікте ол «қауіп» деп аталады. Себебі заңмен қорғалатын қоғамдық қатынастарға қол сұғушы тек адам ғана, ал «аса қажеттілік кезінде қауіптілік көзіне үнемі адамның мінез-құлқы жатады» деген К.Х. Халиков пікірімен келіспеуге болмайды<sup>47</sup>.

Аса қажеттілікті кезінде құқық қорғау мүдделеріне төнген қауіп көздері әртүрлі болуы мүмкін. Ғылыми әдебиеттерде көздерінің қатарына апатты жағдайлар (жер сілкінісі, су басып кету, дауыл, теңіз дауылы, құрғақшылық және т. б.), физиологиялық (аштық, шөлдек) немесе биологиялық процесстер (ауру) (Г.Ф. Поленов)<sup>45</sup>, аса жоғары қауіптілік көздері, мысалы, машиналар мен механизмдер, қару-жарақтар, жарылғыш, улағыш, радиоактивтік заттар (С.М. Рахметов және Н.Н. Турецкий)<sup>60</sup>, адамның әрекеті (Е.І. Қайыржанов)<sup>50</sup>, сондай-ақ үй және жабайы жануарлардың мінез-құлқы (И.И. Рогов)<sup>77</sup> жатады.

Заң әдебиеттерінде аса қажеттілік жағдайында туындаған адам әрекетінің сипаты туралы мәселе даулы болып отыр.

Мысалы, Г.-Г.С. Әбілғазин аталған әрекеттер қылмысты болуы керек

деп ойлайды<sup>119</sup>, Б.Ж. Жүнісовтың ойынша, аса қажеттілік адамның кез келген әрекетінен туындай алады<sup>59</sup>, Е.І. Қайыржанов бұл әрекеттер қоғамдық қауіпті болуы керек деп шешкен<sup>50</sup>.

Ең дұрысы соңғы пікір деп ойлаймыз. Аса қажеттілік негізіне жататын адам әрекеті объектілік тұрғыда қоғамдық қауіпті болуы керек. Бұл аса қажеттіліктің мәнінен шығып отыр, оның мақсаты заңмен қорғалатын қоғамдық қатынастарға тигізілетін зиянды болдырмау. Егер адам әрекеті қоғамдық қауіпті болмаса, онда сөз аса қажеттілік туралы болмайды.

Қоғамдық қауіпті әрекет қажетті қорғанудың негізі болып табылатындықтан, осы құқықтық институттар арасындағы айырмашылықты анықтап алу керек. Көптеген авторлар айырмашылығын табудың критерийіне қылмыстық әрекеттен басқа, осы жағдайлардың объектісінде жатыр деп есептейді. Қажетті қорғану кезінде залал қол сұғушы мүдделеріне келтіріледі, ал аса қажеттілік кезінде — «үшінші адамның» мүддесіне залал келтіреді<sup>120</sup>. Бұл критерий қоғамдық қауіпті әрекеттерден болатын зиян қашан қажетті қорғану ережелері бойынша айқындалады, ал қашан — аса қажеттілік ережелері бойынша айқындалатынын анықтауға мүмкіндік береді.

«Үшінші адам» түсінігі бұл жағдайда шартты түрде алынған, себебі зиян сол адамның игіліктеріне келтірілуі мүмкін, осы мүдделерін сақтау үшін ол аса қажеттілік шеңберінде әрекет етеді.

Көптеген ғалымдар адамның қоғамдық қауіпті әрекеттері аса қажеттілік кезіндегі қауіптілік көзі болып аталған әрекеттерден құқық қорғау игіліктерін қорғау үшін залал қол сұғушының өзіне емес, «үшінші тұлғалардың»<sup>84</sup> мүдделеріне, яғни азаматтардың құқықтарына, қоғам немесе мемлекеттің заңмен қорғалатын мүдделеріне тигізгенде болады деген пікірді ұстанады. Егер залал қол сұғушының өзіне келтірілсе, онда бұл жерде қажетті қорғану орын алады.

Г.Ф. Поленов осы ереженің ерекшелігі бар деп есептейді. Мысал ретінде ол «үйде үй иесінің қасақана немесе байқамай әрекет етуінің нәтижесінде орын алған өртті өшіру кезінде, оттың көрші үйлерге көшуін алдын алу мақсатында кінәлінің ауладағы қосалқы үйлерін бұзу қажеттігі туды» деген жағдайды көрсетеді.

Біз ақылға сыйымдысы бірінші көзқарас деп ойлаймыз.

Г.Ф. Поленов келтірген жағдайда ҚР ҚК 204-бабы 2-б. және 202-бабы 2-

---

<sup>119</sup> Абилгазин Г.-Г.С. Уголовное право Республики Казахстан. Общая часть: Учеб. пос. — Қостанай, 2003.

<sup>120</sup> Қазақстан Республикасының қылмыстық құқығы. Жалпы бөлім: Дәрістер баяны / Профессор И.Ш. Борчашвилидің жалпы редакциясымен. — Алматы, «Норма-К», 2006.

б. «3»-т. қарастырылған әрекеттер орын алса да, қол сұғушылық аяқталған. Егер адам өртеуге бағытталған әрекетті (мысалы, әлі өрт шалмаған құрылысқа от жағу үшін бензин құю) жалғастыра берсе, онда оның әрекетін тоқтатуға қажетті қорғану ережелері бойынша әрекет етуге болады.

Осы іспеттес мысалды профессор Г.Р. Рүстемова келтіреді, ол «өзіне кір шприцпен инфекция енгізген нашақордың зақымданған аяғын кесіп алып тастайтын хирург те» аса қажеттілік жағдайында болады дейді<sup>44</sup>.

Біз хирургтің шынымен де қажетті қорғану емес, аса қажеттілік жағдайында болатынымен келісеміз, бірақ бұл жағдай ережеден ерекше болғандығынан емес, бұл жерде қажетті қорғану негізі болып табылатын қоғамдық қауіпті қол сұғушылық жоқтығынан. Себебі нашақор өз-өзіне қол сұға алмайды ғой.

Әдебиеттерде аса қажеттілік кезінде орын алатын қауіптілік көзінің өзге түрі — хайуандардың шабуылына қатысты әртүрлі пікірлер орын алып келеді.

Мысалы, Д.С. Чукмаитов қажетті қорғану ережелері бойынша «иесі айтақтаған, үй жануарларынан қорғану» қарастырылуы керек дегенді атап өткен<sup>11</sup>.

Осы пікірмен келісе отырып, Е.І. Қайыржанов оған толықтыру енгізеді: «...айтақтаудан басқа иттерді және өзге де қауіпті хайуандарды (жыртқыш аңдар, жыландар, тіпті балықтар) пайдалана отырып қоғамдық қауіпті қол сұғушылықтардың тәсілдері де бар. Мысалы, аңның иесі мұндай хайуанның агрессиялық мінез-құлқына үміт арта отырып, бөтен адамдар келетін жерге байлап қоюы, балаға «ойнауға» беруі мүмкін»<sup>50</sup>.

Д.С. Чукмаитов сияқты қаралып отырған мәселені Н.О. Дулатбеков те шешіп көрген, ол меншік иесінің қол сұғушылықтан қорғану құралы ретінде қолданатын хайуанның шабуылынан қорғану және бұл хайуаннан қорғану әрекеті нәтижесінде оны өлтіру немесе жаралау, яғни «жеке меншік иесіне мүліктік залал келтіру» жеке меншік иесінің өзінің қол сұғушылықтан қорғану деп қаралуы керек, және қажетті қорғану ережелері бойынша бағалануы керек» дейді. Егер хайуан осындай құрал ретінде өзге тұлғамен қолданылса, «хайуанның шабуылынан қорғану, оның иесі ол қол сұғушылыққа қатыспағандықтан, үшінші тұлға болып табылады да, ол аса қажеттілік ережелері бойынша қаралуы керек»<sup>68</sup>.

Қаралып отырған мәселені ғылыми тұрғыдан түсіндіріп берген Е.І. Қайыржанов болды. Ол егер хайуан адам қатысынсыз шабуыл жасаса, «хайуанның шабуылын «заттар тарапынан болатын қауіп тудыру» деп қарастыру керек дейді. Егер хайуанды адам шабуыл құралы ретінде пайдаланса, онда қауіп заттан емес, адамнан төнеді, мұндай жағдайларда, қол сұғушы хайуан емес, адам болып табылады, себебі мұндай жағдайларда қол

сұғушы хайуан емес, оны шабуыл құралы ретінде пайдаланған адам болып табылады.

Осыдан адам шабуыл құралы ретінде бөтен хайуанды пайдаланса, қорғанушы төнген қауіптің жолын кесу үшін пайдаланған шараны қажетті қорғану актісі ретінде қарастыру керек деген ұйғарым жасауға болады»<sup>50</sup>.

Біз Е.І. Қайыржановтың бұл пікірімен келісеміз.

Осы проблеманы шешудің басты жолы хайуанның иесі кім екенін анықтау емес, оның осы жағдайда қол сұғушылықтың тиімді құралы ретінде, кейде суық және атылғыш қаруға да дес бермейтіндей (мысалы, агрессиялы ит түрлерін пайдалану кезінде) адамның пайдалануын анықтау болып табылады. Сөз жоқ, қажетті қорғану ережелері бойынша, хайуан иесіне заттық залал тигізу емес, жеке меншік иесінің қол сұғушылық қаруы ретінде пайдаланған хайуанды өлтіруі қарастырылуы керек.

Сонымен қатар, осы жөнінде айтқан Г.-Г.С. Әбілғазиннің пікірі де назар аударарлық, ол көп жағдайда хайуанға зиян келтіру онша тиімді емес дейді, тек адамға егер хайуанды басқарып, шабуыл жасауын тоқтатуға бұйрық беруге қабілетті болса, зиян тигізу жәбірленушінің өмірі мен денсаулығын сақтап қалуға кепіл болады.

Сонымен, егер хайуан шабуыл құралы ретінде пайдаланылса, оны өлтіру, кей жағдайларда оны пайдаланушы адамға зиян тигізу қажетті қорғану шеңберінде қолданылады деп есептелінуі тиіс.

Қажетті қорғану мен аса қажеттілік арасындағы айырмашылықты табудың келесі белгісіне олардың элеуметтік-құқықтық табиғатының өзіндік ерекшеліктері жатады. Аса қажеттілік кезінде екі құқық қорғау мүдделерінің коллизиясы орын алған. Зиян қауіп төнуге қатысы жоқ адамдар мүддесіне тигізілетіндіктен, бір құқық қорғау мүддесі екіншісіне залал тигізу есебінде сақталып қалады.

Бірақ, бұл әрекеттер қоғам үшін пайдалы, табысты болып шығады, себебі азғантай мүдде үлкен мүдде үшін құрбандыққа шалынады.

Қажетті қорғану кезінде мүдделер коллизиясы болады ма деген сұрақ даулы болып табылады. Егер мүдде ретінде қол сұғушы жетуге тырысқан нәтижені алсақ, міндетті түрде ол болады.

Мысалы, А.Г. Пушечников қажетті қорғану мен аса қажеттілік арасындағы айырмашылықты «онда құқықты қорғау заңсыз, тіпті қылмыстық әрекетке бағытталған болса, мұнда біз заң жүзінде бірдей қорғалатын мүдделер коллизиясын, немесе құқық коллизиясын көреміз» дейді<sup>48</sup>.

Егер мүдделерге заңмен қорғалатын, қол сұғушы өмірі мен денсаулығын жатқызатын болсақ, онда қажетті қорғану кезіндегі мүдделер коллизиясы туралы айтуға негіз бар. Екінші жағынан алғанда, қол сұғушы өз мүдделерін өз шешімі бойынша қарастыруға құқылы. Және бөтен құқық-

пен қорғалатын мүдделерге заңсыз қол сұғушылық жасай отырып, ол өз мүдделеріне қауіп төндіреді, себебі ол жәбірленуші немесе өзге адамдар тарапынан қарсылықты есепке алуы керек.

Осыған байланысты, қажетті қорғану да, аса қажеттілік те жасалған әрекеттің қоғамдық қауіптіліктің жолын кесіп, оны қоғамдық пайдалы етсе, қажетті қорғану кезінде зиян қылмыскердің қол сұғушылық кезінде өзі қауіп төндірген өз мүдделеріне тигізіледі, ал аса қажеттілік кезінде қауіпті заңмен қорғалатын бір игіліктен екіншісіне, кінәсіздің мүдделеріне алмастыру орын алады.

Бұл аса қажеттілік жағдайында жасалған әрекеттерді заңды деп тану үшін аса қатаң талаптарды белгілеуді қажет етеді.

Мысалы, егер қажетті қорғану кезінде қол сұғушыға оның әрекетінен күткеннен әлдеқайда үлкен зиян тигізілуі мүмкін, аса қажеттіліктің заңдылық талабына алдын алынғаннан гөрі аз зиян келтіру болып табылады<sup>45</sup>.

Сонымен қатар, қылмыстық құқықтың қазіргі ғылымында қажетті қорғану сипатының субсидиарлық сипатын жоққа шығару орын алған. Ал аса қажеттілік мүлдем басқаша. ҚР ҚК 34-бабына сәйкес, аса қажеттілік егер зиян келтіру заң жүзінде қорғалатын мүдделерге төнген қауіпті басқа амалдармен жою мүмкін болмаса, заңды болып есептеледі.

1960 жылғы РФКСР ҚК қолданыста болған кезеңде тағы бір аса қажеттілік пен қажетті қорғанудың айырмашылығы болды. Егер қажетті қорғану кезінде заң әрекет қорғану шегінен шықпау керек деген талап қойса, және ол талап бұзылса, онда олар заңсыз деп танылып, қылмыстық жауаптылыққа тартылды. Сол 1960 жылғы РФКСР ҚК қажетті қорғану туралы нормада шектен шығу белгілері болмаған.

1997 жылғы ҚР ҚК бұл айырмашылықты алып тастады.

Бірақ, ҚР ҚК 34-бабы 2-бөлігіндегі осы норма туралы С.М. Рахметов өз ойын былайша білдіреді: «ол зиян қоғамдық қауіпті әрекеттер кезінде кінәліге зиян келетін қажетті қорғану мен кінәсіздің мүдделеріне зиян келтіретін аса қажеттілік арасындағы қағидалық айырмашылықтарды біркелкілейді. Осы себепті болар, қажетті қорғану шегінен шығу институты барынша реттелген Батыс елдерінің қылмыстық құқығында аса қажеттілік шегінен шығу түсінігі жоқ. Заң шығарушы аса қажеттілік шегінен шығу түсінігін енгізе отырып, қажетті қорғануға ұқсас осы әрекетке жауаптылықты төмендету туралы арнайы норманы қарастырмай кеткені назар аударарлық. Сондықтан, аса қажеттілік шегінен шығу кезінде келтірілген зиян үшін жауаптылық — жалпы негізде қаралады және сотта тек жазаны белгілеу кезінде жеңілдететін жағдай ретінде ғана қарастырылуы ескерілуі керек.

Осы екі жағдайдың азаматтық-құқықтық зиянынан келетін салдар да

бар. ҚР ҚК 66, 102, 112-баптары қажетті қорғану жағдайында келтірілген зиян, егер ол шегінен шықпаса, өтеуге келмейді. ҚР ҚК баптарына сәйкес аса қажеттілік кезінде зиян оны келтірген адам тарапынан өтелуі керек, оны келтірген жағдайды ескере отырып, сот оны өтеу міндетін залал келтіруші соның мүддесі үшін әрекет еткен, үшінші тұлғаға артуы мүмкін немесе залалды өтеуден мүлдем босатуы, болмаса жартылай залал келтіруші мен үшінші тұлғаға бөлуі мүмкін.

Жоғарыда аталғандарды қорытындылай отырып, осы институттардың мынадай айырмашылықтарын атауға болады:

1) жасалуының әртүрлі негіздері — қажетті қорғану кезінде ол қоғамдық қауіпті қол сұғушылық, ал аса қажеттілік кезінде ол – қауіптілік;

2) қажетті қорғану кезінде зиян заңға қайшы әрекет ететін қол сұғушы мүддесіне келтіріледі, ал аса қажеттілік кезінде — кінәсіз адамдар мүдделеріне.

Бұл айырмашылықтар негізінен аса қажеттілік кезінде әрекеттің заңдылығына қойылатын қатал талаптарды қоюмен байланысты өзге де ерекшеліктерді тудырады.

3) қажетті қорғану кезінде қол сұғушыға оның әрекетінен күткендегіден әлдеқайда үлкен зиян келтірілуі мүмкін, ал аса қажеттілік заңдылығының талабына жолы кесілген зияннан гөрі азырақ зиян келтірілуі керек;

4) қажетті қорғану, егер заң жүзінде қорғалатын мүдделерге төнген қауіп басқа амалдармен жойылса, заңды болып табылады да, аса қажеттілік кезінде заң қорғанушыға қол сұғушылыққа қарсы келуге, егер қол сұғушыға келтірілетін залалдан қашып кетуге мүмкіндік болса да, басқа амалдарды таңдауға міндет жүктемейді;

5) ҚК Ерекше бөлімде қажетті қорғану шегінен шығу кезінде келтірілген зиянда жауаптылыққа тарту туралы ерекше норма бар, ал аса қажеттілік шегінен шығу кезінде келтірілген зиян үшін жауаптылық жалпы негізде жүзеге асады;

6) қажетті қорғану жағдайында келтірілген зиян өтеуге жатпайды, ал аса қажеттілік кезінде ол өтеуге жатады.

**Қажетті қорғанудың қол сұғушылық жасаған адамды ұстау кезінде зиян келтіруден айырмашылығы.**

Қол сұғушылық жасаған адамды ұстау кезінде зиян келтіру институты егер оны тарихи жағынан қарастыратын болса, ол қажетті қорғану институтымен ортақ тарихқа ие. Екеуі де рулық құрылымда орын алған өш алу дәстүрінен шығады, онда жәбірленуші немесе оның туыстары қылмыскерден өз беттерімен өш алуы, соның ішінде осы мақсатта ізіне түсуі жатады.

1922 жылғы РФКСР ҚК Ерекше бөлімінің 145-бабында екі құрам біріктірілген — қажетті қорғану шегінен шығу кезінде кісі өлтіру және қылмыс-

керді ұстау шаралары. Дәл осылайша заң шығарушы ауыр дене жарақатына әкеп соққан қажетті қорғану шегінен шығу немесе қылмыскерді ұстау шараларын (ҚК 152-бабы) біріктірген. Қылмыскерді ол тікелей қылмыс жасағаннан кейін ұстауды түсінуге болады, себебі мұнда «кісі өлімі болған орында үстінен түскен қылмыскерді ұстау» туралы сөз болып отыр, дегенмен ҚК Ерекше бөлімінде «ұстау» түсінігі берілмеген болатын.

Кеңестік дәуірде сот тәжірибесінде қылмыс жасаған адамды ұстау қажетті қорғануға теңестірілген. Ол туралы түсініктемелер бірнеше рет КСРО Жоғарғы Сотында берілген болатын — 1956 жылғы 23 қазанындағы Пленумның «Қажетті қорғану туралы заңдылықты қолданумен байланысты істер бойынша сот практикасының кемшіліктері туралы» қаулысында<sup>121</sup>, 1969 жылы 4 желтоқсандағы Пленумның «Қажетті қорғану туралы заңдылықтарды соттардың қолдану тәжірибесі туралы» қаулысында<sup>122</sup> және жоғарыда аталған 1984 жылы 16 тамыздағы Пленумның қаулысында<sup>123</sup> берілген.

Мұндай жағдай қылмыстық құқық ғылымында қылмыскерді ұстау қажетті қорғану түсінігімен қамтылғаны және оның жеке жағдайы ғана болып табылатыны туралы пікірлер қалыптастырды.

Мысалы, Т.Т. Шықтыбаев осындай пікірін егер қылмыскер оны ұстайтын адамға шабуыл жасамаса да, шабуыл бәрібір мемлекетте қоғамдық қатынастар бекіткен дәрежеде қалады деп негіздеген.

Қажетті қорғану мен ұстау кезінде зиян келтірудің кейбір ұқсастықтарына қарамастан, олар сапалық сипатымен бір-бірінен ерекшеленеді, ол өз кезегінде оларды жеке — жеке институт ретінде қарастыруға мүмкіндік береді. Бұл 1997 жылы қабылданған ҚР ҚК-де ақыры жүзеге асырылып, онда қол сұғушылық жасаған адамды ұстау кезінде зиян келтіруді реттейтін бөлек бап пайда болды.

Осыған орай, қажетті қорғану мен қол сұғушылық жасаған адамды ұстау кезінде зиян келтіру өздерінің құқықтық және әлеуметтік табиғаты жағынан ұқсас екендіктерін білдіреді — себебі екеуі де амалсыз жасалатын

---

<sup>121</sup> Сборник постановлений Пленума Верховного Суда СССР. 1924–1963 гг. — М., 178–183 б.

<sup>122</sup> О Опрактике применения судами законодательства о необходимой обороне: Постановление Пленума Верховного Суда СССР № 11 от 4 декабря 1969 года // Сборник Постановлений Пленумов Верховных судов по уголовным делам. — М., 1999.

<sup>123</sup> О применении судами законодательства, обеспечивающего право на необходимую оборону от общественно опасных посягательств: Постановление № 14 Пленума Верховного Суда от 16 августа 1984 г. // Бюллетень Верховного Суда СССР. — 1984. — № 5. — С. 9–13.

әрекеттерге (қажетті қорғану біршама көп дәрежеде), қоғамдық қауіпті әрекеттерге жауап беру болып табылады, олардың қоғамдық қауіптілік құрылымы жоқ, олар — заңды және қоғамдық пайдалы. Олар объектілік жағынан да ұқсас, себебі екі жағдайда да қоғамдық қауіпті қол сұғушылық жасаған адамға дене немесе мүліктік зиян келтіріледі. Бірақ, егер қажетті қорғану кезінде зиян бостандығынан айыру және шектеумен байланысты болса, Н.Н. Турецкийдің мұндай зиян оны ұстау кезінде де келтірілуі мүмкін деген пікірімен оған қарсы келеді<sup>32</sup>. Бас бостандығынан айыру ұстаудың мәнінен тұрады.

Бірақ, ұқсастықтарынан басқа бұл екі институттың айырмашылықтары да бар. Егер қажетті қорғану мақсатына заңға қайшы келетін қол сұғушылықтардан заң жүзінде қорғалатын игіліктерді қорғау болса, қылмыскерді ұстау мақсатына оны билік органдарына жеткізіп, оның жаңа қол сұғушылықтарды жасауының жолын кесу болып табылады. Қылмыскерді билік органдарына жеткізу қылмыстық жауапкершілікті міндетті түрде орындау қағидасын қамтамасыз етумен жасалады, себебі ол бостандықта жүріп қылмыстың ашылуы мен тергелуіне кедергі жасайды, қылмыстық жауаптылықтан қашуы мүмкін. Қылмыскердің қылмыстық жауаптылықтан бас тартуы кейбір азаматтарда заңға және құқық қорғау органдарына деген құрмет сезімін жояды және олардың жасаған қылмыстары үшін ешбір жазаның жоқтығына сенім ұялатады. Қылмыскерді ұстаудан бас тартуы олардың жаңа қылмыстар жасауына әкеп соғады. Осыған байланысты, қылмыскерге ұстау кезінде зиян келтіру жалпы және жеке превенция мақсатымен жүзеге асырылады.

Қажетті қорғану қылмысты алдын алуға ықпал етеді, бірақ ол оның басты мақсаты емес. Қажетті қорғанудың басты мақсаты қол сұғушылыққа ұшыраған объектіні қылмыстық-құқықтық жағынан қорғау. Осы критерий, біздің ойымызша, қажетті қорғануды қылмыскерді ұстау кезіндегі заңдылықпен арасындағы ерекшелікті білдіреді. Қылмыскерді ұстау кезінде қылмыстық-құқықтық қорғау объектісіне қауіп төніп тұрады, және ол қорғауды қажет етпейді. Ол жойылған немесе бұзылған не (немесе) оған қарсы қол сұғушылық аяқталған.

Сондықтан И.Ш. Борчашвили атап кеткендей, «әрекетті қажетті қорғану актісі ретінде мойындау үшін бұзылған объектінің құндылығы емес, бүлінуден құқықтық мүддені қорғаудың шынайы мүмкіндігі шешуші рөл атқарады»<sup>65</sup>.

Сондықтан, қылмыскерді ұстау құқығы қажетті қорғану аяқталған кезде туындайды. Бұл адам қоғамдық қауіпті әрекетті жүзеге асырғанын (оның аяқталған қылмыс болуы міндетті емес, оны жасауға дайындығы немесе қастандығы болуы мүмкін) және жауаптылықтан қашып кетуге, тығылуға

талпынысын білдіреді.

Осыған байланысты Я. Нариннің қылмыскерді ұстау құқығы тікелей оның қылмысты жасағанынан кейін де, қылмысты жасаған сәтінде де туа береді деген пікірімен келісуге болмайды. Қылмыс жасаған сәтте қол сұғушылық белгісі орын алады, сондықтан қылмыскерді ұстау емес, қажетті қорғану құқығын қолдану туындайды. Қылмыс жасаған адамды ұстау қол сұғушылық фактілік тұрғыда аяқталған сәттен бастап жүзеге асуы мүмкін.

Б.К. Сыздық қылмыс жасау сатылары туралы ілімдерді жетекшілікке ала отырып, қол сұғуды тоқтату жөніндегі мәселені шешуді ұсынады.

Ол аяқталған қылмыстың жалпы ережелері бойынша қажетті қорғану ережесімен ұштасады және қылмыстық әрекетті алдын ала ұстау мақсатында кінәліге зиян келтіру қол сұғушылықты тойтаруда емес, сондай-ақ сирек кездесетін жағдайда болуы мүмкін заңшығарушылық қылмыс жасау сатылары арасында уақыт аралық үзілістер болатындығына назар аударады. Болатын қылмыстың алдын алуда кінәліге зиян келтіруде және ұстау мақсатында және бұл жағдайда шешуші кезеңде қол сұғушылықтың заңдық жағына емес, фактілікке мән беру мүмкіндігі қаралады.

Сонымен мысалы, пәтерге ұрлау мақсатында түсіп, қылмыстың оқиға орнынан ұрланған заттармен жасырынып кетуге тырысқан қылмыскерге қатысты зиян келтіруді ереже бойынша қажетті қорғану ретінде қарастыру керек. Бұл жағдайда қол сұғушылық фактілік тұрғыдан да, заңдылық тұрғыдан да аяқталған болып танылмайды, себебі, Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының 2003 жылғы 11 шілдедегі «Бөтеннің мүлкін заңсыз иемдену жөніндегі істер бойынша сот тәжірибесі туралы» № 8 нормативтік қаулысына сәйкес, ұрлық — мүлікке ие болып, және кінәлі адам оны қолдануға нақты мүмкіндігі болғанда немесе өзінің қалауы бойынша пайдалануға мүмкіндігі болғанда аяқталған болып танылады<sup>124</sup>.

Егер ұрлық жасап жатқан кезінде қылмыскер ұсталып, ұрлаған заттарын тастай салып, қылмыс орнынан қашып кетуге тырысса, оған зиян келтіру тек ұстау шеңберінде ғана жасалуы керек. Бұл жағдайда оның әрекеті ұрлық жасау ретінде қарастырылады, қол сұғушылық бұл жерде нақты аяқталған.

Қылмыскерді ұстау бойынша заңды әрекеттер, егер ол қатты қарсылық көрсетіп, өзін ұстаушы адамға қол сұғушылық жасай бастайды да, кейіннен ол қажетті қорғануға айналатын жағдайлар да болады.

Қажетті қорғану мен қылмыс жасаған адамды ұстау арасындағы барлық

---

<sup>124</sup> Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының 2003 жылғы 11 шілдедегі «Бөтеннің мүлкін заңсыз иемдену жөніндегі істер бойынша сот тәжірибесі туралы» № 8 нормативтік қаулысы, 5-т. // [https://adilet.zan.kz/kaz/docs/P03000008S\\_/history](https://adilet.zan.kz/kaz/docs/P03000008S_/history)

өзге айырмашылықтар жоғарыда аталған ерекшеліктермен анықталған.

Қажетті қорғанудың мақсаты — құқыққа қарсы қол сұғушылықтан заңмен қорғалатын игіліктерді қорғау — қылмыс жасаған адамдарға қатысты, оның да маңыздылығына қарамастан, аса маңызды болып табылады. Осыдан қажетті қорғану кезінде берілетін құқықтың көптігін көруге болады.

Мәселен, қажетті қорғанудың негізіне қоғамдық қауіпті қол сұғушылық жатады. Ал Б.Ж. Жүнісовтің пайымдауынша, бұл жерде бір ғана қол сұғушылық жеткіліксіз және қорғауға негіз болатын элемент «қоғамдық қауіпті қол сұғушылықтың алдын алу немесе жолын кесу үшін қол сұғушыға жедел қол сұғушылықты талап ететін қорғану жағдайы болып табылады»<sup>59</sup>.

Біздің ойымызша, қолданыстағы заң осындай қорытынды жасауға негізсіз. Қылмыс жасаған адамды ұстауға келетін болсақ, оның негізі екі элементтен тұрады деп айтуға болады:

- адамның қылмыс жасауы;
- және оған зиян келтіре отырып ұстау қажеттігін білдіретін жағдай.

ҚР ҚК 33-бабына сәйкес, 1. Қылмыс жасаған адамға оны мемлекеттік органдарға жеткізу және оның жаңа қол сұғушылық жасау мүмкіндігін тыю үшін ұстау кезінде зиян келтіру, егер мұндай адамды өзге амалдармен ұстау мүмкін болмаса және бұл орайда осы үшін қажетті шаралар шегінен шығуға жол берілмесе, қылмыс болып табылмайды.

2. Қол сұғушылық жасаған адамды ұстау адамға келтірілген зиян жағдай мәжбүр етпейтін анық шектен тыс зиян қажетсіз келтірілген кезде, олардың ұсталатын адам жасаған қылмыстың сипаты мен қоғамдық қауіптілік дәрежесіне және ұстаудың мән-жайына көрінеу сай келмеуі ұстау шараларын асыра сілтеу деп танылады. Бұлайша асыра сілтеу қасақана зиян келтірілген жағдайда ғана қылмыстық жауаптылыққа әкеп соғады.

3. Қол сұғушылық жасаған адамды ұстауға бұған арнаулы уәкілеттігі бар адамдармен бірге жәбірленушілер мен басқа азаматтардың да құқығы бар.

Осы жағдай қажетті қорғану мен қылмыскерді ұстаудың тағы бір айырмашылығы болып табылады.

Егер қажетті қорғану заңды болса, және бұл жағдайда адам қоғамдық қауіпті қол сұғушылықтан қашып кетуге мүмкіндігі болса немесе өзге адамдардан болмаса мемлекеттік органдардан көмек сұраса, онда қылмыскерді ұстау кезінде жасалған зорлық оны сот әділдігі мақсаттарын жүзеге асыру үшін мемлекеттік органдарына әкеліп тапсырудың жалғыз ғана жолы болып табылады.

Осы екі құқықтық институттардың айырмашылығы ұстау негізіне барлық қылмыс құрамының белгілері бар әрекет жатса, қажетті қорғануда тек

қоғамдық қауіпті әрекеттің объектілік жағы болуы жеткілікті.

Ол туралы қорытындыны заңнан алуға болады: егер ҚК 32-бабында «қоғамдық қауіпті қол сұғушылық» термині қолданылса, ҚК 33-бабында адамның қылмыс жасағаны туралы сөз болады.

Т.Т.Шықтыбаев атап өткендей, «қылмыс жасаған адамды ұстаған кезде, сөз қылмыстық жауапкершілікке тартылу жасына жеткен, есі дұрыс адам туралы болып отыр»<sup>54</sup>.

Бірақ, қылмыс жасаған адамды ұстаған куәгер, мысалы, қылмыстық іс қозғағанға дейін, қылмыскердің есі дұрыс емес екенін қайдан білетіні түсініксіз, ал ҚР ҚАК 442-бабында есі дұрыстық туралы мәселе сотта сот тергеуі кезінде шешілуі мүмкін деп көрсетілген. Адамның қылмыстық жауапкершілікке тартылу жасына жеткені туралы мәселе де анық емес. Сол себепті, ұстау бойынша шаралар көпе-көрінеу жеткіншек балаларға немесе көпе-көрінеу есі дұрыс емес адамдарға қатысты жүзеге асырылғанда заңсыз деп танылады.

Айырмашылықты білдіретін тағы бір белгіге келтірілген зиянның сипаты мен көлемі жатады.

Адам өміріне қауіпті зорлықпен жасалған немесе осындай зорлық жасау қаупі төнгенде жасалған қол сұғушылықтан қажетті қорғану кезінде қол сұғушыға кез келген зиян келтіруге болады, және өмірге қауіпті зорлық жасаусыз қол сұғушылықтан қорғану кезінде, кей жағдайда қол сұғушыны өлтіру заңды болып есептеледі. Ал қылмыс жасаған адамды ұстаған кезде оны өлтіру құқығы қылмыстық құқық ғылымында даулы болып отыр.

Мысалы, А.Н. Ағыбаев мұндай мүмкіндікті жоққа шығарады және ұсталған адамды өлтіру тек қылмыскерді ұстау оның белсенді қарсыласуы қажетті қорғануға айналған жағдайда ғана мүмкін дейді<sup>3</sup>.

Керісінше, И.И. Роговтың ойынша, кей жағдайларда (мысалы, кісі өлтіргенде, бандитизм, адамдарды кепілге алу, терроризм, қарақшылық, зорлау немесе зорлықпен жасалған өзге де ауыр қылмыстар) жасырынғысы келген ұсталғанды өлтіру заңды<sup>125</sup>.

Сонымен қатар, егер көптеген криминалист-ғалымдар қажетті қорғану кезінде қол сұғушыға келтірілген зиян оның әрекетінен күткен зияннан үлкен болуы мүмкін деп есептесе, қылмыс жасаған адамды ұстауда бұл мәселе нақты шешімін таппаған.

Е.О. Алаухановтың пайымдауынша, қылмыскерді ұстау процесінде зиян оның қылмысынан келген зияннан гөрі ауыр болуы мүмкін ***Ошибка! За-кладка не определена.***

Осыған қарама қарсы пікірді Г.Ф. Поленов ұстанады, ол қылмыскерді

---

<sup>125</sup> Рогов И.И. Уголовное право РК. Общая часть. — Алматы, 1998.

ұстау кезінде, аса қажеттілік жағдайындағыдай, ұсталғанға келтірілген зиян ол жасаған қылмыс қауіптілігімен салыстырғанда аса маңызды болмауы керек дегенді айтады<sup>45</sup>.

Дәл осындай пікірді Б.Ж. Жүнісов та қолдайды<sup>59</sup>.

Көріп отырғанымыздай, ұстау кезінде қылмыскерге ол жасаған қылмыстан келген зиянмен салыстырғанда аса ауыр зиян келтіруге болады. Бұл ұстау кезінде қылмыскерді сот әділдігіне қол жеткізу үшін қажеттігі ғана емес, оның әлеуетті қауіптілігі есепке алынуы қажеттігіне байланысты туындап отыр, себебі оның өзге қылмыстарды, соның ішінде жасалғандардан гөрі ауыр қылмыстар жасауы мүмкін. Сонымен осы институттардың айырмашылықтары мынадай:

1) Ұстау кезінде зиян келтіру негізіне қылмыс құрамының барлық белгілері бар әрекет қана болса, қажетті қорғану үшін қоғамдық қауіпті қол сұғушылықтың объектілігі жеткілікті.

2) Қажетті қорғанудың мақсаты заңды мүдделерді қорғау болса, қылмыскерлерді ұстау кезінде зиян келтіру мақсатына — қылмыстық жауапкершілікке тартуды қамтамасыз ету үшін және жаңа қылмыстардың жасалу мүмкіндіктерінің алдын алу үшін оны мемлекеттік органдарға әкеліп тапсыру.

3) Жоғарыда аталған айырмашылықтармен екіншісі логикалық байланыста болады — егер қажетті қорғану кезінде заңмен қорғалатын игіліктерге зиян келтіруге қауіп төндіретін қоғамдық қауіпті қол сұғушылық болса, қылмыскерді ұстау кезінде зиян келтіру ол шынайы түрде аяқталған болады.

Себебі қажетті қорғану мақсаты аса маңызды, ал бұл жағдайдағы әрекеттер — көп дәрежеде мәжбүрлі болғандықтан, ол қажетті қорғану кезіндегі заңдылықтың үлкен көлемімен анықталады және келесі айырмашылықтарды туғызады:

4) Қажетті қорғану адам қоғамдық қауіпті қол сұғушылықтан қашып кетуге мүмкіндігі болса немесе өзге адамдардан болмаса билік органдарынан көмек сұраса да заңды болады, ал қылмыскерді ұстау кезінде оған зиян келтіру — оны билік органдарына әкеліп тапсырудың жалғыз ғана жол болып табылады.

Қажетті қорғану кезінде келтірілген зиян тоқтатылған зиянға қарағанда үлкен болуы мүмкін. Кейбір ғалымдардың пікірінше, ұстау кезінде зиян келтіру қажетті қорғанудан ұсталған адамға келтірілген зиян оның жасаған қылмысынан келген зияннан аз болуы керек.

Қажетті қорғану кезінде, әсіресе өмір үшін қауіпті зорлық жасалған (ондай жағдайларда ғана емес) жағдайларда қол сұғушыға кез келген, соның ішінде аса ауыр зиян келтіру заңды болған жағдайларды, ұсталатын

қылмыскерді өлтіру заңдылығы туралы мәселе даулы болып отыр. Ұстау кезінде зиян келтіру барысында кісі өлтіру ауыр және аса ауыр қылмыстар жасаған кездегі жағдайларда ғана мүмкін.

### 3 БӨЛІМ.

## ҚАЖЕТТІ ҚОРҒАНУ ИНСТИТУТЫНЫҢ ҚЫЛМЫСТЫЛЫҚТЫҢ АЛДЫН АЛУДАҒЫ МАҢЫЗЫ МЕН АТҚАРАТЫН РӨЛІ

---

### **3.1 Қажетті қорғанудың шегінен шығу кезінде жасалған қылмыстарды (Қазақстан Республикасы ҚК 102, 112-баптары) саралау мәселелері мен олардың криминологиялық сипаттамасы**

Қажетті қорғану институтындағы нормалардың тиімділігін зерттеу, ең алдымен осы институтты тәжірибе жүзінде қолдануда туындаған сұрақтарға жауап іздеуден тұрады.

Алынған мәліметтерді талдай отырып, тіркелген жеке тұлғаға қарсы қасақана жасалған ауыр қылмыстардың өсуімен бірге қажетті қорғану шегінен шығу кезінде жасалған қылмыстар саны өсуде деген қорытынды жасауға болады.

Қажетті қорғану шегінен шығу кезінде денсаулыққа ауыр зиян келтірумен байланысты жасалған қылмыстардың тіркелген саны әдетте, қол сұғушы адамды өлтірумен байланысты қылмыстар санымен салыстырғанда жоғары болып келеді.

Қажетті қорғану шегінен шығумен байланысты қылмыстар аса ауыр емес қылмыстар санатына жатады, соған байланысты алдын ала тергеу органдарының тергеушілері прокурордың келісімімен ҚР ҚК 66, 68-баптарына сәйкес қылмыстық жауапкершіліктен босатылады және оған қатысты қылмыстық ізіне түсу тоқтатылады.

Қылмыс құрамының болмауы қорғанушының қажетті қорғану кезіндегі әрекеттерінің заңдылығын көрсетуі мүмкін, бірақ мұндай жағдайлар жалпы көрсеткішке енгізілетіндіктен олар туралы нақты ақпаратты беру мүмкін емес.

Е.О. Алауханов атап өткендей, қорғанудың заңдылығын есепке алу үшін сот, ПО тергеушілері мен прокурорлар үшін арнаулы есеп беру формасын қарастыру керек<sup>58</sup>.

Қажетті қорғану шегінен шығу кезінде кісі өлтіру және денсаулыққа ауыр зиян келтіру туралы қылмыстық істі зерттеу қоғамдық қауіпті қол сұғудан қорғалған адамдардың орташа жасы 38,4 жасты көрсетіп отыр.

Бұл жағдайды 26 мен 40 жас аралығындағы адамдардың жоғарғы әлеуметтік белсенділігімен түсіндіруге болады.

Қажетті қорғану шегінен шыққаны үшін жауапқа тартылғандардың

элеуметтік-демографиялық сипаттамасына жасалған талдау қорғанушылардың 25,4 %-ы әйелдер екенін көрсетіп отыр. Көбінесе олардың әрекеттері олардың күйеулері немесе бірге тұратын ер адамдары тарапынан болған зорлау арқылы қол сұғушылықтарына жауап болып келеді. Ер адамдардың әйелдерге қарағанда әрекеті агрессиялық сипатта болып келеді, ол өз кезегінде қарсы әрекет ету кезінде зиян келтіруге әкеп соғады.

Біз жүргізген зерттеулер жағдайлардың 30 %-ында қол сұғушылар мен қорғанушылардың туыстық қатынаста болғанын, жағдайлардың 21 %-ында олардың бұрыннан таныс болғанын анықтады.

Қажетті қорғану шегінен шығу кезінде кісі өлтіру немесе денсаулыққа ауыр зиян келтірген адамдар арасында олардың 38,1 %-ының тұрақты жұмысы болған, 10,9 %-ы зейнеткерлер болса, 2,9 %-ы оқушылар мен студенттер болғанын көрсетіп отыр. Қажетті қорғану шегінен шыққандардың 35 %-ы мас күйінде болған.

Н.Н. Турецкий атап өткендей, және мұны біздің зерттеулер де көрсетіп берді, жәбірленушінің өзіне зиян тигізген адамға шабуылды жасауы көп жағдайда олардың бірігіп спирттік ішімдіктерді бірге ішуі болып табылады, онда бір бірімен ілігісіп, ұрыс-керіске бару себебі немесе өзге де себептер болып шығады<sup>57</sup>.

Қорғанушылардың көпшілігі 80 % жағдайында өздерінің жеке басын, 12 %-ы өзге адамдардың құқығы мен мүдделерін, 8 %-ы өз мүлкі мен ұй-жайының қол сұғылмаушылығын қорғаған.

Біз зерттеген қылмыстық істердің ешқайсысында да мемлекеттік немесе қоғамдық мүдделерді қорғау жағдайлары тіркелмеген.

Зерттелген істер бойынша қажетті қорғану шегінен шыққан адамдар қорғану құралы ретінде 58,6 % жағдайда пышақ, 8,6 % жағдайда өзге де заттар (балта, бұрауыш), 15,3 % жағдайда оқ-дәрімен атылатын қару, 1 %-ында газдық қару қолданғаны анықталды.

Қару қолданусыз ұру, соның ішінде тұншықтыру қорғану ретінде 16,5 % жағдайда қолданылған. Әйелдердің қорғану құралы ретінде пышақ пен балтаны қолдануы жиі байқалады, ал оқ-дәрімен атылатын қаруды олар бірде бір рет қолданбағанын атай кеткен жөн.

Қажетті қорғану шегінен шығу нәтижесінде жәбірленген адамдардың элеуметтік-демографиялық және адамгершілік-психологиялық мінез-құлқы, сондай-ақ қажетті қорғануды туғызған қол сұғу сипаттамасы назар аударуға тұрарлық жайттар.

Қол сұғушылардың орташа жасы 35,6 жасты құрайды. Бұл жас қорғанушы жасынан өзгеше, бірақ одан жас. Ол қауіпті қол сұғушылықты көбіне 30 жастан жас адамдар жасауымен түсіндіріледі.

А.Ә. Биебаеваның пікірінше, оның себебіне субъектілердің жоғарғы

қозғыштығы мен албырттығы және әлеуметтік тәжірибесінің аздығы да болуы мүмкін<sup>55</sup>.

Көп жағдайларда қажетті қорғану шегінен шығу кезінде кісі өлтіргенде немесе денсаулыққа ауыр зиян келтіргенде жәбірленушілер 97,6 % жағдайда ер адамдар болып табылады. Әдетте, жәбірленушілер ретінде кінәлілердің күйеулері, әкелері, нақсүйерлері, ұлдары болып келеді, олар өздерінің теріс қылықтарымен (агрессия, маскүнемдік, қызғаныш, ашу-ыза, ұрып-соғу, қорлау) отбасында ұзақ уақыт бойы жүйелі түрде эмоциялы шиеленістік жағдайда қылмысқа итермелейтін әрекеттер туғызады. Қажетті қорғану шегінен шығудың 2,4 % жағдайда жәбірленуші ретінде әйел адамдар болып келеді.

Біз зерттеген қажетті қорғану шегінен шығу туралы істер бойынша 22,2 % жағдайда жәбірленушілердің тұрақты жұмысы болған, 5,5 % жағдайда олар зейнеткерлікте болған, ал 3,7 % жағдайда олар студенттер мен оқушылар болған.

Көріп отырғанымыздай, көпшілігі, яғни 68,6 % жағдайда қоғамдық қауіпті қол сұғушылық жасаған сәтте еш қай жерде жұмыс істемеген. Ал 65 % жағдайда қол сұғушылар мас күйінде болған.

Жүргізілген зерттеулер қажетті қорғану шегінен шығу кезінде кісі өлтіру немесе денсаулыққа ауыр зиян келтіруде 53,7 % жағдайда ол жәбірленуші немесе кінәлі өмір сүрген пәтерде орын алса, 34,1 % жағдайда — көшеде, 6,5 % жағдайда — қоғамдық орындарда, яғни, кафе, мейрамхана, тіпті жұмыс орнында орын алғанын көрсетіп отыр. Қорғану эксцесімен байланысты жасалатын сирек қылмыстар 4,6 % жағдайда — подъездерде, 1,1 % жағдайда — саяжай учаскелерінде жасалған.

Қажетті қорғану шегінен шығу кезінде жасалған қылмыстар жәбірленушінің қоғамдық қауіпті мінез-құлыққа итермелейді, ол көбіне: ұрып-соғу және азаптау, денсаулыққа ауыр зиян келтіру арқылы қастандық жасау, бұзақылық, өлтіру мақсатында қастандық жасау, зорлау немесе сексуалдық сипаттағы зорлау әрекетіне бару, жеке меншікке және тұрғын үйге қол сұғу болып табылады

Осы бөлімді қорытындылай отырып, мынадай нәтижелерге келдік:

Қажетті қорғану шегінен шығумен байланысты қылмыстар санының өсуі ҚР ҚК 32-бабын редакциясында қорғалушы қол сұғушыға кез келген зиян келтіруге, тіпті қол сұғушылық зорлаумен, қорғалушы немесе өзге де адамдардың өміріне қауіпті болса, немесе осы қауіптілік қауіпі төнсе, онда оны өлтіруге дейін бара алады, яғни азаматтар өзінің қорғануға деген құқығын қолдана бастағанын көрсетеді.

Ол ҚР ҚК 32-бабына енгізілген өзгерістердің дұрыстығын көрсетеді, себебі ол азаматтардың қажетті қорғануға деген құқықтарын кеңейтті.

Соған қарамастан, алдын ала тергеу органдары мен сот қоғамдық қауіпті қол сұғушылықтан қорғанған адамдарға қатысты кінәлау тенденциясын әрі қарай жалғастыруда, оны қажетті қорғану шегінен шығу туралы қылмыстық істердің сотқа жіберілу санының өсуі мен қорғану эксцессіне байланысты қылмыстары үшін сотталғандар санының артуынан көруге болады.

Қажетті қорғану шегінен шығу кезінде қылмыс жасау көп жағдайда жәбірленушінің құқыққа қарсы ғана емес, қоғамға қауіпті мінез-құлқын да болады, ол кінәліде қажетті қорғану шегінен шығу кезінде қоғамға қарсы ұстанымының болмағанын дәлелдейді, оны сотта жаза белгілеуде ескеру керек.

Қажетті қорғану шегінен шығуға кінәлі адамдардың әлеуметтік-демографиялық ерекшеліктері жәбірленушілерден қорғану эксцессімен сипатталады. Бұл кінәлі адамдардың қылмыс жасауға деген қабілеттері жоқтығын дәлелдейді, ол өз кезегінде жазаны жеңілдетуде ескерілуі керек.

### **3.2 Қазақстан Республикасы ҚК 32-бабының тәжірибелік қызметте қолданылу аясы мен тиімділігі**

Азаматтарға қоғамдық қауіпті қол сұғулардан қорғанудың кең мүмкіндіктерін көрсету қылмыспен күресудің тиімді құралдарының бірі болып табылады. Қылмыскерлердің азаматтардан қажетті қорғану шеңберінде кез келген сәтте қарсылық ала алатынын сезінуі жалпы қылмыс превенциясына күшті фактор болатындығы анық.

Бұл фактордың маңызын бағаламауға болмас, сонымен қатар, бағасын асырып та қажеті жоқ. Қарулы және ұйымдастырылған қылмыскерлердің сапалық және сандық жағынан мемлекеттік құқық қорғау органдарынан да дамыған жағдайда, заңдылықтардың азаматтарға өздерінің құқықтары мен заңды мүдделерін қылмыстық қол сұғушылықтан қорғауға барынша мүмкіндік беруі, оларды ешбір шектеулермен байланыстырмауы өте маңызды.

Осы міндеттер жағынан алғанда қазіргі қолданыстағы заң нормаларын қалай бағалауға болады?

Е. Қайыржанов әділ атап өткендей, «қажетті қорғану институты тиімділігіне бір жағынан, азаматтардың қоғамдық қауіпті қол сұғушылықтарды алдын алуда белсенділіктерінің деңгейі, осы институттың қылмыспен күресте превентивтік (алдын алу) маңызын қамтамасыз ету жатса, екінші жағынан, шабуыл жасаған адамға келтірген зияны үшін азаматтарды жазаламауды қамтамасыз ету жатады»<sup>50</sup>.

Қажетті қорғану институтының тиімділігі, біріншіден, оның нақты заңды белгіленуі есебінен, екіншіден, азаматтарға қол сұғудан қорғану мүм-

кіндіктерін беру жолымен артуы мүмкін.

Қолданыстағы нормалардың тиімділігін анықтау мақсатында біз 2051 адамнан – кіші және орта бизнес, жеке фирма жұмыскерлері, студенттер арасында сауалнама жүргіздік.

Сауалнама жүргізу барысында 1147 ер адам (58,2 %), 1005 әйел адам (41,8 %) сұралды. ҚР ҚК 102, 112, 113-баптары бойынша қылмыстық жауапкершілікке тартылған азаматтардың жеке басы туралы статистикалық мәліметтерге қарағанда, әйел адамдарға жиі қорғануға тура келеді екен, сондықтан сауалнамаға оларды да кіргізуді жөн көрдік.

Жас категориялары бойынша сауалнама алынған азаматтар былайша бөлінді: 60 жастан аскандар – 225 адам, 50-60 жастағы – 310 адам, 40-50 жастағы – 307 адам, 35-40 жастағылар – 318 адам, 30-35 жастағы – 301 адам, 25-30 жаста – 304 адам, 18-25 жаста – 226 адам, 18 жасқа дейінгілер – 318 адам.

Қажетті қорғану субъектілік құқық болып табылатындықтан, азаматтар оны пайдалану үшін оның мазмұнын білуі керек. Сұралғандардан қажетті қорғану құқығы туралы белгілі ме деген сұраққа «иә, белгілі» деп 166 адам (26,3 %) жауап берсе, 1161 адам (64,1 %) ол туралы аз білетіндерін айтты, ал 124 адам (9,6 %) ол құқықтары туралы білмейтіндіктерін айтты.

Осыған байланысты, шамамен сұралушылардың 3/4, олардың өз ойлары бойынша, осы институт туралы ештеңе білмейді, немесе өте аз біледі екен, ал әрі қарайғы сауалнамадағы сұрақтарға олардың берген жауаптары осыны дәлелдей түседі.

Мысалы, сұралғандардың көпшілігі (61 %) ҚР ҚК 32-бабының 2-бөлігінің мазмұны туралы білмейтін болып шықты, оған сәйкес қажетті қорғану құқығына кез келген адам қоғамдық қауіпті қол сұғудан қашып кету мүмкіндігі болғанына қарамастан құқылы. Ол туралы 96 сұралушы білетін болса, 153 адам қажетті қорғану ережесі бойынша қорғануға егер қол сұғудан қашуға болмайтын жағдайда ғана мүмкін деп есептейді. 12 адам бұл сұраққа мүлдем жауап бере алмады.

Сұралғандардың көп бөлігі (39,4 %) қажетті қорғану құқығы түсінігін субсидиарлы деп есептейді, және егер азаматқа көшеде қылмыскер шабуыл жасаса, ал қылмыс орнында полиция қызметкері болса, ол қорғануға құқығы бар ма? деген сұраққа – 152 адам құқылы десе, 9 адам – құқысы жоқ деп жауап берді, ал 90 адам, егер полиция қызметкері қылмысты тоқтатуға әрекет етпесе, онда қорғануға құқылы деп есептейді.

Азаматтарға қажетті қорғану ережелері бойынша рұқсат етілетін объектілер шеңбері де белгісіз екен.

Есі дұрыс емес адамдардың және кәмелетке толмағандардың қол сұғушылықтарынан қорғануға болады ма деген сұраққа жауапты көпшілігі біл-

мейді, осы категориядағы соңғылары қылмыстық жауапкершілікке тартылмайды. Бұл сұраққа 232 адам «қорғануға болады», 18 – «болмайды» және 11 адам жауап беруге қиналатынын айтты, яғни респонденттердің 7,6 % бұл сұрақтың дұрыс жауабын білмейді.

Қажетті қорғану шегінен шығу институтында да осындай жағдай қалыптасқан. Қажетті қорғану шегінен шыққаны үшін қылмыстық жауапкершілікке тартылады ма деген сұраққа 232 адам «иә» деп, 18 – «жоқ» деп, және 21 жауап беруге қиналатынын айтқан. Қажетті қорғану шегінен шығу деген не сұрағына «білмеймін» немесе жауап беруге қиналатынын 178 адам айтқан.

Қажетті қорғанудың қылмысты алдын алудағы рөліне баға беру үшін біз азаматтардың қаншалықты жиі осы құқықтарын пайдаланатындықтарын анықтауға тырыстық.

Біз жүргізген сауалнама нәтижесі бойынша 251 адамнан олардың көзінше қылмыс жасалды ма деген сұраққа 159 адам жасалған жоқ деп жауап берсе, 24 адам – бір рет жасалды, 68 адам – бірнеше рет жасалды деп жауап берді.

Осыған байланысты, сұралғандардың көпшілігі (36,6 %) олардың көзінше қылмыс жасалғанын айтқан. Олардың ішінде жиі орын алғандары бұзақылық – 58 рет, денсаулыққа қарсы қылмыс – 47, жеке меншікке қарсы зорлықпен жасалған қылмыс – 43, жеке меншікке қарсы зорлықсыз жасалған қылмыс – 23, жол қауіпсіздігіне қарсы және көлікті пайдалануға қарсы қылмыс – 20, ар мен намысқа қол сұғушылық – 11, өмірге қарсы қылмыс – 10, заңсыз қару, оқ-дәрі, жарылғыш заттар мен жарылғыш құрылғылар сату – 8, жыныстық қол сұқпаушылыққа қарсы қылмыс – 5, әділ сот немесе алдын ала тергеуді жүзеге асырушы адамдарға, құқық қорғау органдарының қызметкерлеріне, билік өкілдерінің өміріне қол сұғу немесе зорлықпен әрекет ету – 3, қоғамдық қауіпсіздікке қарсы қылмыс – 2, өзге де қылмыстар – 6, қылмыс түрі аталмаған – 1.

Азаматтар 34 жағдайда қажетті қорғануға барған. 30 жағдайда олар қылмыскерлерді қылмыс жасаудан бас тартуға тырысқан, ал 18 жағдайда болып жатқан қылмыс туралы полицияға хабарлаған, 24 жағдайда қылмысты тоқтатуға ешқандай шара қолданбаған.

Азаматтар осы құқықты пайдаланбағанының бірнеше себебін көрсеткен (кейбірі бір емес, бірнеше себептерді көрсеткен).

Бұларға: қылмыстық жауапкершіліктен қорқу – 10 жағдай, қажетті қорғану кезіндегі ережені білмеу – 19, сот-тергеу органдарында куәгер ретінде қатысқысы келмеу – 20, өзінің қылмыскердің құрбаны болып қалудан қорқу – 24, өзге де жағдайлар (сұралғандар көрсетпеген) – 9, себебін көрсетпегендер – 4, жағдай қорғану шараларын қолданусыз шешілді – 4, ал 1

жағдайда адам қылмыскермен келіссөзге келуге тырысқанын айтқан, 21 сұралған қорғануды қолдану қажеттігін көрмеген.

Осылайша азаматтар қажетті қорғануға өте сирек жүгінеді және оның негізгі себебі олардың қылмыскерлерден қорқуы болып табылады (25,8 % жағдайда).

Жалпы сұралған азаматтардың 131-і болашақта қажетті қорғану құқығын егер олардың көзінше өзге азаматтарға қарсы қылмыс жасалған болса пайдаланатындықтарын айтқан. «Жоқ» деген сұраққа жауап берген адамдар саны аз – барлығы 18 адам болғаны назар аударарлық (1 адам жауап беруге қиналған). Азаматтардың көпшілігі (211 адам) бұл сұрақты туындаған жағдайға қарай шешетінін айтқан.

Әрине, бұны сұралған азаматтардың жағдайды, өз мүмкіндіктерін өсіріп айтуға тырысуымен түсіндіруге болады және кейбірінің қарсылық көрсетуге дайын екендігін айтқанымен, сөздерінде тұрмауы да мүмкін.

Бірақ, біздің ойымызша, бұл себеп ондай жағдайды түсіндіре алмайды. Себебі сауалнамаға қатысушылар қорғану құқығын қолданбау себебі туралы сұраққа барынша шынайы жауап берді және олардың көпшілігі жағдайды өсірген жоқ, қылмыскерлерден қорқатынын айтты.

Бұл фактіні сұралған азаматтардың көпшілігі қол сұғушылыққа ұшырмаймыз деп ойлайтынымен, егер ондай жағдай туындай қалса, қорғану шараларын қолданудың қажеті болмайды деп үміттенуімен түсіндіруге болады. Бірақ, көріп отырғанымыздай, азаматтар қол сұғу жағдайынан құтылмайтын да жағдайларды түсінеді, ол кезде олар қол сұғуға қарсылық жасаймыз, немесе құқықты қорғау мүдделеріне бағынамыз деп ойлайды. Мұндай жағдайларда, берілген жауаптарға қарағанда, азаматтар құқық қорғау мүдделеріне бағынудың орнына бастарын қауіп-қатерге тігіп, қол сұғуға қарсы тұруға дайын екендігін көруге болады.

Қажетті қорғану құқығын пайдаланбайтын азаматтар жағдайға байланысты әрекет етеді немесе осы құқықты пайдаланғысы келмейтіндерінің мынадай себептерін түсіндірген:

- қылмыстық жауапкершіліктен қорқу – 33 жағдайда,
- қажетті қорғану кезінде әрекет ету ережесін білмеуі – 55 жағдайда,
- сот-тергеу органдарында куәгер ретінде қатысқысы келмеу – 59 жағдайда,
- өзінің қылмыскердің құрбаны болып қалудан қорқу - 70 жағдайда (соның ішінде 2 жағдайда сұралғандар қылмыскерлердің қаруланғанынан және көптігінен қорқатынын айтқан),
- 9 жағдайда азаматтар өздерінің дене бітім (физикалық) мүмкіндіктерінің шектеулігіне байланысты қорқады,
- қылмыстық қол сұғу фактілеріне немқұрайлы қарайды – 3 жағдайда,

өзге де жағдайлар (сұралғандар көрсетпеген) – 11 жағдайда,

- 18 жағдайда себебі көрсетілмеген.

2 адам өзінің қылмыскермен келіссөзге түсудегі әрекетсіздігін:

- 1 – жанжалды кім бастағанын білмегендіктен жағдайды түсінбегенін,

- 1 – әркім өзін қорғау керектігін айтумен түсіндірген, 1 адам өзге адамдарды қорғау заңсыз деп есептесе, 1 – тек өз таныстарын ғана қорғайтынын айтады.

Осыған байланысты, әрбір үшінші жағдайда (29,9 %) азаматтар өзге адамдарды қорғауға дайын еместігін қылмыскерлерден қорқатындығымен түсіндірді. Қажетті қорғау құқығын қолдануға кедергі болатын себеп ретінде осы қорқынышты көбіне әйелдер көрсетті деуге де болар еді, бірақ бұл олай емес.

52 жағдайда (65,8 %) мұндай себепті әйелдер көрсетсе, 27 жағдайда – ер адамдар көрсеткен, ол сәйкесінше 34,2 % құрайды. Сонымен қатар, ер адамдардың көбінесе қажетті қорғану құқықтарын қолданбау себептерін көрсетпегенін (себебін көрсетпеген адамдардың 61 % ер адамдар) ескерсек, әйел адамдардың бұл сұраққа объектілі жауап бергенін болжауға болады.

Өздері қол сұғушылыққа ұшыраған адамдар пайызынан, көзінше өзге азаматтарға қатысты қылмысқа куәгер болған адамдардың пайызы үлкен болып шықты. Мысалы, сауалнамадан өткен 1106 адам қылмыстық қол сұғушылыққа ұшырағанын айтқан (41,8 %), оның ішінде 61 адамға қол сұғушылық бірнеше рет орын алған. 1145 адамның айтуынша, олар қол сұғушылыққа ұшырамаған.

Сауалнамаға қатысқан азаматтарға қатысты жасалған қол сұғулардың ішінде жиі кездесетіндері адам өмірі мен денсаулығына қарсы жасалған қылмыстарға келеді – 50, ал 44 жағдайда бұзақылық, 42 жағдайда – жеке меншікке қарсы зорлықпен жасалған қол сұғушылық, 19 жағдайда жеке меншікке қарсы зорлықсыз жасалған қол сұғушылық, 13 – ар мен намысқа қол сұғушылық, өзге де қылмыстар – 11 жағдайда, жыныстық қол сұқпауға қарсы қылмыс—5 жағдайда орын алған.

Сұралған азаматтардың ішінде өзін өзі қорғау құқығын 74 жағдайда қолданған, 34 жағдайда – қолданбаған, 3 адам бұл сұраққа жауап бермеген.

Өзін өзі қорғауды қолданбаған азаматтар оның мынадай себептерін атаған (кейбірі бір емес бірнеше себептерді көрсеткен): қылмыстық жауапкершіліктен қорқу – 7 жағдайда, қажетті қорғану кезіндегі ережені білмеу – 11 жағдай, қылмыскерден қорқу – 6 жағдай, 1 азамат «байланысқысы келмеумен» түсіндірді, оны қорқыныш деп есептеуге болады, қылмыскердің физикалық мүмкіндігінің басымдылығы – 26 жағдай (соның ішінде 1 жағдайда азамат қорғану құралы болмағандықтан қорғана алмаған, ал 1 жағдайда – қол сұғушылар саны бірнешеу болған), 8 жағдайда азаматтар сол

жерде туындаған жағдаймен түсіндірген, 3 жағдайда себебі көрсетілмеген, 2 жағдайда қорғану шарасын қолданудың қажеті болмаған, ал 1 азамат қылмыскермен сөйлесіп, оны тоқтатуға тырысқан.

Қылмыскерлерден қорқып қорғану құқығын қолданбағандар санымен өзге адамдарға жасалған қол сұғушылық кезінде қылмыскерден қорқып қорғану құқығын қолданбағандар саны бірдей. 62,9 % жағдайда бұл себепті әйел адамдар көрсетсе, 37,1 % – ер адамдар көрсеткен.

Қорыта келгенде, қажетті қорғану институтын қолдану саласындағы жағдай барынша өзгерген деп айтуға болады.

Мысалы, А.Г. Пушечников жүргізген зерттеуінің нәтижесінде ол қорғану құқығын қолданбаудың негізгі жағдайына жауапкершіліктен қорқу, сот-тергеу органдарымен әрекетке түскісі келмеу және қылмыстық қол сұғушылық фактілеріне деген немқұрайлылық жатады деп есептейді<sup>48</sup>.

1999 жылы Я. Нарин жүргізген элеуметтік зерттеу азаматтардың қажетті қорғану құқығын сирек қолданудың мынадай себептерін анықтаған: осы құқықты білмеу – 17 %, осындай жағдайлардағы нақты ережелерді білмеу – 19 %, қажетсіз құқықтық салдардың туындауынан қорқу – 48 %, осындай салдардың туындауын бастан кешіргенін адамдардың білуі – 11 % және тек 5 % – өз күштері мен мүмкіндіктерін дұрыс бағаламау. Осыдан Я. Нарин атап өткендей, адамдар құқық бұзушылармен кездесуден ғана емес, оның әрі қарайғы салдарынан да қорқады деген қорытындыға келуге болады<sup>80</sup>.

Біз жүргізген сауалнама мәліметтері оның тіпті де олай еместігін көрсетеді. Көп жағдайда (44 %) азаматтар қылмыскерлерден және олардың күштіліктерінен қорыққандықтан, өзін өзі қорғау құқығын қолданбаған. Біздің зерттеу нәтижелеріміз Н.Н. Турецкий жасаған қорытындыға сәйкес келеді, ол «азаматтар қажетті қорғануды сирек қолданады. Бұл қылмыстың өршуімен, шабуылдаушылардың қарулануы, арсыздығы, адами қасиеттерден жұрдайлығымен түсіндіріледі, ол көп адамдарды қорқытып, жаулап алған, қарсылық көрсетуге деген талпыныстарын басып тастаған»<sup>32</sup>.

Азаматтар болашақта егер оларға қол сұғушылық жасалса, өздерін қорғау құқықтарын қолданады ма деген сұраққа 196 адам «иә» деп жауап берсе, 19 адам - «жоқ», 144 адам оны жағдайға қарай шешетінін көрсеткен, ал 12 адам жауап бермеген.

Осыған байланысты, кейбір азаматтар өзін өзі қорғауға дайындығы туралы жалған айта отырып, өздерінің жағдайларын өсіруі мүмкін, сол себепті өздерін қорғауға дайын адамдар пайызы қылмыстық қол сұғуға ұшыраған адамдарға көмектесуге даяр азаматтар пайызынан әлдеқайда жоғары. Бұл жағдайды барлық тіршілік иелеріне қауіп төнген сәтте өзін өзі қорғануға әрекет ету инстинктінің дамуымен де түсіндіруге болады. Әрі қарай, мемлекет пен қоғамның дамуына байланысты адамның өмір сүруге

құқығынан өзге де құқықтары да басымдылыққа ие болып, адамдар өздерін қорғау қажеттігін де түсіне бастаған деп те түсіндіруге болады.

Г.К. Рақымжанова әділ атап өткендей, жеке басты қорғауға деген ұмтылыс адамға тән, ал өзге объектілерді қорғау қажеттілігі азаматта тәрбиелеу барысында қалыптасады<sup>43</sup>.

Өзге адамдарды қорғауға дайындығы туралы сұраққа жауап бергендей, азаматтар өздерін қорғайды ма деген сұраққа, аз ғана адам жоқ деп жауап берсе, азаматтардың көпшілігі жағдайға қарай әрекет ететіндіктерін айтқан.

Жоғарыда атап өткендей, сұралғандар «жоқ» дегеннен гөрі «иә» деп жауап бергісі келеді, яғни олар құқық қорғау мүдделеріне жүгінгеннен гөрі, егер бұл жағдайды өздері үшін зиянсыз шеше алмайтын болса (қашу, тығылу, өзге адамдардан көмек сұрау және т. б.), қорғануға әрекет жасауды жөн көреді. Сөз жоқ, бұл қол сұғуға жиі ұшырайтын мүдделердің маңыздылығымен түсіндіріледі.

Сұралған азаматтар болашақта өзін өзі қорғау құқығын пайдаланбаудың мынадай себептерін атады (бұл себептерді оны болашақта жағдайға қарай қолданғысы келетінін де азаматтар көрсеткен, біз оларды осы құқықты пайдалануға кедергі болатын себептер деп бағалаймыз):

- қылмыстық жауапкершіліктен қорқу – 22 жағдайда,
- қажетті қорғану кезіндегі ережені білмеу – 47 жағдайда,
- сот-тергеу органдарында куәгер ретінде қатысқысы келмеу – 38 жағдайда, қылмыскерден қорқу – 28 жағдайда,
- азаматтар өздерінің дене бітім (физикалық) мүмкіндіктерінің шектеулігіне байланысты қорқады – 31 жағдайда.

Сұралғандардың екеуі бір топ қылмыскерлер жасаған қол сұғушылықта өзін өзі қорғау құқығын қолдана алмайтынын айтқан, біреуі қорғануға мүмкіндік болса қолданатынын айтқан, оны егер оның күші қылмыскерден асып түсетін болса ғана өз құқығын қолданады деп бағалауға болады.

Өзге жағдайларды көрсеткен 12 жағдай, себебін көрсетпеген 12 азамат болса, 21 адам егер ол жағдайдан шығудың өзге амалы болмаса, өзін қорғайтынын көрсеткен.

Осыдан көретініміз: азаматтар әрбір үшінші жағдайда (32 %) қылмыскерлерден қорқатындықтан, өзін өзі қорғау құқығын қолданбайды екен, ол көбінесе қылмыскерлердің дене бітімі (физикалық) күшінің басымдылығына, қарулануына, ұйымшылдығына және т. б. байланысты болса керек.

Мүмкін азаматтар қылмыскерлердің мүмкіндіктерін біршама асыра айтатын болар, дегенмен олардың да сөздерінің жаны бар. Себебі, қазіргі кезде қылмыс аса қатігез, өрескел сипаттарға ие болып кеткен.

Сонымен, біз жүргізген зерттеулер қол сұғушыға қатты қорқу жағдайында кез келген зиян келтірудің қылмыс еместігін заң жүзінде бекіту

бойынша ұсынысты енгізудің барлық негізі бар екендігін көрсетеді.

Н.Н. Турецкийдің берген мәліметтері бойынша, азаматтар 1000 зорлық көрсету арқылы жасалған қол сұғушылықтың тек 21 жағдайында ғана азаматтар қылмыскерлерге зорлау арқылы қол сұғушылықтан гөрі сирек көрсеткен, қол сұғушылықтан қорғануға келетін болсақ, одан тіпті қорғануға 1000 жағдайда тек 16 ғана орын алған<sup>67</sup>.

Бұндай жағдайлар елдегі криминалдық жағдайдың өршуімен, құқық қолдану тәжірибесінің кей салаларда біршама нашарлауымен түсіндіріледі, соның нәтижесінде азаматтарға қылмыстық қол сұғушылықтан жиі қорғануға тура келгендігі, соған сәйкес құқық қорғау органдары қызметкерлерінің құқықтық санасының деңгейі жоғарылағаны байқалады, яғни қажетті қорғану шегінен шығу кезінде жасалған әрекеттерге дұрыс құқықтық баға беру жиі орын алған.

205 анықталған адамнан қылмыстық жауапкершілікке 84 адам тартылған, олардың 35 – ҚР ҚК 102-бабы бойынша, 49 – ҚР ҚК 112-бабы бойынша. Қылмыстық жауапкершіліктен ҚР ҚК 102-бабы бойынша 10 адам және ҚР ҚК 112-бабы бойынша – 111 адам босатылған.

ҚР ҚК 102, 112-баптары бойынша қылмыстық жауапкершілікке тартылған азаматтардың мінездемелері қажетті қорғауға жүгінетін адамдар туралы қандай да бір түсінік береді. Себебі қылмыстылық статистикасы қажетті қорғанудың заңдылығы жағдайларын жеке есепке алуды ескермейді. ҚР ҚК 102-бабы 2-бөлігі мен 112-бабы 2-бөлігі қарастырған қылмыстарды жасаған адамдардың да жеке есепке алынбайтынын да атап кеткен дұрыс, бірақ мұндай адамдар саны соншалықты көп емес (5 жылда 18 адам).

Қажетті қорғану шегінен шығу кезінде қылмыс жасағаны анықталған адамдар ішінде 61 — жұмысшы (29,7 %), 4 қызметкер (1,9 %), 4 ауыл шаруашылық жұмыскері (1,9 %), 1 – несие беру, қаржы жүйесінің қызметкері (0,5 %), 6 оқушы (2,9 %), 2 студент (1 %), 97 адам тұрақты табыс көзі жоқ адам (47,3 %), оның ішінде 8 жұмыссыз (3,9 %) адамдар болды.

Есірткіге мас күйінде қылмыс жасаған адамдар жоқ, ал мас күйінде 93 адам болған (45,3 %).

Анықталған адамдар арасында жоғарғы білімді 54 адам (1,9 %), орта кәсіби білімді 134 адам (16,6 %), орта жалпы білімді немесе орта негізгі білімді 134 адам (65,4 %).

Жас категориясына қарай олар былайша бөлінді: 16-17 жас – 16 адам (7,8 %), 18-24 жас – 40 (19,5 %), 25-29 жас – 36 (17,6 %), 30-49 жас – 80 (39 %) (қалған 16 % ересек жастағы адамдарға жатады).

Қорғануға 58 әйел адам жүгінген (28,3 %).

Анықталған адамдардың негізгі бөлігі — ҚР азаматтары (194 адам немесе 94,6%). Жергілікті тұрғындар олардың арасында 193 адам, тұрақты

мекен жайы жоқ адамдар жоқ.

Топпен жасалған қылмысты 7 адам (3,4 %) жасаған.

Анықталғандар арасында бұрын қылмыс жасағандар 39 адам (19 %), бұрын бірнеше рет қылмыс жасағандар олардың арасында болмаған.

Осыған байланысты, қорғанған адамдардың көпшілігінің білім деңгейі жоғары емес, көбінде тұрақты табыс көзі жоқ адамдар болып шыққан. Қорғануға 30-49-жастағы адамдар жиі барады екен (ал 18-24-жастағылардың да үлесі жоғары). Олардың жартысы қылмыстық әрекет кезінде мас күйінде болған. Қорғануға жиірек әйел адамдар жүгінеді.

Әрекеттегі нормалардың тиімділігін анықтау мақсатында біз 2010–2018 жылдар аралығында ҚР соттарында қаралған қылмыстық істер бойынша тәжірибені жалпылауды жүргіздік, соның нәтижесінде қажетті қорғану қажеттілігі немесе оның шектен шығуы анықталды. Салыстыру үшін КСРО, РКФРО және ҚР Жоғарғы Соттарының Бюллетендерінде жарияланған тәжірибелер зерттелді. ҚР соттары қарастырған 95 қылмыстық іс қаралды.

Осындай істерді қарауда кеткен қателіктің екі түрін бөліп алуға болады. Қателіктің бірінші түрі кінәлау сипатымен байланысты және ол заңды қорғану оның шегінен шығу арқылы жасалған қылмыс деп танылуынан, немесе одан да сорақы, жеке басқа қарсы ауыр қасақана жасалған қылмыс деп танылуынан, болмаса қажетті қорғану шегінен шығу кезінде жасалған қылмыс аса ауыр қылмысты жауапкершілікке тартуды қарастыратын баптар бойынша сарапталуынан көрінеді.

Мұндай қателіктер 64 іс бойынша жіберілген. Зерттелген істердің ішінде тек төртеуінде ғана тергеу органы жасалған әрекетті қажетті қорғану шегінен шығу деп бағалаған, ал сот онымен келіскен.

Кездескен қателердің екінші түрі сирек кездеседі – онда сот жеткілікті негізсіз, іс бойынша барлық қолда бар дәлелдерді толықтай зерделемей, ауыр қасақана қылмысы үшін сотталғандардың әрекетін қажетті қорғану шегінен шығу кезінде жасаған қылмысы үшін жауапкершілікке тартуды қарастыратын бап бойынша қайта саралаған (14 іс).

Кей жағдайларда мұндай істер бойынша қажетті қорғану жәбірленуші тарапынан орын алған, және сот қол сұғушының әрекетіне қате құқықтық баға берген, ал қорғану қылмыстық әрекеттен тұрмайтын жағдайларда ол мүмкін емес.

11 іс бойынша жасалған үкімде қылмысты жасау себебі туралы қарама-қайшы қорытындылар жасалған, және олар істегі жағдайдың дұрыс бағасы болмағанына байланысты тоқтатылған.

**Тергеу органдарының әрекетті қылмыстық-құқықтық бағалауы жөнінде.**

Зерттелген барлық істердегі кейіннен өзгертілген үкімдер, ал әрекеттері қажетті қорғану шегінен шығу ретінде сарапталған, немесе адам қажетті қорғану жағдайында болуына байланысты тоқтатылған істерді алдын ала тергеу органдары жеке адамға қарсы аса ауыр қасақана жасалған қылмысы үшін жауапкершілікке тартуды қарастыратын баптар (ҚР ҚК 106, 114-б. немесе) бойынша сарапталғаны назар аударарлық.

Бір жағдайда әрекеттер ҚР ҚК 115-бабы, 1-бөлімі бойынша, екіншісінде – ҚР ҚК 109-бабы, 1-бөлімі бойынша сараланған.

Осыған байланысты, 68 істің тек төрт жағдайында ғана (5,8 %) әрекеттер тергеуде қажетті қорғану шегінен шығу ретінде сарапталған. Егер кейіннен сот инстанциялары онша ауыр емес қылмыс деп танылатын заң қолданғанын немесе үкім тоқтатылғанын ескерсек, ал іс өндірісте сол дәлелдемелер негізінде қылмыс құрамының болмауынан тоқтатылса, онда мұндай жағдайдың себебі тергеу органдары жасап отырған кінәлаудағы ұстаным деген қорытындыға келуге болады.

Себебі қорғану салдары аса ауқымды (қол сұғушыны өлтіру немесе денсаулығына аса ауыр зиян келтіру) болып табылады да, тергеу органы қорғанушы әрекетін ғана бағалайды да, көзге көрініп тұрған қажетті қорғану жағдайының белгілерін есепке алмайды. Және де қорғанушы денсаулығына келтірілген зиянға берілген сот-медициналық сараптама қорытындысына, сондай-ақ куәгерлердің – болған оқиғаны көргендердің сөзі еш есепке алынбай, бағаланбайды. Істің 20 %-ы бойынша қорғанушы жақтың әйел адамдар болғаны мүлдем ескерілмейді.

Әйел адамның ер адам тарапынан болатын қол сұғушылықта оның дене бітімі (физикалық) мүмкіндіктерінің әйелдерден басымдылығын ескерсе, қажетті қорғану шегінен шығу мүмкіндігі деген негіз күмән тудырады.

Өкінішке орай, тергеу органдары әрекеттерінің заңдылығын бақылайтын прокурорлар ұстанымы көбіне олардың пікірімен дәл келіп жатады. Бір де бір істе кінәлау қорытындысын бекіту кезінде айыпталушының әрекетін онша ауыр емес қылмыс туралы заң бойынша, тіпті қорғанушыға қатысты қылмыс құрамы болмағандықтан істі толықтай тоқтату туралы айтпағанда, сараптауды өзгерту туралы шешім қабылданбаған. Оның үстіне, көп жағдайларда прокурорлар қылмыстық сот өндірісіндегі барлық кезеңдерде өздерінің осы ұстанымдарында қалып отырған.

Мысалы, бірнеше істер бойынша прокурорлық шағымдық қарсылықтар (шағымдық түсініктеме) келтірілген, онда айыпталушының әрекетін онша ауыр емес қылмыс туралы заң бойынша, немесе қылмыс құрамы болмағандықтан қылмыстық істі тоқтату, сондай-ақ жазаның жеңіл түрін қолдану туралы әрекетті қайта саралауға келіспейтіндігі көрсетілген.

Әлі де шабуылдаушыны, яғни, қорғану кезінде өлтірілген немесе ден-

саулығына ауыр зиян келген адамды жәбірленуші ретінде тану кеңінен тарап отыр. Олардың бастапқы қоғамдық қауіпті әрекетіне құқықтық баға берілмейді. Және оның жанжалдың тууына себепкер болған бастапқы агрессиялық қоғамдық қауіпті әрекеті қорғалушының жауап беру әрекетіне аударылады, дәлірек айтсақ оның салдарына айналады.

Осындай жағдайда қорғанушыларды жәбірленуші деп тану туралы мәселе тіптен де қарастырылмайды. Олар 100 % жағдайда кінәлі, яғни қылмыскер деп танылады. Бұл азаматтар ұзақ уақыт бойы (кейде бір жылмен шектеліп қалмайды) өз әрекеттерінің дұрыстығын барлық сот инстанцияларында, ең жоғарғысын қосқанда, дәлелдеуге мәжбүр болады. Оның үстіне тергеу жүргізілген уақытта олар ұзақ уақыт бойы қамауда отырады. Ал олардың қоғамдық қауіпті қол сұғушылық орын алғаны туралы көрсетуі тергеу органдары, кейде тіпті сот алқалары тарапынан «өздерін қорғау үшін айтылған жағдай» деп бағаланады.

Әрине, мұндай ұстаным тергеу органдары алдында тұрған міндеттерді шешуді жеңілдетеді, себебі оларға қол сұғушының қауіпті әрекеттерінің сипаты мен деңгейін қорғанушының берген жауап әрекетімен салыстырудың, қол сұғушының ниетіне баға берудің қажеті жоқ, себебі кейде қатты қорғану әрекетіне ұшыраған соңғысына ісін аяғына дейін жеткізуге мүмкіндік болмайды.

Осындай жалпылама сараптама шолуы көрсетіп отырғандай, кеткен қателіктер көбіне қол сұғушылықтың аяқталған сәтін қате анықтаумен де байланысты.

Мысалы, шабуылдаушы қолынан қорғанушы қолына қарудың көшкен сәтінен-ақ соңғысының жеке адамға қарсы аса ауыр қасақана қылмыс жасағаны туралы бірден қорытынды жасалады, себебі бұл факт бойынша қол сұғу аяқталған деп танылады. Бұл жерде агрессиялы ниеттегі қол сұғушы, көбіне қорғанушыдан күші жағынан да басым болып келетін, қайтадан ол қаруды алып алуы, немесе қару ретінде қылмыс орнында жатқан кез келген затты пайдалану мүмкіндігі есепке алынбайды. Көбіне осындай қате құқықтық бағаға сот алқасы да келісіп жатады.

Біздің ойымызша, қарудың қорғанушы қолына көшуі қол сұғушылықтың аяқталғанын білдіре бермейді. Кейде бұл факт қорғанудың **эксцессін** көрсетеді, себебі қарусыз қол сұғушыға қарулы қорғанушы қарсы тұрады. Бірақ, мұндай жағдайлар өте сирек кездеседі, себебі қаруды пайдалана отырып шабуыл жасау қорғанушыны өлтіру ниетін білдіреді, ал ҚР ҚК 32-бабына сәйкес мұндай жағдайларда қорғану шегінен шығып кетпеу керек. Дегенмен, егер де шабуылдаушы қаруынан айырылып қалып, қол сұғу ниетінен айныған болса, жаңа ғана өміріне қауіп төнген қорғанушы үшін қатты үрейленіп тұрған ол бұл фактіні көбіне түсіне бермейтін жағдайда

болады.

Соған қарамастан, қорғанушы қол сұғу қаруын алып алған сәттен бастап аяқталған деп танылу туралы пікір сол қалпы тәжірибелі қызметкерлер арасында кең тараған.

Мысалы, полиция қызметкерлеріне жүргізілген сауалнама олардың тек 79,4 %-ы ғана қару қол сұғушыдан қорғанушыға көшкен жағдайларда қажетті қорғану заңды болуы мүмкін деп есептесе, 19,1 %-ы бұл жағдайда заңды қорғану мүмкін емес дейді, 1,5 % бұл сұраққа біржақты жауап беруге қиналады.

**Қылмыстық заңды сот алқасының қолдануы мәселелеріне де тоқталып өтсек.**

Кейде сот алқасының өзі қажетті қорғандың заңдылығы жағдайындағы әрекеттерді немесе жеке адамға қарсы ауыр қасақана қылмыстарға жауапкершілікті қарастыратын баптар бойынша оның шегінен шығу кезіндегі әрекеттерді сараптаумен байланысты қателіктер жіберіп жататынын атай кеткен жөн.

Мысалы, алдын ала тергеу органдары кісі өлтіру деп сараптаған 34 істің 27 жағдайында қажетті қорғану шегінен шығу анықталған, 8 жағдайда – қажетті қорғану жағдайында болғандықтан, қылмыс құрамының болмағаны анықталған. Соның ішінде 12 іс бойынша дұрыс құқықтық баға соттың бірінші инстанциясында берілсе, 22 іс бойынша қателіктер шағым арыз және бақылау соттарында түзетілген. Дәл осындай жағдай 30 іс бойынша байқалған, онда айыптаушылар әрекеті тергеу органдары тарапынан денсаулыққа ауыр зиян келтіру деп сарапталған. 23 іс бойынша қажетті қорғану шегінен шықты деп танылған, 5 іс бойынша – қылмыс құрамы болмаған, себебі қылмыстық жауапкершілікке тартылған адамдар қажетті қорғану жағдайында болған. Дұрыс құқықтық бағаны бірінші сот инстанциясы 10 іс бойынша берсе, 20 іс бойынша қателіктер Жоғарғы Сот инстанциялары тарапынан түзетілген.

Зерттелген істер соттардың көбіне болған жағдайдың барысы мен қорғанушының жан-дүниесін ескермей, қорғану құралы мен шабуыл құралының сәйкес келмеуіне шешуші мән беретінін көрсетті.

Мысал ретінде ҚР ҚК 102-бабының 1-бөлімі бойынша сотталған Н. деген азаматқа қозғалған қылмыстық істі келтіруге болады. Ол 10.11.21 жылы 17 сағаттан 30 минут кеткенде өздері жұмыс істейтін кіші кәсіпорын алаңында К. деген азаматтың одан сіріңке сұрап, соңына түсіп алған, онымен қоймай оны балағаттаған және зорлық көрсеткеніне жауап ретінде оның қарнына шеге тығып алғаны үшін кінәлі деп танылған.

Облыстық сот алқасы үкімді жойған, ал істі қылмыс құрамы болмағандықтан тоқтатқан. Онда төбелесті бастаушы К. болған, ол Н.-ді тоқтатып,

сіріңке сұраған, одан теріс жауап алған кезде, киімінен ұстап алып, кеудесінен бір ұрған, ол жерге басымен құлап түскеннен кейін аяғымен теуіп жіберген. Сонда Н. К.-нің күштілігін көріп, оған қарсы агрессивтілігін көріп, шегені тығып алған деп көрсетілді.

Сот–медициналық қорытындыға сәйкес Н.-да жабық бас-сүйек-ми жарақаты болған. Соған байланысты, сот алқасы Н. өз өмірі мен денсаулығын қорғаған және қажетті қорғану жағдайында болған деген қорытындыға келген.

Сонымен, ҚК 32-бабын тәжірибеде қолдану қорғанушы құқығын шектеу туралы ұстанымды сақтау керектігін дәлелдейді, ол әрекеттегі норманы әлі де жетілдіру керектігін және біздің заңға енгізетін түзетулеріміздің негізділігін көрсетеді.

Қорытындысында қорғандың заңдылығы немесе қорғану **эксцесі** белгіленген істер бойынша жанжалға әкеп соққан жағдайларды зерделеу назар аударарлық. Іс материалдары бойынша олар мынаны көрсетеді:

- Бұрыннан келе жатқан өшпенділік қарым қатынас..... 29,7 %
- Бірге спирттік ішімдіктерді ішуге байланысты жанжал мен төбелес .....35,9%
- Кенеттен шабуылдау.....34,4 %

Осыған байланысты, шабуылдың үштен бір бөлігі қорғанушы үшін кенеттен және күтпеген жерде жасалғандықтан, ол оның әрі қарайғы әрекетіне әсер етеді.

Соған қарамастан, зерттелген істер бойынша 64,1 % жағдайда қол сұғушы мен қорғанушы таныс болып шыққан (оның ішінде 19 % жағдайда туыс болған), ал 35,9 % жағдайда адамдар қол сұғушылыққа бөтен адамдар тарапынан ұшыраған.

Қорғанушылар мен қол сұғушылардың көпшілігі мас күйінде болған. Зерттелген істер бойынша жағдай былайша орын алған:

- Екі жақ та мас күйінде болған .....46,3 %
- Қорғанушы сау, қол сұғушы мас күйінде болған.....28,1 %
- Қорғанушы мас күйінде, қол сұғушы сау болған.....1,6 %
- Екеуі де сау.. .....14,1 %
- Іс материалы бойынша мәліметтер жоқ.....10,9 %

Қол сұғушылардың мас күйінде болуы әрине, олардың жағдайларына әсер етеді, оларды аса агрессиялы етіп, зорлық көрсетуге, бұзақылық ойларға итермелейді. Осындай жағдайда көпшілік қорғанушылардың болуы олардың болған жағдайды дұрыс бағаламауына және мінез-құлықтың дұрысын таңдауына әкеп соғады. Себебі қажетті қорғану шегінен шығу – қасақана жасалған қылмыс, бұл фактіні есепке алмау мүмкін емес.

Осылайша, жоғарыда аталған зерттеу нәтижелері қорғалушының әре-

кетіне құқықтық баға бергенде оның психикалық жағдайын есепке алу қажеттігін көрсетеді, ол туралы біз атап өткен болатынбыз. Оның себебі көп жағдайда шабуыл қорғанушы үшін кенеттен, күтпеген жерде жасалады, бұл фактіні де ескеру қажет.

## ҚОРЫТЫНДЫ

---

Бұл тақырыпқа жүргізілген зерттеу нәтижесіне сәйкес төмендегідей қорытындылар жасалады:

1. Қазақ әдет-ғұрып құқығында қылмыс деп тек бай-болыстардың орнатқан құқықтық тәртібін бұзатын және олардың экономикалық және саяси мүдделеріне материалдық және моральдық зиян келтіретін әрекеттер табылды. Қылмыс ретінде қанаушы үстемтаптың көзқарасына сәйкес қоғамға қауіпті әрекет танылды.

2. Қазақ феодалдық қоғамының экономикалық тұрпатының ерекшелік белгілері үстемтаптың қылмысты анықтаудағы ұстанымдарына тікелей ықпал етті. Қазақ әдет-ғұрып құқығында қылмыстық әрекеттердің таптық мазмұны жеке тұлғаның немесе «бүкіл рудың» мүддесін бұзып жатқандығын бүркемелеумен сипатталады. Қазақ әдет-ғұрып құқығында қылмыс ұғымы азаматтық құқықбұзушылықтан айтарлықтай ерекшеленбеді.

3. Қылмыс ұғымының қалыптасуына діннің де тигізген ықпалын атап өтпеуге болмайды. Қазақтардың мұсылман дінімен шағылысқан басқа діндерге қатысы бар діни негіздегі қылмыстары өз көріністерін қылмыстық әрекеттерге деген көзқарастарынан да тапты әрі байқалды.

4. Біз қарастырып отырған дәуірдегі қазақ қылмыстық құқығы кінәнің екі нысанын көздеген: қасақаналық (қастық) және абайсызда (абайсыздық немесе қателік). Бірақ қазақ құқығы кінә нысандарын басқа анағұрлым дамыған құқық жүйелеріне қарағанда өзге белгілері бойынша ажыратпады. Кездейсоқ жасалған әрекеттер қылмыс деп қарастырылмады.

5. Қазақ әдет-ғұрып құқығында кінәлінің нақты қанша жас шамасынан бастап қылмыстық жауаптылыққа тартылатыны жөнінде ереже болған жоқ. Әдетте ондай жас – 15 жастан бастап айқындалған еді. Жан күйзелісімен ауыратын адамдар жауаптылықтан босатылды.

6. XIX ғасырда, әсіресе, оның екінші жартысында Қазақ әдет-ғұрып құқығында әлеуметтік-экономикалық қатынастар саласында болған өзгерістер нәтижесінде қылмыстық және қылмыстық емес әрекеттерге қатысты көзқарастар едәуір өзгерістерге ұшырады. Бұл өзгерістер айтарлықтай прогрессивті мәнге ие болды.

7. Қазақтардың патриархалды-феодалдық қоғамдастығы жағдайында қылмыстылықтың нақты себептерін зерттеу барысында оларды тудырушы негізгі үш категорияны атап өтуге болады: 1) жер дауы, 2) мал дауы және 3) жесір дауы. Ондай даулардың түп-тамырлары үстемтаптың мүдделері үшін қолданыста болған сол кезедгі экономикалық құрылымға ұштасады.

8. Қазақ әдет-ғұрып құқығында қажетті қорғану дербес институт ретінде

белгілі болмады. Оның орнына жәбірленушінің немесе өзге мүдделі адамның кек қайтару құқығы қолданыста болды. Қазақ әдет-ғұрып құқығы аса қажеттілікке жататын жағдайларды қарастырған.

9. Қорқыту, қылмысқа дайындалу, әдетте, қылмыстық жауаптылыққа әкеп соқпады. Қылмысқа оқталу үшін жаза тағайындалды, бірақ онда жасалған қылмысқа қарағанда анағұрлым жеңіл жаза қолданылды.

10. Қазақ әдет-ғұрып құқығында қылмысқа қатысушылар қылмыс жасаған адамдармен бірдей жауапкершілікке тартылды. Оған қарамастан қазақ сұлтан, бай-болыс, ауыл старшиналары, басқармалар қылмыстарды ұйымдастырушы, айдап салушы, көмектесуші және жасырып қалушылар болғандығы ескерілместен барлық уақытта жазасыз қалып отырды.

11. Шетел заңдылықтарында қазақстандық заңдылықтарды әрі қарай жетілдіруге ықпал ететін біраз жақсы жақтары бар екенін де атай кеткен жөн. Оған, мысалы, ГФР ҚК-і нормаларындағы егер қорғанушы адам үрейлену, қорқу немесе сасқалақтау кесірінен қажетті қорғаныс шегінен асып кетсе, ол жазаға тартылмайтыны, сондай-ақ Нью-Йорк штатының ҚК-і нормасындағы бастапқы шабуылдаушыға қақтығыстан шығып қана қоймай, оған шығу туралы өзге адамға түсіндіру керектігі туралы міндет қойылғанын жатқызуға болады.

12. Адамның ары мен намысына қол сұғушылықтан, соның ішінде сөзбен тіл тигізуден қорғану мәселелерін заң жүзінде реттеу әбден мүмкін әрі құқықтық тұрғыдан қажетті шара деп санаймыз.

13. Қорғалушының әрекетіне құқықтық баға бергенде оның психикалық жағдайын есепке алу қажеттігін көрсетеді, ол туралы біз атап өткен болатынбыз.

14. Қазақстан Республикасының Конституциясының 39-бабына сәйкес, Конституцияның 10; 11; 13 (қажетті қорғанысты қоса алғанда) – 15-баптарында; 16-бабының 1-тармағында; 17-бабында; 19-бабында; 22-бабында; 26-бабының 2-тармағында көзделген құқықтар мен бостандықтар ешбір жағдайда да шектелмеуге тиіс. Сондықтан да конституциялық тұрғыдан қажетті қорғанысқа берілген құқық ешқандай жағдайда және ешкімнің күзірінсіз шектелмеуі де әрі қысқартылмауы да керек.

## ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ:

---

1. 1959 жылғы 22 шілдедегі Қазақ КСР Заңымен бектіліген Қазақ КСР Қылмыстық кодексіне өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы ҚР-ның Заңы (1993 жылғы 14 қазан № 2426-ХІІ) (ҚР Жоғарғы Кеңесінің Жаршысы № 17. Алматы).
2. А.Н. Ағыбаев. Қылмыстық құқық: Жалпы бөлім. — Алматы: Жеті жарғы, 1999.
3. Абилгазин Г.-Г.С. Уголовное право Республики Казахстан (Общая часть). — Костанай, 2006.
4. Авхадеева Л.Ш. Уголовно-правовые проблемы квалификации нарушения неприкосновенности жилища и его предупреждение. — Караганда, 2002.
5. Ағыбаев А.Н., Баймурзин Г.Ы. Программа по уголовному праву. — Алматы, 1998.
6. Ағыбаев А.Н. Қылмыстық құқық: Жалпы бөлім. — Алматы: Жеті жарғы, 1999.
7. Алауов Е.О., Каракетов Ю.М. Как сберечься от преступника. — Алматы: Жеті Жарғы, 1996.
8. Ахметова Н.С. Көшпелі қазақ қоғамының құқығы. — Қарағанды, 2007.
9. Берестовой Н.П. Обстоятельства, исключают общественную опасность и противоправность деяния и их значение в деятельности ОВД: Учебное пособие. — М.: 1989.
10. Биебаев А.Ә., Сыздық Б.К. Әрекеттің қылмыстылығын жоятын мән-жайлардың кейбір түрлері: Заң оқу орындары мен факультеттеріне арналған оқу құралы. — Қарағанды: Болашақ-Баспа, 2003.
11. Борчашвили И.Ш., Пенчуков В.А., Мухамадиева Г.Ж. Уголовное право РК. Общая часть: Учебное пособие. — Караганда: КарЮИ МВД РК им. Б. Бейсенова, 2002.
12. Борчашвили И.Ш., Жуманиязов М.А. Квалификация преступлений против здоровья: Монография. — Астана: ТОО «Институт законодательства Республики Казахстан», 2009.
13. Загряжский Г. Юридический обычай киргиз. Материалы для статистики Туркестанского края. Вып. IV, 1876.
14. Дулатбеков Н.О. Преступление и наказание. Учебное пособие. — Караганда: Болашақ-Баспа, 1996.
15. Дурманов Н.Д. Понятие преступления. — М., 1948.
16. Алауханов Е.О. Қылмыстық құқық. Жалпы бөлім: Оқулық. — ҚР Құқықтық сараптама және халықаралық ғылыми зерттеулер орталығы, 2009.

17. Жунусов Б.Ж. Уголовное право Республики Казахстан (Общая часть): Учебное издание. — Караганда: КВШ КНБ РК, 1998.
18. Жунусов Б.Ж. Уголовное право Республики Казахстан: (Общая часть). — Караганды, 2006.
19. Борчашвили И.Ш., Жуманиязов М.А. Квалификация преступлений против здоровья (половой неприкосновенности, свободы, чести и достоинства): Монография. — Астана, 2009.
20. Каиржанов Е.И. Уголовное право Республики Казахстан (Общая часть). — Алматы, 1998.
21. Комментарий к Уголовному кодексу Республики Казахстан. 2-ое изд. / Под ред. АЕН РК, д.ю.н., профессор Борчашвили И.Ш. — Алматы: Жети жарғы, 2007.
22. Крылова Н.А., Серебренникова А.В. Уголовное право зарубежных стран (Англия, США, Франции, Германии). — М., 1998.
23. Курманбаев Б.М. Осуществление оперативно-розыскных мероприятий как обстоятельство, исключающее преступность деяния // Проблемы и пути развития уголовного законодательства РК: Сб. научных трудов. — Караганда, 2001.
24. Курс уголовного права. Общая часть. Т. 1. Учение о преступлении. — М., 2002.
25. Қазақ әдет-ғұрып құқығының материалдары // Құраст. З. Кенжалиев және т. б. — Алматы: Жеті жарғы, 1996.
26. Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының 2003 жылғы 11 шілдедегі «Бөтеннің мүлкін заңсыз иемдену жөніндегі істер бойынша сот тәжірибесі туралы» № 8 нормативтік қаулысы, 23-т. // [https://adilet.zan.kz/kaz/docs/P03000008S\\_/history](https://adilet.zan.kz/kaz/docs/P03000008S_/history)
27. Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының 2007 жылғы 11 мамырдағы «Қажетті қорғану жөніндегі заңдарды қолдану туралы» № 2 Нормативтік қаулысы // <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/P200000006S>
28. Қазақстан Республикасының қылмыстық кодексі. — Алматы, 2014 жыл 03 шілде.
29. Қазақстан Республикасының қылмыстық құқығы: Жалпы бөлім. Дәрістер баяны / Профессорлар И.Ш. Борчашвили және Р.Б. Құлжақаеваның жалпы редакциялауымен. — Алматы, Норма, 2006.
30. Зиманов С.З. Қазақтың ата заңдары. — Алматы: Жеті жарғы, 1 т., 2004.
31. Омарханов Қ. Қазақтың ата заңдары. — Алматы: Жеті жарғы, 1 т., 2004.
32. Қалиев Ә. Қазақтың ата заңдары. — Алматы: Жеті жарғы, 2 т., 2004.
33. Әлімжанов Қ. Қазақтың ата заңдары. — Алматы, Жеті жарғы, 2 т.,

2004.

34. Мыңжан Н. Қазақтың ата заңдары. — Алматы: Жеті жарғы, 2 т., 2004.

35. Айсынов Б. Қазақтың ата заңдары. — Алматы: Жеті жарғы, 4 т., 2005.

36. Саққұлақұлы Е. Қазақтың ата заңдары. — Алматы: Жеті жарғы, 4 т., 2005.

37. Кенжалиев З.Ж. Қазақтың ата заңдары. — Алматы: Жеті жарғы, 4 т., 2005.

38. Қ.Қамбаров. Қазақтың ата заңдары. — Алматы: Жеті жарғы, 4 т., 2005.

39. Ибраев М. Қазақтың ата заңдары. — Алматы: Жеті жарғы, 4 т., 2005.

40. Қазақтың ата заңдары. — Алматы, Жеті жарғы, 5 т., 2005.

41. Балюзек Л. Народные обычаи, имевшие, а отчасти и ныне имеющие в Малой киргизской орде силу закона // Записки Оренбургского отд. Ирго. 1871. Вып. II,

42. Малиновский А.А. Уголовное право зарубежных государств. — М., 1998.

43. Меркурьев В.В. Необходимая оборона: Уголовно-правовые и криминологические аспекты: Автореф. дис. ... канд. юрид. наук. — Рязань, 1998.

44. Гродеков Н. Киргизы, кара-киргизы Сыр-Дарьинской области области. Т. 1. — Ташкент, 1889.

45. Турецкий Н.Н. Обстоятельства, исключают преступность деяния по уголовному законодательству Казахстана. — Алматы, 2005.

46. Наумов А.В. Российское уголовное право. Общая часть: Курс лекций. — М., 1997 (аударған Н.О. Дулатбеков).

47. Наумов А.В., Флетчер Дж. Основные концепции современного уголовного права. — М., 1998.

48. Нуртаев Р.Т. Борьба с неосторожными видами преступлений: проблемы эффективности. — Алматы, 1993.

49. Ожегов С.И. Словарь русского языка. — М.: Рус. яз., 1990.

50. Онгарбаев Е.А. Классификация преступлений и ее правовое значение. — Караганда, 1996.

51. Орешкина Т. Спорные вопросы института необходимой обороны // Уголовное право. — 1998. — № 3.

52. Маковецкий П. Материалы для изучения юрид. обычаев киргизов. Материальное право. — Омск, 1886. Вып. 1.

53. Поленов Г.Ф. Общая часть уголовного права: Альбом схем. — Алматы, 1998.

54. Поленов Г.Ф. Уголовное право Республики Казахстан: Общая

часть. — Алматы, 1997.

55. Преступление и наказание в Англии, США, Франции, ФРГ, Японии: Общая часть уголовного права. — М., 1991.

56. Цит. по: Паше-Озерский Н.Н. Необходимая оборона и крайняя необходимость по советскому уголовному праву. — М., 1962.

57. Пушечников А.Г. Необходимая оборона по советскому уголовному праву. — Алма-Ата, 1979.

58. Рахимжанова Г.К. Осуществление лицом своего права как обстоятельство, исключающее преступность деяния: Учеб. пос. — Караганда: КВШ МВД РК, 1995.

59. Рахметов С.М., Турецкий Н.Н. Необходимая оборона. — Алматы: Жеті жарғы, 1996.

60. Рахметов С.М., Бапанов Т.Ә. Қылмыстық құқыққа түсінік. — Алматы, 2004.

61. Рустемова Г.Р. Правомерный медицинский риск как обстоятельство, исключающее преступность деяния // Борьба с преступностью в Казахстане (вопросы теории и практики). — Алматы: АВШ МВД РК, 1998.

62. Рустемова Г.Р. Правомерный риск как обстоятельство, исключающее преступность деяния // Законотворчество и правоприменение в РК: вопросы теории и практики: (Сб. научных трудов). — Караганда, 1997.

63. Фукс С.Л. Очерки истории государства и права казахов в XVIII и первой половине XIX в. — Алматы, 2008.

64. С. Өзбекұлы, Ө. Қопабаев. Мемлекет және құқық теориясы. — Алматы: Жеті жарғы, 2006.

65. Культелев Т.М. Уголовное обычное право казахов. — Алматы, 2004.

66. Таганцев Н.С. Курс уголовного права. Лекции. Часть общая. — М., 1994. — 2 т.

67. Трайнин А.Н. Состав преступления по советскому уголовному праву. — М., 1951.

68. Турецкий Н.Н. Необходимая оборона по УК РК. (Проблемы пределов правомерной защиты): Автореф. дис. ... к.ю.н. — Алматы, 1998.

69. Турецкий Н.Н. Необходимая оборона, правовые аспекты. — Алматы, 2000.

70. Турецкий Н.Н. Обстоятельства, исключающие преступность деяния по уголовному законодательству Казахстана: Монография. — Алматы, 2005.

71. Уголовное законодательство зарубежных стран (Англии, США, Франции, Германии, Японии). Сборник законодательных материалов. — М., 1998.

72. Уголовное право Республики Казахстан. (Общая часть): Учебн. для

вузов / Под ред. Рогова И.И., Рахметова С. М. — Алматы: ТОО «Баспа», 1998.

73. Уголовное право Республики Казахстан. Общая часть / Под ред. Рогова И.И., Баймурзина Г.Ы. — Алматы, Жеті жарғы, 1998.

74. Уголовное право Республики Казахстан. Общая часть: Курс лекций / Под ред. И.Ш. Борчашвили. — Алматы, 2006.

75. Уголовное право Республик Казахстан. Общая часть: Учебное пособие. — Алматы: Юрист, 1999.

76. Уголовный кодекс Франции 1922 г. // Уголовное законодательство зарубежных стран (Англии, США, Франции, Германии, Японии). Сборник законодательных материалов / Под ред. И.Д. Козочкина. — М., 1998.

77. Флетчер Дж., Наумов А.В. Основные концепции современного уголовного права. — М., 1998.

78. Халиков К. Необходимая оборона по советскому уголовному праву. — Алматы, 1970.

79. Шиктыбаев Т.Т. Основания и условия правомерности применения огнестрельного оружия сотрудниками правоохранительных органов. Учебное пособие. — Алматы: Данекер, 2001.

80. Шиктыбаев Т.Т. Причинение вреда при задержании лица, совершившего преступление, как обстоятельство, исключающее общественную опасность и противоправность деяния: Автореф. дис. ... к.ю.н. — Алматы, 1997.

81. Я. Гурлянд. Степное законодательство с древнейших времен по XVII столетие // Известия Общества археологии, истории и этнографии при Казахском императорском университете. — Казань, 1904. Т. XX. Вып. 4-5.

## САУАЛНАМА

---

Құрметті сауалнамаға жауап беруші! Өткізіліп отырған зерттеу жұмысы азаматтардың қажетті қорғаныс құқығын реттеп және оны тәжірибеде қолдану үшін заңнаманы жетілдіруге ұсыныстар дайындау мақсатында өткізіліп отыр.

Сізден сауалнаманың мазмұнымен тиянақты танысып, әр сұрақ бойынша өзіңіздің пікіріңізді жазып баяндауыңызды өтінемін.

Өзіңіз туралы кейбір мәліметтерден хабардар етіңіз

1. Қызметтік лауазымыңыз \_\_\_\_\_

2. Еңбек өтілі \_\_\_\_\_

- қызметтік лауазымда \_\_\_\_\_

- қызметтік лауазымға дейін (орган немесе мекемені көрсетіңіз) \_\_\_\_\_

3. Сіздің көзқарасыңызша қылмыстық заң ең алдыменен кімдерге арналған ?

01 – оны қолданатын органдарға \_\_\_\_\_

02 – азаматтарға \_\_\_\_\_

03 – басқа пікірлер (көрсетіңіз қандай) \_\_\_\_\_

4. Сіз қолданыстағы қылмыстық заңнамадағы қажетті қорғаныстың түсіндірілуін (2014 ж. 03 шілдеде қабылданған) қалай бағалайсыз?

01 – ҚК 13-бабында түсіндірілген қажетті қорғаныс Конституцияда көрсетілген (1995 ж. 30 тамыз. 13-баптың 1-бөлімі) азаматтардың құқықтары мен бостандықтарын қорғаудың кепілі бола ала ма? \_\_\_\_\_

02 – ҚК 32-бабында түсіндірілген қажетті қорғаныс қосымша түсіндірме шараларды қажет ете ме? \_\_\_\_\_

03 – ҚК 32-бабында түсіндірілген қажетті қорғаныс формальды декларация болып санала ма, болмаса азаматтар өз құқығын қорғаудан гөрі одан тартынуды қалай ма?

04 – басқа пікірлер (көрсетіңіз қандай)

5. Қазіргі уақытта қажетті қорғаныс тек Қылмыстық кодексте ғана емес, сонымен қатар Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодексте, Азаматтық кодексте және «Жекелеген қару түрлерінің айналымына мемлекеттік бақылау жасау туралы» Қазақстан Республикасының 1998 ж. 30 желтоқсандағы № 339-1 Заңының 18-бабында да түсіндірілген.

Сондықтан қажетті қорғанысты формальды түрде қоғамға қауіпті кезкелген қолсұғушылыққа қарсы қолдану әбден мүмкін бе?

Сіз осындай заңнамалық тәжірибені ақтайтын дәлел деп есептейсіз бе?

01 – иә

02 – жоқ (көрсетіңіз неліктен) \_\_\_\_\_

03 – басқа пікірлер \_\_\_\_\_

6. Сіздің қажетті қорғаныс туралы істерді қарастырған кездеріңіз болды ма?

01 – иә

02 – жоқ

а) Егер «Иә», онда қандай бап (баптар) бойынша қылмыстық істерді сотқа тапсырдыңыз \_\_\_\_\_

ә) істі сотта қарастыру нәтижесінде қандай шешім қабылданды \_\_\_\_\_

б) Егер істі сотта қарастыру нәтижесінде 99, 109-баптар бойынша қайтаөзгертілен (қайтасаралау) істер болды ма, болса негізгі себеп нелер (ерекше сипаттағы жағдайды атаңыз) \_\_\_\_\_

в) Сіз 102, 112 баптар бойынша қандай жаза тағайындар едіңіз?

---

7. ҚК 32 бабын қолдануда көптеген қиындықтар кездесетіндіктен, Қазақстан Республикасы ҚК 32-бабының 1-бөлімін қажетті қорғаныс шегінен шығумен байланыстырмай анықтап, ҚР ҚК 32-бабының 1-бөлімінде көзделген «қажетті қорғаныс шегінен шығу» белгісінен бас тартуды ұсынады.

Сіз осындай ұсынысты қолдайсыз ба?

01 – иә, қолдаймын

02 – жоқ, қолдамаймын

03 – басқа пікірлер (көрсетіңіз қандай) \_\_\_\_\_

8. ҚР ҚК 32-бабының 1-бөлігінің жаңа редакциясы ұсынылады: «Қажетті қорғаныс жағдайында қол сұғушы адамға зиян келтіру, яғни қорғанушының немесе басқа адамдардың жеке басын, қоғам мен мемлекеттің заңмен қорғалатын мүдделерін қоғамға қауіпті қол сұғушылықтан қорғау мақсатында, егер қорғанушы мен басқа адамдардың өмірлеріне қауіпті қол сұғушылық күш қолдану арқылы немесе қорқыту тура осындай күш қолдану арқылы жасалса, сондай-ақ егер адам күтпеген қолсұғушылықтың салдарынан шабуылдың сипаты мен қауіптілік дәрежесін анық бағалай алмаса, онда ол қылмыс болып табылмайды».

Сіздің осындай мазмұндағы бапқа қатысты пікіріңіз?

01 – иә

02 – бұл ұсыныс дәлелді, бірақ толықтырулар мен өзгертулерді қажет етеді (көрсетіңіз қандай) \_\_\_\_\_

03 – жоқ (көрсетіңіз қандай) \_\_\_\_\_

9. Қажетті қорғанудың субъективті белгісі болып заңды мүдделерді, игіліктер мен қоғамдық қатынастарды қоғамға қауіпті қол сұғушылықтан

қорғау мақсаты танылатындықтан, заңнамалық техникаға сәйкес ҚР ҚК 32-бабы, 1-бөлігіндегі «қорғау кезінде» сөзін «қорғау мақсатында» сөзімен ауыстыру ұсынылады.

Сіз осындай ұсынысты қолдайсыз ба?

01 – иә, қолдаймын

02 – жоқ, қолдамаймын

03 – басқа пікірлер (көрсетіңіз қандай) \_\_\_\_\_

10. Қажетті қорғануды екі дербес түрге бөлуге негіз бар.

Біріншісі, қорғанушы мен басқа адамдардың өмірлеріне қауіпті қол сұғушылық күш қолдану арқылы немесе қорқыту тікелей күш қолдану арқылы жасалса, сондай-ақ егер адам күтпеген қолсұғушылықтың салдарынан шабуылдың сипаты мен қауіптілік дәрежесін анық бағалай алмаса, оның әрекеті қажетті қорғану жағдайында жасалған деп саналады (ҚР ҚК 32-бабы, 1-б.).

Бұл ретте қажетті қорғанудың шегінен шықпау керек, өйткені, ондай жағдайда, қорғанушы мен басқа адамдардың өмірлеріне қауіпті қолсұғушылық күш қолдану арқылы емес немесе қорқыту тура осындай күш қолданбай арқылы жасалса, сондай-ақ егер адам күтпеген қолсұғушылықтың салдарынан шабуылдың сипаты мен қауіптілік дәрежесін анық бағалай алатын жағдайдағы әрекеттерді осы институттың екінші түрі бойынша саралау қажет (ҚР ҚК 32-бабы, 2-б.).

Мұнда қорғанушы адам өзінің қорғанысы мен өзіне қарсы жасалған қолсұғушылықтың аражігін ажырата біліп, қажетті қорғану шегінен шығып кетуге жол бермеуі тиіс, бұл ҚР ҚК 32-бабы, 2-бөлімінде заңнамалық көрініс табу керек.

ҚР ҚК 32-бабы, 2-бөлімінің жаңа редакциясы ұсынылады: «Қолсұғушылықтан қорғануда, қорғанушы мен басқа адамдардың өмірлеріне қауіпті қолсұғушылық күш қолдану арқылы емес немесе қорқыту тура осындай күш қолданбай жасалса, сондай-ақ егер адам күтпеген қолсұғушылықтың салдарынан шабуылдың сипаты мен қауіптілік дәрежесін анық бағалай алып, қолсұғушылықтың сипаты мен қауіптілігіне сай келмейтін қасақана әрекеттер жасап, қажетті қорғаныс шегінен шықпаса ол заңды деп танылады». Сәйкесінше, қазіргі қолданыстағы ҚР ҚК 32-бабы, 2-бөлімін осы баптың 3-бөлімі деп есептеу ұсынылады.

Сіз осындай ұсынымды қолдайсыз ба?

01 – иә, қолдаймын

02 – бұл ұсынысты қолдаймын, бірақ әлі де толықтырулар мен өзгертулерді қажет етеді (көрсетіңіз қандай) \_\_\_\_\_

03 – жоқ (көрсетіңіз қандай) \_\_\_\_\_

11. ҚР ҚК 32-бабы, 3-бөлімінің екінші абзацындағы «Адам өміріне қол

сұғушыға не қаруды қолданумен немесе қолдануға әрекет етумен ұштасқан өзге де қол сұғушылыққа тойтарыс беру кезінде адамға зиян келтіру қажетті қоғаныс шегінен шығу болып табылмайды» деген мәгіні осы институттың құқықтық маңыздылығын сипаттайды. Бұдан бөлек осы жүргізілген зерттеулер көрсетіп отырғандай, заңшығарушының тек қана қаруды көрсетуін қате деп есептеген жөн, өйткені өмірге қауіпті қолсұғушылық қаруды қолданбай-ақ жасалуы мүмкін.

Сондықтан заңнамалық тұрғыда қорғанушы адамның құқығын шектейтін осы белгіден бас тарту ұсынылады.

Сіз осындай ұсынымды қолдайсыз ба?

01 – иә

02 – қолдаймын, бірақ толықтырулар мен өзгертулерді қажет етеді (көрсетіңіз қандай) \_\_\_\_\_

03 – жоқ (көрсетіңіз қандай) \_\_\_\_\_

12. Заңға сәйкес қорғанудың құқықтық нәтижесі қылмыстық жауапкершіліктен босату емес, оны алып тастау, сонымен қоса ондай қағида, өз кезегінде, Қазақстан Республикасының қылмыстық іс-жүргізу заңнамасында көрсетілуі тиіс.

Сіз осындай ұсынымды қолдайсыз ба?

01 – иә

02 – қолдаймын, бірақ толықтырулар мен өзгертулерді қажет етеді (көрсетіңіз қандай) \_\_\_\_\_

03 – жоқ (көрсетіңіз қандай) \_\_\_\_\_

13. Қажетті қорғаныс институты қолсұғушылыққа бағытталғандықтан, қылмыстық істі қорғанушының қолсұғушыға келтірген зияны туралы дерегі бойынша емес, керісінше қолсұғушының қорғанушыға келтірген зияны туралы дерегі бойынша қорғау керек.

Сіз осындай пікірді қолдайсыз ба?

01 – иә, қолдаймын

02 – жоқ, қолдамаймын

03 – қолдаймын тек түсіндірмемен (көрсетіңіз қандай) \_\_\_\_\_

14. Қажетті қорғаныс туралы істерде қорғанушыға келтірген залалды (зиянды) өтеу сұрақтары кездеседі

а) Сіздің тәжірибеңізде осындай сұрақтар болды ма? (мысалға, әр істің екеуі, үшеуі)

ә) Егер сізде осындай сұрақтар туындап кездесіп қалғанда, қандай шешім қабылдадыңыз?

01 – залалды өтеуді орындамау (орындамаудың айрықша себептерін көрсетіңіз) \_\_\_\_\_

02 – бірен-сараны орындалды (көрсетіңіз неліктен) \_\_\_\_\_

03 – залал толықтай орындалды \_\_\_\_\_

б) Сіз қажетті қорғаныс істері бойынша келтірілген залал туралы заңнамадағы сұрақтардың түсіндірілгеніне қанағаттанасыз ба?

01 – иә

02 – жоқ (көрсетіңіз неліктен) \_\_\_\_\_

Сізге сауалнамаға қатысып, жауап бергеніңізге ризашылығымды білдіреміз.



**бірге алып жүруге рұқсат ету керек пе?**

01 – иә

02 – жоқ

**11. Бұл қоғамда қылмыстың өршуіне әсер етпей ме?**

01 – қылмыс өршиді

02 – қылмыс өршімейді

03 – әсер етпейді.

## МАЗМҰНЫ

<b>КІРІСПЕ .....</b>	<b>3</b>
<b>1 БӨЛІМ. ІС-ӘРЕКЕТТІҢ ҚЫЛЫМСТЫЛЫҒЫН ЖОЯТЫН МӘН-ЖАЙ РЕТІНДЕ ҚАЖЕТТІ ҚОРҒАНЫСТЫҢ ӘЛЕУМЕТТІК-ҚҰҚЫҚТЫҚ СИПАТТАМАСЫ.....</b>	<b>6</b>
1.1 Қазақстанның қылмыстық заңнамасында қажетті қорғаныс институтының дамуы.....	6
1.2 Шетел заңнамаларындағы қажетті қорғаныстың белгілері (Франция, Германия, Англия, АҚШ) Франция заңындағы қажетті қорғаныстың белгілері.....	24
<b>2 БӨЛІМ. ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ЗАҢНАМАСЫ БОЙЫНША ҚАЖЕТТІ ҚОРҒАНУ ИНСТИТУТЫНЫҢ ҚЫЛЫМСТЫҚ-ҚҰҚЫҚТЫҚ СИПАТТАМАСЫ.....</b>	<b>38</b>
2.1 Қорғануға қатысты қажетті қорғанудың заңдылық жағдайлары .....	38
2.2 Қол сұғушылыққа қатысты қажетті қорғану заңдылығының талаптары.....	59
2.3 Қажетті қорғанудың аса қажеттіліктен айырмашылығы және қол сұғушылық жасаған адамды ұстау кезінде оған зиян келтіру.....	103
<b>3 БӨЛІМ. ҚАЖЕТТІ ҚОРҒАНУ ИНСТИТУТЫНЫҢ ҚЫЛЫМСТЫЛЫҚТЫҢ АЛДЫН АЛУДАҒЫ МАҢЫЗЫ МЕН АТҚАРАТЫН РӨЛІ .....</b>	<b>117</b>
3.1 Қажетті қорғанудың шегінен шығу кезінде жасалған қылмыстарды (Қазақстан Республикасы ҚК 102, 112-баптары) саралау мәселелері мен олардың криминологиялық сипаттамасы .....	117
3.2 Қазақстан Республикасы ҚК 32-бабының тәжірибелік қызметте қолданылу аясы мен тиімділігі.....	120
<b>ҚОРЫТЫНДЫ.....</b>	<b>134</b>
<b>ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ .....</b>	<b>136</b>
<b>САУАЛНАМА .....</b>	<b>141</b>
<b>САУАЛНАМА .....</b>	<b>146</b>

**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ  
ҚЫЛМЫСТЫҚ ҚҰҚЫҒЫ БОЙЫНША  
ҚАЖЕТТІ ҚОРҒАНУ ИНСТИТУТЫНЫҢ МӘСЕЛЕЛЕРІ**

*Монография*

***Совет Қапашұлы Алтайбаев***

**Техникалық редактор: *С. М. Аубакирова***

Тексеруге 01. 09. 2021 ж. Басуға 15. 11. 2021 ж. қол қойылды.

Қалыбы 60×84<sup>1</sup>/<sub>16</sub>. Офсеттік қағаз. Офсеттік баспа.

Шартты баспа табақ 8,7. Есепті баспа табақ 7,7.

Таралымы 5(00 дана. Тапсырыс № 1224.

Қазақстан Республикасы ПМ Бәрімбек Бейсенов атындағы  
Қарағанды академиясының ғылыми-зерттеу және редакциялық-баспа  
жұмысын ұйымдастыру бөлімі.

Қазақстан Республикасы ПМ Бәрімбек Бейсенов атындағы  
Қарағанды академиясының 2021 жылға арналған әдебиеттер  
шығару жоспарының № 17 тақырыбы.

---

Қазақстан Республикасы ПМ Бәрімбек Бейсенов атындағы  
Қарағанды академиясының баспаханасында басылды.  
Қарағанды қаласы, Ермеков көшесі, 124.